



Амангелді Жантасов

# ЖАРТАСТЫ ЖАСТАНҒАН ЖАСАҚ

Қара майордың мұсылман батальоны



Амангелді Жантасов

**ЖАРТАСТЫ  
ЖАСТАНҒАН  
ЖАСАҚ**

Қара майордың мұсылман батальоны

**LIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2014

**УДК 351/354**  
**ББК 67.401.212**  
**Ж 27**

**Ж 27 Жантасов А.Т.**  
**Жартасты жастанған жасақ (Қара майордың мұсылман батальоны).** – Астана: Фолиант, 2014. – 304 б.

**ISBN 978-601-292-849-5**

Бұл кітапта КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрылуы мен күнделікті өмірі туралы жазылған. 1980 жылдың қаңтарында Алматы облысы, Қапшағай қаласында құрылған, аты аңызға айналған Қара майор – Борис Төкенұлы Керімбаев басқарған атақты «мұсылман батальоны» 1981 жылдың қазан айынан 1989 жылдың ақпанына дейін Совет армиясының Ауғанстандағы шектелген контингенті құрамында болды. Өз іс-әрекеттерімен жасақ өшпес жауынгерлік даңққа бөленіп, арнайы мақсаттағы әскерлер арасында ең белгілі бөлімдердің біріне айналды. Жасақтың алғашқы құрамы 1983 жылдың қазан айына дейін соғысты, аталған жасақ туралы және олардың сол кезеңдегі жауынгерлік істері жайлы бөлім офицерлерінің бірі, қазіргі кезде запастағы полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасов өңгімелейді.

**УДК 351/354**  
**ББК 67.401.212**

**ISBN 978-601-292-849-5**

**Жантасов А., 2014**  
© «Фолиант» баспасы, 2014

моджахедтер дегеніміз – мемлекет басқаруын қолға түсіреміз деген бір мақсатта жүрген саяси партиялар тобы және партизандар мен оларды басқарушы командирлер. Совет армиясы Ауғанстанға кірісімен Американың Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) Пәкістанда моджахедтерді оқыту-жаттығу лагерлері мен жабдықтандыру базаларын құрды. Моджахедтердің (не болмаса Совет әскерилері айтпақшы, дұшмандардың) табысының негізгі көзі – есірткі саудасы, алтын құмтағын қазу мен тазартып сату.

Жаңа режимге қарсылық бірден басталып кетті. 1978 жылдың қазан айында үкіметке қарсы көтерілістер Нүристанда басталып, 1979 жылдың наурызында Герат қаласында өтті. Сол жылдың қыркүйегіне дейін көтеріліс провинциялардың тең жартысына дейін жайылып кетті.

Нұр Мұхаммед Тараки басқарған Ауғанстан Үкіметі КСРО-мен 1978 жылдың аяғында «Достық, ынтымақтастық және тату көршілік» жайында келісімшарт жасасқанымен, Совет армиясына арқа сүйеген Ауғанстан Демократиялық Республикасының келесі президенті Хафизолла Амин билікке жету үшін өзінің алдындағы әріптесін өз төсегінде тұншықтырып өлтірді.

1979 жылдың шілдесінде Ауғанстанға Совет армиясының ең алғашқы әскери құрамы ретінде 345-ші жеке парашютті-десант полкінің жеке батальоны келді. Моджахедтерге қарсы Совет армиясының іс-әрекеттері кейіннен жүргізілгенімен, дәл осы уақытты ауған соғысының басталуы деп санауға болады. Жалалабад гарнизонындағы наурыз айында әшкереленген келісім ескеріліп, Ауғанстандағы революциялық режимнің өмір сүруіне қауіп төндірген кезде Совет Одағының әскери көмегі дер кезінде келді деуге болады. Алайда шектелген контингенттің негізгі дені кешігіп, яғни 1979 жылдың желтоқсан айында келді.

Ауғанстанға Совет армиясын кіргізу туралы шешімді Совет Одағының коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшелері Ю.В. Андропов, Д.Ф. Устинов, А.А. Громыко және Л.И. Брежнев қана қабылдады. Бұл шешім Хафизулла Амінді қолдауға жасаған шара болып



көрінгенімен, астарында Советтік елдермен ынтымақтас, Ауғанстандағы достық режимді сақтай отырып, «сенімсіз» Аминді сол кезеңде Чехословакиядағы Ауғанстанның елшісі қызметінен аластатылған Бабрак Кармальға алмастыру еді.

Ауғанстандағы жағдай Саяси бюро мүшелерінің тыныштығын бірнеше себепке орай бұзған еді. 1979 жылы Иранда болған ислам революциясы Таяу Шығысқа тән фундаменталдық ислам саяси құрылысын бекіте түсуге шақырып тұрғандай болатын. Бұл, әрине, ауғандық моджахедтердің де көкейтесті мақсаты еді. Оған қоса, Совет еліне көңілі ауып отырған жаңа таяушығыстық республиканың Үкіметі құласа, КСРО-ның абыройын әлем алдында айрандай төгіп, Советтік Орта Азияда, дәлірек айтқанда, Тәжікстанда жағдай бұзылар еді. Оның үстіне, Ауғанстанда және онымен көршілес елдерде Құрама Штаттарының әскери-экономикалық әсері көзге көрінердей күш алып бара жатқаны келешекте Таяу Шығыстан Совет Одағының өзіне қауіп төндіруі әбден мүмкін еді.

Сөйтіп, Совет армиясын Ауғанстанға енгізу Совет Одағы тарапынан төнер қауіптің алдын алатын іс-шара болды. Ал сырт көзге оғаш көрінбес үшін әскердің енгізілуін КСРО ОҚ Саяси бюросы Ауғанстан басшылығы мен Х. Аминнің жеке өзінің Үкіметке қарсы күштерге тойтарыс беру үшін елге әскери көмек сұрауын негізге алды.

40-шы әскер қолбасшысы генерал-полковник Громовтың «Шектелген аумақ» («Ограниченный контингент») атты кітабындағы келтірілген пікірі (*ойын бұзбас үшін орыс тілінде келтіріп отырмын – авт.*):

*«Я глубоко убеждён: не существует оснований для утверждения о том, что 40-я армия потерпела поражение, равно как и о том, что мы одержали военную победу в Афганистане. Советские войска в конце 1979 года беспрепятственно вошли в страну, выполнили – в отличие от американцев во Вьетнаме свои задачи и организованно вернулись на Родину. Если в качестве основного противника Ограниченного контингента рассматривать вооруженные отряды оппозиции, то различие между нами заключается в том, что 40-я армия делала то, что считала нужным, а душманы — лишь то, что могли.*

## «АУҒАН СОҒЫСЫ» ЖАЙЫНДА

Совет Одағында «ауған соғысы» деп аталып кеткен әскери қақтығыс – Ауғанстандағы бір-біріне қарсылас Ауғанстан Демократиялық Республикасының Үкіметі мен қаруланған оппозиция – ауғандық моджахедтердің арасындағы азаматтық соғыстың бір бөлшегі еді. Елді кім басқарады және жаңа мемлекеттің саясаты қандай бағытта болмақ? Даудың негізі де осында болатын.

КСРО мен АҚШ та бұл соғысқа саяси жағдайлармен кірісуге мәжбүр болды. Совет армиясы Ауғанстан Үкіметінің қарулы күштерін жақтаса, Американың қаржысы мен техникасы, қару-жарағы моджахедтерді қолдауға жұмсалды. Оның үстіне оппозицияны Қытай, Пәкістан, Иран, Мысыр, Сауд Арабиясы мен Ұлыбритания жақтап отырды.

Ауғанстан Демократиялық Республикасы 1978 жылы Сәуір революциясы, шындығына келсек, коммунистік революция нәтижесінде Ауғанстанның демократиялық халық партиясы мен Ауғанстанның біріккен коммунистер майданы сол кездегі мемлекет президенті М.Даудты орнынан алуының арқасында құрылды. Революциялық Совет жоғарғы мемлекеттік орган болып, Ауғанстанның халық-демократиялық партиясы басқарушы партия ретінде танылды.

Жаңа үкімет жұмысы азамат соғысының салдарын жоюға және елде елеулі өзгерістер жасауға бағытталды. 20-шы жылдары КСРО-да орын алған реформаға ұқсас аграрлық реформа, мұсылман діни қызметшілерін қудалау мен қыспаққа алу, заң түрінде әйелдерге бостандық беру – әлеуметтік жарылысқа әкелген, моджахедтердің пайда болуына, азамат соғысының жаңа бір жаңғыруына себеп болған «жағымсыз» реформалар болатын.

«Моджахед» деп мұсылмандарда дін үшін соғысқа қатысушы не болмаса мемлекетті басқарып отырған саяси режимге қарсы күреске шыққан адамды атайды. Ауғандық

моджахедтер дегеніміз – мемлекет басқаруын қолға түсіреміз деген бір мақсатта жүрген саяси партиялар тобы және партизандар мен оларды басқарушы командирлер. Совет армиясы Ауғанстанға кірісімен Американың Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) Пәкістанда моджахедтерді оқыту-жатығу лагерлері мен жабдықтандыру базаларын құрды. Моджахедтердің (не болмаса Совет әскерилері айтпақшы, дұшмандардың) табысының негізгі көзі – есірткі саудасы, алтын құмтағын қазу мен тазартып сату.

Жаңа режимге қарсылық бірден басталып кетті. 1978 жылдың қазан айында үкіметке қарсы көтерілістер Нүристанда басталып, 1979 жылдың наурызында Герат қаласында өтті. Сол жылдың қыркүйегіне дейін көтеріліс провинциялардың тең жартысына дейін жайылып кетті.

Нұр Мұхаммед Тараки басқарған Ауғанстан Үкіметі КСРО-мен 1978 жылдың аяғында «Достық, ынтымақтастық және тату көршілік» жайында келісімшарт жасасқанымен, Совет армиясына арқа сүйеген Ауғанстан Демократиялық Республикасының келесі президенті Хафизолла Амин билікке жету үшін өзінің алдындағы әріптесін өз төсегінде тұншықтырып өлтірді.

1979 жылдың шілдесінде Ауғанстанға Совет армиясының ең алғашқы әскери құрамы ретінде 345-ші жеке парашютті-десант полкінің жеке батальоны келді. Моджахедтерге қарсы Совет армиясының іс-әрекеттері кейіннен жүргізілгенімен, дәл осы уақытты ауған соғысының басталуы деп санауға болады. Жалалабад гарнизонындағы наурыз айында әшкереленген келісім ескеріліп, Ауғанстандағы революциялық режимнің өмір сүруіне қауіп төндірген кезде Совет Одағының әскери көмегі дер кезінде келді деуге болады. Алайда шектелген контингенттің негізгі дені кешігіп, яғни 1979 жылдың желтоқсан айында келді.

Ауғанстанға Совет армиясын кіргізу туралы шешімді Совет Одағының коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшелері Ю.В. Андропов, Д.Ф. Устинов, А.А. Громыко және Л.И. Брежнев қана қабылдады. Бұл шешім Хафизулла Аминді қолдауға жасаған шара болып

көрінгенімен, астарында Советтік елдермен ынтымақтас, Ауғанстандағы достық режимді сақтай отырып, «сенімсіз» Аминді сол кезеңде Чехословакиядағы Ауғанстанның елшісі қызметінен аластатылған Бабрак Кармальға алмастыру еді.

Ауғанстандағы жағдай Саяси бюро мүшелерінің тыныштығын бірнеше себепке орай бұзған еді. 1979 жылы Иранда болған ислам революциясы Таяу Шығысқа тән фундаменталдық ислам саяси құрылысын бекіте түсуге шақырып тұрғандай болатын. Бұл, әрине, ауғандық моджахедтердің де көкейтесті мақсаты еді. Оған қоса, Совет еліне көңілі ауып отырған жаңа таяушығыстық республиканың Үкіметі құласа, КСРО-ның абыройын әлем алдында айрандай төгіп, Советтік Орта Азияда, дәлірек айтқанда, Тәжікстанда жағдай бұзылар еді. Оның үстіне, Ауғанстанда және онымен көршілес елдерде Құрама Штаттарының әскери-экономикалық әсері көзге көрінердей күш алып бара жатқаны келешекте Таяу Шығыстан Совет Одағының өзіне қауіп төндіруі әбден мүмкін еді.

Сөйтіп, Совет армиясын Ауғанстанға енгізу Совет Одағы тарапынан төнер қауіптің алдын алатын іс-шара болды. Ал сырт көзге оғаш көрінбес үшін әскердің енгізілуін КСРО ОК Саяси бюросы Ауғанстан басшылығы мен Х. Аминнің жеке өзінің Үкіметке қарсы күштерге тойтарыс беру үшін елге әскери көмек сұрауын негізге алды.

40-шы әскер қолбасшысы генерал-полковник Громовтың «Шектелген аумақ» («Ограниченный контингент») атты кітабындағы келтірілген пікірі (ойын бұзбас үшін орыс тілінде келтіріп отырмын – авт.):

*«Я глубоко убеждён: не существует оснований для утверждения о том, что 40-я армия потерпела поражение, равно как и о том, что мы одержали военную победу в Афганистане. Советские войска в конце 1979 года беспрепятственно вошли в страну, выполнили – в отличие от американцев во Вьетнаме – свои задачи и организованно вернулись на Родину. Если в качестве основного противника Ограниченного контингента рассматривать вооруженные отряды оппозиции, то различие между нами заключается в том, что 40-я армия делала то, что считала нужным, а душманы — лишь то, что могли.*

*Перед 40-й армией стояло несколько основных задач. В первую очередь мы должны были оказать помощь правительству Афганистана в урегулировании внутривосточной ситуации. В основном эта помощь заключалась в борьбе с вооружёнными отрядами оппозиции. Кроме того, присутствие значительного воинского контингента в Афганистане должно было предотвратить агрессию извне. Эти задачи личным составом 40-й армии были выполнены полностью.*

*Перед Ограниченным контингентом никто и никогда не ставил задачу одержать военную победу в Афганистане. Все боевые действия, которые 40-й армии приходилось вести с 1980 года и практически до последних дней нашего пребывания в стране, носили либо упреждающий, либо ответный характер. Совместно с правительственными войсками мы проводили войсковые операции только для того, чтобы исключить нападения на наши гарнизоны, аэродромы, автомобильные колонны и коммуникации, которые использовались для перевозки грузов.*

*Вместе с тем более 70% сил и средств 40-й армии постоянно было задействовано для перевозки по территории Афганистана гуманитарных грузов. Эта напряжённая работа не прекращалась вплоть до последнего дня пребывания Ограниченного контингента советских войск в Афганистане. Благодаря советским бекетавкам и деятельности наших специалистов экономика страны окрепла и, образно говоря, встала на ноги».*

### **Әскер енгізу. Президент сарайын шабуылдау**

1979 жылғы желтоқсан айының 16-сы күні Түркістан әскери округінің (ТүркӘО) қолбасшысы генерал-полковник Ю.П. Максимовке Генштабтың бастығы Совет Одағының Маршалы Ю.В. Огарков телефон арқылы Қорғаныс министрі Д.Ф. Устиновтың Ауғанстанға әскер енгізуге нақты дайындықтар жүргізу жайындағы берілген нұсқауларын жеткізді. Кейін желтоқсанның 24-і күні кешке осы нұсқауларға орай ТүркӘО директива да қабылдады.

*Директива № 312/12/001*

*С учетом военно-политической обстановки на Среднем Востоке последнее обращение правительства Афганистана рассмотрено положительно. Принято решение о вводе некоторых контингентов советских войск, дислоцированных в южных районах страны, на территорию Демократической Республики Афганистан в целях оказания интернациональной помощи дружественному афганскому народу, а также создания благоприятных условий для воспрещения возможных антиафганских акций со стороны сопредельных государств...*

*Министр обороны СССР  
Маршал Советского Союза Д.Ф. Устинов  
Начальник Генерального Штаба  
Маршал Советского Союза Н.В. Огарков*

*(И.Ю. Тухариновтың  
«Секретный командарм» кітабынан)*

Түркістан әскери округінің Ауғанстанға енгізілетін әскерлерінің тобын құрған:

40-шы армия (108-ші және 5-ші мотоатқыштар дивизиялары, 56-шы жеке десанттық-шабуылдау бригадасы, 860-шы жеке мотоатқыштар полкі, 353-ші авиация бригадасы, 2-ші зенитті-зымыран бригадасы, 103-ші әуе-десанттық дивизиясы және 345-ші жеке парашютті-десанттық полкі, 34-ші аралас авиация корпусы);

Қорда: Ортаазия Әскери Округінің 58-ші мотоатқыштар дивизиясы; 201-ші мотоатқыштар дивизиясы; 68-ші мотоатқыштар дивизиясы және 106-шы әуе-десанттық дивизиясы.

Ауған-Совет мемлекеттік шекарасын кесіп өту 1979 жылдың 25 желтоқсаны күні сағат 15.00 деп ұйғарылды.

108-ші дивизияның Термез-Құндыз-Кабул бағытында жылжуымен қатар, бір уақытта десант армиясы әуеге көтеріліп, Ауғанстандағы аэродромдарға қона бастайды: 103-ші әуе-десант дивизиясы Кабул қаласына, 345-ші парашютті-десант полкі Баграм қаласына.

Желтоқсанның 25-і күні сағат 15.00-де белгіленген «Ч» уақытында, бірінші болып қалқымалы көпірге 108-ші мотоатқыштар дивизиясы 180-ші полкінің барлау ротасы әскери машиналары (БМП – авт.) келіп тірелді. Шекарашыларға аттанып бара жатқан жеке құрамның тізімі тапсырылды. Шекара ашық. Колонна көпірге аяқ басты, аттанды...



... 1979 жылғы желтоқсанның 27-сі күні сағат 19.31-де Тадж-Бек сарайын (Аминнің резиденциясы, кейіннен 40-шы әскердің штабы) шабуылдаған майор Х. Халбаев басқарған ТүркӘО-ның «мұсылман батальоны», диверсант-барлаушылардың арнайы бөлімшелері: подполковник Г. Бояринов басшылық еткен Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің «Зенит» тобы, М. Романовтың «Найзағай» («Гром») тобы, Н. Берлев бастаған антитеррорлық МҚК-ның «Альфа» бөлімшесі, аға лейтенант В. Востротинның әуе-десант әскерлерінің ротасы және танкілерге қарсы қолданатын «Фагот» реактивті снарядтар взводы шабуылдады.

Сағат 21.00-де Кабул радиосы мемлекетте биліктің ауысқаны туралы хабар берді.

**«Жартасты жастанған жасақ»  
(Қара майордың мұсылман батальоны)**

*...Ауғанстанда арнайы жасақшылардың  
атқарған істері тек шексіз ер мінезді,  
батыл солдаттардың ғана қолынан келеді.  
Арнайы батальондарда қызмет еткендер ең  
жоғары сапалы кәсіби жандар болды.*

Генерал-полковник Громов Б.В.  
/«Ограниченный контингент»/

**1. Арнайы мақсаттағы әскерге барар жол  
немесе жасақтың құрылуы туралы**

КПП-ның есігінен тамағында қырылы бар, гүрілдеген дауыс біреудің апшысын қуырып жатырған ащы дауыс естіледі. Сол жерде сыртта тұрған сарбаз менің есікке қарай иек қаққаным «өзің біл, кірсең кір, күткің келсе, тұра да бер» дегендей ишара білдіріп, иығын қақты. КПП орыс тілінде «контрольно-пропускной пункт» деген сөздердің алғашқы әріптерінен құралған аббревиатура. Қазақша БКО (бақылау-кіргізу орны) деп жазсам, оқыған жұрт түсіне қоймас деп КПП-ны қалдырдым.

Мен есікті ашып, ішінде екі-үш кіші офицерлер мен бірнеше прапорщик жиналған кішкене ғана бөлмеге кіріп келдім. Дембелше келген, маңдайымен сол көзінің астында ірі мендері бар, қараторы майор жиналып тұрғандарға: «Солдаттармен айналыспай КПП-ға тығылып неғып отырсыңдар?» – деп лүркіретіп жатыр екен. Кіріп келгенімде іштегілер маған күтқарушы келді дегендей қуана қараса, қырылдаған майор мені жақтырмай:

– Кімсің? – деді.

Алдында суреттеп берген сырт пішінінен сұрақ қойып тұрған бөлім командирі майор Керімбаев екенін танып және отрядта басқа майор жоқ екенін біле тұра, қызметімді жалғастыра келген лейтенант Жантасов екенімді баяндадым.



Майордың жанары жылып, бірақ сонда да офицерлерге «әлі де көресіңдер» дегендей сыңаймен жұдырығын көрсетіп, мені өзіне алып кетті. Өзіне дегеніміз, шатырлар (*палаткалар – авт.*) қалашығының алдымен өтіп, бос тұрған техника жөндеу орнына кіріп, темір басқышпен көтерілгенде оның төбесіндегі алақандай бөлме екен. Бет тақтайы ойқы-шойқы сызбаланған ескі кеңселік үстелге жайғасқан соң командир менен мән-жайды сұрай бастады.

...1980 жылғы қаңтар айының соңы. Ауғанстандағы соғыс басталғалы екінші айға жақындап қалды. Ал шын мәнінде ен болып, не бітіп жатқанын тіпті әскерилердің өздері де анық білмейді. Күзде ғана әскери училищеден келген жас лейтенант мені қаңтардың басында демалысқа жіберген еді, бір апта өтпей телеграммамен қайта шақыртып алды. Осы демалыста үйленем деп үміттеніп, Қарағандыдағы қалыңдығыма елден туыстарым келіп, құда түсіп, ақпан айына тойды белгілеп кеткен еді. Қайдан, бәрі өз жайымен қалды.

Әскеридің аты әскери – командирдің бұйрығынан асқан ештеңе болмайды. Самолетке міндім де, қайдасың гарнизоным деп тартып отырдым. Семей облысының Гергиевка селосында орналасқан полкіме келсем, жылан жалағандай тым-тырыс. Қараңдаған бір-екі офицер, тіпті солдаттардың өзі санаулы ғана. Штабқа кірсем, бөлімде штаб бастығының аға көмекшісі аға лейтенант Высоцкий деген жігіт қана отыр.

– Жантасов, дабылда қолданатын чемоданыңда ал да, Өскемендегі дивизия штабына зымыра. Ротаға кіріп касқаңды да ала сал, – деді.

Күні бүгінге дейін сол касканы неге ал дегенін түсіне алар емеспін. Айға жуық касканы чемоданымда тасып әлек болғаным есімде.

Офицерлер жатақханасында менімен бір бөлмеде екінші батальонда рота командирінің саяси орынбасары болып істейтін лейтенант Александр Краузе деген жігіт тұратын. Жатақханаға келсем, ол кетіп қалыпты. Әрі маған Украинадағы ата-анасына киім-кешегімді салып жібер деп буылған бір қорапты қалдырып, қағаз жазып кетіпті. Уақыттың тығыздығынан Сашаның жүгімен қоса, өз заттарымды да сол жерде қалдырып,

жүріп кетуге мәжбүр болдым. Ал Александрдың Құндыздағы ма, Баграмдағы ма, дивизиялардың бірінің газет редакциясына қызметке тұрғандығын кейін естідім.

Бұйрық алып, ротадағы қару-жарақ сақтау бөлмесіндегі каскамды чемоданыма әрең дегенде тығындап, жол-жөнекей кездескен жүк машинасына отырып, Өскемен түбіндегі Ахмирово деп аталатын поселкеге жүріп кеттім.

Дивизия штабына келуім сол еді, жүгіртіп киім қоймасына жіберіп, судай жаңа, жартылай жүннен тоқылған матадан тігілген дала формасын, жаңа портупея, етік, пистолет кобурасын, офицерлік сөмке берді. Ең қызығы, мұның бәрін осыдан жарты-ақ жыл бұрын училищеден шығарымда алғаныма қарамастан. Алған бір қап затымды арқалатып, ГАЗ-66 машинасына артып жіберді де вокзалға бірден жеткізді. Келсек ешқандай абыр-сабыр жоқ. Барлығы тастай түйінген, жүздері қатаң, беріліп жатқан әмірлер қолма-қол орындалуда. Эшелон артылып та аяқталып қалған екен, бірер минуттан соң состав жүріп те кетті.

Плацкорт вагондарда офицерлер мен солдаттар жеке жайғастырылып, ашық платформаларда брезентпен жабылған соғыс техникасы. Бәрінің аузында бір сөз – Ауғанстан. Кейіннен білсем, біздің 155-ші мотоатқыштар дивизиясынан бұл екінші эшолон екен. Бөлімше-бөлімше қылып аттандырмай, жеке-дара жіберіп жатқан көрінеді. Біздің 374-ші мотоатқыштар полкі мемлекеттік шекараны қорғайтын полк болғандықтан, дайындығы әжептәуір жоғары болып саналатын, сол себептен де болар, түгелімен жіберілді десе де болады.

Жол үстінде үш күндей болдық. Қайдан келгенін білмеймін, қолыма генерал Алтуниннің естеліктер кітабы түсіпті. Жағдайыма сайма-сай, генералдың өзі соғысқа қалай аттанғаны туралы жазылған кітап екен. Ой дегенің шымшытырық: Қайтып оралам ба, жоқ па? Әлде мүгедек боп қалам ба екен... Шайқастарда батылдығым жетісті болар ма екен? Мүмкін, орден алатын шығармын... Тағы да, тағы да сондай шытырман ойлар.

Үшінші күннің аяғында көздеген жеріміз – Термез қаласына келіп тоқтадық. Бейбіт уақытта осы Термезде жайғасқан

дивизия ең алғашқы құрамалардың санында Ауғанға еніп кеткен. Соғысқа дейін жеке құрам саны ықшамдалған болатын, аттандыруда запастағы резервистерден толықтырылған, көбінесе жергілікті өзбек, түрікпендерден. Сол резервистер ешбір әскери дайындығы болмағандықтан және өзіміздің мұсылмандардың арасында жұрміз деген жайбарақат көңілден, қақтығыстың алғашқы кезеңінде көптеген шығынға ұшырады.

Сонымен келісімен офицерлерді дивизия штабының маңындағы бір қазармаға орналастырды. ал солдаттарды басқа жаққа алып кетті. Техниканы платформалардан кім түсіріп, қайда әкетіп жатқаны да белгісіз.

Врангельдің армиясының азамат соғысы кезінде Севастопольден қашқанын бейнелейтін «Бег» деген кино болатын. Біздің орналасқан қазармамыз ләл сол киноны еске түсірді. Маңайды толық соғыс өрті шарныған, дала киімін киіп алған офицерлер. Біреулері жып-жылтыр боп қырынып алса, кейбіреулерінің сақал-мұрты өсіп кеткен. Ішінде удай масы да, аузына арақты ұрттап та алмаған құлантаза жүргендері де бар. Біреуі басын шинелімен бүркеп алып бүк түсіп жатса, келесі біреуі жанарын төбеге қалап темекі шегін отыр. Ана бұрышта гитараны дыңғырлатып жатыр, мына жерде одеялдың үстіне оқтарды шашып тастап, автоматтың оқ қорабына тығындап жатыр. Ал ана бір бұрышта тумбочканы қоршап алып арақ ішіп жатқандар. Тағы бір жерде карта ойнап, жалғыз атынан айрылғандай айғайға салып жатыр. Осының бәрінің үстін бүркеп қалқыған, бойлы тітіркентетін жағымсыз салқын мен көкшіл тартқан темекі түтіні.

Келесі күні қалаға шықтым. Термез – оңтүстіктегі сан ғасырлық тарихы бар және Совет Одағының ең ыстық жері деген атағы бар көне қала. Бірақ маған аталған қала сол жылы әлемдегі ең салқын жер болып көрінді. Қысы ылғалды, ызғары өңменіңнен өтетін. Қазармалар жөнді жылытылмайды, аяқ киімді кептірер жер жоқ, шинельдің өзі су сепкендей болады да жүреді. Майдан тұсындағы қала сияқты көше толған өскерилер. Майдан тұсындағы сияқты емес-ау, майдан шынында да дәл қасымызда, өзеннің арғы бетінде еді. Амударьяның арғы

жағасы – Ауғанстан. Бір күні кешкілікте КШП-дан өтіп бара жатыр едім, «георгиевкалық» ротаның солдаты Абдуллаев дегенді кездестірдім. Мұздай қаруланып, асынып-тартынып алған. Аман-саулықтан кейін: «Қайдан келе жатырсың?» – десем, «Ауғаннан», – деп жауап берді. Бұл жігіт бізден сәл ертерек келіп, әскери бөлімдердің біріне тағайындалып, осы жақтан келесі бетке оқ-дәрі тасымалдап жүрген екен. Сондай бір сапарынан оралып келе жатқан бойы көрінеді.

Жан-жақтан жиналған офицерлер, ішінде біздің дивизиядан келгендер де жүрміз, сол жерде екі жұмадай жаттық. Таңғы асымызды ішіп алған соң бәріміз штабтың қасына барамыз, жұмыс іздеген адамдай.

Кадровиктер үстел, орындық шығарып, тізімдерін жайып жайғасады да, айғайлайды-ау келіп:

– 753-ші понтонды-көпір батальоны. Кім командир болып барады?

Жан-жақтан:

– Мен, мен! – дегендер дауыс береді. Барам деушілер көп. Кім қандай қызметтен келгенін сұрай бастайды да, іштерінен батальонның штаб бастығы немесе батальон командирінің орынбасары қызметінен келген біреуін таңдап алады. Неғұрлым аталып жатқан лауазым төмен болса, соғұрлым барам деушілер де аз, себебі мен сияқты училищеден жаңа ғана түлеп ұшқан лейтенанттардың да биігірек орын алып қалуға дәмесі бар.

Бір күннің ішінде бір әскери бөлімді жасақтауды аяқтап, қалғанымызды «ертең келіндер» деп тарқатып жібереді. Осындай әуренің үстінде Термезде екі жеті жүрдік. Кейіннен ішкі округтерден, Генштабтың ұйғарымы болар, әскери бөлімдер толығымен келе бастады да, біз сияқты жекелеп келгендерді өз округтерімізге қайтарды.

Қаңтардың 25-і кезі болу керек, әрбір бөлімдерден жиналған қырық шақты офицер Ортаазиялық Әскери округтің Алматыдағы Правда көшесінде орналасқан штабына келдік. Оң бес-жиырма шақты саяси қызметтегі офицерлерді саяси басқарманың жиналыс өткізетін залына кіргізді. Саяси басқарманың кадр бөлімінің бастығы алдымызға шығып, Қап-

шағай қаласында десанттық әскери бөлім жасақтанып жатқанын айтып, «кім сонда барғысы келеді?» деген сұрақ қойды. Бірнеше адам, ішінде мен де бармын, қол көтердік. Қол көтергенім, сондай керемет десантшы болғым келгендіктен емес, қалалық жерде, оның үстіне Алматының түбінде болғым келгендіктен еді. Қалғандарына сол жерде: «Өз бөлімдеріңе қайтыңдар», – деді де, десантшы боламыз дегендерді бір-бірілеп, біреуі – жаяу әскер, екіншісі – десант формасын киген екі полковник отырған басқа бір бөлмеге кіргізе бастады. Олардың барлау басқармасының офицерлері екенін кейін түсіндім. «Спорттың қай түрімен шұғылданасың?», «Қазақ тілін қандай шамада білесің?», «Парашютпен секіруге қорықпайсың ба?», «Неге офицер болдың?» деген сияқты сұрақтарды жаудыртып жатыр. «Бокспен шұғылданғам, қазақ тілім жетік, секіруге қорықпаймын, офицерлік арманым болған» деп мен де мүдірмей жауабымды беріп жатырмын. Бәрімізбен әңгімелесіп болған соң, қайтадан залға кіргізіп, кадр бастығы десантқа алынған лейтенант Жантасов деп жариялады. Сосын мені тағы да манағы полковниктерге алып барды. Екеуі де орнынан тұрып қолымды қысып, арнайы мақсаттағы жасақтың офицері болатыныммен құттықтады. Мен біртүрлі, бір жағынан, іштей үрейленіп кетсем де, екінші жағынан, кеудемді мақтанышта кернеп кетті. Десант! Және жай ғана десант емес, арнайы мақсаттағы! Әскердің элитасы! Ал бірақ, шындығымды айтсам, өз басым осы күнге дейін білмеймін, тағдырым үшін соншама күрделі шешімге менің қандай қасиетім әсер еткенін.

Арнайы мақсаттағы жасақ деп отырғаным – орысша айтқанда, «отряд специального назначения». Совет армиясы тарихында арнайы мақсаттағы екі «мұсылман жасағы» болды. Біріншісі – өзбек, төжік, түрікпен жігіттерінен құрылып, Ауғанстанда үкіметтік төңкеріс кезінде алғаш рет қолданылды. Екіншісі – біздің жасақ, қазақ, қырғыз, ұйғыр жауынгерлерінен құралған, әрине, ішінде аздаған орыстарымыз да болды. Кейіннен Ауған жерінде тап болған шығындарымызды толықтыруға келгендер болсын, әскери қызмет мерзімін аяқтаған солдаттардың орнына келген жауынгерлер болсын басқа да ұлттардан бола берді, ал бірақ ең басында

негізінен қазақ, содан қырғыз, ұйғыр жігіттері болатын. Біздің алғашқы мақсатымыз Қытай жерінде соғысу болып, артынан саяси жағдай өзгере келе дәм-тұзымыз Ауғанстанға тартты. Дәл осындай жасақтар әскердің басқа да округтерінде құрылды, бірақ негізі мұсылман жігіттерінен құрылған осы екеуі болғандықтан, «мұсылман батальоны» аталып жүргендері де осы екі жасақ қана болды.

Сонымен, міне, жоғарыдағының бәрін баяндап, жасақ командирі майор Керімбаевтың алдында отырмын. Айтқанымды тыңдап алып, командир біреу уақыт маған үндемей қарап отырды да: «Қызмет көрсету (рота обслуживание) ротасының саяси орынбасары боласың», – деді. Өлгісін естіп сасып қалдым. «Нағыз сайыпқыран ротаға барам» деп алып-ұшып келсем, «қызмет көрсету ротасы» дейді. Мынауың көштің ең соңында жүретін қазан-ошақтың қасы ғой. Мұнымды тыңдап алып, командир «арнайы жасақта барлық бөлімшелер аса маңызды» дегенді айтты да, өзімнің алтыншы ротамды, дәлірек айтқанда, «алтыншы ротаның командирі аға лейтенант Петровичті тауып ал» деп қоя берді. Петрович деген – өкесінің аты емес, белорус фамилиясы. **Валерий Петрович** жасы өзіммен шамалас, жауырынды, кепкен тақтайдай шымыр, сарғыш келген жігіт екен. Қол алысы мықты. Арамыз бірден жарасып, жұмысымыз да оңымен жүріп кетті. Ротамыз басқаларымен салыстырғанда солдаттың да, техниканың да саны жағынан әжептәуір үлкен. Қызметіміз қайнаған қазандай болды. Жауынгерлеріміз бірыңғай көзден тыс жүріп, көптеген шаруашылық тарабындағы мақсаттарды орындап жатса да, тәртіп бәсеңсіген жоқ. Бұлай болуына әсер еткен, командирдің ротаны қатаң түрде уысына қысып ұстағаны ғана емес, взвод командирлері басқа роталардағыдай мен сияқты жас лейтенант емес, әскер қызметінде тіс қағып қалған тәжірибелі прапорщиктер болғаны көмегін берді.

Қызметтің әр лауазымының өзіндік жақсы жақтары болады, былай айтқанда – плюстері. Мен үшін бұл плюс үйге тұскі тамаққа су тасымалдайтын ЗИЛ-130 машинасымен барып тұру болды. Машина өз ротамнан күнде рейске шығады, сондықтан рота командирі шаруаларым тез бітіп жатсын деп,

сол су тасығышты қолданып тұруға рұқсат берді. Мұны өзіне елестетіп көру керек – жап-жас лейтенант жеке басына беріп қойғандай машина мініп жүреді. Жасақ офицерлері түгелімен маған қызығумен қараушы еді. Бірақ командир екеумізден басқа тағы бір адам жеке көлікпен жүретін. Ол ерекше бөлім бастығы, былай айтқанда, КГБ-ның өкілі, аға лейтенант **Марат Атаев** болатын. Оған люлькалы мотоцикл берген еді, бригаданың барлау ротасының сақтауда тұрған техникасынан берген болар, себебі біздің штатта мотоцикл болмайтын. Ал мотоцикл айдаушысы екінші ротаның жаяу әскер соғыс машинасының оператор-көздеушісі **Гарриев** деген, Атаевтың өзі сияқты ұлты түрікпен, солдат болатын. Ауғанда ол, әрине, **ротаға қайтып** келді. **Есімде**, бір рет біреу оның машинасына тығып қойған «Крокодил» журналын алып кетіп, күні бойы менің «каркадилым» қайда деп жүгіріп жүргені, ал оның не каркадил іздеп жүргенін ел түсінбей қойған.

Отан соғысы кезіндегі немістер туралы кинодан көргенім болмаса, бұған дейін де, кейін де офицерді мотоциклмен тасымалдап жүргенін көргенім осы.

Осы жерде айта кетейін, жаяу әскер соғыс машинасы орыс тілінде «Боевая машина пехоты» деп аталады, қысқартып «БМП» дейді, енді бұдан былай мен де БМП дей берейін.

Бірақ бұл ротада мен көп жүрмедім, үш-төрт ай өткен соң, мені арнайы мақсаттағы екінші рота командирінің орынбасары етіп тағайындады. Алдымда болған адам ауырып қалды ма, басқа жаққа ауысып кетті ме онысы есте қалмапты, әйтеуір боевой ротаға ауысып, арманыма жеттім.

Қырғыздың Қойташ деген жеріндегі мотоатқыштар полкінен келген рота командирі **Сейілхан Смайылов** тәжірибесі мол және ең бастысы, абыройлы офицер болатын. Бірінші взводтың командирі аға лейтенант **Қалибек Ахметов** болды, екінші взводта аға лейтенант **Бақытжан Жатақпаев**, үшінші взводтың командирі – **Тагир Айдаров**. Рота командирінің техника жөніндегі орынбасары – аға лейтенант **Василий Шадрин**. Старшинамыз **Нурдун Тохтахунов** болатын, ұлты – ұйғыр, бірақ Нурдунді орысшалап бөрі **Қара деген** атайтын. Қасы қалын, шашы бұйра, жалпақ қара мұртты прапорщик болып еді.

Рота деңгейіндегі жүрген офицер болғандықтан, бүкіл әскери бөлімнің келешегінен беймәлім боласың. Жасақ алдына тығыз уақыттың ішінде құрылым жұмыстарын аяқтау, жауынгерлердің жеке дайындығын керекті қалыпқа келтіру, бөлімдердің өзара қимыл-қатынас тәжірибесін жетілдіру секілді өте қиын мақсаттар қойылғанын артынан білдік.

Оның үстіне сарбаздарымыз да, қалай айтсам екен, ептеген ерекшеліктері бар еді – жартысынан астамы құрылыс бөлімдерінен келген. Жоқ, былай қарағанда, кәдімгі солдат, дене бітімі сомдай, денсаулығы мықты, бірақ стройбаттың аты стройбат қой. Сондықтан да әскери дайындық оңайлыққа түспейтіні белгілі болды. Стройбаттан спецназ жасау қай елдің армиясын алсақ та бұрын-соңды болып та көрмеген шығар. Бірақ кішкене алға түсіңкіреп айта кетейін, бұл мақсатты біз толығымен орындадық. Солдат болсын, офицер болсын, ынтасы өте зор болды, сондықтан болар, дайындыққа құлшына кірісті.

Жасақтың штаты ерекше болатын, былайша айтқанда, жекешеленген батальон болғанымен, күш дегенің керемет еді.

Жасақ басшылығын құрайтындар – командиріміз **Борис Төкенұлы Керімбаев**, оның орынбасарлары – әскери дайындық бойынша аға лейтенант **Нарын Бексұлтанов**, саяси жұмыстар бойынша майор **Мұхтар Зиятдинович Мұратов** (оны араққа салынып кеткен капитан Емельяновтың орнына тағайындаған болатын), штаб бастығы капитан **Аскер Джунушев** (Галиаскер), тыл бойынша орынбасар майор **Хамид Саидович Мұхитдинов**, техника жағынан аға лейтенант **Сергей Николаевич Фадеев**.

Жасақ басшылығына олардан басқа кіретіндері партбюро хатшысы, Ауғанға дейін аға лейтенант **Бақыт Тұрманқұлов**, кейін оны капитан **Сергей Ильинский** ауыстырды, комсомол хатшысы, лейтенант **Эркин Джуматаев** (*Джунушев пен Джуматаев екеуі бажа болатын – авт.*), штаб бастығының орынбасары – барлау бастығы аға лейтенант **Сәкен Жасұзақов**, штаб бастығының көмекшісі, аға лейтенант **Владимир Алиев**, инженерлік қызмет бастығы капитан **Селютин**, парашют-десант қызметі бастығы капитан **Мартынов**, киім-

**АБОМЕНТ**



кешек және тамақтандыру ызметінің бастығы, аға лейтенант **Михаил Амелин**, қару-жарақ қызметінің бастығы, лейтенант **Владимир Соловьев**, қаржыландыру қызметінің бастығы, аға лейтенант **Қуанов** жанар-жағармай қызметінің де бастығы болатын, атын ұмытып қалыпшын.

Бөлімшелерді талқылай келсек, жалпы соғыс жүргізетін үш рота болды, БМП машиналарын мінген арнайы мақсаттағы екі рота және БМД машиналарында парашютті-десант бір рота. Бірінші ротаның командирі, аға лейтенант **Талай Шатемиров** болды, екінші ротада жоғарыда айтқанымдай, **Сейілхан Смайылов**, үшінші ротаның командирі **Мелис Бекбоев**. Төртінші, гранатометтік ротаға басшылық еткен капитан **Яков Куманяев**, Ауғанға дейін **Әжібаев** деген аға лейтенант болатын. Бесіншісі инженерлік-огнеметтік ротаның командирі капитан **Анатолий Задорожный** деген жігіт болды, бұл ротаның бір взводуын біздің саперлер құрастыратын. Төртінші, бесінші роталар, орысшалағанда «подразделения боевого обеспечения» болатын. Қазақшалағанда, соғыс даласына қолғабыс жасайтын бөлімдер, бұлардың мінгендері БТР-60ПБ бронды машиналар. Алтыншы, көлік ротасының командирі аға лейтенант **Валерий Петрович**, бұл ротада жасақтың автокөліктері жинақталған еді, жалпы саны жетпістен асқан. ГАЗ-66 машиналары төртінші, бесінші роталарда да, байланыс взводуында да болатын, бірақ жанар-жағармай, су, жүк тасымалдайтын және арнайы автомашиналар негізінен алтыншы ротада болған.

Рота командирлерінің бәрі де офицердің офицері, сайдын тасындай азаматтар болатын. Қызмет дегенде шаршағанын білмейтін, бейбіт уақытта ертелі-кеш өз бөлімдерінен шықпайтын, ал соғыста жауынгерлерімен қатар барлық шайқастарда бірге жүрген нағыз ерлер еді. Бұлардың соңдарына ерген взвод командирлері де жастығына қарамай, өз басшыларынан еш қалыспайтын жігіттер болатын.

Роталардан басқа жеке взводтар да болды. 23 мм. өздігімен жүретін «Шилка» зениттік қондырғылар взводы, командирі – аға лейтенант **Николай Волков**. Аға лейтенант **Владимир Козичтің** басқаруында байланыс взводы және аға прапорщик

Евгений Лукьяновтың қарамағында асхана болды. Лукьяновты бәріміз «старый» деуші едік, со кезде оның жасы қырық бір-қырық екінің шамасында, бізге шынында да көрі болып көрінетін. Шіркін, жастық шақ-ай! Медицина-санитарлық бөлімше де өзінше жеке шаруашылық болатын. Бұл бөлімшеде капитан Рахманқұловтың бастауында дәрігер-хирург, аға лейтенант Асылхан Утеев, дәрігер-анестезиолог, капитан Сергей Ниякин, аптека бастығы, прапорщик Нұрбек Усенов жүрді. Нұрбектің ағасы Мирбек алдында бірінші ротада, кейін біздің екінші ротада взвод командирі болған.

Тыл шаруашылығына киім-кешек, тамақ, қару-жарақ, парашют-десант дүниесі, жанар-жағармай қоймалары мен жылжымалы наубайхана енетін. Ауғанға кірердің алдында тағы да жылжымалы монша мен дезинфекция жасайтын машина алған болатынбыз. Байқап отырған шығарсыз, жасақтың абажадай болғанымен қатар, қандай айбарлы соғыс бірлігі болғанын.

Ақпанның басы кезінде жасақтауды аяқтап, жауынгерлердің жекеше дайындығына кірістік те, одан кейін бөлімдердің өзара қимыл-қатынас тәжірибесін жетілдіру жұмыстары Отар полигонында атысы бар оқу-жаттығу өткізумен аяқталды. Бұл оқу-жаттығу туралы жасақ командирі былай деп еске алады: «...Командир ретінде мен ылғи оқу-жаттығуға дайындық кезінде қол астымдағылардың қимылдарын қадағалап, байқап жүрдім, ал бірақ түгелдей жасақтың оқты боратып алға жылжығанын көргенім алғаш еді. Полигон мен нысаналар шебі от пен түтіннің астында қалды. Сөз жетпестей үлкен әсер алдым».

Бұдан әрі тәулік бойы соғыс машиналарын жүргізу, қарудың барлық түрлерінен ату, белгіленген жерге, белгіленген нысанаға азимут арқылы шығумен жалғасып жатқан тактикалық сабақтар өткізу, таңсәріде бір секіру үшін қайта-қайта сан рет парашют жинақтау, қоян-қолтық ұрыс әдістеріне үйрету және барлық керек-жарағыңды асынып-тартынып алып бөлімше құрамында ұзақ жүгіру, әскери дайындықтың күнделікті күйбелеңі басталып кетті. Әсіресе жүгіріс көп болды. Халық арасында «десантшы үш минут қана қы-

ран, қалған уақытта жылқы» деп жайдан-жай айтпайды ғой. Бөлімшелердің өзара үйлесу тәжірибесін жетілдіру дайындығы аяқталар кезінде жауынгерлер атыс үйретудің ең бір қиыны болып саналатын үшінші жаттығуды автомат, пулеметтерін белден-ақ ұстап, асқан мергендікпен ататын болды. Ал бұл жеңіл жаттығу емес еді, көздеп атқанның өзінде де оңайлықпен қолдан келе бермейтін, себебі нысаналар – тақтайдан ойып жасаған алты жүзден сегіз жүз метрге дейін қашықтықтағы жүгіріп бара жатқан адамның фигурасы (темір жолға тележкаға орнатып тоқтың күшімен жылжитатын), төрт жүз метрдегі қалқаны жоқ зеңбіректің бейнесі және бес жүз метрде кеудесінен ғана көрінетін жасырынып жатқан пулеметшінің фигурасы.

Алдымен қарудың механизмдері мен бөлшектерінің, көздеу құралдарының құрылымын, сосын олардың оқ атылғанда қалай жұмыс істейтінінен бастадық. Одан соң солдаттар біліп жүрсін деп, оқтардың қандай түрлері болатынын, өзіне бекітілген қарудың қаншама оқ-дәрісі болу керек екенін, оқтар мен гранаталардың қалай құрастырылғанын, соғыс машинасында қалай жайғастырылатынын, қару-жарақ ұстағандағы қауіпсіздік шараларын, қару-жарақты күтіп – сақтау ережелерін оқыттық. Сосын таулы, орманды, жазық жерлерде мылтық атудың, түнгі атыстардың ерекшеліктерімен таныстырдық. «Жел оғыңды бұрып тартад, нысанаңнан екі алғандай» деген сияқты әр-түрлі мнемоникалық ережелерді де жатқа үйретіп жаттық. Қалай атысқа қолайлы орын таңдау, атысқа бірыңғайлы жату, бұғу деген сияқтылар да ұмыт қалған жоқ. Кез келген құрлықтық офицер қолданып жүрген «Атыс курсы» басқа да, арнайы мақсаттағы жауынгерді дайындау мүлдем өзгеше. Егер жаяу әскер өзінің бөлімі қатарында, артиллерия мен құрышталған техниканың қорғап-қолдауымен соғысуға дайындалып жатса, арнайы мақсаттағы жауынгер шайқас үстінде қолындағы өз қаруы мен әскери тапқырлығына ғана сене алады. Сондықтан ол қаруының бар сырын біліп, майдан даласында кез келген жағдайда пайдалана білуі қажет.

Сержанттардың дайындығына аса көп көңіл бөлдік. Қол астындағы жеке құрамды оқыту формалары, принциптері, әдістерінен бастап асықпай, қадамдап, соғыс дайындығы пәндерін оқытуға кірістік. Тактикалық дайындық, барлау дайындығымен араласып-сабақтасып жатты. Торуюлда жүру, жасырын тосқауылдау, ізденіске шығу, жаудың объектілерін құрту немесе басып алуға үйрету де тыс қалған жоқ. Атыс дайындығы кезеңінде нысаналарды барлау, оларды атып түсіру үшін керекті деректерді айқындауды білу, бөлімшенің атысын басқаруды да үйретіп шығардық. Маңызы мол пәндердің бірі инженерлік дайындық болды, мұнда жарылғыш заттар, жарылыс жасайтын нәрселер мен зарядтар, шетелдік әскерлердің миналары, әртүрлі инженерлік тосқауылдарды орнықтыру және олардан өту әдістері үйретілді. Тұрған орныңды болар шайқас мақсатында дұрыс бағалау, жүрген жеріңді картадан мүдірмей табу, маңайыңның дұрыс сызбасын жасау, топографиялық картаны оқи білу үшін әскери топографияның да маңызы мол болатын. Жалықпай, сан рет қайталаумен, соғыс машиналарының механик-жүргізушілері және оператор-көздеушілерімен де сабақтар болып жатты. Оларды соғыс даласында болуы ықтимал жағдайлардан шығуды үйретуге тырыстық.

Әрине, біз офицерлер өзіміз де үйреніп, дұрысын айтқанда, білгенімізден басқашаға үйреніп жаттық. Негізінде біз бәріміз жаяу әскер офицері едік, ал енді біз арнайы бөлімшелердің қолданатын тактикасын білуіміз керек. Бұл жағдайда, әрине, бізге әжептәуір көмек болғаны – полигоннан басқа едеуір оқыту-материалдық құралдары бар арнайы мақсаттағы 22-ші бригаданың базасында жасақталғанымыз. Бірақ полигон жоқ екен деп командиріміз аса көп налымай, жаз шығысымен орналасқан жеріміздің сыртындағы Шошқалы сайдан үш-төрт шақырым жерде көшпелі лагерь орнықтырды. Ел-жұрттан алшақта, ешкімнің көзіне көрінбей біз таңның атысынан қай уақытқа дейін болсын, өз шаруаларымызды бітіре беретіндей болдық. Құдайдың рақаты, мейлің мина жар, мейлің алысып-төбелес, ал дайындық кестесінде топография болса, кең даланы кезіп қаңғыр да жүр. Апырым-ай, сонда көктем бойы, жаз

бойы жүріп, үйге жоламай кеттік деп біріміз де ренжімейміз. Сенбі күні еңкейе, жексенбінің кешіне дейін командир бір жіберіп алса, соған ризамыз. Бірталай жылды артта қалдырып, есейе келе қазір түсінесің – біздің өткізген сабақтарымыздың көпшілігі қалыптасқан шаблонмен саптасып жатқанын, көп нәрсені әшейінгі пехотаның дайындығынан алғанымызды, мысалы, батальон құрамында атыс жүргізу деген сияқтыны. Бірақ біз ең басты мақсатымызға жеттік. **Әр солдат өзінің жоғары деңгейдегі кәсіби жауынгер екеніне, шайқастарға барарда қолына ұстап шығар қаруының күшіне сенді.**

Әскери училищелерден біз үйреніп шыққан Совет армиясының тактикасы бойынша елді мекен ішіндегі қақтығыс заманауи қаланың ішіндегі әдістермен жүреді деп қалыптасқан. Тау арасындағы биік дуалдармен қоршап тастаған, шым-шытырық ирелеңдеген көшелері бар шағын келген қыш-лақтардың ішінде шайқасамыз деп кім ойлаған? Сол себептен де барған жерімізде, ешбір уставта жазылмаған, тек өзімізге тән жаңа тактиканы жасай бастадық.

Психологиялық тұрғыда, басқаны білмеймін, өз басымда ең бір қиын сәттер алғаш рет парашютпен секіруде туындады. Әуеде секіргенге дейін парашюттің құрылымын, құрылғылары мен десантшының өзіндік саймандарын әбден игердік. Сансыз рет парашютті жинастырдық. Парашютті арқаға артатын өз қабына салу үшін оны жинақтайтын әдейі нұсқаумен бекітіп қойған қағидалары бар. Егер жинақтағанда қате жіберсең парашюттің аспанда ашылмай қалады, сондықтан да парашюттерімізді қайта-қайта жинақтап үйреніп жүргеніміз. Одан кейін, ұзартып шығарып қойған жебесіне ұзын троспен байлаған кішігірім парашюті бар парашюттік мұнара; жерге қонар кезді әдістенуге үйрену үшін жасалған, төменнен жоғарыға трос тартылған темірден істеген баған; әуеде секіру кезеңге жаттығу үшін арналған самолеттердің макеттері; аяқ буындарын шынықтыратын, вестюбиярлық аппаратты нығайтатын, тағы да басқа толып жатқан снарядтары бар әуедесант кешенінде бірінші рет қайталанған сабақтар өткізілді. Бір сөзбен айтқанда, парашютпен секіруге алдын ала өте мықты дайындықтан өттік. Секірулерді Николаевка аэродро-

мынан жасадық. Алғаш секірулерімізді, халық арасында «кукурузник» деп аталып кеткен АН-2 самолетінен жасадық. Таңсәріден ГАЗ-66 автомашиналарына отырдық та аэродромға тарттық. Бәрі үн-түнсіз. Түстеріміз қатаң, бір-біріміздің бетімізге қарамаймыз, бәріміздің де парашютпен бірінші секіруіміз. Бір-бірімізге қарамауымызды мен қазір түсінемін – көздегі ұялаған үрей білінбесін дегеніміз ғой. Дәл секіредің алдында самолеттің есігіне таяп тұрып жауынгерлерімді көзіммен тағы бір шолып шықтым, қорыққандарын көрсетпейді, сол баяғы қабақ қатқан бойлары. О да түсінікті, қанша дайындалғаныңмен, әуеде талай күтпеген жағдай болуы мүмкін. Секір деген сигнал шар-шар етіп, шығарушы: «Ал кет!» – деп бас изегенінде ашық есіктен төмен қарасам, бәрі де кіп-кішкентай, алыста. Жер беті картаға сызып қойған суреттей. Есіктің жақтауынан ұстап алып қозғалғың келмейді, бірақ артыңда қадалып қарап отырған солдаттарың бар, секірмеске амал жоқ. Бір Аллаға сиынып қарғыдым да кеттім. Секірген кезде нұсқау бойынша «жиырма екі, жиырма үш, жиырма төрт» деп санап барып парашютті ашатын шығыршықты тартып қалуың керек, сол қолың қосалқы парашюттің шығыршығында. Шығыршық деп отырғаным – парашюттің қапшығын әуеде ашып жіберу үшін жұлып алатын, қапшықтың аузын буып қойған тростың басына байланған құрылғы. Самолеттен секіріп кетіп, парашюттің ашылғанша, жаңағы үш секундтің ішінде әуеде зымырап құлап бара жатып олай да, бұлай да айналасың. Оқырманым сеніңдер, үш секунд дегенің әжептәуір уақытқа созылатын көрінеді. Содан соң жаңағы шығыршықты тартуыңмен бірге парашютіңнің шатыры ашылады да, әуеде бір сәтке тоқтап қалған сияқты боласың, одан кейін аспанда қалықтайсың... Өзіңді қырандай сезініп, рақаттанып айғалайсың, өлең айтасың. Жерге жақындаған сайын масаттанғаның саябырсып, нұсқаушыларыңның не айтып, не қойғанын еске түсіре бастайсың. Аяқтарыңды бір-біріне қосып, тізеңді сәл бүгіп парашют жіптеріне тартыла түсіп жинақталасың. Міне, жер де келіп қалды, топ ете түсіп бір жағыңа қарай қисая кетіп, парашют шатырын тездетіп жинақтау керек, әйтпесе жел көте-

ріп, жерге қайта соғуы мүмкін. Бітті! Секірдің! Сосын, дәстүр бойынша, алдыңда өзіңнен бұрын секіріп жерге түскендер жүгіріп келіп, қосалқы парашютпен жұмсақ жеріңнен бірнеше рет соғып-соғып жібереді. Ура-а-а-а! Мен – десантшымын!!!

Секірген кездерде күлкілі жағдайлар да болады. Бірде Гафаров деген сержант самолеттен секіріп парашюті ашылғанда бір аяғынан етігі сытылып түсіп кетіп, жарты күн жүрген шығармыз, әлгі етікті іздеп. Ал көп жыл өткен соң Польшада десант-шабуыл бригадасында жүргенімде жігіттеріміздің бірі жүріп бара жатқан мотоциклдің люлькасына қонғаны бар. Парашютші аспаннан люлькасына топ ете түскенде, мотоцикл жүргізуші поляктың зәресі қалай ұшты екен?..

Кейіннен АН-12 самолетінен секірістер болды, түнгі секірістер, суға да секірулер өтіп жатты, бірақ мен түнгі дайындықтардың бірінде салқын тиіп ауырып госпитальға түстім де, бұл секірістерге қатыса алмадым, ал сосын суға секіргенді қайталамай қойды.

Күзде әскери қызмет мерзімін өтеген жігіттер үйлеріне қайтты. Көбінесе, 1980 жылдың москвалық олимпиаданың құрылыстардан келген ұйғырлар болатын. Орышалары аса жетік болмаса да, бәрі де керемет деген жауынгерге айналып кетті. Есімде, бір күні офицерлердің біреуі екі ұйғыр-аспазшының әңгімесін естіп қойып, бізге айтып жүргені. Сонымен, екі солдат бір-бірімен сөйлесіп отырып:

– Түскі тамаққа не пісіреміз? – дейді.

Екіншісі оған орысшылап:

– Начпрод сказал, уху варить будем, – дейді.

Біріншісі тағы:

– А что это такое? – десе:

– Не знаю, наверно пшенка, – деп жауап қайтарыпты.

Жаңадан толықтырылған сарбаздарымыз көбінесе қазақ, қырғыз, аздаған өзбек және орыстардан болды. Төрт жыл бойы азиаттықтардың ортасында жүріп, кейін Ауғанстаннан Украинаға қызметке ауысқанымда, бірыңғай қаракөздерге үйреніп кеткенім соншама, бүкіл славян солдаттары маған, қытай сияқты бөрінің жүзі бірдей болып көрініп, бірталай уақыт солдаттарымды ажырата алмай жүрмесім бар емес пе?

Жасақталудың басынан бастап 1-ші, 6-шы роталар және жекешеленген взводтар жасақтың штабының қасында орналасқан шатыр қалашықта тұрып жатты, негізінде бұл жер бұрын бір кішігірім әскери бөлімнің техникасы тұрған, жанжағы бетон плиталармен қоршалған парктің орны болатын. Сексенінші жылдың қаңтарынан қыс бойы және сексеннің сексен бірге қарағын қысында «буржуйка» пештерімен жылытып, осы шатырларда тұрып шықты. Екінші және үшінші роталар бригаданың территориясында, әуе-десант қалашығының қасындағы ескі казармаларда жайғасты да, төртінші, бесінші роталар бригаданың сыртындағы парктерге қарсы тұрған, медсанбаттың ар жағындағы екі казармада тұрды. Қазір Қапшағай гарнизонында ол қатарды екінші қатар дейтін көрінеді. Бұл казармалардың әбден тозығы жетіп, бригада службаларының қоймалары ретінде қолданып жатқан болатын, бірақ брезент шатыр ішінде тұрғаннан да, ескі де болса пеші бар үйде тұрған дұрыс қой. Ашық-тесігін тығындап, сылап-сипап дегендей, старшиналар да ептеген қозғалыс жасады.

Төртінші ротаның командирі **Әжібаев** деген аға лейтенант, реті келсін, келмесін, қайдағы жоқты шығарып жүретін. Қапшағай-Алматы тас жолының дәл ортасындағы бір шалшықта темірбетоннан жасаған екі тырнаның бейнелері тұратын, солардың біреуін ұрлап алып, қалай артқанын құдай білсін, ГАЗ-66 автомашинасымен әкеліп, ротасының алдына орнатып қойышты. Елестетіп көріңізші, қырық жамау, албажұлба, жартылай жерге кірген ескі казарма алдында дәу тырна. Тағы бірде, казармасының сыртына бір жерден тауып әкелген темір контейнер қойып, оны гауптвахтаға айналдырады. Күннің шыжыған ыстығында темір контейнердің іші қандай қызатыны белгілі емес пе, әйтеуір, басшыларымыз біліп қалып, бұл бүлікшілігін уақытында тоқтатқан, біреу-міреу өліп кетпей тұрғанда. Бұл жігіт ақыры жасақтан кетіріліп тынды.

Ауғанға дәл кетеріміздің алдында командир бөлімнің маңайын ағаш егіп көркемдемекші болды. Сенбілік жасап, бір жерден көптеген жас теректерді алып келіп, бір қатарын бөлімді қоршаған дуалдың жол жақ бойымен және КПП-дан



жолға дейін қиғаштап екі-үш қатарын, ара-арасын бес метрден өлшеп, егіп тастадық. Сол теректер әлі де бар, үп-үлкен болып жайқалып тұр. Егер десант бригадасының бұрышына барып, парк жаққа баратын жолды бойлап қарап тұрсаң, сол жағындағы бірінші орам біздің жасақтың орны болады. Бізге қарама-қарсы, бригаданың территориясымен көршілес, барак тектес ғимаратта УНР деп аталатын құрылыс әскери бөлімнің штабы тұратын. Сол бөлім, біз кетер жылы, бригаданың жаңа казармасы мен штабының іргетасын құрастыра бастап еді.

## **2. Ертең егер соғыс болса, жорыққа ертең аттансақ...**

Бір жарым жыл служба зымырап өте шықты. Бұл уақыттың ішінде бойдақ офицерлер, түгелімен десек те болады, үйленіп шықты. Басында барлық бойдақтар үш бөлмелі екі пәтерде тұратынбыз, жазға қарай бөрімізге жаңа салып бітірген үшінші микрорайондағы отыз сегізінші үйден бас-басымызға жеке пәтер берді. Бір бөлмелі жаңа пәтерді біз де әйеліміз екеуіміз алдық. Ақпанның орта кезінде елмен қатар мен де үйленіп алғанмын. Естеріңізде болса, Георгиевкадағы полктан алғаш демалысқа шыққанымда үй іші Қарағандыға келіп қалыңдығыма құда түсіп кеткені жайлы жоғарыда өңгімелеп кеткенмін. Сол жолы Ауғанға кетпей оралып келген соң ақпанның ортасына деп тойды ұйғарып қойған, ал енді уақыты келгенде бастықтарым жіберсеңші мені. Бригада командирі подполковник Груздев, қайда барасың, бөлім жасақталып жатыр, қоластыңдағылардың басын біріктіру керек дегендерді дәлел ғып келтіріп мүлдем көнбей қойды. Содан саяси бөлімнің бастығына көмек сұрап бардым. Ол кісі, әйтеуір, олай қиналып, былай қиналып, ақырында:

– Жантасов, мен сені бір жеті іздемеймін, ал ұсталып қалсаң, өз обалың өзіңе, – деді. Сөйтіп, ұрланып барып үйленіп қайттым. Енді, міне, пәтер де алып үлгердік. Барлық лейтенанттар, ішінде мен де бармын, аға лейтенант болдық. Бұрынғыдай сары уыз жас лейтенант емес, енді қолақпандай аға лейтенантпыз! Қызмет өздігімен жүріп жатты. Әскери дайындық

сабақтары кезекке түсіп, наряд атқарумен сабақтасып жатыр. Наряд дегеніміз – кезекпен тәулік бойы қарауыл бастығы, жасақ бойынша кезекші, не болмаса патруль бастығы болып қызмет еткеніміз. Кешкілікте, қол босаса «Іле» ресторанына барамыз, әлсін-әлсін жергілікті жігіттермен төбелесіп те қоямыз. Төбелес болғанда бірлі-екілі емес, кәдігүнгідей топқа топ болып жұдырықтасқан шайқас. Шамалары жетпесін біліп, ақыры қойды-ау, әйтеуір.

Бірінші күзде Сарыөзектің түбіндегі бір совхозға барып картоп жинадық. Келесі күздің басында Қаскелеңнің түбінде помидор жинауға көмектесіп, одан соң бір кәрістің сәбізін жинадық. Артынан саяси бөлім бастығы подполковник Зайцев: «Істеген еңбектерің үшін сендердің барлық бөлімшелеріңе жаңа телевизор алып бердім», – деп мақтанып жүретін. Жаңадан құрылып жатқан бөлімге онсыз да мұның бәрін беруге тиіс болатын.

Сексен бірдің қыркүйегінің аяғына қарай күзгі тексерісті мәскеулік комиссияға тапсырамыз деп хабарлады және әскери дайындықтан тыс ...қытай тілін тексереді делінді. Әскерде күзде бір, көктемде тағы бір рет жарты жыл бойы өткізген әскери дайындықтың нәтижесін тексеріп отырады. Көп кешікпей округтің барлау басқармасынан қытай тілінен нұсқаушы келді де, бізді үйрете бастады. Тақырып – тұтқыннан жауап алу. Қытай сөздерін орыс әріптерімен жазып алып жатқа оқыдық. Бірақ бұл ұзаққа созылмай, екі апта өтпей қытай тілін үйретуді тоқтатты. Бұдан кейін жас лейтенант та түсінер еді – біз үшін мүмкін болар соғыс аймағы өзгергенін. Қазан айының жиырма үші ме, әлде жиырма төрті ме, есте қалмапты, офицерлерді жинап алып Отар полигонында өтетін оқу-жаттығуға жасақ болып түгел қатысамыз деп жариялады. Эшелонға арту ертең, бүкіл техника, қару-жарақ, оның үстіне оқ-дәрі түгелімен артылады. Дабыл кезінде алып шығатын чемодан мен қоса парад болғанда киетін форманы да ала шығындар деді, онысын оқу-жаттығу аяқталған соң сапқа тұрғызып басшылық байқау жасайды деп түсіндірді. Кейін білдік, парадтық форма өлсек, табытқа киіндіріп салуға керек екенін. Бірақ артынан командирден естігеніміз бар, бізді сөнді

киім киіндіріп Түркістан округінің құзырына берерде байқау өткіземіз деген әрекет болғанын, алайда Ауғаннан вертолетпен ұшып келген 40-шы армияның қолбасшысының орынбасары генерал Винокуров бұл байқауды өткізуге тыйым салған.

Эшелонға дүние-мүлкімізді артып болған соң офицер-прапорщиктерді «танертең ерте бөлімге қайтып келіңдер» деп үйге жіберді. Осы кезеңде біз Ауғанстанға жібереді-ау деп ой бекіте бастағанбыз, көңіл сенгісі келмесе де, пойыз Отар стансасынан өткен соң бұл оймен қоштасуға тура келді.

Енді, міне, состав енгігіп келген жануардай ауыр демін алып, баяу сүйретіліп келіп, Шымкент қаласына таяу тұрған Түлкібас стансасына келіп тоқтады. Тұрақтау уақыты белгісіз болғандықтан вагон есіктерін ашып қана қойып, жерге түспей, сәл төмендегі станса-селоға қарап тұрмыз. Бір уақытта көрші вагоннан маған **Бекен Таскенбаев** деген солдатым жүгіріп келіп:

– Жолдас аға лейтенант, үйім жақын жерде еді, барып анаммен қоштасып келейінші, – деді.

Әскери эшелон, жүрер уақыты белгісіз, қалып қойса не болады деген ой келіп алғашында сасыңқырап қалсам да, бірақ ойлана келіп, соғысқа бара жатыр ғой, қоштасса қоштассын деп рұқсат бердім. Ондай-мұндай жағдай болып қалса, өкініші өмір бойы кетпейді ғой, қалып қойса, бірдеңе етіп жауабын берермін деп ойладым. Бекенім жүгіріп кете барды. Өйтеуір, құдай қолдап пойыз жылжымай тұрып қайтып келді. Өз құрбыларының ортасында Бекен әжептәуір беделі бар, айтқанын жұрт тыңдайтын, сорайған бойымен болсын, сәл үлкендеу жасымен болсын, ерекшелеу болып көзге түсіп тұратын. Есімде, сексенінші жылдың жазының басында Шошқалы сайдың артында орналасқан лагерьден машинамен келіп қайтқалы тұр едім, КПП-ның алдында кезекші офицер ме, өлде басқа біреуі ме, «мынау сендердің солдаттарың, ала кет» деді. Қарасам, бойы сырғауылдай, өзі ап-арық, үстіндегі куртканың жеңі шынтағынан сәл ғана төмен келіп тұрған солдат екен. Содан бізде пулеметші болып службасын әрі қарай жалғастыра берді. Алматы институттарының бірінен төртінші курста оқып жүргенде төбелес үшін шығып қалып, әскер-

ге алынған. Отардағы оқыту дивизиясының бөлімдерінің бірінде бес ай дайындықтан өтіп, бізге келіп түскен. Артынан тамаша солдат болып, кейін жоғарылап аға сержант атағына дейін жетті. Орайы келіп тұрғанда айта кетейін, әскерден аман-есен елге оралған соң, оқуын аяқтап милицияға кіріп, бірталай лауазымды қызметтерде жасап, соңында Қарағанды облысының қаржы полициясы департаментінде басқарма бастығы болып, полиция полковнигі шенінде зейнетке шықты.

Әшелоннан Өзбекстанның оңтүстігінде жайғасқан Керкі стансасында түсірілдік. Техниканы, дүние-мүлкімізді түсіріп болған соң, жергілікті әскери басшылардың бірі өзіміз ала келген арақ-шарабымызды тәркілемек болды. Арақты шынында да ақшамыз жеткенінше артынып алып едік, мұсылман еліне бара жатырмыз, онда бұл пәле бола ма, жоқ па, белгісіз ғой. Содан, манағы тәркілеушілер бесінші ротаның жүгінің қасына келгенде аға лейтенант **Владимир Березин** қол пулеметті кезенеді де: – Жақындасаң, атып тастаймын! – деп айғайға салады ғой. Содан кейін арағымызға соқтығуын қойды-ау, әйтеуір. Әрине, арақ үшін пулемет кезеп шеп құрғаны дұрыс емес, ал бірақ азды-кемді түсінушілік деген де болу керек еді ғой жаңағыларда, соғысқа кетіп бара жаттық қой.

Сол күні пароммен Амударьянының арғы жағасына өтіп, аса көп ұзамай қалың қамыс арасында, бұл жер шекарашылардың полигоны екен, оқ пен снарядтарымызды соғыс машиналарына жайғастырып, автомат, пулемет оққораптарын оқпен толықтырдық. Паромға мінер алдында КГБ-ның жігіттері «бөлімшелерінде өздерің сенбейтін кім бар?» деп командирлер мен саяси жетекшілерден сұрастырып алған. Ротамызда мінезі құйтырқылау келген бір қу жігіт болушы еді, соны айтып едім, қолма-қол жетектеп алды да кетті. Амударья, мені керемет ағынымен және суының сап-сары, сүт қосқан қою шайдай түсімен таңғалдырды. Өзен дегенің, менің түсінігім бойынша, суы таза да мөлдір, ішуге жарайтын болуға тиіс еді, ал мынауың ағып жатқан лай болып шықты. Оқып жүргенде көргендерім Обь, Амур өзендері, және елдегі Есіл, Қылшақты сияқты кішкентай өзендер, бәрі де мөлдір болатын. Кейіннен

Сырдарияның да суын көрдім, ол да осындай ағысы аяқтан жығатын, сары су екен.

Келесі күні, қазанның жиырма тоғызы, ертемен шекараға сәл жетпей, соқпақ жолдың үстінде техниканы колоннаға қойып күнімен тұрдық. Оқ-дәрі жайғастырылған, керек деген барлық нұсқаулар берілген, тіпті машиналардың арасында әрі-бері жүгіруге солдаттар да шалдықты. Күні бойы бір-бірінен не темекі сұрап, не тушенканы қашаға айырбастап дамыл таппай жыбырлап жүріп еді.

Күн арқан бойы көтерілген кез болатын. Екі-үш офицер топтасып машинаны көлеңкелеп отырғанбыз, ротаның қасына арықша келген бойы сұңғақ, жағасындағы петлицада медицина белгісі бар аға лейтенант келіп, амандасып тоқтады. Үстіне кигені ұзын шинель, ұзын болғанда тіпті салақтап асығынан келеді. Басында қызғылт қаптамасы бар фуражка. Мұздай болып қару-жарақ асынған, сауыт-сайман тартынған, соғыс киімін киген біздің арамызда біртүрлі оғаш, тым бейбіт болып көрінді. Амандасып таныса келе, бұл жігіт біздің дәрігер-хирург, аты Асылхан Утеев екенін білдік. Хирург болғанда жай ғана хирург емес, хирургтің кереметі екенін кейіннен түсіндік, адамгершілігі де ешкімнен кем емес екен. Сол кездескеннен Ауғаннан қайтқанымызша біздің ротаның офицерлеріне үйір болып, қасымыздан қусаң да кетпейтіндей болды.

Әскерде жүргенде солдаттарды тәрбиелеу үстінде «жауынгерлік бауырластық» дегенді жиі айтушы едік. Қазір ойлансам, бұл жайдан-жай айтыла салған ұғым емес, бұл қантөгіс үстінде ғана туындайтын шын сезім. Соғыста жүріп біз бір ротаның офицерлері бір-бірімізді, орыс-қазақ-ұйғыр демей, шынында да бір үйдің баласындай сезінуші едік. Ал солдаттарымыз бізге, расымен де, ағайын інілеріміздей болып көрінетін. Сол сезім, міне, отыз жылдан асып кетсе де, күні бүгінге дейін көңілімізде. Асылхан да сондай біздің бір туғанымыздай болып кетті. Майдандас, бауырындай жақын болып кетер жауынгерлік досты тағдыр соғыстың тауқыметімен ғана бірге береді, бірақ сенсеңіздер, сол қиындықтарды кешкеніңе тұратындай сезім...

### 3. Шекараның ар жағы қабағы қатаң ел екен

Қараңғы түсісімен:

– Машиналарыңа мініңдер! – деген бұйрық берілді. Күтпеген жерден естігендей, бәрі дабдырлап, асығып-үсігіп орындарына отыра бастады. Люктердің қақпақтарын нұсқауларға сай жауып бұрап тастап, шлемофонды киіп алып, рацияны қосқанымыз сол еді:

– Моторды тұтатыңдар! – деген бұйрықпен колонна бірден гүрілдеп кетті. Бүркемесін жамылған фаралар төменнен төселген сығырайған жарығын шашты. Біздің екінші рота алдыңғы жорық сақшылығы (*головная походная застава – авт.*) болғандықтан колоннаның басында тұрған. Міне, жасақ командирінің бұйрығымен Қалибек Ахметовтің бірінші взводы орнынан қозғалды, бұл – торуылшы барлау тобы (*боевой разведовательный дозор – авт.*). Соғыс жарғысы қозғалыс тәртібін осылай талап етеді. Бес-алты минут өткен соң маған да: «Орныңнан қозғал!» – деген команда берілді. Мен екінші взводтың нөмірі «жиырма алтыншы» машинасында, қалған колоннаның ең алдында тұрғанмын. Ішімнен «бісмилля» деп күбірлеп, ларингофонды алқымыма қысыңқырап: – Алға! – дедім. Бірінші взводтың артынан әлі де басылмаған шаң алдымызды шымылдықтай тұтып тұр, бар болғаны төрт-бес метр жолдың үзiгi ғана көрінеді. Сырғауылдан жасаған шөпқораның қақпасындай қақпадан өте сала, жол екіге айырылды. Жүргізуші: – Қалай қарай? – деді. Мен сол жағымыздағы жол көбірек иленген болып көрінгеннен: – Солға, – дедім. Үш шақырымдай жүріп өттік, бірақ сол жағымыздағы тікенек сым ілінген столбалар бітетін түрі жоқ және жүріп келе жатқан жолымыз да бір түрлі теп-тегіс, алдымызда қолақпандай бір взвод өтсе де із көрінбейді. – Әй, мынаның бірдеңесі келіспейді, – деп ойладымыз. Содан тоқтап, басымды ақырындап люктан шығарып, қайда тұрғанымызды анықтайын деп жан-жағымды шола бастадым. Сол кезде қасымызға жасақ командирі жетіп келді өзінің БМП-сымен. Ол да мендей люктан жоғарыға кеудесінен көтеріліп:

– Не болды, Аман Иваныч, неге тоқтадың? – деді. Сол кездері неге екенін білмеймін, біздің қаракөздер екенімізді ерекшелее үшін бе, командир бөрімізді Иваныч дейтін.

– Мына тікенек сымдар бітпей қойды, соны түсінбей тұрмын, – дедім.

– Ерунда, бұл түк емес, – деп жауап берді де: – көп ұзамай бітеді, жүре бер, – деп қолын сілтеді.

Командир айтты – бітті, мен тағы да үш шақырымдай алға қарай жылжыдым. Содан әйтеуір «Тоқта!» – деген бұйрық берілді де, штаб бастығы Ахметовтан рация арқылы қайда жүргенін сұрай бастады. Қалибек тұрған орнын белгілеу үшін жарық беру ракетасын атты. Ракетасы оң жағымыздан және көп артта көрінді. Колоннаның басын бұрып бағытымызды өзгертіп, жолсыз даламен тарттық. Шекараны өтісімен қате бұрылып, шекарашылардың із кесу үшін тегістеп қойған жер телімімен (*контрольно-следовая полоса – авт.*) жүріп кеткен екенмін. Өз обалдары өзіне, қараңғылықты, қалың шаңды ескеріп қақпадан өтісімен жол сілтеуші қоймайды ма? Торуылшыларымызға жеткеніміз ше, техниканы орналастырып сақшыларды қойғанымызша таң да қылаң бере бастады. Машиналардан түспей бір сағатқа жетер-жетпестей қалғып кетіп едік:

– Сол жағымыздан жау келіп қалды! – деген оқыс дауыстар оятып жіберді. Дерееу оянып, қаруымызға жармастық. Көп кешікпей: «Тынышталыңдар!» – деген команда берілді. Бұл дабылдың себебі төрт-бес түйеге мініп, біздің қасымыздан өтіп бара жатқан бейбіт ауғандықтар болып шықты. Кім білсін, мүмкін бейбіт те емес шығар, әйтеуір қарулары көзге көрінбеді.

Беті-қолымызды белқұтыдағы (*фляжкадағы – авт.*) сумен шая салып, аз-мұз тамақтанып, жүрісімізді әрі қарай жалғастырдық.

Аялдаған жерімізден колонна сол бұрынғы жорық ретімен жыжи берді, тек енді біздің алдымызда Құндыз қаласында жайғасқан советтік мотоатқыштар дивизиясының бір батальонының бөлімдері түсіп, соңымызды да солардың бір

ротасы қалқандады. Біздің рота командирдің бұйрығымен, сол артқы қалқанның (*арьергард* – *авт.*) алдына түсті.

Міне, ауғандық Андхой деген бірінші елді мекенге де кіріп келе жатырмыз. Қала дейін десең, қалаға ұқсамайды, ауыл дейін десең, тым үлкен. Саманнан соғып біріне-бірі жабысып-үйісіп жатқан үйлер, сол саманнан соққан биік дуалдар. Тұрғындары бізді көріп қашқан жоқ, қайта сол жерде тұратын ел түгелімін бізді көруге шыққандай, көше бойы тізіліп қарап тұр. Бірақ әйелдер көрінбейді, бірыңғай еркектер мен балалар. Қабақтары түскен, өңдері суық, әрине, туған жеріңе баса-көктеп бөтен елдің армиясы кіргеннің несі жақсы дейсің? Бұтына кигендері кең балақ шалбар, біздің жақта мұндай киімді, дәлірек айтсам, шалбар емес дамбал дейді. Денелерінде ұзынша келген, етегін шалбарланбай сыртқа шығарып жіберген ақ көйлек, оның үстінен не желетке, не болмаса пиджак. Жастары жалаңбас, үлкендерінің кейбіреулері бастарына сәлде орған.

Қалаға дәл кіре берісте шопырлардың біреуі аңқауланып қалды ма, әлдебір нәрсе кедергі болды ма, көп машинаның бірі ГАЗ-66 шұғыл бұрылыста үлкен тасқа соғылып, алдыңғы мостысы жұлынып, аударылып қалды. Қирап тастап кеткен су жаңа машинаның қасынан өтіп бара жатып соғысқа кіргенімді дәл сол кезде түсінген шығармын деп ойлаймын осы күндері. Өзгеше құндылықтары, өзіне ғана төн өз заңдары бар соғыстың. Қарасаң – бұл машина ғой, қаншама ақша тұрады! Бейбіт уақытта шопырды сотқа берер еді, ал мұнда есептен шығарылды да әрі жүре бердік. Себебі уақыт пен адамның өмірінің құны қайдан әрі жоғары. Әрине, бұның бәрін біз кейін түсіндік, бірақ сол кезде бейбіт өмірден келген біз үшін бұл миға сыймайтын жағдай еді. Жолдан итеріп тастадық та, әрі қарай жүре бердік...

Басында жол далаңқы жазық жермен жүрді, соңынан жүре келе аласа, ешбір өсімдігі жоқ, домалақ бүйір тауларға ауысқан қыраттар пайда бола бастады. Шөбі солып, сарғайып кеткен таулар алып түйелердің бүйірлерінен аумайды. Анда-санда, жапырағы ұшып кеткен, аласа бойлы, ұсқынсыз бұталар көрінеді. Күн жылы болғанымен, ыстығы қайтқан.



Үш жүзден астам машинадан құрастырылған, ішінде оған қоса көптеген тіркелген прицептері бар, зәулім колонна рота-ротаның арасын аса алшақ ұстамай, көкшіл түтіні мен қою сарғылт шаңын аспанға дейін жеткізіп, бірнеше шақырымға созылған адам көрмеген аждаһадай ирелендеп келе жатыр. Жасақтың өз техникасынан басқа көмекке берілген оқ-дәрі, азық-түлік артқан жүк машиналары және жанар-жағармай құйған автоцистерналар. Люктердің бәрін тағы да жауып алғанбыз. Түсіндіре кетейін, люк деп танк, БМП, БТР сияқты соғыс техникасының ішіне, есік орнына қолданып төбеден түсетін, құрыш қақпағы бар тесікті айтады. Автоматтарымыздың стволдарын «бойница» дейтін арнайы саңлауға бекітіп сырқа шығарып қойып, соғыс тәсілімен, атысқа даяр отырмыз. Орысша мұны «по боевому» дейді. Оператор-көздеушілер ғана башняларын оңды-солды бұрып, көздеу құралдарымен маңайды үзбей шолуда. Бірнеше елді мекеннен өттік. Біздің ауыл дегенімізді өздерінше «қышлақ» дейді. Бірде-бір адам көрінбейді, жым-жырт. Бұл бағытта Совет армиясы әлі ұрыс жүргізбеген, сондықтан атқылаған, бомбылағанның ізі көрінбейді, қора-қопсысы сау, қирамаған. Жол негізінен таудың етегіне қарай ылдилағанмен елді мекендерден сәл жоғары болғандықтан қалқалап қойған сөрелердің үстінде кептіруге жайып тастаған жеміс-жидек, аулаларында кәкір-шүкір дүниесі көрінеді, ал жан жоқ. Адамдардың көрінбеуі жаман нышан екенін кейін түсіндік, бұл жергілікті тұрғындардың «шуравилер» келе жатыр, шайқас болуы ықтимал деп құлақтандырылып, тауға қашып кеткендерінің белгісі екен. «Шурави» парсы тілінде «советтік» дегені.

Оңтүстіктің дағдысымен қараңғылық тез түсті. Жаңа ғана күннің көзі әлі жоғары тұрған сияқты еді, лезде таулардың артына тығылып, маңайды қараңғылық басты. Өз машинаңның алдындағы жарықтың қысқа ғана ақ жолағы және алдыңғы машинаның сығырайып келе жатқан артқы қызғылт шамдарынан басқа ештеңе көрінбейді. Төмендегі қышлақтар жайғасқан сол жағыма триплекс арқылы қаншама қарасам да түк көрінбейді, су қараңғы. Кеш түскенінен екі сағаттай уа-

қыт өтсе де, мотордың әлдилеген бірсарынды үніне қарамай ұйқы келер түрі жоқ, қанша айтқанмен біз үшін соғыстың бірінші түні ғой. Рация арқылы берілген алғашқы командалар күтпеген жерден:

– Жау сол жағымызда! Жүрісті шапшаңдатыңдар! Пушкалармен атыңдар! – деген командалар жаңылтпаш сияқты былдырлап тез-тез айтыла бастады. Сосын ғана алтын жіппен созғандай жанып атылатын (*трассирующие – авт.*) оқтардың іздері көріне бастады. Қарама-қарсы атысқа біз де кірістік.

Сол алғашқы шайқаста өз басым бірде-бір оқ шығарған жоқпын. Машинамның ішінде командирге тағайындалған орнымда отырмын, ал ол жер атысқа арналмаған. Люктің қақпасына бекітіліп тастаған командирлік құралмен үш жүз алпыс градусқа шыр айналып маңайыңды бақылап, болып жатқан атысқа коррективровка жасай аласың. Атысқа қатысу үшін люкті ашып, беліңе дейін жоғары көтерілуің керек, ал бұйрық қатаң түрде люк жабық болсын деп берілген. Шынын айтсам, сол люктен басымды көтергім де келіп жатқан жоқ. Есесіне машинаның сол жағында отырғандар мен оператор-көздеушіміз құрышы қанғанша атты. Оператор-көздеуші (*наводчик-оператор – авт.*) деп БМП-ның башнясындағы зеңбіректің атушысын айтады. Зеңбірекпен қосақтап бекітіп қойған 7.62 мм пулеметі тағы бар. Көздеушіміз сасқалақтағаннан білем, зеңбіректен бір-екі рет қана атты да, көбінесе пулеметпен бергіштеді. Ал менің атыстарын жобалап, бірді-екілі команда беруге тырысқандарыма ешкім де құлақ асқан жоқ. Әркім өз білгенімен әуре болып, қайда атқысы келсе сонда атып жатты. Міне, осылай, есіміз шығып, көзіміз алақандай болып, жағдай жеткенше шапшаңдықпен алғашқы шайқасымыздың орнынан өте шықтық. Бірақ бұғып, мелшиіп отырып қалған жоқпыз. Жауды мерт қылдық па, жоқ па, онысын білмеймін, әйтеуір атысып өттік. Тек таң ата келе, колоннаны жинақтаймыз деп тоқтаған кезде негізгі соққы бізді қорғаштап келе жатқан батальонға тигенін және олармен қоса елдің соңында, арьергардта келе жатқан біздің ротаны да төмпештеп алғанын білдік. Бізді алдымыздағылардан қиып алып құртпақшы болды білем. Колонна тал мен бұта

жасыл желекпен жапқан елді мекенге тұла бойымен кірісімен дұшмандар гранатометпен әлде жол үстінде мина жарып, артындағыларды осылайша бөгемек болып алда келе жатқан бронетранспортерді (БТР – авт.) қиратып тастайды. Артынан келе жатқан машинаның командирі тездетіп өлгендер мен жаралыларды жинақтап, жанып жатқан БТР-ды жарқабақтан итеріп тастап, өрі қарай жылжи береді. Жүзім, өрік, жаңғақ ағаштары ну орман болып кеткен жасыл желекті жерлерді кейіннен біз «зеленка» не болмаса «зеленая зона» деп атап кеткенбіз, міне, сол «зеленканың» ішіндегі тас қараңғы түн болатын.

Көп жыл өткен соң Қарағанды қаласында сол батальон жауынгерлерінің бірі, о кезде қатардағы жауынгер, қазір полиция полковнигі **Пряхин Вячеслав Алексеевичті** кездестірдім. Енді сол шайқас туралы осы жігіттің естелігін келтірейін:

*Біздің 122-ші мотоатқыштар полкінің үшінші батальоны Шыбарған мен Мазари-Шариф қалаларының арасында, Наубабад деген қышлақтың маңында тұратын. Мақсатымыз – Хайратоннан мемлекеттің ішіне қарай өтіп жатқан колонналарды қорғап, керекті жеріне дейін жеткізу, ал ондайдан бос уақытымызда жол бойы сақшы қосындарын құрып, өткен-кеткен колонналарға қорған болу. Колонналарды алып жүру үшін әншейінде біз күшейтілген құрамда шығатынбыз. Бізге танкистер мен саперлерді, кей уақытта артиллеристерді де қосатын. Сол күні де біз күшейтілген құрам бойында шықтық.*

*Жалпы, тобымызды басқарушы полктің артиллерия бастығы, фамилиясы есімде қалмапты. Батальон командирі подполковник Аксенов ол да бізбен, бірақ ол тек батальонды ғана басқарады. Андхой қаласынан аса Одақтан келе жатқан колоннаны жетекке алдық. Колоннаны қарсы алысымен бізді екіге бөлді, жартымыз колоннаның басына шықты да, екінші жартысы соңына түсті. Мен сол екінші жартысындамын. О кезде мен жәй қатардағы жауынгер, миномет расчегінде шопырмын. Күн еңкейе келе жолдың бойында бір жақ жанына аударылып жатқан біздің батареяның ГАЗ-66 маши-*

насын көрдім. Қасында қолдарына автоматтарын ұстап сол расчёттің солдаттары тұр. Олар минаға жарылып, машинаның артқы мостысын жұлып кетіп, жұктерін артып алып кететін көмек күтіп тұрған көрінеді. Тоқтауға мұрша жоқ, одан әрі жүріп барамын, қорқыныш үйіріле бастады. Автоматты оң қолыма алып стволын терезеден шығарып қойып, сол қолыммен рульді ұстап келе жатырмын. Қараңғы түскен соң, біраз уақыттан кейін алдымызда атыс басталып, жарылыстардың жарығы көрінді. Өзім Ауганға осыдан үш ай ғана бұрын келген болатынмын, бірнеше рет осылай колонналармен жүргем, бірақ бізге шабуыл жасағаны алғаш. Ішімнен «Ал, Пряхин, келер жеріңе жеттің» дедім. Бірақ сәтті түсіп өтіп кеттік. Басқа жігіттерге бұл сапар мұндай сәтті бола қоймады. Сосын білгенім, ең алдында келе жатқан БТР минаға жарылған соң, біздікілерді барлық жақтан атқылай бастайды. Артиллерия бастығы келе жатқан БРДМ-ні тоқтатып, жерге түседі де қасына төрт солдат ертіп, неге екені белгісіз, алға қарай жаяу жылжиды. Олар сержант **Саша Орлов**, қатардағы жауынгер **Мамед пе**, әлде **Мамедов па**, ұмытып қалдым және тағы да біреуі бар. Көп кешікпей өздерін жау көздеп ата бастаған соң, бұлар жер жастанып паналайды. Бұл уақытта БРДМ-нің жүргізушісі машинаны жылжытып бұлардың алдына тасалап қойып ішіне қайта мінгізіп алады. Дәл сол кезде жолға қолына гранатомет ұстаған дұшман жүгіріп шығып, тақау жерден атып жібереді. Снаряд Орловтың басын жұлып кетіп, жарықшақтарымен Мамедовты аяғынан, офицерді де бір жерінен жарақаттайды. Машина аударылып жана бастайды. Тірі қалғандары оғып-бұғып жаралысы мен өлігін сүйретіп, еңбектеп шығып жан сақтайды. Сол шайқаста тағы да танитындарымның ішінен қатардағы жауынгер **Буданов** қайтыс болды. Ол ГАЗ-66-ның кузовында отырғанда рикошетпен тайқып тиген оқ жалпағынан келіп кеудесіне кірген. Біз оны жарықшақ тиді деп санағанбыз, ол кезде бронезилет бізге әлі бермейтін. Біздің жігіттерден сол күні жалпы саны алты солдат қаза тапты. Біз Қапшағайдан келген арнайы жасақты жетектеп, қорғап келгенімізді Мейменеге келген соң ғана білдім. Араға

*бір күн салып кері қайттық. Одан кейін мен көптеген осындай колонналарды алып жүруге қатыстым, талай шайқастарда болдым, бірақ сол жолғы шыққаным ерекше есімде қалды, себебі бұл алғашқы шайқасым еді, орысша айтқанда, «боевое крещение».*

1981 жылдың қазан айының 31-інің таңында ең соңғы, аласа келген асудан асып өтіп, Ауғанстанның солтүстік-шығысындағы Фарьяб провинциясының орталығы Меймене қаласына кірдік те, қаланың сыртындағы аэродромның ұшып-қону жолағының бойын бойлап тоқтадық. Бұл Совет Одағының Генштабы Бас барлау басқармасының бұйрығымен кесіліп қойылған, біздің бұдан былай тұрақтайтын жеріміз еді.

Ұшып-қону жолағы қалаға кесе-көлденең жайғасқан. Ең басында аэродромның бараққа ұқсас әкімшілік ғимараты. Одан үш жүз метрдей жерде бір жақ басына тас байлап қойған сырғауылдан жасаған шлагбаум. Бұл – біздің қалашығымыздың Меймене жағынан бөлінетін шекарасы. Егер қала жаққа бет түзеп тұрсаң, біздің лагерь сол қолыңда. Ұшып-қону жолағының арғы бетінде біздің, яғни советтік, МИ-8 вертолеттерінің эскадрильясы жайғасқан, қала жақ шетінде 201-ші мотоатқыштар дивизиясынан бөлінген күзет батальоны тұр. Бұл дивизияның штабы Құндыз қаласында тұратын. Бізбен бірге еріп келген батальон емес, бізден әлдеқашан бұрын келген. Олардың міндеті – аэродромды күзету, әрине, эскадрильямен қоса, жорыққа шығып кеткен жағдайларда біздің де лагерьді күзету. Аэродром деп отырғаным – топырағы тапталып, жәй ұзынша келе тегістелген жер, қар мен жауынның жоқтығынан тақтайдай болып қатып қалған. Аэродромның қарама-қарсы жағында вертолет эскадрильясымен бір линияда Совет Одағының шекара әскерлерінің подполковник **Нестеренко** басқарған мотоманеврлік тобы тұрды. Егер Совет контингентінің басқа өкілдерімен араласып тұрсақ, көршілес болған бірнеше айдың ішінде шекарашылардың солдаты болсын, офицері болсын, бірде-бір адамының жүзін көре алмадым. Мұндай топтар, ал Ауғанстанның солтүстігінде олардың бірнешеуі болатын, егер көтерілісшілер Одақ шекарасына тым жақын қашықтықта

пайда болса, соларды құрту мақсатымен кіргізілген. Әскери тілмен айтқанда, жауды бойға жақындатпай, алыстан шалу әдісі. Көтерілісшілерді біз о кезде жергілікті халық айтпақшы, «дұшман» дейтінбіз, қазақ тіліне аударсаң, «дұшпан» болып шыға келеді. Кейіннен, біз кеткен соң, «моджахед» деген, яғни «джихадтың жауынгері» деген атау пайда болды.

Жоғарыда айтқандарымнан басқа қалада Царандой бөлімдері (біздіңше, оперативтік-милиция бөлімдері) командирлерінің, ХАД-тың (ауғандық аббревиатура, біз ше КГБ-ның аудармасы) басшыларының советшілері, советшілер лауазымын бүркеніп жүрген барлаушылар болатын. Сол жылдары Ауғанстанда ИМ мен МҚК-нің (КГБ-авт.) «Зенит», «Каскад», «Кобальт» деген топтары болған. Сол топтар Мейменеде болды ма, жоқ па, онысын біле қоймаймын, себебі әскери спецназға бұлардың шатағы жоқ, әрине, командирімізден басқасына. Ұмытып бара жатыр екенмін, Советшілер тағы да провинцияның губернаторы – халық демократиялық партиясы ұйымының бірінші хатшысында болатын. Жалпы айтсақ, бұл советшілердің қызметі адам қызығардай емес еді. Біздің қызметімізден, армия офицерлерін айтып отырмын, көп есе қауіпті болатын. Біз жауменен қолымызға қару ұстап, бетпест кездесіп жүрсек, олар бірыңғай ауғандықтардың ортасында жүретін, біліп көр кімнің дұшпан, кімнің дос екенін. Кез келген жерде арқаңа пышақ салып не болмаса желкеңнен ата салады. Өз басым бірыңғай, ауғандар өз тілінде «мушавер» деп атайтын сол советшілердің ержүректілігіне қайран қалып жүретінмін.

#### **4. Командир бәріне де жауапты...**

Бас барлау басқармасының өкіміне сәйкес Совет әскерлері гарнизонының бастығының міндетін атқару біздің бөлімнің командирі майор Керімбаев Борис Төкенұлына жүктелді. Жасы небәрі отыз үштегі, соғыс тәжірибесі бар-жоғы бір жеті болған, қазақша айтқанда, әлі уыздай жас офицер. Бірақ осының бәріне қарамастан, ол өз міндетін атқара білді.

Ендігі әңгімемізді осы командиріміздің төңірегінде аз-мұз жүргізбекшімін. Осы азаматтың әскери дарыны, шеберлігі, білімділігі, тіпті даналығы десек те артық емес, арқасында көптеген алдымызға қойылған күрделі тапсырмаларды орындап, оның үстіне жағдайымыз жеткенше қоластымыздағы жауынгерлерімізді шығындамай аман алып қалғанмыз. Шығын, әрине, болды, соғыс болған соң шығынсыз болмайды. Бірақ Борис Төкенұлының бізге үйрететіні, әрдайым бізден талап ететіні және әрбір шайқасты жан-жақты ойластырып жоспарлағанда түпкі мақсаты тек жеңіске жету ғана емес, онымен бірге бізді қырып алмай, қалай да аман алып қалу болатын. Көбінесе бұл о кісінің қолынан келді де. Біз ешқашан жаудың күші мен санын, қорғаныс құрылымын барлап біліп алмай бас-көзсіз соқтықпайтынбыз. Бірақ соғыстың аты соғыс, түгелдей бәрін долбарлап ала алмайсың, кей кездерде сәтсіздікке де ұшыраған жағдайларымыз болды. Сонда да жалпы салыстырғанда, біздің шығынымыз арнайы мақсаттағы басқа жасақтармен салыстырғанда әжептәуір аз болатын. Мысалға, біздің екінші ротада мен өзім болған екі жылдың ішінде сегіз жауынгер қаза тапты. Жеке алған бір адамның өлімі қайғы болса, мыңдаған адамның өлімі статистика дейді. Сондықтан сегіз жігіттің де өлімі әрқайсысының туғантуыстарына ауыр қайғы болғанымен, бұл есеп оншақтылап, жүзшақтылап жүрмегеніне тәуба дейміз. Міне, осындайдан командиріміз бізді сақтап жүрді.

**Бауыржан Момышұлының** «Психология войны» деген кітабында мынадай жолдар бар: *«Боевое счастье не может случайно сопутствовать командиру в бою – он сам является творцом успеха. Если бекетараться глубоко проанализировать причины успешного действия войск, то не может остаться незамеченным вдумчивый и активный характер командира в организации и всестороннем обеспечении боя по замыслу, бекетроению боевого порядка, тщательной разработке и подготовке предстоящего боя и проведению его»*, қазақша қысқалап айтқанда, әскери бақ жайдан-жай келіп қона қоймайды, әр жеңістің жаратушысы командирдің өзі, егер қазбалап іздесең, оның түбінде командирдің терең ойлы,

жан-жақты ізденуші мінезі жатады. Сондықтан біздің әр ротаның кішкене ғана болсын жеңістерінің артында, бар жетістіктеріміздің түбінде, оның ішінде шығын санының аздығында да Керімбаевтың өз штабымен қоса атқарып жатқан ұйымдастыру жұмыстары тұрды деп көміл сенемін.

«Евразия kz» газетіне 2005 жылдың 21 қазан күні берген сұхбатында: «Қорқынышты болған кездер болды ма?» деген сұраққа Борис Төкенұлы: *«Соғыста қорықпайтын адамдар болмайды, бірақ мен өзім үш нәрседен қатты қорықтым. Біріншісі, тұтқынға түсуден. Екіншісі, тұтқынға түскен жағдайда дәрі-дәрмектің әсерімен әскери құпияны айтып қоюым әбден мүмкін болғандықтан. Үшіншісі, және мен үшін ең қорқыныштысы, егер шайқас үстінде менің командир ретінде білімім, кәсіби шеберлігім немесе батылдығым мен табандылығым жетпегендігінен қоластымдағы сарбаздарым өліп жатқаны. Сондықтан да мен әр қақтығысты, кішкене ғана болсын әрбір әскери операцияны мұқият түрде жоспарлап отырдым»,* – деп жауап беріпті. Міне, осы жауабында солдаттардың сүйіспешілікпен «батя» дейтін, ал дұшпан үшін «айбарлы Қара майор» болған біздің командиріміздің тұлғасы түгелдей көрініп тұр. Ол операцияларды тек өз штабымен жоспарлап қана қоймай, егер кейбір бөлімшелер қиын жағдайға тап болған кезеңдерде шайқастарды өз басы жеке басқарып та жүрді. Небір соғыс тапсырмаларын орындап жүрген рота не топтармен әрдайым радио байланыста бола тұра, жағдайлары шиеленісе түскендей болса, тез арада вертолетпен жетіп не болмаса соғыс машиналарымен қоршау шеңберін жарып өтіп, оларға жетуге асығатын. Солдаттар өз командирлеріне де сенетін, бірақ көмекке «батының» өзі келді дегенді естігенде кереметтей рухтанатын. Талай мәрте біздің топтарымыз қоршауда қалып шайқасып жүрді, бірақ бірде-бір рет уақытында көмек келмей қалған жағдай болған жоқ.

Істеп жатқан жұмысымыздың нәтижесін біле жүргеннен Совет Одағы батырының Алтын жұлдызы командиріміздің кеудесінде жарқырауына сеніміміз мол еді, өттең, әлі уақыты келіспеген болып шықты. Ия, уақыты келіспеген. Бұл соғыстың алғашқы жылдары болғандықтан, Үкімет марапатқа



әлі сараң болатын. Санаулы ғана әскери қызметшілер, оның үстіне көбінесе тек қаза тапқаннан кейін ғана ордендер алып жатты. Артынан, бес-алты жыл өткен соң ғана солдаттар мен офицерлердің ерліктері еңбегіне сай бағалана бастады. Полковник Керімбаевтың жасаған ерлігі мен еңбегі Жауынгерлік Қызыл Ту және «За службу Родине в Вооруженных Силах» ордендерімен белгіленді. Бұдан жоғарысына да лайық еді, бірақ, амал не, Отанына өкпелеу деген болмайды. Кеудемізге не ілді, соны тағып жүрміз және мақтанышпен тағып жүрміз!

Сонымен, біздің командирдің өмірбаянынан аздаған дерек.

Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Прудки, қазір Сарыжал ауылында 1948 жылы қаңтардың 12-сі күні мұғалімдер семьясында дүниеге келген, ата-анасының екеуі де жергілікті мектепте еңбек ететін. Үй ішінде өзінен басқа бала болмады.

Орта мектепті бітірген соң, Ташкенттегі жалпыәскерлік командалық әскери училищеге түседі. Лейтенант Керімбаевтың алғашқы офицерлік жылдары Германиядағы Совет әскерлері тобында мотоатқыштар взводының командирі, одан кейін полктің барлау ротасының командирі лауазымдарында өтеді. Сосын қызметін Ортаазиялық әскери округте жалғастырды. 1980 жылы қаңтар айының басында Теміртау қаласында мотоатқыштар батальоны командирі болып жүргенінде, Эфиопияға пехота бригадасы командирінің Советшісі ретінде іссапарға жібермекші болып, ал айдың аяғында оның тағдырын күрт өзгерткен басқа шешім қабылданады. Ол 177-ші арнайы мақсаттағы жасақтың командирі болып тағайындалады. Бұл жөнінде кейіпкерімнің өзі айтып бергені жөн болар деймін, сондықтан «Капчагайский батальон» деген со кісінің кітабынан үзінді келтірейін.

*«1980 жылдың қаңтарында өз батальонымның техникасын Ауғанстанға аттандырып, орнына басқа машиналар алуға кеттім. Бәлкім, менің тағдырым сол уақытта шешіліп жатқан болуы керек. Техникамды алып Теміртауға келгенім сол еді, есімде жексенбі күні болатын, бөлім командирі қолыма ертеңінде, дүйсенбі күні, сағат 10.00-де Алматы*

қаласында округтің барлау басқармасында болуым керек деген бұйрықты ұстатты. «Тревожный» чемоданымды басқа чемоданға ауыстырып, ертеңінде айтылған уақытта Жандосов пен Правда көшелері қиылысында орналасқан округ басқармасының рұқсатнама пунктіне жеттім де, кезекшіге келгенімді баяндадым.

...Совет Одағының Генштабы Бас барлау басқармасының (орысша ГРУ, қазақша БББ болып жазылады, бұдан әрі сол үйренішті ГРУ деп жаза берейін – авт.) өкілі полковник Солдатенков мені барлау басқармасына апарып, ГРУ-дың комиссиясына кіргізді. Бұл жерде мені қайда жібермекші екенін біле алмадым, тек комиссия мені «жарайды» деген шешімге келді де, менің кандидатурамды бірауыздан бекітті.

«Қайда жарайтын болдым?» деген сұрағыма жауап бермеді. Жауаптың орнына басқарма бастығы генерал В. Ивановтың қабылдауына жіберді. ...Әңгіме аяқталысымен Иванов мені округ әскерлерінің қолбасшысы армия генералы П.Г. Лушевке кіргізді. Қойған бірнеше сұрағына қайтарған жауабымды тыңдап алып, Лушев:

– Бұған жаңалау форма тауып беру керек, аттандыру мен о жақта қарсы алу сізге жүктеледі, жолдас Иванов. Ал сізге жолдас майор сәт сапар тілеймін! – деді.

Қолбасшыдан шығып барлау басқармасына қайтып келген соң В.А. Кордаев деген майорды шақыртып алып, дене бітімі менімен шамалас екен, үстіндегі формасын шешіп маған бергізді. Сасқанымнан:

– Қалтамда іссапарға жұмсайтын ақшам да жоқ, Москваға ұшам деп ойламап едім, – дедім.

– Оның жарасы жеңіл, – деп, қолма-қол аванс берді де, билет сатып әперді. Сосын телефон соғып, Бас басқарманың кезекшісіне мені Москвада қарсы алсын деп ескертті. ...Сағат 23.00-де «Қайдасың, Москва?!» деп ұштым да кеттім.

Москвада аэропорт басында мені қарсы алды да, ертеңінде ГРУ-ға алып барды. Мұнда кабинеттен кабинетке кіргізіп, менімен көптеген басшылар әңгімелесті. Елеуіштен өткізгендей сынаудан өтіп, күн аяқталғанша емтихан үстінде болдым.

*Келесі күні ГРУ-дің бастығы армия генералы Ивашутин мені 56712-ші әскери бөлімнің, ал толық айтқанда, 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасақтың командирі болып тағайындалуыммен құттықтады (қалыптасқан тәртіп бойынша жалпы қолдануға пәленбай нөмірлі әскери бөлім деп атайды да, ал бөлімнің нақты атауы құпия болып саналады. 177-ші арайы мақсаттағы жеке жасақ дегеніміз құпия болып саналатын, Совет Одағы ыдыраған соң бұл құпия емес – авт.)*

*Тағайындалғанымды жариялаған соң бір тәулік бойы істің мән-жайын түсіндіріп, толып жатқан нұсқаулар берді. Әрбір нұсқау жеткізуші менің иығымға қандай жоғары міндет жүктеліп жатқанын жалықпай қайталап жатты. Есімде, солардың біреуі маған: – Борис, біз сенің тағайындалуыңа бір қолымызды көтеріп жатсақ, сені атып тастайтын жағдай туса, екі қолымызды да көтеріміз, осыдан өзің қорытынды жаса! – дегені. Қандай қорытынды болуы мүмкін, командир бәріне жауапты».*

Дұшмандармен соғыса бастағанмызға аз ғана уақыт өтісімен олар біздің жауларымыз, командирімізге «Қара майор» деп атау береді. Борис Төкенұлының тумысынан табиғи қараторы болғанына қоса, біздің сол провинциядағы қарсыласымыз Мавлави-қара деген қолбасшы болды. Сонымен, екі «қара» командир бірімен-бірі шайқасып жатты.

Кейіннен сол «Қара майор» деген атау біздің командирімізге мүлде сіңісіп кетті. Дұшмандар оны әрдайым Ауғанның қай түкпірінде жүрсе де бақылап жүріп, біз қай жерден шықсақ та қарсыласып жүргендері Қара майордың жауынгерлері екенін біліп жүрді. Бұдан былай бұл атау жауымыз үшін қаһарлы мәні бар, өзәзілдей қорқынышты атауға ауысты.

Раббанидің «Ауғанстанның ислам қоғамы» атты партиясының әскери қанатын басқарушы «Панджшер арыстаны» деп аталған атышулы **Ахмад Шах Масуд** қол астында мыңдаған қарулы моджахедтері бола тұра бізге ешбір шара қолдана алмаған соң, Керімбаевтың басын өкелген адамға алдында бір миллион, бара-бара бес миллион беремін деп жұлде тікті. Ең бірінші болып командирге басының миллион долларға тігілгенін барлау бастығы **Сәкен Жасұзақов** жеткізді.

Ал мұның бәріне бастама болған мына жағдайлар еді. 1982 жылы көктемде совет әскерлері Ахмад Шахтың бақылауындағы Панджшер шатқалын басып алу әрекетімен әскери операция жүргізді. Бұл шатқалдың едәуір алқабы Ахмад Шахтың атақонысы болса керек, оның үстіне қойнауы алмас, лазурит кен орындарына толы болғандықтан, көтерілісшілерге үлкен экономикалық мәні бар болатын. Бірақ операцияны аяқтаған соң, Совет әскерлері шығысымен шатқалда қалған ауғандық үкімет әскерлері бар ауыр қаруларын тастап, жауына тойтарыс та бермей, аз уақыттың ішінде қашып шығарды. 1982 жылдың маусымында 40-шы армияның басшылығы тағы да бір әскери операция жоспарлап, оған біздің жасақ та қатысты.

Базарак елді мекеніне жетісімен армия қолбасшысы біздің бағытымызда келе жатқан 201-ші дивизияның бөлімдерін шығарып, қарсы бағытта 108-ші дивизияның батальондары келе жатқан болатын. Жеткен шепте біздің жасақты тосқауылға қойды да, артымызда Анава деген қышлақта 345-ші «ферғаналық» әуе-десант полкінің бір батальонын орналастырды. Ферғаналық дейтініміз, полк соғысқа дейін Өзбекстанда Ферғана қаласында тұрған болатын.

Ахмад Шах қолына Құран ұстап бізді бір айдың ішінде Панджшерден қуып шығамын деп ант бергенін барлаушылар кейіннен баяндап жатты. Бірақ біз оның антына қарамастан, көмекейіне тірелген сүйектей болып, сегіз ай тұрып алдық. Біздің бөлімшелер маңайымыздағы барлық үстем биіктерді басып алып бекініп, жаудың еркін қимылына ешбір мүрша қалдырмады. Орталық Ауғанстанға шығар жолын бекітіп тастап, әлсін-әлсін шабуылдады. Олардың кішігірім базаларын талқандап, жекелеген топтарын құртып не болмаса кейбір командирлерінің ізін аңдып, қолға түсіріп, тұтқындап жүрдік. Ахмад Шахтың өзі біздің қолымызға түсіп қалудан не болмаса біздің нұсқауымыз бен авиацияның шабуылынан қауіптеніп, күн сайын жатар орнын өзгертуге мәжбүр болды, бір қонған жеріне келесі күні түнемейтін.

Панджшердегі қарсы тұруымыздың аяқ кезеңінде, 1983 жылдың ақпан-наурыз айлары болар, әскери-саяси жағдай сәл

өзгере келе, командованиенің тапсырмасымен подполковник Керімбаев үш мәрте, қасына ешкімді ертпей, жалғыз өзі Ахмад Шахпен келіссөз жүргізуге барды. Ауғанстан Үкіметінің атынан уақытша бітім шарттарын қойып, соның ішінде мемлекет басшысы Бабрак Кармалдың атынан Қорғаным министрінің лауазымын ұсынған. Ұсыныстарды ол қабылдамады, бірақ біздің командирге де тиіспеді. Артынан Борис Төкенұлы өзі айтпақшы, командирдің төмен лауазымын қомсынған болу керек, келіссөзден бас тарпаса да парламенттермен әңгімеге өз басы қатыспай, өзінің барлау бастығы полковник Азмуддин арқылы жүргізген екен. Айтпақшы, сол Азмуддин алғашқы рет Базаракта кездескендерінде «Басыңның осыншама қыруар ақшаға тігілгеніне қарамастан, қалай қорықпай келдің?» – деп таңданған көрінеді, онысына Борис Төкенұлы:

– Біздің жасақта әр бас осындай бағалы, – деп жауап қайырады.

Ал негізі Ахмад Шах Совет әскерлерін өте жоғары бағалаған. «Егер Аллаһ мен жауымнан жеңіліп, тұтқынға түссін десе, мен тек орыстарға ғана берілер едім» деген сөздері бар. Советтік жауынгерлер – бәріміз олар үшін орыс болып саналатынбыз.

Алайда мұның бәрі әлі алда еді. Ал әзір біз Ауғанстанға жаңа ғана келіп, алдымызда шынайы әскери қақтығыстардың тәсілдерінің әліппесін тер, қан, жан берудің арқасында меңгеру тұрған еді...

## 5. Оңтүстік шепті қорғауда

Техника әлі колоннада тұр, ал командир мен штаб бастығы адымдап әр бөлімшенің тұрар орнын белгілеп жүр. Роталарымыз орналасар алаңқайлары белгіленген соң, офицерлер әр жерге қазық қақтырып, күрекпен жерді сызып, палаткалардың орындарын айқындап берді. Көптің аты көп қой, екі сағаттай қызу жұмыстың нәтижесінде шатыр қалашық өзімізге үйренішті қалыпқа келді. Техника жөнінде орынбасар аға лейтенант Фадеев өз жігіттерімен соғыс машиналарының тұрағын тәртіпке келтіріп жатты. Майор Му-

хитдиновтің қол астындағы офицерлер асханасы мен көшпелі наубайхананы қондырып әуреленуде. Наубайхананы жолжөнекей Отар стансасынан етіп бара жатып артып алғанбыз.

Лагерьді абаттандыру жұмыстары бірнеше күнге созылды. Сосын үлкен бастықтардың біреуіне еріп командир вертолетпен Құндыз қаласына барып келді де, күзет тұрар орындарда окоп, офицерлер мен штаб үшін блиндаждар қазғызып, топырақ үйінділерін жасатып, тағы біраз жұмыс қосты. Әскери тілде бұл «дала лагерін бекіту үшін инженерлік жұмыстар жүргізу» деп аталады. Рота офицерлері үшін кең, екі бөлмелі жертөлелі біз де жасап алдық. Бір бөлмесі қонақжай бөлме болса, екіншісінде ұйықтар орнымыз. Екі бөлменің ортасындағы кішкентай сенекшеде «буржуйка» шойын пешін орнаттық. Кейбір роталарда «Медео» деген соляркамен жағатын пештер болатын. Соның бірі, артынан бесінші ротаның взвод командирі аға лейтенант **Владимир Березиннің** өліміне себеп болды. Рота әскери тапсырмамен кеткен болатын, ал Березин қалғандарына басшылық етіп орнында қалған. Түнде пешке жауапты жауынгер ұйықтап кетіп, пеш жарылады. Өрт үстінде шала ұйқылы Березин жүгіріп шығам деп ұмтылғанында басымен есіктің маңдайшасына қатты соғылып, есінен танып құлайды да, ессіз жатып түтінге тұншығып өліп кетеді. Мұның бәрі артынан тергеу жүргізе келіп мән-жайдың қалай болғаны айқындалды.

Сол алғашқы күндердің ішінде қасында бір топ офицер-генералдары бар, Ауғандағы 40-шы армияға жетекшілік етіп жүрген КСРО Қорғаныс министрінің орынбасары Совет Одағының маршалы Соколов келді. Есімде, тұс ауған кез болатын, күн көзінің ыстығы басылған, жаныңды қинамайтын жылысы ғана бар тамаша бір уақыт. Елде қараша дегеніміз жаурап тоңып жүретін кезең ғой. Түскі тамақтан жаңа ғана келгенбіз, «офицерлер штабтың қасына жиналсын» деген команда келді. Жасақ командирі: «Қорғаныс министрінің орынбасары келе жатыр, үсті-бастарыңды жөндеңдер», – деді. Көп кешікпей Як-40 самоләті келіп қонды. Соколовымыз етжеңді келген тапал бойлы адам екен. Тездетіп лагерьді аралап шықты да, штабқа кіріп, командиріміздің соғыс жүргізудегі ойларын тыңдап

болған соң, біздің қасымызға келіп сөз сөйледі. Офицерлерді алысқа апармай, сол штабтың қасында иіріп жерге отырғызып қойған. Оның сөзінен біз алғашқы рет, Совет армиясы тек қана интернационалдық борышын орындап, Ауған халқына Сәуір революциясының мақсаттарына жетуіне көмек беру үшін ғана келмегендігін, біздің негізгі әскери мақсатымыз – Советтік Социалистік Республикалар Одағының оңтүстік шебін қорғау екенін естідік.

Бастықтар келіп-кетіп жатады, ал орындалатын міндет ешқайда кетпейді, бұл – өмірдің заңы. Біз де сол міндетімізді орындауды жалғастыра бердік. Тыл бастығы **Хамид Саидович Мухитдинов** пен азық-түлік службасының бастығы **Михаил Амелин** үшін ең басты мақсат – далалық наубайхананы іске қосу болды. Үйретілген нан пісірушілер жоғын қоя тұрып, сол наубайхананың істеп тұрғанын да көрген адам болған емес. Бірақ «тыловиктер» ерледі, олай қарап, былай қарап, әйтеуір, наубайхананы іске қосты. Алғашында пісірген нандары мәз болмаса да, жүре келе түзелді. Нанның қызығын бізге 1938 жылдан бері сақталған ұнды әкелгенде көрдік. Қиын-қыстау заманға жұмылдыру дайындығы ретінде мемлекет киім-кешек, тамақ, тағы да басқа керекті заттардан қор жасайды, орысша оны «государственный материальный резерв» деп атайды. Міне, сол қордан келіп түскен ұн болуы керек, қаптардың аузындағы фанер биркаларда сақтауға салған жылы көрсетілген. Сол ұннан жасалған жаңа піскен нанды үзсең, ортасы кілегейленіп шикі болып тұратын, ал салқындай келе сұрғылт түсті кәдімгі нан болатын. Ал біздер офицерлер үшін, наубайхана мол ашытқысымен ұнайтын. Түсініп отырған шығарсыз, ашытқыны қай қажетімізге жаратқанымызды...

Алғашқы екі ай бойы бізге ет әкелмей қойды. Тоңазытқышы бар рефрижераторлардың аздығы болар, жеткізгенінше бұзылып та кетуі мүмкін. Содан Амелин сезді білем, біздің тушенкадан шыққанымызды, бір күні түскі тамаққа пельменмен қарсы алды бізді. Ой, қуандық-ау біз. Бірдеңелерін етке айырбастап алған шығар деп ойласақ, сол баяғы тушенка екен, мясорубкадан өткізген. Шынында да өте дәмді болды. Асхананың маңындағы жігіттер біздің көңілімізден

шыққанын көріп, бізден бетер қуанып қалды. Тағы да бізді жалықтырған тамақтардың бірі ұнтақталған құрғақ картоп пен сұйық май қосып консервіленген минтай балығы болды. Қазақшасын білмеймін, әйтеуір, сол минтайды тегін беріп жатсақ та ауғандықтар да жемейтін. Сондықтан көшкен кезімізде жұртымызда жәшік-жәшік болып, ешкімге керек болмай үйіліп қалатын.

Темекіден мұқтаждық көрген жоқпыз. Солдаттарға «Охотничьи» деген, олар оны «Батпақтағы өлім» деп атайтын, себебі пачканың сыртында ми батпақтың үстінде ұшып бара жатқан үйректі атып тұрған аңшының суреті болатын, ал офицерлерге «Ява» деген фильтрлі сигарет беретін. Темекі шекпейтіндерге нормасына қосымша қант беретін.

Әскерді қамтамасыз етуде күрделі мәселелердің бірі – монша мен кір жуу, бірақ бұл мәселе де өз шешімін тапқан еді. Қазір кейбір Ауғанда болып келген жігіттердің жазған кітаптарынан аш-жалаңаш жүрдік, үсті-басымызды кір басып, биттеп кеттік дегенін оқып жүрмін. Бізде олай болған жоқ. Іш киімді әрқайсымыз өзіміз жуып жүрсек те, әдейі арналған палаткалардан істелген көшірмелі дала моншасына солдаттарымызды уақыт үзбей жуындырып тұратынбыз. Аяқ астына ағаштан жасалған решетка төсеніш тастап, суды крандалған шүмектері бар цистернадан ағызатын. Ал бумен қыздырылатын орынды дезинфекция мен дегазация жасайтын ДДА деген автомашина болатын, соның камерасына мөлшерлеп ыстық бу беруге болады, сол камераға кіріп алып қыздырылатынбыз. Оның аз болса, үлкен үрлемелі резинадан жасалған су сақтағыштарды толтырып, бассейн ретінде шомылуға қолданатынбыз.

Ал енді манағы жоғарыда айтылған биттеп жүргендер, басқа әскери бөлімдерде болса болған да шығар. Әскер дегенің көктен түскен нәрсе емес қой, бұл – қоғамның бір бөлігі. Сондықтан қоғамға тән жеткіліксіздер әскерде де болады. Мысалы, мекеме басшысы осал болса, сол мекеменің ісі де алға баспайды. Әскерде де сол, командир мықты болса, тәртіп те мығым болады, ал тәртіп бар жерде әр лауазымдағы адам өз шаруасын жөнімен атқарып жүреді, ондай болған жағдайда



жауынгердің қарыны тоқ, киімі таза, оқ-дәрісі толықтырылған, қаруы сақадай-сай болады.

Жоқ, мен біздің солдаттарда мүлдем бит болып көрген жоқ деп айтудан аулақпын, оным өтірік болады. Тау басындағы бекетарда ұзақ отырғанда болуын болатын. Онда жігіттер өзіміздің әскери төсек заттарынан өзге жергілікті тастанды үйлерден жинап алған көрпе-жастық, төсеніш дегендерді де қолданып жүретін, міне, солар бәрібір биттемей қоймайтын.

Оқушым сөкпей-ақ қойсын, бастапқы кезеңдерде проблемаларымыздың бірі арақтың тапшылығы болды. Кейіннен ең алғашқы отпусқаға барып келгендер браганың, сосын самогонның рецептерін әкеліп, ішімдікті өзіміз-ақ жасай беретін болғанбыз. «Арақ ішілмесін» деген «сухой закон» болмаса да, сатып алар жер жоқ, ал халық бұл пәлеге әбден үйреншікті болып қалған. Ұлы Отан соғысында «наркомның жүз грамы» тамақтандыру нормасына кірсе, бізде ол жоқ. Біз де соғыста жүріп жаттық қой. Қалжырайсың, стрестер болады, шайқастарда көз жұмғандарды еске алу деген бар, орден-медаль дегендерді жуу, тағы да басқа дәстүрлі болып кеткен жағдайлар туындап жатады. Кіргеніміз, есте болар, қазан айының 29-ы болатын, ал бір жұмадан кейін Ұлы Октябрь революциясының 73 жылдығы Совет елінің бас мейрамы, ал арақ жоқ. Қалай тойлаймыз? Шығар жерін іздей бастадық. Бірінші вертолетшілерге бардық, себебі оларға күнара Одақтан жүк вертолеттері келіп бомба, снаряд тасымалдап тұратын, сондықтан оларда арақ болатын. Бірақ қарулас бауырларымыз сараңдық көрсетті. Елде «Столичная» арағының бір шөлмегі тоғыз сомның маңайында болатын болса, біз жетпіс сомға дейін ұсындық. Авиациялықтар оған да көнбей, жергілікті «афгани» не болмаса «Внешинторгтың» чегін сұрап отырып алды. Ал біздің келгеніміз кеше ғана, қолымызға әлі жалақы алған жоқпыз. Жалақы демекші, айта кетейін, Ауғанда бізге жалақы үш мөлшерде берілетін. Бір оклад чекпен сол жерде аламыз да, екеуін Одақта жинақтау кітапшасына салып жатады. Чекті керегінше жергілікті валюта «афганиге» айырбастап, азынаулақ сауда-саттығымызды жүргізетінбіз. Ауғанда болған мерзімімізде бір ай үш айға теңелетін. Сонымен, чегің болмаса,

«афгани» да болмайды. Советшілерге «артынан орнын толықтырамыз, қазір мереке ғой, түсінсеңдерші» деп шабарман жібердік. Олар, әйтеуір, бірнеше пакет арақ беріп көмектесті. Иә, кәдуілгі бүгінде қолданып жүрген кішігірім пакеттер. Ол жақта шыны шөлмектің аздығынан самогон сатушы қолындағы бар шөлмегін өлшегіш ретінде қолданып, екі пакетті қабаттап, соған арағын құйып, аузын буып, ұстата салады. Қазір дүкенде банка орнына майонезді солай құйып беріп жүр ғой, дәл солай. Самогонды олар кишмиш-мейізден жасағандықтан, біздікілер оны «кишмишовка» дейтін, ал кей жерлерде тұт ағашының жемісінен жасайды екен.

Қазір басқа «ауғандықтардың» естеліктерінде кей әскери бөлімдерде офицерлер ортасында арақ ішу дертке айналды, қайсыбіреулері арақпен қорқынышын басып жатты дегенді кездестірдім. Басқаларын білмеймін, бірақ бізде мүлдем ондай болған емес, ішуін ішетінбіз, бірақ маскүнемдік болған жоқ. Бір капитан шынында болды, бір жұтпаса, жүре алмайтын, бірақ ол бізге Одақта жүргенде басқа бөлімнен ауысып келгенінде бұл ауруға шалдығып келген болатын.

1981 жылдың қараша айының жетісінен сегізіне қараған түн біздің есімізде ұмытылмастай болып қалды. Сол түні ең алғаш рет жасақтың жауынгері қаза тапты. Біздің ротаның **Андрей Иванов** деген солдаты, ефрейторы болатын. Жағдай былай болған еді. Қалада тұтқынға түскен дұшмандарды қамап отырған түрме болатын. Іштерінде қазір дала командирлері деп атап жүрген дұшмандардың жасақ басшылары да болатын, баяғыда, отызыншы жылдары басмашылар кезінде, естеріңізде болса, оларды құрбашы дейтін, ал қазіргіше дала командирлері. Содан «духтар» (дұшмандарды біз көбінесе қысқартып «дух» деп атайтынбыз) жетінші ноябрь – коммунистердің мерекесін түгел тойлап жатады деп ойлаған болар, қамаудағыларды босатпақ әрекет жасады. Царандойдың советшісі рация арқылы «түрме шабуылданды, күзет ұрыс жүргізіп жатыр, көмек керек» деген хабар берді. Командир дабыл көтеріп, біздің ротадағы Қалибек Ахметовтің бірінші тобын көмекке жіберді. Топ жинақталып, машиналарына орнығып жатқанында, естеріңізде болсын, кез келген техниканы, танкі болсын,

БМП не БТР болсын, әскерилер жалпы машина деп атай береді, сол машиналардың біріне жасақтың комсомол хатшысы (*комсорг – авт.*) аға лейтенант **Эркин Джуматаев** отырып алады. Қырғыз жігіті болатын. Жалпыәскерлік командалық әскери училище бітірген, әскери дайындығы жоғары, тәп-тәуір офицер болатын, бірақ әскери тағдырдың бұйыруымен бөлім комсоргі болып тағайындалған. Дәл сол түні топтың қатарында ол ақымақтығымен деп айта алмаймын, бірақ тәртіпсіздігі арқасында кетіп қалды деп айтуға болады. Командирдің рұқсатынсыз, бұйрық алмай өз бетімен еріп кете барғаны дұрыс емес. «Құрықсыз кеткен сотқар» деп айтуға да тілің бармайды, мінезі жұмсақ, ұяң келген жігіт болатын. Өзін-өзі сынағысы келді ме әлде комсорг лауазымымен бүркеніп тылда жатпасын көрсеткісі келді ме, әйтеуір, не керек, бару керек деп өзі санаған соң қарғып мініп кете барды.

Содан шынжыр табандарын шақылдатып үш машинадан тұратын қысқа ғана колонна қала жаққа ала тартты. Қаланың шетінде оларға қарсы шыққан УАЗ-469 автомашинасынан царандой советшісі секіріп түсіп, алдағы БМП-ға мінді. Түрмеге жетер-жетпестен биік дуалдардан жау колоннаны оқты боратып атқылай бастады. Жалпы, олардың аулаларының ерекшелігі, балшықтан соққан биік дуалдарына іш жағынан жабыстыра салынған не пеш, не сөрелер, не болмаса тағы да басқа үстіне шығып, дуалдың сыртында не болып жатқанын бақылап тұратындай бірдеңелер болады. Кейде кішігірім саман үйлердің төбесі дуалмен тең түсіп тұрады. Атыс үдейе түсті. «Духтар» дуалдардың сыртынан атқылап жатса, царандой жоғарыдан түрменің терезелерінен оларды соққылап жатыр. Біздің тобымыз қайшылай атқан екі жақтың оғының астында қалды. Алда келе жатқан «жиырма бірінші» машинаның пушкасының стволының қайтарғышына (откатник) оқ тиіп, кері шегінген орнынан қайтпай, істемей қалды. Оператор-көздеуші **Серікбай Таутанов**, қаншама орнына келтірем деп әуреленсе де қайтпады. Тіпті бұл бір-ақ секундта снаряд атылып, стволдың қайтарғышы кейін шегініп, клин-затворды ашады да орнына қайтады. Сол сәтте жаңа снаряд салып итеріп қалғанда клин-затвор жабылып, пушка келесі атуға дайын

болады. Міне, қайтарғыштың кейін шегінген сол бір сәтінде оған қаңғыған оқ тиіп, істен шығып қалған. Қарама-қарсы атқылаудың ортасына түскен Қалибек жалғыз дұрыс шешім қабылдайды – сол колонна бойы келе жатқан күйі түрмеден асып өтеді де, алшақтау барып тоқтап, соңғы машинаны көшеге көлденең қойғызып, пушкасын бұрып дұшмандардың оқ атып жатқан жерлерін соққылай бастайды. Пушкамен тайталасатын жағдай жоқ, дұшмандар лезде қараңғылықты бүркеніп жоқ болды.

Негізі БМП-1 машинасында 2А28 «Гром» деген 73 мм.-лік пушка бар, оның стволына қосарлана 7,62 мм. пулемет бекітілген. Зеңбірек екі түрлі снарядпен атады. Бірі – куммулятивтік, тиген жерін оттың жіңішке ағысы (струя) болып қалыңдығы 40 сантиметрге дейінгі құрышты тесіп өтеді. Екіншісі – тиген жерінде жарықшақ болып бытырайды, оны «осколочный» дейді. Біз бір жылдай БМП-1 машиналарында соғысып, келесі жылы БМП-2 деген жаңа машиналар берді. Ол машиналардың бұрынғылардан негізгі айырмашылығы қаруында болатын. Мұнда 30 мм.-лік 2А42 деген авиациялық пушкалар қондырылған. Асқан шапшаңдықпен атып, төрт шақырым жерге дейінгі қашықтықта көлемді нысананы айтпағанда, жүгіріп бара жатқан адамға тигізуге болатын.

Содан дұшмандар сейіліп, маңай тиышталғаннан кейін Қалибекке жаралылар бар екені баяндалды. Ефрейтор Иванов кеудесінен ауыр жарақат алса, аға лейтенант Жұматаев та шынтағынан жанама жарақат алған. Екеуі бір машинада қатар отырған көрінеді, түрме тұрған көшеге кірген бетте автоматтың бір кезегімен жарақаттанған білем. Көше ішіндегі шайқаста машинаның ішінде отырып атысу қолайсыз, еріксіз жоғарғы люктерді ашып, кеудеңе дейін денеңді сыртқа шығарып атысасың. Содан оқ іздегенін тауып алған. Жаралыларды Қалибек өзінің пушкасы істен шыққан машинасымен жасақтың базасына қайтарады да, өзі командирдің бұйрығына сөйкес қалған екі машинамен жау қайта шабуылдаса, тойтарыс беруге таң атқанша түрменің қасында қалады. Иванов есіне келмей, жол үстінде жан тапсырады. Жұматаевқа жеңіл көмек көрсетілгеннен кейін ертеңінде Құндыздағы

медсанбатқа жіберді. Шынтағының сіңірі үзіліп кеткен болу керек, жарақаты ауыр болғандықтан, ол артынан әскерге жарамсыз болып комиссияланып, бөлімге қайтып оралған жоқ. Ахметовтің комбинезонын бірнеше жерден оқ тесіп кетті. Құдай сақтайын десе, сақтайды, бірақ бұлай ұдайы бола бермейді ғой, шіркін.

Он-он бес күн өткен соң, аса алысқа бармай, жақын алқабымызды торуылдай бастадық. Шығарымыздың алдында барлау бастығы аға лейтенант Сәкен Жасұзақов барлау деректерін жинастырып, маңайымыздағы жағдайды анықтап алатын. Ал мұнысын қалай істеп жүргенін құдай білсін, бірақ командир бізге жауынгерлік тапсырма қоярдың алдында бірыңғай «Барлау мәліметтерінен анықталды...» деп бастайтын. Осы күнде таң қаламын, кеше ғана әскери училищені бітірген жап-жас аға лейтенант қалай тілін де білмейтін бөтен елде жансыздар тауып, жауымыз туралы дерек жинастырып жүргенін. Кей мағлұматтарды ол, әрине, Царандой, ХАД-та жүрген біздің советшілерден алып жүрді, бірақ өзінің де тапқан-білгені болды ғой. Командирдің кейіннен айтқан бір әңгімесінен естігенім, ауғандық арнайы службалардың тыңшыларын анықтап алып, Жасұзақов жергілікті адамдарша киінеді де соңдарынан түседі, кімнің кімге қызмет жасап жүргенін білмекке. Сөйтсе, жалғыз тыңшы бір мәліметпен бірнеше жерге кіреді екен, ал ауғандық басшылық бұл мәлімет бірнеше службаның жұмысының нәтижесінде анықталған дерек деп көрсетіп отырған.

Өзінің қарсы барлау жұмысының табыстарын Керімбаев біздің пайдамызға қолданды. Гарнизон бастығы ретінде жедел оперативтік жиын жинап, небір күмәнді, тексерілмеген мәліметтерге арқа сүйеп, бізді қолдануды тоқтатындар деп ауғандық басшылар мен олардың советшілерінен талап етеді. Олар да өз жағынан жоғарыға «Керімбаев қорқақ, ауғандықтар үшін жанын салып соғысқысы келмейді» дегендей шағым айтқан болуы керек, бірақ біздің командование мәселенің тәркінін түсініп отырғаннан кейін бізді сөге қойған жоқ.

Сол алғашқы күндерден бастап соңына дейін біздің жүргізген барлау жұмыстарымыздың нәтижесіне баға жетпестей

болып еді. Жергілікті халықтан және бандаларға сіңіртіп жіберген жансыздардан түсіп жатқан ақпарат оппозиция жасақтарының таяудағы жоспарларын, қару артқан керуендердің қозғалысын, жергілікті халықтың моральдық еңсесін біліп отыруға жағдай туғызды. Бұл мағлұматтар біздің сақтығымызға, ал одан әрі соның арқасында керексіз шығынға ұрынудан құтылуымыз үшін керек еді. Бұл шаруаларға қоса, жау басшыларының өз арасындағы іштарлық, көре алмаушылық деген сияқты сезімдерін пайдалана отырып, дұшман құрылымдарының ортасында сенбеушілік, араздық, тіпті бір-біріне деген өшпенділікті сеуіп, ал жергілікті халықты мемлекеттік билікпен татуластыру жолында өте жіңішке, сыпайы, еңбекті көп қажет ететін астыртын жұмыстар жүргізіліп жатты.

Генерал-полковник Сәкен Әділханұлы Жасұзақов бірталай биік лауазымдарға ие болып, кейіннен Бас Штабтың бастығы – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары болды.

Кезекті бір тосқауыл жасауға шыққанда бізбен бірге аға лейтенант Асылхан Алпысбайұлы Утеев еріп шықты. Қаншама қой десек те көнбеді. Осы уақытқа дейін өзі тұжырымдаған бір ойы бар көрінеді, онысы – хирург дәрігер егер жауынгерлер жараланған жағдай болса, жедел білікті медициналық көмек көрсету үшін әрдайым соғыс топтарымен бірге жүру керек. Оның үстіне біз сол кездерде американдық қан құйылған пакеттермен жабдықталған болатынбыз, керек жағдайда соғыс даласында жаралы адамға пакетке қоса қондырылған вакуумдық айдауыш арқылы қан құюға болатын. Ал мұндай әрекет жасай білу үшін дәрігер не болмаса дайындығы жоғары, білікті санинструктор керек. Осының бәрін ескеріп, біздің маңайымызда болу керек деп талпынып жүргені сол екен.

Жолға түн ортасы аса шығып, көздеген жерімізге таң қылаң бере жеттік. Техника мен жауынгерлерді жайғастырып, бүркеніп жасырынып жатырмыз. Күн көкжиектен көтеріле бере жауымыз да көрінді.

Дұшман тобы төмендегі сайға түгелімен кірісімен ата бастадық. «Духтар», әккі сарбаздар, қолма-қол шашылып, бы-

тырап кетті де, қарсы атысқа кірісті. Тәжірибеміздің аздығынан біздің позициямыз қолайсыз болды ма, әлде дұшмандардың командирі кезіккен жерімізді жақсы білгендігінен бе, жаудың атысы бізге қауіп төндіре бастады. Артынан түсіндім, бронды машинаны көрінбестей жасырам деп тым жоғары қойғанымды, сондықтан пушкасының еңкею бұрышы да жеткіліксіз, тым жоғары болды. Бір жақсысы, бізге қаруымен көмек бере алмағанымен, дұшмандардың атқаны да оған дарымайды. Сонысын ескеріп, ұрыс басталысымен Асылханды аса көп басыңды шығара берме деп сол БМП-ның астына жібердім. Қанша айтқанмен, спецназ атағымыз бар ғой, дұшмандар біраз тайталасты да, он шақтысын ұрысқан жерде қалдырып, қалғаны қашып кетті. Шайқас аяқталған соң Асекеңді қолға алдым.

– Ал көрдің бе, егер сен жаралансаң, саған қоса тағы біреу жараланса, оған кім көмек көрсетер еді? Жақсы, сен өзінді-өзің аямайтын батыл екенсің, ал бізге неге хирургсіз қалу қауіпін төндіресің? Сенің міндетің – соғысу емес, емдеу. Соғыс даласында әр ротада санинструктор бар, үйрет соларды, егер бізге көмектескің келсе, – дедім.

Ол кезде біздің ротаның санинструкторы сержант **Болат Искаков** деген целиноградтық жігіт болатын (*2013 жылы желтоқсан айында ауыр сырқаттан кейін көз жұмды – авт.*) Ол көктемде службасын аяқтап, елге қайтқанда орнына марқұм Саша Кононов келген. Ол туралы кейінірек айтып берермін.

Сонымен, Утеевпен әжептәуір қатаң сөйлестім, бірақ өзі де түсінді білем, маған ренжіген жоқ және содан кейін бізбен бірге ұрыстарға еруге сұрануды да қойды. Ол жалғыз, біз бес жүзбіз, бәріміздің соңымызда жүре алмайды ғой. Соңынан ол демалысқа кетіп жүргенінде, оның орнына госпитальдардан дереу хирург жіберіп отырды. Соғысып жатқан бөлім, сондықтан хирургсіз бір күн де бола алмайды. Ешбір адамды алмастырмайтын, ал оның орнына маман жіберетін.

Көп кешікпей дәрігер автомат ұстап дала кезбей, орнында отыру керек деп менің айтқанымның дұрыстығын дәлелдейтін жағдай да туындады.

Желтоқсан айының төрті күні ертесінен біздің екінші рота толығымен Андхой қаласының маңынан бізге оқ-дәрі, тамақ, жанар-жағармай әкеле жатқан КамАЗ автокөліктерінен құрастырылған колоннаны қарсы алып, жасақ базасын қорғауға шықтық. Андхой мен біз тұрған Меймененің арақашықтығы жүз сексен шақырымдай. Егер бұл жолдың түгелімен соғыс жүріп жатқан елмен өтетінін ескерсек, жеңіл тапсырма емес. Бізге деген жүктер автокөліктермен тура Совет Одағынан келетін. Термездің түбінде, Ауған жағында Хайратон деген кішігірім қалашық бар. Сол қалашықтың тұсына советтік территориямен жақындап келетін теміржол бар. Шекара бұл маңайда Амударья өзенінен өткендіктен сол Хайротонның тұсынан арғы жағаға теміржол көпірі салынды да, жүк тиеген пойыздар сол қалашықта орналастырылған терминалдарға апарылып түсірілетін. Ал содан соң осы Хайротоннан жүктер Мазари-Шариф қаласына дейін жеткізіліп, әрі қарай транспорт Пули-Хумри арқылы Кабул асады не болмаса Ақши, Шыбарган, Андхойды басып біздің жаққа кетеді.

Бізге келетін колонналарды Андхойға дейін жеткізіп, одан әрі өзіміз жетектеп кететінбіз. Мұның бәрі кейін болды, ал бұл жолы біз колоннаны алғаш рет кездестіріп кейін тарттық. Әдеттегідей көз көрім жерде торуылшы барлау тобы (*боевой разведовательный дозор – авт.*), одан кейін бронетехникамен аралас негізгі колонна, ал ең соңында арьергард, бұл колоннаны артынан қорғайтын топ. Рота командирі капитан Сейілхан Смайыловтың машинасы колоннаның алдына жақын жерде келе жатыр, ал мен, өзім бірыңғай жүретін екінші топтың қатарында маған деп бекітіліп қойған «жиырма алтыншы» машинада колоннаның соңына жақын жердемін. Жол биік таулардан басталып, Мейменеге дейін ылдилай тау етегін жағалап барып тура солтүстікке бет алып, Андхойға дейін ағатын, одан әрі біртіндеп тармақтанып барып құм ортасында жоқ болатын Ширинтагао деген өзеннің бойын жағалап ирелеңдеп келеді. Даулетабад деген қышлақтан төмендеу жерде Ширинтагаоның ағысы Қайсар деген кішкене өзенмен қосылады. Міне, сол екі өзен қосылған жерден басталып,



Меймененің түбіндегі Янгиқала деген қышпаққа дейін біз «зеленка» дейтін жасыл зона созылады.

Бізді аман-есен өткізу мақсатында жасақ командирі біздің Ауғанға кірердегі алғаш сабағымызды есте сақтап, үшінші капитан Бекбоев пен төртінші капитан Куманяевтің екі ротасынан жасақ жасақтап, орынбасары Нарын Бексұлтановтың басқаруымен жаңағы «зеленканың» өзінше ең қауіпті болар-ау деген жерлеріне орналастырады. Люктің бәрін ашып тастап, денемізді кеудеден жоғары сыртқа шығарып, жорық төсілімен келе жатырмыз. Біз алғашқы күні білмегендіктен люктің бәрін бекітіп тастап, ішке жасырынып келгенбіз. Қарсы алған батальонның жігіттері, былай жүруге болмайтынын бізге артынан түсіндірді. Егер машина түгел жабық болса, минаға жарылған не болмаса снаряд тиген кезде жарылыстың дүмпуі (*взрывная волна – авт.*) шығар жерін таба алмай ішіндегі жұртты түгелімен қырады. Ал люктері ашық болса, жарылған минаның күшіне қарай экипажға тек жарықшақтар тиіп, бірен-сараны ғана саптан шығуы мүмкін.

Ширинтагао қышпағына кіре бере, рота командирі рация арқылы:

– Бақылауды күшейтіндер! – деп команда берді. Колонна жылдамдығын төмендетпей, созыла қышпаққа кірді. Ауғанда елді мекендер әдетте өзен, арық, бұлақтың ағысы бойымен орналасқан соң, көбінесе ұзыннан-ұзын жағаны бойлап, созылып, ирелеңдеп жатады. Көшесінде тірі жан көрінбейді. Қаншама болады-ау деп күтсек-дағы, атыс аяқ астынан басталды. Алғашқы оқтардың бірі Смайыловқа тиіп, ауыр жарақаттанды. Оқ оң жақтағы шықшытынан кіріп, сол жағының жақ сүйегін төменнен қиратып өтті.

Командирдің машинасының оператор-көздеушісі ефрейтор **Борисенко** рациямен:

– Командир жараланды! – деп хабарлады.

Жау оқты дуалдардан, саман үйлердің төбелерінен, ағаштардың артынан тасаланып, жаудыртпаған жері қалмады. Және қолданғаны тек қана автомат не пулемет емес, әлсін-әлсін граната да лақтырып қояды.

Жасақ командиріне:

– Шабуылды бастадық. Рота командирі ауыр жараланды, – деп баяндадым. Ол тек қана

– Шыдаңдар, ұшып жетемін! – деді.

Дұшпан бізбен қоса, бір уақытта «зеленкада» тасаланып тұрған басқа екі ротаны да атудың астына алады. Ондағы ойлары – оларды бізге көмекке келуге мұрша бермей, колоннаны біздің ротамен қоса түгел құрту. Біз үшін бұл жаудың өз ықпалымен жасаған алғашқы ұрысы еді, дұшпанымыз бұл жолы шексіз озбырлық көрсетті. Гранатометпен алыстан атқылап, бір-екі машинаны жағып жіберіп тайып отырғандары басқа да, колоннаны түгелімен құртпақшы болып, құрышқа құрсауланған үш ротамен бірдей шайқасқа кірісуі, ол басқа.

Пушкалармен атқылап, Ширинтагаоның быт-шытын шығардық. РПГ-7 гранатометімен біздің екі КамАЗ-ды олар да қиратты. Бірі бензовоз, ал екіншісі жүк тиеген фура болатын, оларды біз сосын дұшмандардың қолына түспесін деп БМП-ның жарықшақ снарядтарымен өзіміз атқылап жағып кеттік. Жаңағы бензовоз соляр құйған болу керек, трассер оқтармен қаншама атсақ та жанбай қойды, кинода зажигалкамен жағып жіберіп жататын машина, пушканың «осколочный» снарядымен беріп жіберіп едік, сонда ғана бұрқ ете түсті.

Сол күнгі ұрыстың үстінде мен алғаш рет өліп қалу қорқынышын сезіндім. Командирлік люктің қақпасын паналап атысып жатқанымда бәрі тамаша, ал оғы біткен оққорапты ауыстыру үшін төменге түссем болды, шыққың келмейді. Бұғып отыра беруге солдаттардан ұят, шығайын десең, машинаға тық-тық етіп тиіп, ызыңдап кетіп жатқан оқтар. Ал сол оққораптар салынған қорамса-сөмкені (*подсумок – авт.*) жоғарыда, қоластында ұстауды ойламаппын, әлде бұл адам миының өзі тереңінде, артық рет төменде паналау үшін амал тапқан түрі де болар.

Барлық роталар бір радиотолқында. Бір мезгілде капитан Бексұлтанов отырған машинаны гранатамен қиратты деп естілді. Біреу: «үшінші ротаның командирі Бекбоев қоршауға түсіп, шыға алмай жатыр», – деп байбалам салды. Одан кейін Керімбаевқа пулеметші Давыдов өлді, жауынгер Туаев

жараланды деп баяндап жатқан Бекбоевтің өзінің дауысы естілді. Сосын эфирге аға лейтенант **Аюбаев** рота командирі капитан Яков Куманяев жарықшақпен жараланды деп шықты. Оның БТР-на лақтырылған граната жетпей жарылып, жарықшағы Яшаның көзіне тиген екен.

Тарс-түрс жарылған гранаталар, дүңкілдеген пушкалардың дауысы, тұтыға тықылдаған автомат пен пулеметтердің үні, арасында құлағыңды жанап өткендей: – Тьюу-тьюу, – деп ысқырып, машинаға біреу бір уыс тас лақтырғандай тықтық етіп рикошет жасап, ызындап кетіп жатқан оқтар. Ұрыс үстінде ешқайда жүгірмей-ақ, бір орында тұрып қимылдап, қара терге түсесің. Жан ышқынып, бар қимылың шамалы болса да оқыс, шапшаң балғандықтан болуы керек. Артынан осының бәрін қалай істедім, неге олай істедім деп ойлансаң, жауабын таба алмайсың, автомат сияқты әрбір қимыл өзінен-өзі жасалып жатқандай. Ал шынында олай емес, мұның бәрі алдындағы дайындықтың, көптеген жаттығулардың нәтижесі, әртүрлі жағдайда қолданатын әрбір амал, жадыға тоқыған тәжірибең керегінде өзі алып шығып жатады. Кейіннен ол тәжірибең күн өткен сайын көбейіп, әрбір шайқаспен молайып жатады. Сөйтіп, ұрыстан ұрысқа нағыз жауынгерлік шеберлік шыңдалады.

Аға лейтенант **Жатақпаев** рота командирінің машинасына жанай келіп тоқтап, құжынаған арадай ызындап жатқан оққа қарамастан, ессіз жатқан **Смайыловты** өзіне өңгеріп алды.

– Тоқтамаңдар! Алға! – деп команда бердім. Мұндайда тоқтасаң – өлім. Жау да адам баласы, ол да асып-сасып жатады ұрыс үстінде. Сондықтан оның алдында мелшиіп тұрып қалсаң болғаны, еп-сәтте есін жиып бас салады өзіңе. Бұл рингте бокс ойнап жүріп, аяқ астынан екі қолыңды төмен салбыратып тұрып қалғанмен тепе-тең. Сол сәтте соққыға жығыласың.

Біреу БМП-сымен жанып жатқан **КамаЗ-дарды** итеріп тастап, жолды тазартты. Анталаған қасқырға айбат шеккен төбеттей арс-арс етіп, жауымызға оқ пен снарядты жаудыратып, алға ақырын жылжып барамыз. «Ми-8» екі вертолеті келді де (олар тек қос-қостап ұшып жүретін), аспанда қалықтап жүріп, **НУРС-тарымен** жол бойындағы үйлерді атқылай

бастады. «НУРС» деп отырғаным, орысша «Неуправляемые реактивные снаряды» деген сөздердің алғашқы әріптерінен жасалған аббревиатура. Мұндай снарядтар Ұлы Отан соғысы кезінде атышулы «Катюшада» болған. Вертолеттердің бірінде командир отыр екен, әуеде жүріп-ақ біздің іс-қимылымызды келістіре бастады. «Қираған КамАЗ-дарды жолдан итеріп тастап, тоқтамай жүре беріңдер», – деді. Әйтеуір, қышлақтың шетіне шықтық-ау. Сол кезде вертолеттердің бірі қонды да, жаралы Смайыловты артып, оны әкелген машинаға Керімбаев отырып алды. Сол шайқаста жалпы есеппен сегіз адам жараланып, үшеуі көз жұмды. Өліп кеткендердің бірі үшінші ротаның пулеметшісі қатардағы жауынгер **Алексей Давыдов** та, қалған екеуі – колоннадағы автомашиналардың жүргізушілері. Біздің ротадан Смайыловтан өзге бірінші взвод командирінің орынбасары **Есентай Айдарғожин** маңдайынан жанама жараланды, оқ маңдай терісін сызып өтіпті.

Базаға келісімен санчастьқа жүгірдім, командирімнің қалын білейін деп. Алдымнан сонда қызмет істеп жүрген **Бақыт Тақырбасов** шықты да Смайылов тірі екенін, бірақ оны вертолетпен Құндыздағы дивизияның медсанбатына әкетіп үлгергенін айтты. Қасына жол бойы бақылап отыр деп старшина **Орынбасар Тазабековті** ертіп жіберіпті.

Соңынан кешке қарай Асылхан Утеев ротаға келген соң жағдайдың егжей-тегжейін білдік. Өлгендер мен жаралыларды вертолетке қалай артты, сол тәртіппен кейін түсіреді, Смайыловты екінші қып түсіреді. Утеев бірінші түсірілген солдатқа операция жасап үлгергенше, Смайылов басқа жаралылармен қоса операционныйдың алдындағы бөлмеде жатты. Операциясын аяқтаған соң Утеев:

– Келесіні кіргізіндер! – деп команда берсе, бір түсініксіз кідіріс болады.

– Не болды? – деп сұраса, санчастьтың командирі капитан Рахманқұлов:

– Смайыловты кіргізейін деп жатыр едік, бірақ ол жан тапсырды, – дейді.

– ...Твою мать! Тез үстелге салыңдар! – деп Утеев ақырады.

Операциялық үстелге салса, пульс жоқ, жүрек қақпайды. Клиникалық өлім. Бірақ жараның түрінен асфикция болғанын хирург түсінді. Қазақша айтқанда, ауа жетпей тұншығып өлген. Оқ жақ сүйеген қиратқан соң, тілі көмекейіне құлап, кеңірдекті қылғындырып бекітіп тастап, өкпесіне ауа өтпегендіктен тұншығып кеткен. Шешім тез арада қабылданды. Скальпель. Кеңірдекті орып жіберіп, тесікке шланг салды.

– Болды. Ал енді шайқаймыз! – Дәрігер-анестезиолог капитан **Сергей Ниякин** қарымды қимылдармен жүректің тұсын екі қолымен басып шайқай бастады. Бір, екі, үш! Ауыздан ауызға дем салу. Бір, екі, үш! Қайталаймыз! Тағы, тағы! Дәм-тұзының әлі таусылмағаны ғой, Сейілхан кеңірдекке тығып қойған шлангы арқылы ышқына демін ала, кеудесі дір етті. Жүрек соға бастады! Әрі қарай үйреншікті істер. Жараны тазалап, сүйектің қирандыларын алып, бекітіп орап тастау. Тәжірибесі мол хирургке мұндай операция сондай таңғажайып та емес шығар, бірақ проблема Утеевтің кеше ғана мединституттың түлегі болғанында және оның үстіне науқас жансыз болғанында ғой. Кез келген дәрігердің мұндайға батылы жете қояды деп ойламаймын. Оған қоса, дәл сол кезде қол астында мұндай жағдайда әдейі қолданатын темір түтікше болмай, тілген жеріне ұзын резеңке шланғысын салады. Артынан өзі бізге түсіндіргенінен білгеніміз, онысы эндотрахиальный деген шланг екен, кеңірдек арқылы наркоздық қоспа беруге арналған. Міне, сол темір түтіктің орнына қолына түскен резеңке шланг офицерді сақтап қалған. Біздің түсінгеніміз, ол шлангыда бөтен сұйық зат ауа жүретін жолдарға кіріп кетпесін деп, кіргізген орнын тығыздайтын манжеттер бар көрінеді, сол манжеттер вертолетпен ұзақ жерге тасымалдағанның өзінде қаншама селкілдесе де, медсанбатқа жеткенге дейін орнынан қозғалмай, капитан аман қалған. Темір түтік болса, селкілден көнбей не төмен түсіп, не орнынан шығып кетер еді.

Асылханды артынан Кабулдағы госпитальға шақыртып неге арнайы темір түтіктің орнына резеңке шланг салдың деп қолқалаған көрінеді, қолыма түскенін салдым десін бе, манжеті бар шланг дұрыс болады деп ойладым деп хирургіміз абыройына абырой қосып шығады. Жалпыәлемдік практикада

мұндай қолдану алғаш екен, екі жыл өткен соң, бұл әдісті АҚШ та қолдана бастайды. Міне, осылай біздің дәрігер-хирург Асылхан Утеев шын мәнінде офицерді о дүниеден қайтарып алды. Бұдан кейін біз жараланған жағдайда Асылханға дейін жеткізсе, ол бізді алып қалатынына жүз пайыз сенетін болдық. Тек бас сүйегіміз быт-пыт болмаса. Сондықтан келесі шайқастарда денеміздің басқа мүшелеріне аса мән бере қоймай, ең алдымен, басымызды паналайтын болдық. Міне, біздің дәрігерге деген сеніміміз қандай мықты болды.

Әділдік үшін айта кету керек, вертолетпен әкетіп бара жатқанда Смайыловты екінші мәрте ажалдан алып қалған медпункттің старшинасы Тазабеков болған. Жаралы офицерді медсанбатқа дейін жеткізуге тапсырма алған Орынбасар бір мезгілде Смайыловтың көзі алақтап, бірдеңе айтқысы келгенін байқайды. Тазабековтің өзі айтқандай, көзқарасы біртүрлі мені күтқаршы дегендей, жалынышты болды дейді. Вертолеттің іші құлақ жаратындай гүріл, ештеңе естілмейді, бірақ қиналып жатқанын сезіп, құлағын кеудесіне тақаса, бүлкілдеген дыбыс естіледі. Бүлкілдеп жатса, өкпеде сұйық зат болғаны. Басқа шара жоқ, жиіркенсе де аузымен манағы түтік арқылы сорып алады кеудесінде бүлкілдеп жатқан затты, содан соң Сейілхан тынышталып, қайта есінен ауып кетеді. Медсанбатқа келген соң, тағы бір проблема туындады, капитанға қан құймақшы болса, оның қаны сирек кездесетін төртінші группа болып шықты, ал медсанбаттың қорында жоқ көрінеді. Бірақ оның бағына қарай дәл сондай қанның группасы Орынбасарда болып шықты. Тазабековті кереуетке жатқызады да, Смайыловты оның қасына жерге жатқызып, тігінен қан құяды. Сол жерде дәл сондай қанды қажет етіп жатқан тағы да бір офицер бар екен, оған да старшинаның қанын құяды, бірақ, өкіншке орай, ол офицер есіне келместен сол жерде жан тапсырады.

Капитан Смайылов жан сақтап тірі қалды, емделді. Ташкент госпиталінде, оның өз қабырғаларын сөгіп алып, жақ сүйектерін, астыңғы иегін жасап береді. Одан кейін ол службасын әскери комиссариаттарда жалғастырды. Полковник шеніне дейін қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Мұндай ауыр жарақаттар ізсіз кетпейді ғой, 2010 жылдың қаңтары-

ның 27-сі күні Сейілханның жүрегі екінші рет, бірақ енді мәңгіге тоқтады. Семей облысы Үржар ауданының Қарабұйрат ауылының тумасы болатын. Совет заманында бұл ауыл Тасбұлақ совхозы, Новотроицк селосы деп аталып жүрген. Халқымыз бір тумақ болғанымен, бірге өлу жоқ дегенімен, осы айтып отырған Сейілханның жұбайы Гауһар, ел түгел Гая дейтін жеңгеміз қайғыдан бас көтере алмай, сүйікті жарының соңынан қырқына жетпей жүріп кетті...

Соғыстан кейін көп жыл өткен соң, Орынбасар Тазабеков өзінің елу жылдық мерей тойын жасап жатқанда, Сейілханның Тимур, Артур деген балалары, тіреуішке салынған қос қылышты сыйға тартып тұрып:

– Орынбасар аға! Біздің әкеміздің тамырында сіздің де қаныңыз бар, сіздің арқаңызда ол тірі қалды, енді біз де сіздің ұлдарыңыз, мына қылыштардай сіздің қос қылышыңыз боламыз, – деді.

Жоғарыда айтып кеткем, біздің жайғасқан жерімізге қарсы, ұшып-қонатын алаңның арғы бетінде біздің әскери операцияларымызды қолдауға арналған Ми-8 вертолеттері эскадрильясы тұратын. Ми-8-ді барлық әскерилер «восьмерка» дейтін. Бұл вертолеттер негізінен соғысқа бейімделмеген, екі-үш тонна жүк не болмаса он-он бес адам тасымалдайтын азаматтық аппараттар болатын. Бірақ біздің конструкторлар жаяу әскерлерді әуеден қолдауға арнайы сұсты қаруы бар, құрышпен құрсанған Ми-24 вертолеттері болса да оған азын-аулақ өзгерістер енгізіп, соғыс машинасы етті. «Жиырма төртіншілер», былай айтқанда, әуе танкілері болатын.

«Восьмеркаларға» іліп қоятын пилон деген құралдар қондырылып, оларға реактивтік снарядтар жайғастыратын контейнер-пакеттер орналастырылды. Екі жағында әрқайсысына 32 не болмаса 64 снаряд сыятындай. Жауға тиер зақымы да, психологиялық әсері де өте мықты қару. Пилондарға бес жүз килограмдық бомбалар да іліктіруге болатын. Егер пакеттер 32 снарядтық болса, төрт бомбадан, ал 64 снарядтық болса, екі жағына екі бомбадан сыятын. Және вертолеттің тұмсығына 7,62 мм пулемет орналастырылды. Осыларға

қоса, жылдамдығын және асқан маневрлігін есепке алсақ, өте айбарлы машина болып шықты. Жасалған реконструкциядан кейін бұл машиналар тек соғыс топтарының жеке құрамын керекті жеріне жеткізгеннен басқа, сол топтарға қаруымен қолдау да жасай алатын болды. Кейде салонның ішінен есікке таяу АГС-17 гранатометін бекітіп, жауды онымен де атқылайтын. Күндердің бірінде мұндай вертолеттің атысының астында қалу қандай екені өз басымыздан да өтті.

1981 жылдың желтоқсан айы білем, қақтығыстарға алғаш шығып жүрген кезімізде ротамыздың топтарының бірін басқарып, тосқауыл жасауға шықтым. Тосқауыл құрам деген тұста шатқалдың екі жағында да бронды техниканы тығатын жер болмағандықтан, машиналарды таудың шеткерірек бір бұрылысына тасалап қойдырдым да, жүргізушілер мен оператор-көздеушілерді күзетке қалдырып, қалғанымыз жаяулап таңдаған позициямызға келіп жасырындық. Таулы жерде жалғыз аяқ соқпақ болсын, көлік жүретін жол болсын, көбінесе шатқал не сайдың табанымен өтеді, сондықтан тосқауыл құрарда әрқашан сәл жоғарырақ жайғасамыз, біріншіден, жауың алақанындағыдай көз алдында, екіншіден, жартасты жорғалап бірден қасыңа жетіп те келе алмайды, үшіншіден, тау-тастың арасында жасырыну да оңай. Әбден ұзақ отырдық. Үш шақырымдай алшақта екі жотаның арасында шағын қышлақтың төбелері көрінеді, барлау мәліметі бойынша осы қышлаққа дұшмандардың бір тобы өтуге тиісті. Уақыт түске жақындап қалған кезде екі жағынан да қоржындар ілген есекті жетектеген қарусыз адам көрінді төмендегі соқпақта. Рация арқылы: «Тиіспей өткізіп жіберіңдер!» – деп команда бердім. Артынан көз жетер жерде бір топ адам көрінді, шамасы отыз шақты, асынған қару-жарақтары бинокльмен көрініп тұр. Жау түгелімен ату секторына кірісімен соққыға кірістік. Ату секторы деп қаруыңның стволының бұрылу мүмкіншілігі мен оғының жетер жерін атайды, кейде ол әр жауынгерге әдейі белгілеп қойған алаң болады.

Тосқауылдан болса да қаруланған отыз кісіні бірден атып тастау оңай емес, шайқас созылайын деді. Жағдайды базаға



баяндап едім, жиырма минуттай уақыт өткен соң, екі вертолет жетіп келді де, үстімізден бір айналып, беттерін бізге бұрып алып шүйіле жөнелді шабуылдап.

– Түтін салыңдар! – деп айқайға салдым. «Түтін салыңдар» дегенім, бізде қызғылт түсті түтінмен белгі беретін қолға ұстап тұрып жағатын сигналды ракеталар болатын. Қайдан, бөрі қорқып қалды. Өзім де сасқалақтап, ракетамды лезде суырып ала алмадым. Сөйтіп жатқанымызда, алдыңғы вертолет төніп келді де, реактивтік қондырғысынан бізге қарай тарс еткізді, бытырап жатқанымыз абырой болды, құдайдың сақтағаны ғой, әйтеуір, шығынсыз құтылдық. Екіншісі шүйіліп жеткенінше, түтін салып, өзімізді белгілеп үлгердік те, жау жаққа қарай ракета атып, шабуылын керекті бағытқа сілтедік.

Вертолеттер тапсырылған аумаққа жеткен соң, техника көзге түспей, атысып жатқан бір топ адамды көреді де, дұшмандар екен деп ойлап, бізді шабуылдағаны артынан белгілі болды. Бомбыламай, атып қана қойғанына шүкіршілік еттік. Жалпы, өз армиямыздың атысының астында үш рет қалдым, ол оқиғалар туралы кейінірек әңгімелеп беремін.

Ал жалпы вертолеттер біздің ең басты құтқарушыларымыз болған, оларсыз жағдай мүшкіл болар еді. Тындырмайтын шаруасы болмайтын – жауынгерлік топтарды соғыс даласына жеткізетін, шайқас үстінде қаруымен қолдайтын, оқ-дәрі әкеп беретін, маңайымызды барлайтын, өлгендер мен жаралыларды әкететін, хат-хабар жеткізетін, демалысқа алып кететін. Сондықтан болар, осы күнге дейін вертолет моторының алыстан жіңішке дауыспен ыңылдап, жақындай келе бырпылдаған таныс үнін естісем елең етіп, үйреншікті қалыппен жан-жағыма бас бұрып, қай бағыттан келе жатқанын іздеп, көзге ілінген соң ескі танысыңды көргендей жылыған жанарыңмен шығарып саласың.

Бас кезінде түтін салып, ракета атып, не болмаса жанып із қалдырып ұшатын трассерлік оқтармен нұсқап, мылқау адамдардай тілдесіп жүрсек, кейіннен бізге «Ромашка» деген авиациямен байланыс жасауға арналған раңиялар берілді.

Капитан Смайылов жараланғаннан кейін рота командирі болып Семей облысы Шақаман ауылының тумасы, Алматы жоғарғы жалпыәскерлік командалық училищенің 1978 жылғы түлегі, бірінші топтың командирі аға лейтенант **Қалибек Ғазизұлы Ахметов** тағайындалды. Ал оның орнына топ командирі болып бірінші ротадан аға лейтенант **Мирбек Усеновті** ауыстырды. Қырғыз жігіті болатын, туған жерін білмеймін, әйелі орыс болғандықтан білем, елдің бәрі оны Миша деп атап кеткен. Бұл Мишаның бір ерекшелігі, бейбіт уақытта Қапшағайда жүргенімізде мотоциклге өте құмар болатын. Қызыл түсті «Ява» деген мотоциклмен өзінің айтуы бойынша, Өскемен мен Фрунзенің (*қазіргі Бішкек – авт.*) арасында талай саяхаттаған.

Қалибек әскери ретінде өте білімді, өжет, бірақ еркін мінезі бар, курсанттық албырттығынан әлі де арыла қоймаған офицер болатын. Жоқ, оны бұзақы деп айтуға болмас еді, бірақ, мысалы, командирдің рұқсатынсыз өздігінен жау іздеп маңайды кезіп, не болмаса бес-алты шақырым жердегі көрші ротаға жалғыз машинамен шығып кете беретін. Ал соғыс кезеңі мұндай жеңілтектікті көтере қоймайды, оп-оңай басыңнан айырылуың мүмкін және ең жаманы, тек өз басың емес, қасыңа ерген жауынгердің де басы бөйгеге тігіледі. Бірақ, шынтуайтқа келгенде, ол ең ержүрек офицерлердің бірі және жаратылысынан нағыз командир еді. Солдаттар оны жанымен жақсы көріп, өзіне қатты сенетін. Ал солдаттың командирге деген сенімі – әсіресе соғыс кезінде, бағасы өте зор сезім. Жауынгерің өзіңе сенсе, қандай қиын болса да орындалмайтын тапсырма болмайды, себебі ол арты не болар екен деп алаңдамай, қайда жұмсап жатқанын командир өзі біледі, не қиындық түссе де командир құтқарып алып шығады деп, өз ісін қобалжымай тындырып жатады. Керісінше болса, бұл пәле тағы неменеге ұшыратар екен деп тартыншақтанып тұрады.

Сөйтіп, саптан шыққан Сейілхан Смайыловтың орнына Қалибек рота командирі болды. Бұл тағайындалуды біз қолайлы көріп, шеттен біреуді отырғызбағанына қуанып та қалдық.

Әрбір офицер негізінде келесі лауазымға ынтығып тұратын мансапқор келеді, бұл дұрыс та. Ешкім әскери училищеге өмір бойы лейтенант шеніндегі взвод командирі болам деп бармайды, әрқайсымыз генерал погонын арман қыламыз. Солай бола тұра, дәл сол кезеңде Қалибектің бәрімізден де бір елі болса да командирлік деңгейі жоғары екенін мойындадық, сондықтан болар, командир болғанын қызғанбай, қуанышпен қарсы алып жатқанымыз. Соғыстың аты – соғыс, шығынсыз болмайды, бірақ кіммен иық тіресіп қатар соғысатының бәрібір емес.

Өзара жүрген жерімізді өзеннің ар жағы – «за речкой» дейтінбіз, сол өзеннің ар жағындағы алғашқы айларымыз да тез өте шықты. 1982-ші Жаңа жылды қарсы алдық. Қаңтардың он екісі күні барлық офицерлер мен прапорщиктер бас қосып, бір семьяның адамындай болып, Борис Төкенұлының отыз төрт жасын да тойлап тастадық. Бірақ әскери арақатынасымызға, субординацияға мұндай отырыстардың көлденең әсері болмайтын. Қатар отырып ішуін ішсек те, удай мас болып, бір-бірін құшақтап, бет жаласудан аулақ болатынбыз. Мысалы, **Сергей Николаевич Фадеев**, ол да мен сияқты аға лейтенант, оның үстіне бір жас кіші, бірақ жасақ командирінің орынбасары болғандықтан мен үшін бастық, сондықтан стақан ұстап бір дастарқанның басында қатар отырсақ та, оған ешқашан «сен» деп не болмаса басқаша өз теңдігімді көрсетуге тырысқан емеспін. Теңдік бізде өзгеде болды – автоматтың бір дүркін атылған оқтарынан, бір минаның жарықшақтарынан бірге өлуге не болмаса тірі қалғанымызға қуануға қай лауазымда болсақ та, мүмкіншілігіміз тең, бірдей болатын.

Бөлім командирінің туған күнінен бір күн бұрын алтыншы ротаның прапорщигі **Александр Кравченко** аз ғана топты басқарып, жолай бара жатқан колоннамен қосалқы бөлшектер мен дәрі-дәрмек әкелуге Кабулға аттандырылған болатын. Жолшыбай асулардың бірінде атыстың астына түседі. Ішінде әлгі прапорщикпен бірге сержант **Орынбасар Тазабеков** және тағы да екі жауынгер жігіт келе жатқан УАЗ-452, біз «таблетка» дейтін санитарлық автомашинаның тежегіш жүйесі жарықшақпен зақымдалғанның салдарынан жартасқа соғылып жол үстінде аударылады да, жана бастайды.

Тазабеков жарықшақпен, жараланып, оның үстіне қолы, екі қабырғасы, оң аяғының ортан жілігі сынады. Бірақ тірі қалады. Машинаның ішінде бірнеше адам болғанымен, Тазабеков қана ауыр жараланады, бірақ айтып отырғаным ол туралы да емес. Олар бәрі де, прапорцигі болсын, сержанты болсын, екі солдат болсын, сол жерде өліп кетуі мүмкін еді. Бірақ олар, Аллаға шүкір, қираса да тірі қалды, соларына қуанды, тағдырдың алдындағы теңдік, міне, осыда еді.

Жасақ орналасқан аумақта **Маулави-қара** деген ұлты өзбек құрбашы бастаған дұшмандардың жиынтық тобы жаугершілік әрекет жасап жүрген болатын. Жалпы, солтүстік Ауғанстанда негізінен өзбектер қоныстанған, екі миллионның шамасында. Ресми статистикаға сүйенсек, Ауғанстанда елу мыңға таяу қазақтар да болуға тиісті. Оларды кездестіргенімді кейін әңгімелеп берермін. Артынан біз орын өзгертіп барған Панджшер шатқалының тұрғындарын шетінен тәжіктер құрайтын. Айпақшы, Бабрак Кармаль да, Ахмад Шах Масуд та сол ұлттан шыққан. Тәжіктің саны үш миллионның деңгейінде. Ал мемлекеттің негізін құрастыратын сегіз миллион пуштун елдің Пакистанмен шекаралас оңтүстік бөлігінде тұрып жатыр.

Содан ептеген соғысу тәжірибесін жинақтап, бізге дейін провинция аумағында ойына келгенін істеп, тайрандап еркін жүрген манағы Маулави-қараға тыныштық бермей, тиісе бастадық. Бірақ ол да біз келді екен деп айылын аса жия қойған жоқ. Әлсін-әлсін оның жасақтары тіпті провинция орталығы Меймене қаласына да жортуылдап жүрді, біздіңше ол облыс орталығы деуге болады. Ал күндердің бірінде провинция губернаторын өз үйінде түнде атып кетіпті деген хабар жетті. Дәл содан бір күн бұрын біздің базаға келіп командирмен бірдеңеге келісіп жүрген, жас шамасы отыздың жуан ортасында, жұқалау келген, бойшаң қара торы жігіт екен.

Бірақ сонда да, Маулавидің соңында жүрген алғашқы екі айымыз келесі іс-қимылдарымыздың тек бастамасы ғана болды.

## 6. Дарзаб жорығы

Мейменеден батысқа қарай, таулардың арасында, шама-сы жүз шақырымдай қашықтықта Фарьяб провинциясына қарасты Дарзаб деген елді мекен бар. Бұл маңайдағы таулардың биіктігі сондай керемет те емес, бар-жоғы екі мың метрдей, бірақ түгелімен бірыңғай жартас, жартас болғанда басқа жерлердегідей сом болып жаратылған тас емес, біреу әдейі алып шоқпармен соққылап бұзып тастағандай ірі-ірі дәу тастардың үйіндісі. Жол деп атаудың өзі де қиын, бірыңғай Ширинтагао өзенінің бойымен жоғары қарай ирелеңдеп, біресе судың о жағасына, біресе бұ жағасына шығып, сүрініп-қабынып, таяғын тықылдатып жол іздеген соқыр адамның ізіндей. Ауыр техниканы өзгеретін көне, тар көпірлермен бір өзенді бірнеше рет кешуге тура келді. Пехотаның соғыс машинасының салмағы аз болсын, көп болсын он үш тонна, ал жүк тиеген ЗИЛ-131 де одан кем тартпайды, сондықтан қолдан келгенше абайлап, өте сақ жүріп отырдық.

Тыл шаруашылығы базада қалды да, өзімізбен тек бірнеше дала қазандықтарын, аздаған азық-түлік, оқ-дәрі алдық. Операция бір жұмадан аса қоймайды, сосын орнымызға ораламыз деп жоспарланған. Орыстар «Человек предполагает, а Бог располагает» дейді ғой. Жоспарымыз тек сол жоспар болып қалды. Дарзабқа дейінгі жүрісіміздің өзі үш күн алды. Маршруттың өте ауыр болғанына қоса жол бойы миналар, тар жерлерде таспен құлаған ағаштарды аралас тастаған үйінділер, жаудың тосқауылдары. Әлсін-әлсін ұрыс салып, әйтеуір, жеттік-ау. Ол кезде Дарзаб Ауғанстанның Фарьяб, Джаузджан, Балх және Саманган провинцияларында ұрыс салып жүрген көтерілісшілердің базалық орны және бекінісі болатын. Дұшмандарды оқыту орталығы да осы жерде. Оқытқанда, әрине, әліппені оқытпайды, үйрететіндері соғыс өнері – қалай дұрыс мина қою керек, гранаталарды, пышақты, отты қарудың әр түрін қалай қолдануға болады, күзетте тұрған сақшыны қалай білдірмей жақындап барып пышақтап өлтіріп не болмаса ұрлап алып кетуге болады дегендей толып жатқан соғыс тәсілдері.

Міне, сол бекіністі талқандау мақсатында 40-шы армияның басшылығы осы операцияны жоспарлап жүргізіп жатқан. Негізгі күштер, ал оларымыз 201-ші дивизияның үш мотоатқыштар батальоны мен төрт ауғандық батальон Мазари-Шариф қаласы жағынан, яғни солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытта жылжыды. Ал біз жау Ширинтагао шатқалымен оңтүстік батысқа қарай ығысып кетпеуіне тосқын болуға тиіспіз. Майор Игорь Стадеревский басқарған бірінші арнайы мақсаттағы «мұсылман» батальонының бөлімшелері вертолеттермен жеткізіліп, Дарзабты қоршаған зәулім төбелерге қондырылды.

Жол бойы кедергі болған қиыншылықтардың салдарынан біз қаланы шабуылдаған шайқасқа үлгермедік те, соққыдан аман қалған дұшман құрамаларының қалдықтары солтүстік-шығыстағы Сари-Пул елді мекені жағына кетіп қалды. Біздің келе жатқанымызды білген дұшпан жағдайы жеткенше кедергі жасап, бізден керісінше жаққа сытылған.

Жорықтың алғашқы күні тау ішіндегі жартасты бұрылыстың бірінде, ірі тастар арасында, минаға қарсы тралы бар, колоннаның ең алдында келе жатқан танк аударылып қалды. Минаға қарсы трал дегеніміз – бірнеше қатар ірі тісті темір дөңгелектерден жиналған, танкінің алдына бульдозердің күрегіне ұқсас іліп қоятын каток. Каток жерге көміп қойған минаны басқан кезде мина жарылады да, трал жетегімен қоса бір секіріп, танк ілгері жүре берді. Міне, сол танкіміз тастардың арасында кептеліп, жолды бөгеп тастады. Оң жағынан да, сол жағынан да өтіп кете алмайсың, шегінуге тағы да жол жоқ, артта бүкіл колонна тұр. Табанының астына мина орнатып жарып, секіргіп бір домалатып, қасындағы тегіс жерге тағы да аяғынан тік қоймақшы болды. Инженерлік службаның бастығы капитан Сергей Селютин керекті есептерін жасаған соң, зарядты салды да жарды. Танк тұрған орнында секіріп аударылды да, бірақ ...аяғына тұрардың алдында еңкейіп қалып, пушкасының стволын жерге шаншып майыстырды. Жасақ командирінің орынбасары капитан Нарын Бексұлтанов майысқан стволды түземекші болып снаряд салып атты,

бірақ атылған снаряд қисайған жерге жеткенінде, әрине, стволды жарып жіберді, стволы сол жарылған бойы гүл желегінде жайылып, әрі қарай жүріп кетті.

Жорықтың келесі күні көпірден сайға БМ-21 «Град» машинасы құлады. Бұл – баяғы Отан соғысы кезіндегі атышулы «Катюша» қондырғыларының жалғасы. Дәл шығардың алдында Құндыз қаласында орналасқан 201-ші дивизияның 998 арtpолкының екі «Град» батареясымен күшейткен бізді. Былай айтқанда, ықшамдалған дивизион, командирі Гузь деген майор болатын.

Артынан көп жыл өткен соң, сол дивизионның солдаты **Болат Асқатұлы Асқаровты** кездестірдім. Ол біздің Қалибек Ахметовтің жерлесі еді. Сол БМ-21 құлаған күні екеуі кездескен болатын. Сол кездесулерін енді Болаттың өзі әңгімелеп берсін.

*«Колонна тоқтады. Бұл неге бәрі әрі-бері жүгіріп, әбігерленіп қалды десем, біздің БМ-21 машиналарының бірі көпірден сайға құлап кеткен екен. Қызықтап, мен де барып көрейін деп алағ қарай жүгірдім. Бір уақытта қарасам, жол үстінде неге екенін білмеймін, көлденең БМП тұр да, оның үстінде екі аяғын талтайтып Қалибек тұр. Жақындап келдім де:*

*– Қалибек, – деп айғай салдым. Ол бұрылып маған қарады да:*

*– Сен Мұраттың досымысың, – деді машинадан сырғып түсіп жатып.*

*– Маған айтып еді, Асқаттың баласы да Ауғанда жүр деп, міне, енді кездестік, – деді. Мұрат Қалибектің інісі болатын. Мен:*

*– Кездескеніміз жақсы болды, біз енді Ауғанстанда ауылдан үш кісі жүрміз, Талғат Елшібаев Кабулда служит етіп жатыр, – дедім. Асықпай темекісін тұтатып жатып, Қалибек маған қабағының астымен қарады да:*

*– Ол тамыз айында қайтыс болған, – деді.*

*Сасқанымнан не дерімді білмей үндемей қалдым, үй іші маған бұл жәйді жеткізген жоқ еді. Қасымызға георгиевканық Мұхтар Оспанов келді, ол Қалибекке құда болып келетін.*

– Міне, Болат, – деді. – Бұл да Шақаман.

Бірақ әңгімелесіп ұлгермедік, мені шақырып біздің расхаттардың сержанты жүгіріп келді. «Құлаған машинадан снарядтарды жоғарыға көтеріп алып, машинаның өзін жағып жіберіңдер» деген команда берілген екен. Қараңғы түсе дем алуға тоқтап, машиналарды позицияға қойдық. Түнде біздің батареяға Қалибек келіп, өзімен бірге алып кетті. Автоматымды ала жүрейін деп қолыма алып жатыр едім, бірақ ол:

– Керегі жоқ, алыс емесіз және маңайдың бәрінде күзет тұр, – деді.

Айналамыз қап-қараңғы, қаңтар айы болса да қар әлі түскен жоқ, бірақ керемет суық. Оның ротасының жайғасқан жеріне келдік. Бірнеше офицер жартастың түбінде от жағып тушенка қыздырып отыр.

Біреуі:

– Жерлесіңді кездестірдің бе? – деп сұрап еді.

– Жоқ, інімді, – деп Қалибек жауап берді. Бір жерден фляжканы шығарып, кружкаларға арақ құйылды. Маған да құйып берді. Қалибек маған қарап сәл кідірді де:

– Сен бала ішпейсің, – деді. Мен кружкамды ысырып қойдым.

Көрінгенді айтып ұзақ отырдық, сосын Қалибек ертең ерте тұрамыз, ұйықтау керек деп, мені машинама дейін шығарып салды.

Күндіз БМ-21-лерімізбен бір жаққа қарай аттық. Бізге дұшмандар қашып бара жатыр деп түсіндірді. Сосын тағы ілгері жылжыдық.

Төрт күн өткен соң, Дарзабта «Урал» машинасының кузовында брезент жамылып жылынып жатыр едік, біреулер брезентті көтеріп:

– Мұнда Болат бар ма? – деп сұрады. Басымды көтерсем, Мұхтар Оспанов, Нұржан Каримов және тағы екі солдат тұр. Қолдарында ыстық каша салынған котелоктар. Менің бар екенімді көріп, қолынан тартып Қалибекті жоғарыға көтеріп алды. Тамақтанып болған соң, Қалибек:

– Жұр, мені шығарып сал, – деді.



– Енді жан-жаққа кетеміз, сендерді қайтарғалы жатыр. Десантта служит еткің келе ме? Қазір ауру деп біздің санчастьқа жатқызам, сосын рапорт жазып бізде қалып қоясың.

– Қалам, – дедім. – Бірақ Мақсұт деген досым бар еді, оны да ауыстыру керек.

– Жоқ, екеуіңді бірдей ауыстыру қолымнан келмейді.

Содан кейін абайлап жүр деп ақыл берді де, қоштасып жатып қалтасынан өзінің адресін жазып қойған кішкене қол дәптерін ұсынып:

– Мына адреске жазып тұр, – деп құшақтады.

Бұл 1982 жылдың қаңтар айының 17-сі күні болып еді. Мамыр айында үйден келген хаттардың бірінде Қалибекті жерледік деп жазыпты. Аяғында туыстарым «Енді өзіңді сақтап жүрші...» депті».

Операция аяқталған соң, мемлекеттік билікті күшейту ретінде командование біздің жасақты Дарзабта қалдырмақшы болды. Бізбен бірге Ауғанстан армиясының 35-ші пехота полкі қалды. Дарзаб он мыңға таяу халқы бар, өжептәуір ірі елді мекен болатын, бірақ барлық тұрғындары біз кіргенде үйлерін тастап, тау арасына кетіп қалған. Жасақ штабы қалашықтың ортасында орналасты да, бөлімшелерді техникасымен қоса жайғастыратындай жағдайы бар, маңайы кең, бөлмелері мол үйлерді іздеп тауып, шашыраңқы орналастырды. Біздің ротаға лицей бұйырды. Жалғыз қабатты, барак тектес, қара-қоңыр тастан қалаған ғимарат. Іші-сырты сыланбаған, терезелері кішкентай және көмескі болғандықтан, аса жарық түсе қоймайтын, іргелері бірыңғай ызғар тартып, біртүрлі түнеріп тұрғандай үй болатын. Тұрғын үй болсын, оқу орны болсын, жылыту үшін пеш салмайтын. Мектептерінде, балалар тоңбас үшін білем, қыс айларында оқымайтын көрінеді. Отын дегенің үлкен проблема, ал маған олар көмірдің не екенін мүлдем білмейтіндей болып көрінді. Тұрғын үйлерде пеш не аулада, не үйлердің төбесінде тек тамақ дайындау үшін ғана салынады. Төбеде салатыны, жартасты алқапта жердің әрбір қадамы қиындықпен түседі, тайпақ төбелерін де іске қосатындары сондықтан болар. Ауа райы салқындап

кеткенде жылыну тәсілдері де қызықты көрінді. Төмен үстелдің астына қызып тұрған шоқ салынған қыштан жасалған жадағай құмыраны қойып, аяқтарын үстелдің астына созып, үстінен үлкен көрпемен жауып, жағалай отырады екен. Үй жабдықтары – қолдан жасаған төмен үстел, сондай комодтар, кебеже, сандықтар. Жерге біздің алашаға ұқсайтын төсеніш не болмаса жасанды паластар төселгенін, кереует тұрғанын көрген жоқпын. Тұрмысы жоғарылау үйлерде кілем көп, қабырғаға да іледі, жерге де төсейді. Тақтай төсеген сәкі көрген жоқпын, бірінші қабаты болсын, екінші қабаты болсын лаймен сылап тастаған еден. Толып жатқан жапондық магнитофон, радиотранзисторлар, телевизорлар болған жоқ.

Қарауыл қосындарын қойдық, жағдайы келетін жерде окоп қазып не болмаса тастарды үйіп қалқан жасап, техниканы паналадық. Есімде, өз ротамыздың маңында окоп қазып жатып жерге көміп тастаған екі ППШ (*Пистолет-пулемет Шпагина – авт.*) автоматын тауып алдық. Бұл – Совет Одағында Ұлы Отан соғысы жылдары шығарылған дөңгелек оққорабы бар автомат. Ештеңеге оратылмай, жерге жәй тастай салып, үстінен топырақпен көме салған, бұған дейінгі окоптың түбі болу керек. Қазып алған соң, топырағын қағып, жеңмен сүрте салып, затворын тартып шаппасын басып қалғанда, жап-жаңа автоматтардай дырылдатып жөнелді. Міне, біздің советтік қарудың сапасы қандай жоғары болған.

Сол автоматтар, «Т-34», «Т-55» танкілері, кейбір артиллериялық зеңбіректердің түрлері, ірі калибрлі «ДШК» пулеметтері, 82 мм минометтер, пехотаға қарсы миналар, қол гранаталары сияқты советтік соғыс құралдары мен техника ауғандық армияның қаруында болып, одан кейін біртіндеп дұшман құрылымдарының қолына көшетін. Сол кезде де, қазір де оларды бандформирование (*бандиттік құрылым – авт.*) деп атап жүр. Бұл ұғыммен келісе алмаймын, олар көпшіліктің түсінігіндегідей, өз бетімен қаңғырып, кім көрінгенге соқтығып жүрген бандалар емес, дайындығы жоғары, жеткілікті жабдықталған, іс-қимылдары ұйымдастырылған әскери құрылымдар болатын. Сәл кейін оларда самолет, вертолеттерді атып түсіруге арналған Қытай, Египетте жасалған «Стре-

ла-2М» көтермелі зениттік ракета кешендері мен брондталған техниканы талқандайтын РПГ-7В гранатометтері пайда бола бастады. Советтік қарудан өзге оларда 7,62 мм «Бур» деп аталатын, орыстың «трехлинейка» дейтін Мосин винтовкасына ұқсас англиялық винтовка болды. Бұл винтовкалар, «Бурды» айтамын, өте жақсы қару болатын. Ешбір көздеу құралысыз екі жарым мың метрге дейінгі нысананы ата беруге болатын, тек қолың мықты болсын. Тағы да қытайлық 7,62 мм Калашниковтің автоматтары болды. Достасып жүрген кезінде АК-47 автоматтарының конструкциясын Совет Одағы Қытайға берген болатын. Бірақ бұл автоматтар аса мәз емес еді, себебі конструкциясын бергенімен, стволды жасайтын болатың құрамын бермеген сияқты, сондықтан болар, ұзағынан дүркіндетіп (*длинными очередями – авт.*) атқанда стволдары қызып, соңында оқты атқанның орнына түкіріп тастайтын не болмаса атылған оқ стволда тұрып қалуы да ғажап емес еді. «Духтар» бірыңғайы келсе, бұларды лақтырып тастап, біздің «калаштармен» қаруланғанды ұнататын.

Жайғасқан жерлерімізді бекіндіріп, күзет қосындарының орындарын жабдықтап біткен соң, жауынгерлік тапсырмаларды орындау мақсатында әлсін-әлсін маңайымызға шыға бастадық. Айналамызда бүлікшілер бықып жүргендіктен, жұмыста жеткілікті болатын. Ең басты мәселе – оларға енді бұдан былай жағдайдың иесі біз екенімізге, бүлдірген істері үшін жауапсыз кетпейтіндеріне көз жеткіздіру. Көп уақыт өтпей, белсенді қимылдарымыздың нәтижесінде маңайдағы дұшмандардың ірі құрылымының Мавлави Пахлаван деген басшысы, татуластық сұрап, бұдан әрі тек мемлекет жағында ғана соғысамын деп мәлімдеді. Өзбекше «пахлаван» дегені, меніңше, сол біздің «балуанымыз» білем, сондықтан «Пахлаван» дегені оның лақап аты болуы мүмкін деп ойлаймын. Ол кісі біздің ротаға келіп, келешек ұрыс қимылдарымызды жұптастырып жүргенімізде бір-екі рет кездескенім бар да, шынында да өте денелі, әлді және мінезі салмақты адам болатын. Бірақ сол байсалдылығы бізбен қосылып арақ ішкенде бізден асып кетуіне ешбір кедергі болмады. Онысына бірнеше офицер оның үйіне қонаққа барғанымызда өзім куә болдым.

Бір күні Бақытжан Жатақпаев АГС-17 станокты гранатометті қолданудың қосымша әдісін жасау керек деген идеямен оялды. Ішінен көптен бері ойлап жүрген сияқты, сол күні бізбен ойымен бөлісті. Идеясының мәні гранатометті командирлік люкке бекітіп, машинадан шықпай ату екен. Алдында айтып кеткем де, естерінде болса, БМП-1-дің командирлік люгі 360 градусқа айналады. Башняда бір-ақ орын, онда пушканың оператор-көздеушісі отырады, оның үстіне дөңеңе қоя алмайсың және көздеушінің өз мақсаты бар, ол башнядағы пушкасы және сонысымен қоса бекітілген пулеметіне ие болу керек.

АГС-17 дегеніміз – тапал, қисық үш аяқты станокқа орнатылған, қысқа стволды, жуандау келген қорап. Қысқа қисық аяқтары мен төпелтектігі үшін мен оны бірыңғай бульдог итіне ұқсататынымын. Оң жақ жанынан, стволдың коробкаға қосылар тұсында жиырма тоғыз жарықшақты гранатасы бар дөңгелек қорап бекітіледі. Көздеп жеті жүз метрге дейін атуға болады, ал атқанда гранаталары шахмат ретімен түсіп, әрқайсысы айналасындағы тірі жанды жеті метрге дейін жайратады. Атысқа стволдың коробкасының желке тұсында байлап қойған шнурмен затворын қайырып, дайындалады.

Бақытжан сержанттарымен бірге екі күн станокты командирлік люктің қақпағына бекітіп әуреленді, әйтеуір, қасымызда машина жөндейтін автошеберханаларымен алтыншы рота бар, сайман іздеп қиналмайсың. Содан соң төртінші ротаға барып «КПВТ» (*крупнокалиберный пулемет Владимирова-Токарева – авт.*) ірі калибрлі пулеметімен «БМП»-ның люгінің қақпағын тестірді атқызып. Бақытжан Бақытжан болсын ба, егер жасағанын жауға қарсы қолданып, қолма-қол тексеріп көрмесе. Экипажын толық отырғызып алады да, дұшмандарды іздеп сыртқа шығады. Қалашықтан шыға келе қолдарында қаруы бар олардың бір кішігірім тобына тап болады. Біздің машинаны көре салып дұшмандар жан-жаққа тұра қашады, ал Бақытжандар АГС-пен атқылап, әрине, қуа жөнеледі. Ашық алаңқы жер болса керек, әлгілерді олай да қуып, бұлай да қуып құртады.

Ротаға риза болып жақын шайқаста қолдануға тамаша екен деп қайтып келді, бірақ Керімбаевқа жаудың бір тобын түгелімен құртқанын таяқ жермін деп айтқан жоқ. Әдейі тапсырмамен шықса, кем дегенде медаль алатын жағдай еді.

Дарзбақа келген соң бір ай өтісімен, біздің жасақты күшейтуге берген танкі ротасын кейін шақыртты да, оны Жарқұдық деген елді мекенге дейін шатқал арқылы таулардың ар жағына шығарып салу керек болды. Танкистерді алып жүруге аға лейтенант Жатақпаевтың басқаруымен төрт БМП және өздігімен жүретін «Шилка» зениттік қондырғысы бөлінді.

Жоғарыда айтып кеткем, жасақ офицерлерінің бәрі де бірінен-бірі асқан, сайдың тасындай іріктелген, әрқайсысы үлкен әріптен басталатын тұлға еді. Мысалы, осы әңгіме қылып отырған Жатақпаевтың қайын атасы Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев деген кісі болатын. Өз заманында дәйдің дәйі, қазіргі әкімдерің әдірам қалсын олардың қасында. Ауғанға кетер алдында ғана үйленсе де, қайын атасының қызметін пайдаланып қалып қою оның ойына да келген жоқ. Өзіне тиісті екі жылын бұлжытпай өтеп, елмен қатар соғысып шықты. Және өте әжет соғысты, үйіне қайтарда кеудесіне «Қызыл жұлдыз» ордені мен «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарын тағып қайтты. Бір сөзбен айтқанда, нағыз ер азамат. Ыңғайы келіп тұрғанда айта кетейін, тек деген жібермейді ғой. Осы Бақытжанның әкесі Баймұханбет ағамыз да кезінде ердің ері болған жігіт. Әскерге қатардағы жауынгер болып шақыртылып, фин соғысына, Ұлы Отан соғысына қатысып, 1944 жылы бір аяғынан айырылып, майор шенінде, полк командирі орынбасары лауазымында, екі «Қызыл жұлдыз» ордені, «Жауынгерлік Қызыл Ту» ордендерінің иегері болып елге қайтқан екен. Білсеңіздер, Бақытжанның ерлігінің төркіні, міне, қайда жатыр?

Содан әңгімемізді әрі жалғастырайық, Жарқұдыққа дейін колонна тыныш жетті, жол-жөнекей бірде-бір мина, бірде-бір атыс болған жоқ. Танкистермен қош айтысып, бір-біріне амандық тілеп, кейін бұрылады. Жол үсті Гардан деген қыш-

лақ болатын, дәл соның тұсындағы бұрылысында Дарьяйи Сафед деген кішкене өзен тасып, жағасынан шығып, жолдың үстімен жүріп кетіпті. Өзен арнасына түсіп кетерміз деп сақтанып, жүрісті баяулатады.

Артынан Бақытжанның айтқаны:

*«Орындығымды шалқайтып қойып, тәтті ойларға шомып, рақаттанып жатырмын. Бір мезгілде бірдеңе машинаға тарт етті, түсінбедім не екенін, тас ұрылған шығар деп ойладым. Соңынан іле төбемнен оператор-көздеуші Нұрғалиев ұрғылап жатыр, бірдеңе деп айғайлап және саусағымен бір жаққа қарай тұрткілеп. Мотордың гүрілінен дәнеңе естілмейді, не болып қалды деп жоғарыға басымды шығарсам: – Құдай сақтасын! Кәдімгідей жанып жатырмыз лапылдап! Ал механик-жүргізуші Бауыржан Ошақбаев машинаны одан әрі айдап бара жатыр. Нұрғалиев екеуміз оны күртесінің жағасынан ұстап орнынан тартып алып шықтық. Көздері алақтап, ештеңені түсінер емес. Снаряд машинаға тигенде жарылыстың дүмпуі шалып өтсе керек және будақтаған түтінен иіс тиген, мүлдем есеңгіреп қалыпты, контузия былай айтқанда. Бұл кезде артында десант болімінде отырған жігіттер де сыртқа секіріп, машинаны тастап кете бастады.*

*Жауын себелеп жауып тұр, маңайды қалың тұман басқан, тізеден судамыз, машина қара түтінді будақтатып өз бетімен кетіп бара жатыр. Судың жағасына енді жетіп едік жарылыс гүрс етті, бұл машинаның башнясындағы снарядтар жарылды. Пәленбай килограмм салмағы бар құрышталған артқы есіктер, төбемізден бір топ қаз ұшқандай, пырылдап-ысылдап өте шықты. Үйлерден бізге қарай атыс басталды, әйтеуір, маңайымызда ірі-ірі тастар көп болатын, солардың артына жасырындық. Көтермелі радиостанциямен өзімнің орынбасарым сержант Виталий Погребнойды іздей бастадым. Ол жауап берді де, таңғалып:*

*– Мен бәріңіз де жарылған шығар деп ойлап едім, – деп жатыр. Ол бишараның өзі де көргенінен есі ауып кеткен сияқты.*

*– Мылжыңдамай тез бізді алып кет!*

Қышлақтан бір шақырымдай ұзап едік, алдымыздан Талай Шатемировтың ротасы зымырап келе жатыр. Менің баяндамамнан кейін Керімбаев Талайды көмекке жіберген екен. Төрт топ әжептәуір күш, қышлаққа қайтып келдік те пушкалармен жақсылап тұрып атқыладық, сосын машиналарды кезеп қойып, тығылған дұшмандарды іздеп, жаяулап үй-үйді тінте бастадық.

Сол күні пулеметші **Бекен Таскенбаев** ерекше көзге түсті. Қолындағы сырғауылдай ұлкен пулеметімен қорықпастан аулаларға кіріп кетіп, апанына су құйған суырмай талайын сүйрелеп алып шықты. Үйлердің бірінде оны автоматтың атуымен қарсы алды, тоқтамастан әлгі үйдің ішіне гранатаны сүңгітіп жіберді де, соңынан пулеметімен тра-та-лататып өзі кіріп кетіп, толып жатқан бөлмелердің бірінен аяғынан сүйрелеп, қоян құсап шырылдап жатқан біреуді алып шықты.

Отыз шақты адам ұстадық. Ішінде жасы да, аса кәрі емесі де бар, қолдарына қару ұстап жатқан оліктер де аз емес. Тірі қалғандарының бәрі мылтықтарын лақтырып тастаған, біздің солдаттардың аяқтарын құшақтап:

– Ака, атмаңыз! Атмаңыз! – деп зарлап жатыр.

Мылтықты лақтырып жіберіп, бейбіт адамбыз деп мүсәпір бола қалуы – қоршауға түскендегі олардың әдісі.

«Жиырма бесінші» машинаның көздеуші-операторы **Гарриев** Одақта мотоцикл айдайтын, тауға қарай қашып бара жатқан он-он бес «духты» көріп, қызбалықпен соңдарынан қуа жөнеледі. Қызығы, оларды қуып жетіп ұстап, үйірін қайырған айғыр құсап ортаға алып келді. Абыройға орай қаруларын тастап қашқан көрінеді, оңайлықпен беріле қойғаны, әйтпесе Гарриевімізді жайратып атып кетер еді. Сәті түскен жағдай осылай болады, бір машинаның құнына бірде-бір адамымызды шетінетпей, жаудың бір тобын толығымен құрттық».

Күндерден соң күндер өтіп жатыр. Аса ірі шайқастар болған жоқ, көбінесе тосқауыл құрып, жаудың ұсақ топтарын құртып жүрміз. Барлау қызметі жақсы қойылған, жаңа тың-

шыларымыз жұмыс істей бастады, сондықтан күн сайын түсіп жатқан ақпараттар бойынша, тыным таппай біз де қимылдап жатырмыз. Мұндай операциялар бір-біріне егіз қозыдай ұқсас болады да, бұларды әңгімелеу де аса қызықты болмайды, сондықтан болар, жүре келе қақтығыстардың өздері жәй күнделікті жалықтырып, мезі қылатын жұмысқа айналды. Бірақ қарсыластарымыз сонда да ахуалдың бетін өзіне қаратудан үміт үзбей өздерінше әрекет жасап, біздің бөлімшелеріміздің елді мекенде тұрғандықтан жаудың гранаталақтыратындай жақындай алатынын пайдаланып, әлсін-әлсін қарауыл бекеттерімізді шабуылдап не болмаса таудағы қышлақтарда мемлекет жағына шыққан белсенділерді өлтіріп кетіп жүрді.

Сөйтіп жүргенде, 1982 жылы наурыздың 10-ы күні Меймене мен Дарзабтың дәл ортасында біздің бір вертолетті атып түсірді дұшмандар.

Экипаж қаза болды, бірақ мәйіттерін алып шығу керек. Бұл Ауғандағы бұлжымайтын заң – өлі болсын, жаралы болсын, ешкімді, ешқашан, қандай қиын болса да жау қолында қалдырмау. «Сам погибай, а товарища выручай!» деген орыстың әскери мәтелі бар, сол мәтел заңның жазылған бабындай күшінде болып орындалатын. Кей кездері бір өлікті алып шығамыз деп бес-алтауы өліп жатады, бірақ сонда да тайынбайтынбыз. Есесіне, әрқайсымыз егер небір жағдай бола қалса, жолдастарымыз жауға қалдырмай алып шығатынына кәміл сенетінбіз.

Әдетте вертолеттар қос-қостап ұшып жүретін, сондықтан сыңарын құлатқан соң екіншісі сол жерді айналшықтап, жауды жолатпай қалқып жүріп алады да, эскадрильядан көмек сұратады. Базалары, естеріңізде болар, Мейменедегі аэродромда болатын. Эскадрилья командирі өлген ұшқыштардың денелерін алып шығу үшін десант сұрап, жүгіріп бізге келеді. Мейменедегі лагерьде ие болып штаб бастығы капитан Джуношев қалған болатын, ол тездетіп сегіз адамнан тұратын топ құрастырып, тағы бір вертолетке отырғызып, манағы борт құлаған жерге аттандырады. Бұл топ негізінен бөлімде емде-



ліп жүрген жеңіл жаралылардан құралған. Ішіндегі үлкені біздің ротаның взвод командирі, аға лейтенант **Тагир Айдаров** болып шықты. Тагир содан бір күн бұрын демалысқа кетемін деп Дарзабтан ұшып келген. Әкесі – қазақ, шешесі – башқұрт қызы, аты да сондықтан Тагир, қарағандылық жігіт болатын. Сол күні Кабулға дейін ұшып барып, әрі қарай үйге кетем деген ол соғыс киімін күнделікті формаға ауыстырып, китель, көйлек, шалбар киіп, галстук тағып, чемоданын жинақтап, вертолет күтіп отырған. Сол китель киген бойы шайқасқа кетті.

Содан тағы екі вертолет манағы машинаның құлаған жеріне келеді. Апат болғанның сыңары – аэродромға қайтып келгендердің ішінде десант бары қолайлы жер таңдап, қонуғын ыңғайлана бастайды. Екіншісі, жоғарылау көтеріліп, әлгіні бар қаруымен қорғаштайды. Кейіннен Тагирдің айтуынша, дұшмандардың саны көп болып шықты және уақыт өте олар көбейе бастады, командирлері маңайдағының бәрін жинақтап жатты білем. Біздің жігіттерді сақтап қалған – тек оларды жақындатпай әуеден жасаған қолдау болды. Сол шайқасқа қатысқан дұшмандардың нақты саны анықталған жоқ, бірақ вертолетшілердің айтуынша, үш жүзден кем болмаған.

Десант борт жерге қонысымен бір-бірлеп секіре бастады. Ең алдыңғы болып аттаған **Виталий Чернов** деген жауынгер еді, жерге өлідей құлап түсті. Оқ кеудесінен тиіпті, табан аузында кеткен. Тездетіп қалғандары секіріп түсті. Жақсы болғаны, вертолет қонар алдында, жарылған авиабомбадан қалған шұңқырды байқап, Айдаров ұшқыштан сол шұңқырға жақындап қонуын сұрайды. Жерге секірін түскен соң, бәрі сол шұңқырға сырғып барып жасырынады. Құлаған вертолетке дейін елу метрдей, былай айтқанда, таяқ тастам жер, бірақ бораған оқтар жақындау түгіл, бас көтертпейді. Жаудыртқан оқтары жаңбырдан кем болған жоқ. Манағы шұңқырдың маңайында оқ тимеген шаршы сантиметр жер қалған жоқ шығар.

Мұндай жағдайда басқы мақсат өздерін сақтап қалу болды. Бұл қорқақтық емес. Әрине, есерленіп, солдаттарды бірінен соң бірін жұмсап, «құлаған вертолетке тездетіп жетіндер» деп Тагир команда беруі де әбден мүмкін еді, ал сонда ол жігіттерді

құр босқа қырып алғаннан басқа не жетістікке жетеді. Топқа қойылған мақсат – өлген ұшқыштардың денелерін қонған вертолетке жинап артып алу. Қонып жатқан вертолет жоқ, сонда не үшін солдаттарын өлімге айдамақ. Жауынгерлерінің бас амандығының қамын жасағаны дұрыс болған. Бұл да біздің командиріміз Керімбаевтан үйренгеніміз. Егер жау жақындап келіп, ұшқыштардың мәйіттерін алып кетеміз деп әрекет жасаса, онда, өрине, бас сауғалап жасырынып қалуға болмас еді, бұл онда қорқақтыққа жатар еді.

Сөйтіп, бес сағаттай уақыт өтті. Кезекпен керосин толтырып алу үшін бір звено бірін ауыстырып, ұядағы балапандарын қорғаған қырғидай, вертолеттер үзбей үстерінде жауды атқылап жүрді. Тек түс ауа, сағат төртке жақындаған кезде жоғары жақтың бәрінен келісім алған болуы керек, Ми-24-тердің екі эскадрильясы келіп, жау шоғырланған маңайдағы биіктіктерді шалғымен шапқандай қия бастады. Жау лезде жоқ болды. Сонда ғана Айдаровтың тобы құлаған вертолеттің қасына барып, қаза болған ұшқыштардың сүйегін артып алды.

Дарзабтың өз басындағы бейбіт өмір біртіндеп түзеле бастады. Тұрғындар таудан үйлеріне қайтып, дүкендері ашылып, базары жұмыс істей бастады. Біз де оларға тек жақсылық тілейтін пиғылымызды көрсетуге тырысып жаттық. Әр рота маңайындағы қирандыларды жинақтап, көшелерді тазартты. Командирдің бұйрығымен мешітті қалпына келтіруге адамдар бөлінді, бірақ біздің рота алшақ тұрғандықтан бұл жұмысқа қатысқан жоқ. Елдің ішіндегі бір кішкентай көпірді жөндедік. Тіпті өзіміздің санчастьта жергілікті халықтың арасынан ауруларды қабылдай бастадық. Күлкілі де жағдайлар болды. Офицерлер жиырма бес пен отыздың арасындағы бірыңғай жастармыз, жасақта әйелдер жоқ, ал көңіл аңсайды. Не істейсің, тым болмаса көріп қалайық дегендей, дәрігеріміз Утеевке емделуге келген ауған келіншектерін шымылдықтың артынан көрсет деп қолқа салынды. Жасыратын несі бар, шындығын айтсам, сол жақта болған екі жылдың ішінде қастарынан өтіп бара жатқанда бейберекет отыра берген екі-үш кемпірден басқа бірде-бір әйелдің жүзін көрмедім.

Ал дәрігердің қабылдауында, әрине, дәрігердің айтқанын орындайды. Асылханға олар саусағының басындағы күбірткемен келсе де толық шешіндіріп, лейтенанттарымыз шымылдыңтың артында демін тартып, тамашалап тұратын. Бірақ Керімбаев бір күні біліп қойып, бұдан былай бұл жерге жолаушы болмаңдар деп бәрімізді дүркіретті. Шынында да, егер олардың тым болмаса біреуі біліп қойып, күйеуіне айтса, халықаралық жанжал болар еді. Ал, жалпы, сонда болған службаның уақытында, офицерлерді былай қойып, бірде-бір солдат жергілікті әйелдерге зорлық-зомбылық жасаған емес.

Жасақтың басынан өткенін шындығымен жазбақшы болған соң айтпай кетпеске болмайды. Сол Дарзабта тұрған кезімізде, төртінші ротадан тағайындалған бекеттен төменде, таудың етегінде құлаған вертолеттің қирандылары жататын. Фамилияларын айтпай-ақ қояйын, отбасыларының сүйегіне таңба болған іс, екі солдат өз бетімен бекетті тастап, жаңағы вертолетті қарамақшы болады. Вертолеттің қасында біраз жүреді де, одан әрі бірталай жерде жеке тұрған ауғандықтардың саман үйіне барады. Үлкен-кіші, еркек-әйел екендері есте қалмапты, әйтеуір, сонда жүрген төрт адамнан қорқытып алды ма, тінтіп жүріп тауып алды ма, әйтеуір бірнеше жүз афгани тартып алады. Байғұстардың көктемгі егіске дайындалып жатқан беті білем, үлкен қанар қаптарға салынған бидайды сақтап отырған қазулы қамбаларының беті ашық тұрса керек, әлгі ауғандықтарды сол қамбаға итеріп құлатады да, бірнеше граната лақтырып кетіп қалады.

Үшеуі сол жерде өліп, әлгілердің төртіншісі, қаптардың арасында тасаланып аман қалған. Содан өздерінің ХАД дейтін КГБ-сына барады. Олар біздің командирге келеді. Істегендері барып тұрған оңбағандық, сондықтан командир оларды жасыруды ойламаған да. Ол бекеттің қасына қаңғырып ешкім бармайды, кім екені белгілі, әлгі екеуін сол жерде қамауға алдыртады. Артынан сот болып, біреуі сегіз жылға отырды да, екіншісі тергеу жүріп жатқанда шыдамай, есінен ауысып, жынданып кетті. Бірде-бір солдат арттарынан аяныш білдірген жоқ және біреуі де «өз обалдарың өзіңе» демеді, бір ауыз сөз айтылмады. Біз де, офицерлер, тек өз міндетімізге орай

жауынгерлерге сондай жағдай болғанын жеткіздік, жігіттердің өздері де дұрыс түсініп, дұрыс баға беріп отырғанын көрген соң сонымен қойдық.

Солдаттың службадан бұлтаратын негізгі екі-ақ жолы бар, бірі, қыз қуып кету болса, екіншісі – арақ іздеу. Біріншісі, жергілікті халықтың әдет-ғұрпын ескерсек, болуы мүмкін емес еді, ал екіншісін сабаздар, иә, сарбаздар емес, сабаздар, алысқа бармай-ақ, ротаның бір түкпірінде офицерлердің көзінен таса жерде, жасырып брага қайнатып шешіп жататын. Біріншісін мүмкін емес еді деп созбақтап отырған себебім, солдаттарымның бірі Дарзабта тұрғанда өзінің «сухой паегінен» бір ауғандық келіншекті ауыздандырып, шаруасын тындырып жүрген екен. Ол патшағар жергілікті молданың алтыншы тоқалы болып шықты. Молда қатынының ізіне түсіп, қайда кіріп кеткенін көреді де, бірақ арттарынан кіріп баруға жүрексініп, шағымданып біздің командирге барады. Солдаттың кім екені бірден анықталады, себебі анықтайтын да ештеңесі жоқ, уақыты мен тұрған жері белгілі, бірақ оны молдаға көрсетпейді, іздейміз, тауып алып жазалаймыз деп қоя береді. Әйтеуір, зорлық емес, екеуара келісіп жасалған нәрсе. Ал командирдің ыза болғаны соншама, ешкімге тапсырмай, өз қолымен жаңағы солдаттың шашын тақырлап алып тастады. Дембельдің дәл алды болатын, солдаттың үйге қайтар шағында мұның қандай қолайсыз жаза екенін әскерде болғандар түсінеді.

Артынан қызық көріп әлгі солдаттан:

– Түрі қалай өзі, әдемі ме екен? – деп сұрадым. Солдат:

– Қайдан, – деп қолын сілтеп, – келіскен соң паранжасын көтеріп бетін ашқанда, бұдан көріксіз адам бетін көрмегенімді түсіндім, бірақ, әйтеуір, әйел ғой... – деп миығынан жымиды.

Әңгімені бұл тақырыпта жалғастырсақ, жақында Борис Төкенұлы өзі де бір шындығын айтып қойған. Күндердің бірінде, Гульбахорда тұрған кезімізде біздің бөлімге концерттік бригада келеді. Кабул арқылы вертолетпен армия басшылығы жіберген Одақтан келген әртістер. Борис Төкенұлы әнші қыздардың біреуіне көз салады.

«...Ол да кетері еместей сыңайы бар, әлсін-әлсін маған қарап қоятын сияқты, – деп Бөкең есіне алып, тамсанып қояды.

«Е-е, құдайдың бір бұйыртқан жақсылығы шығар» дедім ішімнен.

Көп ойланатын несі бар, армия қолбасшысына:

– Өртістерді қалдыруға рұқсат беріңіз, күзеттен босайтын жігіттерге де концерт қою керек, – деп телефон соқтым. Қолбасшы:

– Дереву қайтарыңдар, біз олар үшін басымызбен жауаптымыз, – деп гүр ете түсті.

Бұйрықтың аты бұйрық, қайтаруға тура келді. Сөйтіп, құшағыма қонды-ау деп тұрған сұлуым ұшып кете барды. Бұйырмаған бұттың арасынан кетеді деген, міне, осы...»

Қаңтардың жиырма алтысы күні Дарзабта жүріп мен 27 жасқа толдым да, солдаттарым маған күтпеген жерден тарту жасады. Қалашыққа кірген кезімізде олар бір иесіз жүрген сиырды ұстап алып өздерінше бізден жасырып, маңайдағы қирап жатқан қоралардың бірінде бордақыға қояды. Ал менің туған күнімде рота командиріне ескертіп, жаңағы сиырды сояды. Алдында қой сойып жүретінбіз, ал сиырды алғаш сойып едік, әлемнің еті болды, бүкіл ротаға бешбармақ, офицерлерге манты жасап қарық болып қалдық. Бірақ соғымымыз ете арық болды, жиырма шақты күннің ішінде мал қондала қоймайды ғой. Сонда да жауынгерлеріме көңілдері үшін риза болдым.

Тыныш тұрған күндердің бірінде Бақытжан екеуіміз базарды көруге бардық. Денемізге бронезилет киіп, иығымызға автомат ілдік те кеттік. Сауда қатарларын аралап, көргенімізді әңгіме етіп қазақша сөйлесіп келе жатқанбыз? Бір уақытта біреу:

– Әй, жігіттер! Қазақсыңдар ма? – деп артымыздан дауыс шығарды.

Кейін бұрылып қарасақ, жыртық қазақы шапан киген мыжырайған бір адам. Басында тозығы шыққан бөрік, түрі жүдеу, қасында кішірек келген, арқасына тоқым жаба салған құнан не болмаса тай ма деп ойлады, шылбырынан ұстап тұр.

– Иә, қазақпыз, – деп жауап бердім. Жаңағы кісі айтқанымды естіп жылап жіберсін. Көз жасын шапанының жеңімен сүртіп:

– Елден келген қазақтарды көрем деп ойлаған жоқ едім, айналайындар, – деп еңкілдеп жатыр.

Сөзіміз жеткенше тыныштандырып, ротаға алып келдік. Ротада дастарқан жайып, тушенка қыздырып, нан мен май қойып дәм ұсындық. Аты кім екені қазір ұмытылып қалды, ал айтқан әңгімесі әлі күнге дейін есімде. Түбі Қызылорданың маңайынан, руы – тама. 1927 жылы әлді тұратын адамдарды «кулак» деп жариялап, дүние-мүлкін конфискация жасап төркілей бастағанда, әкесі бар малын сатып, бірнеше туысқандарымен Ауғанстанға қашады. Біздің әңгімелесушіміз о кезде емшектегі бала көрінеді. Шекерадан өтер кезде ауғандық шекарашылар ұстап алып, малға шығарған ақшаны, астындағы көліктерін түгел тартып алады. Сол сәттен бишараға айналып, әке-шешесі өлгенінше қайыр сұрап, өзгенің босағасында жүреді.

– Әйелді таяуда ғана алдым, – деді сөзін жалғастырып, ал жасы елуден асып кеткен адам. Өмір бойы қалыңмал жинай алмаған көрінеді, ақырында бір тұрмысы тәуір қазақ өзінің мүгедек қызын әйелдікке беріпті. Неліктен мүгедек екенін кім білсін, әйтеуір, еркек көрмей өтпесін деген ғой ол байғұс та.

– Көлік қылу үшін, мына жылқыны да қайын атам берген, – деп қазағымыз атын көрсеткендей артқы жағына иек қақты.

Негізгі кәсібі қаракөл қозылардың терісін сыпыру, еңбегі үшін етін береді екен, сонымен күн көреді. Бірнеше күннен кейін әлгі кісі тағы екі қазақты ертіп әкелді. Әкелі-балалы, киінген киімдері таза, жыртық-жамауы көрінбейді. Егделеу келгені бір жақ аяғынан қатты ақсайды екен, бала кезінде буындарының бірі шығып кеткен деп түсіндірді. Тау арасында қыстақта тұратын көрінеді. Кәсіптері – киім тігу. Өзі үлгісін пішеді, әйелі мен келіні тігеді. Баласы малға ие. Екі тігін машинасы бар. Өзін бай болмаса да кедейге жатқызбайды, бірақ сонда да арманы – Қазақстанға қайтып оралу. Жас шама-сы бірінші қазағымыздан сәл үлкендеу. Бұл жақта олардың өмірі көк тиын тұрмайтынын және қауіпсіздіктері үшін ешбір пенде кепілдік бере алмайтынын өздері жақсы түсінген. Сұрағандары – Қазақстанға көшуге көмек беру. Бірақ «біз

сияқты лейтенанттардың қолынан не келеді? Неге елшілік арқылы шешпейсіндер?» деп едік, Советтер Одағы қарсы екен. Қоштасып жатқанымызда, «енді жиырма жетінші жылғы әкелеріміз сияқты шекараны бұзып өткеннен басқа лаж қалмады» деді. Содан кейін мен оларды да, олардан басқа қазақтарды да кездестірмедім.

Сан жағынан аз болғандықтан, ірі елді мекендерге жақындамай, өзгелерден оңашаланып, тау арасында өмір сүруге мәжбүр болған сияқты. Маңайың толған жат болса, жамандыққа ұрыну оп-оңай ғой.

Солдат соғыс кезінде болсын, бейбіт уақытта болсын, өз бөлімшесіне әбден үйреніп, басқа жерге ауысқанды жақтырмай тұрады. Ал ауысудың себептері әр түрлі болып жатады, бұл жараланудың салдарынан, не болмаса басқа бөлімді, не бір бөлімнің ішінде басқа бөлімшені толықтыру мақсатында болуы мүмкін. Кей кездерде төртіпсіздіктің арқасында да ауыстырып жатады. Бір рет ротада қару тазалап жатқанда күтпеген жерде пулемет атылып кетті, қасында тұрған солаттардың бірі өліп қалуы әбден мүмкін еді. Кінәлі бөлімше командирі кіші сержант **Есләм Теміржанов** және қатардағы жауынгер **Ақжол Есенғұлов** болып шықты. Жаза ретінде басқа, бірінші ротаға ауыстырмақшы болды. Ол ротаның командирі қатал мінезімен әйгілі болып жүрген **Талай Шатемиров** болатын. Бір айдың шамасында уақыт өтті, ыңғайы келген сайын әлгі екеуі не маған, не Қалибекке қайта-қайта жолығып, ротаға қайтаруымызды сұрап жүрді. Мұның бәрі Талайды да мезі қылды білем, ротасымен кросс өткізетінін және сол кроста екеуі ротаның алдында келсе, қайтарып берем, ал егер оза алмасаңдар, бұдан былай қарай сұрануды доғарыңдар деп жариялапты. Шатемировтің айтқанын естіген Ақжол мен Есләм барын салады кроста. Өліп-талып, демдері алқынып, әзер дегенде өзгелерден озып, алда келеді. Себебі бөтен ротада жүру, баланың бөтен отбасында жүруімен тепе-тең. Шатемиров те айтқанында тұрып, бізден жігіттерімізді қайтарып алуымызды сұрады. Сөйте тұра, қалай оның іші күйді екен деп ойлаймын, мұндай кездерде ол өте кінәмшіл, басқа бөлімшелердің жетістіктеріне қызғаншақ болатын. Бірыңғай елдің алды

болам деп тырысқан сол мінезінен де болар, артынан Қырғыз Республикасының шекара әскерлері қолбасшысы, қорғаныс министрінің орынбасары лауазымдарына дейін жеткені. Орынбасарлары капитан **Бато Бимбаевич Батуев** және **Сергей Литвиненко**, топ командирлері **Анатолий Матвейчу**, **Әлішер Ағзамов**, **Федор Стройнов** болған. Рота старшинасы **Николай Пильганский** деген ақкөңіл, мұрты салбыраған, денелі хохол болатын. Матвейчук те, Ағзамов та тамаша офицерлер еді. Олар өз взводтарын тек білімді түрде басқарып қоймай, екеуі де өте өжет соғысып, асқан жаужүрек болатын.

Үшінші ротаның командирі капитан **Мелис Бекбоевтың** да службаға деген ынтасы Талайдан бірде-бір кем емес еді. Өзге бөлімше командирлерінен ол екі-үш жас ересек болғандығынан болар, басқаларына қарағанда көдімгідей байсалды болып көрінетін. Және тағы бір ерекшелігі, қызмет дегенде керемет қазымыр еді. Егер өзге командирлер жоғарыдан тапсырма алып, орындауын взвод командирлеріне әрі қарай жүктей салып, өздері басқа шаруаларымен айналысып кете берсе, Мелис олай істей алмайтын. Ол түнімен ұйықтамаса да, өзі берген тапсырмалары орындалғанынша қадағалап жүретін. Не істесе де асықпай, тыңғылықты жасайтын. Адам ретінде де, офицер ретінде де адал ниетті, адамгершілігі мол кісі. Солдаттарына мейірімді болғанынан болар, олар да оған көбінесе командир ретінде емес, әкесі ретінде қарайтын. Әкесі ретінде дегеніме, еркелеп, дандайсып кетпейтін, қатаң, бірақ әділ, мейірімі мол әке ретінде қарайтын. Естерінде қалған ең қорқынышты боқтығы «Ибиаумать, глаз выколю!», қытығына тигендерді орышалап дәл осылай боқтайтын. Соңынан генерал-майор шенінде Қырғыз Республикасы Бас Штабының бастығы болды.

Жұрт кейде тіпті елемейтін ұсақ-түйекті жадында сақтап қалады, ал ойлансаң, адамға дәл мінездеме беретін сол ұсақ-түйектер болып шығады. Міне, Мелис туралы солдаттарының біреуінің есінде қалғаны:

«Бірде бір жаққа кетпекші болып «отызыншы» машинаның экипажы жиналып, Бекбоевты күтіп штабтың алдында тұрғанбыз. Дәл сол кезде менің бетіме екі шиқан шығып, бетім



қисайып кеткен. Ротный штабтан шығып менің бетімді көрді де, қабағын түйіп, қатаң дауыспен:

– Сен мұнда неғылдеп сандалып жүрсің, бетінді қисайтып, сандалбай. Кет бар санчастьқа, мен жіберді деп айт! – деп қуып жіберді.

Былай қарасаң, жекірген сияқты, ол өзі бірыңғай солай сөйлейтін, өктем, үзіп-кесіп, ұрысып жатқандай, ал бірақ қамқорлығы көңілге қонып, есте қалды.

Мелистің орынбасарлары **Марат Смағұлов, Гафур Құлбаев**, топ командирлері **Сергей Мақашев, Ринат Мереддурдыев** және **Андрей Богдашкин** болатын. Мақашевті кейіннен басқа бөлімге жоғарылатып ауыстырды да, оның орнына лейтенант **Егиазаровты** жіберді. Жұқалтаң келген армян жігіті болатын. Рота старшинасы прапорщик **Геннадий Левкович** болды. Богдашкин Андрей службаластарының есінде, жер тоңкеріліп жатса да саспайтын, ешқашан асықпайтын мінезімен қалды. Андрейдің есте қалған тағы бір өнері – жүргенде дыбыс шығармайтын. Қандай сақ отырсаң да, қасыңа қалай келіп қалғанын білмейтінсің. «Сайтан сияқты жүреді» дейтін солдаттары.

Прапорщиктеріміз де бейнелі тұлғалар болды. **Геннадий Левкович, Александр Бубенцов** және **Яков Яшкин** үшеуі бізге Қапшағайда тұрғанымызда бригадadan ауыстырылған. Яшкин – арықша келген орыстың жас жігіті, ЗСУ «Шилка» тобында болатын. Левкович – жасы отыз бестің шамасында, парашют спортының шебері, екі мыңнан астам секіргені бар. Бойы ортадан сәл төмен, істік мұрын, жіңішке ерінді, өңі сарғыш тартқан, ептеп шығыңқыраған тоқты қарыны бар, тығыз бітiскен орыстың нағыз колобогі. Бесінші ротаның старшинасы прапощик **Александр Бубенцов** жайында жеке әңгімелеп беремін, ол Панджшерде ерлікпен қаза тапты.

**Константин Масленников** – алтыншы ротада жөндеу взводының командирі. Өзінің байыптылығымен, техника дегендегі білімділігімен кез келген офицерден озық тұратын. Онымен араласқан кезде офицер болсын, мезгілді службада жүрген солдаттар болсын, Константин Ивановичтің қарапа-

йым әскери атағын ұмытып, өз шаруасын білетін адам ретінде ғана сөйлесетін. Ал бұл – ол жылдары, әсіресе прапорщиктерге, мерзімді службадан тыс қызметте жүрген сержант, старшиналарға қатысты әскерде сирек болатын жағдай. Тағы да осы алтыншы ротада взвод командирі прапорщик **Александр Кравченко** да болатын. Ауғаннан аман қайтып, маскүнемдіктен есінен айырылған есуастардың қолынан Қапшағайда өлімін тапты марқұм. Пильганский, Масленников және біздің ротаның старшинасы **Нүрдун Тохтахунов** 1979 жылы Душанбеде прапорщиктер мектебін бітіріп, Ортазия әскери округінің әскери бөлімдерінде қызмет етіп жүрген жерлерінен біздің жасаққа ауыстырылған. Тохтахунов, мысалы, Сарыөзек гарнизонынан келді. Тағы да **Алексей Бокун** деген прапорщик болды, сондай ақкөңіл, мейірбан адам, тіпті бала секілді. Азық-түлік қоймасының бастығы болатын, түбі Белоруссиядан, ептеген белорус акцентімен сөйлейтін. Анда-санда жұтып қойып, командирге ұсталып қалғандағы жыпылықтаған көздері сондай көкпеңбек, сондай аңғал және кінәлі көрінетін. Оның үстіне бүлдіргенінің үстінен түскен сәбидей, бетіне тік қарай алмай, жанарын жасырып, басқа жаққа бұрып тұратын. Томпиған қарыны белбеудің үстінде, мықыннан төмен түсіп салбырап тұрған шалбары, бірыңғай жымыған күлкісі кетпейтін дөңгелек жүзі әлі күнге дейін көз алдымда. Асхана бастығы аға прапорщик **Евгений Лукьянов**, мұрыны қоңқиған, бетін қидым-қидым терең әжім басқан, дене бітімі ірі болмаса да, дауысы құбырдан шыққандай зор. Бұл талайды көрген қасқыр, әккілігі жағынан нағыз «прапорюга», оның үстіне бүкіл прапорщиктердің ішінде осы ғана кезінде арнайы мақсаттағы әскерлерінің прапорщиктері мектебінде оқып шыққан. Тыл бөлімшелерінде мұндай білмейтіні, қолдан келмейтіні жоқ адамдар тапқысыз болады. Алдында айтып кеткем, елдің бәрі оны «Старый» деп атайтын. Атап өткендерден өзге, қару-жарақ қоймасының бастығы **Валерий Чечулин**, киім-кешек қоймасының бастығы **Лысов**, жанар-жағармай қоймасының бастығы сап-сары мұрты салбыраған татар жігіті **Роберт Булатов** деген прапорщиктер болды. Штабта құпия

бөлім бастығы болып прапорщик Мирошниченко қызмет ететін, атын ұмытыпшып, отыз жылдан асып бара жатыр, аз уақыт емес қой. Чечулин мен Лукьянов, бізге дейін службада Қырғызстанда Қойташтағы полкте болған. Бұлардың барлығы жап-жақсы әскерилер және дұрыс адам болды, іштерінен бірі де ұрлықпен ұсталып не болмаса шайқас үстінде сужүректік көрсеткен жоқ, өз міндеттерін абыроймен орындап шықты. Мұның бәрін ақталғандай айтып отырғаным, прапорщиктер жөнінде ел ішінде тараған бір теріс ұғым бар – олардың бәрі служба дегенде жалқау, қолына түскенді жымқырып кетеді деген. Біздегі жігіттер сол ұғымды жоққа шығарған азаматтар еді.

Сәуірдің аяғына қарай Дарзабтағы тапсырмамыз аяқталып, «Жасақ қайтадан Мейменеге дислокациясын ауыстырсын» деген бұйрық келді. Бір қызығы, мен өзім көрмесем де, командирдің айтуынша, біз кері қайтуға дайындала бастағанымызда, оған елдің бірнеше ақсақалы келеді, сондағы өтінгендері «жасақты әкетпей, «шуравилер» осында тұра беріңдер. Керек болса өз қалтамыздан сендерді тамақтандырамыз, оқ-дәрі сатып алып берейік, тек кетпей осында қалыңдар» деді. Сол маңайдағы дұшмандарды мұрындықтап алғанымыздың қарапайым халыққа жаққаны бұл, ал, екіншіден, біздің солдаттарымыз бұзақы болып, елге қырғидай тиіп, окупанттық мінез көрсетіп жатса, осындай өтінішпен ауылдың шалдары біздің командирге келер ме еді? Меніңше, бұл да бір көрсеткіш, сол кездегі Совет армиясының шын мәнінде Ауған халқына интернационалдық көмек көрсету мақсатында келгені. Совет Үкіметі әскер кіргізерде, әрине, бір емес, бірнеше саяси мақсатты көздегені рас. Ал сол мақсаттарды іс жүзінде орындауға барған қарапайым офицерлер мен солдаттар «басты міндет – Совет Одағының мүддесін қорғау мен көршілес халыққа интернационалдық көмек көрсету» деп жүрді. Өзгені қоя тұрайын, өз басым шын жүрегіммен сол елдің бишара халқына көмектесіп жатырмын деген сенімде болдым. Ал ауғандықтар біз барғанымызда аш-жалаңаш жүрген, келешегінен жақсылықтың нышаны да көрінбейтін, білім дегенде надан, нағыз сорлы халық еді. Орта ғасырлардағы өмірді көрсетпекші

болып кез келген қышлағына кино түсіремін деп барсаңыз, киімін де өзгертпей, тұрмысын келістіріп жатпай, сол тұрған күйі түсірсеңіз, бұл орта ғасырлардың көрінісі екеніне ешбір адам күмәнданбайды.

Ал сол халықтың жағдайы қазіргі таңда да жетісіп жатқан жоқ. Дәл бүгінгі күні есірткі өндіріп, героинмен адамзаттың үштен бірін уландырып жатқандары үшін құдайдың қарғысы атты ма дерсің осы елді.

Бұрынғы КСРО кеңістігінде осы ауған героинінен қанша адам жыл сайын өліп жатқанын білгіңіз келсе, мен айтып берейін. Тек Ресей елінде соңғы он жылдың ішінде бір миллионнан астам адам есірткінің салдарынан қайтыс болған. Ал біздің «интернационалдық» борышымызды атқарып жатқан сексенінші жылдары бұл дертке жол берілмейтін.

Қайтар жолымыз едәуір шапшаң және қауіпсіз болды. Бұл кезге дейін маңайдағы көтерілісшілердің шаңын шығарып, қазақша айтқанда, жынын қағып алған соң бізге тиіспек түгіл, мүлдем жолаған да жоқ.

Сол қайтар жолдағы жергілікті халықтың жағдайын суреттейтін есте қалған көріністі айтып бергім келеді. Көктем күшіне кіре бастағандықтан таудағы қар күрт еріп, төмендегі ойпаң жерлерді су алып кетіп, тіпті бір көлемді-көлемді көлдер пайда болды. Сондай бір жаңа біткен көлдің жағалауымен келе жатырмыз. Бір уақытта көзіме анадай алыс жерден қарайып, суды бойлап, қолдарын бұлғап келе жатқан адам көрінді. Жол үстіне дәл менің машинамың тұсынан шықты. Қарасам, бала, үстінде дамбал мен көйлек, аяғында жалаң киген калош, бір қолында ұстағаны екі сигарет. Сондағы үш жүз метрдей, кеудесінен қар аралас суды кешіп келгені, жаңағы екі сигаретті сату. Ал енді елестетіп көріңіздер, олардың көріп жатқан күнін. Көбінесе, әлгі сигареттер анаша тығындаған болатын, темекімен аралас, бірақ мәселе онда емес, анаша олар үшін біздің насыбай атқанымыз сияқты. Мәселе – екі сигарет сатам деп мұз аралас суға малынып қандай қиындықты басынан өткізіп келе жатқанында ғой. Әлде мұндайды қиындық деп санамай ма екен өздері?..

Сол жолы алғаш рет сиыр жегіп жер жыртқанды көрдім. Өгіз емес сиыр, сондықтан ойлаймын, сол пәлелер сиырды саумайды білем, құрт, май, ірімшік жегенін көрген емеспін. Дарзабтан алыстаған соң, тау етегі еңістеу келеді де, сол жерлерге егін егетін көрінеді, бидай шығар деп ойладым, мүмкін тары болуы, құдайың білсін не екенін, әйтеуір, бірдеңе егіп жатты. Тарихи суреттерден көргенімдей, ағаш соқамен жыртып жатыр.

Мейменеге келген соң, сәуірдің аяғы ма, мамырдың басы ма, мен демалысқа елге кеттім. Рота командирі Қалибек Ахметов мен қайтып келген соң баруға тиіс болатын, себебі командир мен орынбасары бір уақытта кетіп қалуға болмайды. Офицердің Одаққа кетуі барып тұрған оқиға, оның үстіне бұл – біздің алғашқы демалыстарымыз. Қыс бойы Дарзабтағы шайқастар үшін кете алмай еріксіз қамалып жүргенбіз. Туысқандарына апарып беру үшін жігіттер бір үйеме қылып сыйлықтарын беріп жатыр.

Колонналармен ілесіп бізге кейде, Одақта саудада жоқ Внешинторгтың дефицит товарларымен военторгтың автолавкасы келіп тұратын. Оның үстіне Меймененің базарына баратынбыз, бізде жоқ тондар, джинсы, батниктер, шифон матасы, жапондық магнитофон, транзисторлар толып тұратын. Ақша жеткілікті, сондықтан тартынбай сыйлыққа деп балашаға, туған-туыстарға алатынбыз. Қалибек те балама деп киім-кешектер берді, ішінде дубленка ма, теріден жасаған куртқа ма, әйтеуір, бір жағалы киімі де бар. Демалысқа Кабул қаласын басып жүру керек. Алдында вертолетпен Багарамға дейін ұшамыз, сосын Кабул, одан әрі Ташкент қаласының Тuzель атты аэропортына жетеміз. Ауғанстанның ішінде және Ташкентке дейін қайда ұшсаң да тегін. Офицерлік куәлігіңді көрсетсең болғаны, әрине, тек өзіміздің самолет, вертолеттерімізбен ғана. Тuzельде қатаң кедендік тексеру, әйтпесе көне пышақ, қылыш, пистолет дегендерді үйіп-төгіп әкелер едік. Ал Ташкенттен самолетпен Алматыға тартамыз, кейде билет болмай қалған кездері Фрунзе (*қазіргі Бишкек – авт.*) арқылы ұшатынбыз. Бірақ куәліктің арасына он чек қыстыра салсаң, бұл проблема да шешіліп, билет табыла

кететін. Алматыға ұшып жүргеніміз – бәріміздің семьяларымыз әлі Қапшағайда тұрып жатты.

Содан демалысымды өткізіп жатқанымда аяқ астынан қайғылы хабар келді. Қарағандыда қайын жұртымда қонақтап жатқан болатынымын, кешкілік уақытта телефон шылдырлады. Үй ішіндегі біреуі көтеріп, сені сұрап тұр деп телефон тұтқасын маған ұсынды. Алсам, Бақытжан:

– Аман, қайғыға ұшырадық, Қалибек қайтыс болды, онымен бірге Мұхтар Оспанов, – деді төбемнен үрғандай. – Қазір Ташкенттеміз, ертең «Черный тюльпанмен» оратып ұшып, түс ауа Семейдің түбіндегі Шаған әскери аэродромында боламыз.

«Черный тюльпан» деп шайқастарда қаза тапқандарды елге алып кететін самолетті айтатынбыз. Салон толғанынша мәйіттерді артып алып, бір бағыттағы төрт-бес қаланы аралап кететін. Күніне бірнеше бағыт болуы да мүмкін еді.

Келесі күні ертесімен самолетпен Семейге келіп түсіп, аудандық әскери комиссариатқа барып сонда жүрген Қалибектің туыстарын тауып алдым да, солармен бірге Шағанға бардым. Көп уақыт өтпей жауынгерлер мен офицерлердің мәйіттерін артқан (қайтыс болғандарды өзара «груз-200» дейтінбіз) аэродромға Ан-12 атты жүк тасымалдайтын самолет келіп қонды.

Кейіннен мен өзім де осындай «груз-200»-ді алып жүргенім болды. Өте бір жағымсыз шаруа. Жалпы, Ауғанстан бойынша өліктерді жинақтайтын төрт жер болды білем, солардың бізге жақыны Баграмдағы әскери госпитальдың қасында болатын. Көз жұмған марқұмдарды вертолеттермен жан-жақтан жинап алып, азын-аулақ тәртіпке келтіріп, цинктен жасалған табытқа салып, табыттарды ағаш жәшікке салатын. Жәшіктер герметизацияланған жүк отсегінде болса да, сваркамен дәнекерлеген жапсарларында саңылау қалғандықтан болар, өлексінің иісі самолеттің ішін алып кететін. Артынан көптеген күн бойы сол иіс қайда жүрсең де соңыңнан қалмай, мұрныңа келетін де тұратын.

Жатақпаевпен бірге Қалибек пен Мұхтарды Семей облысының дембельге келген жігіттері де ала келіпті. Мұхтар Оспанов Қалибектің машинасында механик-жүргізуші бо-

латын, Семей облысы Жарма ауданына қарасты Ортабұлақ ауылынан әскерге шақыртылған. Солдаттар оны алып кетті де, біз Бақытжан екеуміз Қалибектің ауылы Шақаманға кеттік. Шешесі жоқ, ерте қайтыс болған, ал әкесі ол кезде алпыстың шамасында. Әйелі Луиза жиырма екі жаста, ұлы Динар үшке жаңа толған бала. Екі-үш аға-інісі бар, апа-қарындастары есте қалмапты. Әрине, бүкіл ел болып жерледі.

Бірнеше жыл өткен соң, сол кезде службамды атқарып жүрген «Одесса әскери округі» газетіне мақала жазған болатынмын. Аға лейтенант Қалибек Ахметовтің қалай қаза тапқанын суреттейтін сол мақаламды келтіргім келіп отыр.

### Динардың әкесі

*1982 жылдың мамыры өте ыстық болды. Тым-тырыс тыныштықты бірде-бір дыбыс бұзбай, аптап ыстық қоюланғандай болып, маңайды жанып тұрған күннің көзінің жалын шарпығандай демі қымтай тұскендей. Таң атысымен келген Ми-6 жүк вертолетінің құрсағынан он шақты солдат бомботараға бөленген, семіз дельфиннің денесіне ұқсас, ұзынша келген авиабомбаларды түсіруін аяқтап қалған. Жауынгерлер жұмыстың соңы көрініп қалғандықтан болар, землянканың салқынында рақаттанып дем алу сәтін елес етіп, бір-бірімен қысқа-қысқа ғана сөз қайтарып, сараң қимылмен қозғалып жүр. Мынадай қапырық ыстықта жұмыс түгіл сөз сөйлеуге де ерінесің.*

*– Ал біттік білем, – деді шашын қысқа қырыққан қара торы жігіт. Және әлгі сөздерінен кейін:*

*– Сапқа тұрыңдар! – деп іле өзі команда берді.*

*Солдаттар бірден дабдырлап, қастарында жатқан фляжкалары ілінген белдіктеріне қол созып, жинақтала бастады. Сөйтіп жатып, алаңды көлденең қиып жүгіріп келе жатқан, әскерде дневальный дейтін, күнделікті кезекте жүрген солдатты байқамай қалды. Тек әлгі солдат манағы команда берген қара торы жігітке жақындап барып баяндай бастағанында ғана сөздерін доғарды.*

– Жолдас сержант! Ротный шақырып жатыр! – деді жүгіргеннен демігіп. Рота командирінің неге шақырғанын түсіндіргісі келгендей:

– Бізді көтеріп жатыр, – деді дауысын сәл баяулатып.

Өлгіні естісімен, жол-жөнекей не болып қалғанын өздерінше жорамалдап, манағы топ лагерьге қарай жүгірді. Тал тұсте тревогамен бұларды әлі көтеріп көрген жоқ та.

Автоматтарын тікірейтіп, әр жерден радиостанциялардың антенналарын шайқалтып, қысқа бел күрек, пулеметтердің оқ қораптары сияқты темір-терсектерін шақылдатып, рота сапқа тұрып болған соң қастарына рота командирі мен жасақ командирі майор Керімбаев жақындады. Борис Төкенұлы бұл ротаны жақсы көретін. Неге екені белгісіз, әйтеуір, өзіне жақын тартып тұратын. Мүмкін өткен күзде осы рота алдыңғы жорық сақшылығы (головная походная застава – авт.) болып шекарадан бірінші өткендігінен бе, не болмаса Меймененің маңындағы асуда бөлімшелердің ішінде ең алғашқы болып шайқасқа кіріскендіктен бе, әлде осы ротаның адамдарының көзге түспес ерекшеліктері болғандықтан ба, әйтеуір, түсіндіруге келмейтін бірдеңесі тартатын да тұратын. Былай қарағанда дәл осылай істеуге міндетті болмаса да, қазір де, міне, шығарып салуға өзі келіп тұр.

Командир ротаға деген сөзін қысқа қайырды да, солдаттар Қалибектің қолын сілтеп қалғанына бағына, баяу гүрілдеп колоннада тізіліп тұрған машиналарына жүгірді.

– Ал Қаныбек (Қалибекті ол, неге екені белгісіз, ылғи Қаныбек дейтін) өте абай бол, – деді майор кішкене бойлы, бұйралау келген қою қара шашты, шлемофоны тамақ бауына ілініп, арқасында қайырылып жатқан аға лейтенантқа бұрыла сөйлеп.

– Қышлақты қоршап ал да бәрі тарқағанша күтіп жат. Үндарын ұзақ тартатын шығар. Егер дұшмандар келіп қалса, тек Чамальварда жағынан келуі ықтимал. Сол жаққа көңіл бөл, – деді командир әзіл-шыны аралас ротныйдың шашын ұйпалап.



– Саптық бақылауды мен саған ертең жасаймын, – деді шашың өсіп кетіпті ғой дегенді меңзеп.

– Құп болады! – деп күле жауап беріп, шлемофонын ырғытып басына киді де, аға лейтенант колоннаның басында тұрған өз машинасына қарай жүгіре тартты.

Бішқына гүрілдеп, көгілдір түтін мен қою сары шаңды қоса будақтатып, колонна орнынан қозғалды.

Осының алдында қаланың маңындағы диірмені бар қышлақты қоршауға алып, сол жерге жақын тұратын ауылдардың диқандарына үн тартып алуға мүмкіншілік жасауға көмек сұрап, командирге Фарьяб провинциясының губернаторы келіп кеткен болатын. Міне, сол мақсатты орындауға аға лейтенант Қалибек Ахметовтің ротасы аттанып бара жатыр. Рота ешбір келеңсіз жағдайсыз қышлаққа дейін жетті де, машиналарды әрбір жерге бытыраңқырай қойып, оны қоршауға алды.

Оқиғаның барлығы алғашқы жүк машиналары өзеннің жағасында шеткері тұрған диірменге таяғанда басталды. Алдыңғы машинаның кузовында түрегеп тұрған царандойлық солдат («царандой» – бұл ауғандық милицияның жедел әскери бөлімдері – авт.) біртүрлі қолдарын ербең еткізді де, бидай салған қаптардың үстіне сылқ ете түсті. Содан кейін ғана ауаны жара тарс еткен мылтықтың дауысы шықты. Оның соңынан ызаланып, абаланған ит құсап, диірменнің ішінен, ауған соғысының нағыз құдайындай болған, ірі калибрлі «ДШК» пулеметі сарнап қоя берді. Тежегіштердің шиқылы, адамдардың айқайы, оқтың тасқа соғылып цок-цок еткені мен ысқырғаны, барлығы бір сәтте жантүршігерлік әуен боп кеткен дыбысқа айналды да кетті. «Духтар» күтіп жатқан екен. Соққы масқара болды. Машиналар мен өзін жеккен арбаларда келе жатқандардың жартысы бұқ түсіп жерде жатса, қалғаны естері шығып дөңгелектердің арасында жан сауғалап еңбектеп жүр. Барлық жағынан атып жатыр.

Губернатор жау келіп шабуылдайды деп қорқып, тосқауыл құрады деп ойламапты. Сондықтан ол «шувилерден» қышлақты тек қана қоршап, дұшмандардың келері мүмкін бағыттарын жабуын сұраған. Қателігі содан болды. Қалибек

мұны атыс басталысымен түсінді. Бірақ кеш еді. Сонда да... Қалғандарын сақтап қалып, дұшмандардың өзенге қарай ығысып кетуіне бөгет жасау керек. Және бұл жарты жылға жуық соңынан қалмай, құдалап жүрген Маулави-қараның баскесерлерінің ісі екенін де түсінді. Шеткі тұрған екі БМП-ға диірменнің сыртынан өзен жағасына төмендеп түсіңдер деді де, өзі үш машинамен қышлақтың ішімен тігінен тартты. Оның «бэмпэшкасы» алда келе жатты. Балшықтан соққан биік дуалдар колоннаны екі жағынан да тығыз қыспақтап, көріністі де, қозғалысты да шектеуде. Сонда да қышлақтың ортасына дейін тез өте шықты. Сол кезде шеткі дүкендерден түйдектетіп атылған автомат оқтары машиналардың борттарын осып-осып жіберді. Үш машинадан қатарынан залпымен атылған пушкалардың снарядтары жаңағы дүкендердің есік-терезелерімен, жаудың атысамын деген ынтасында қоса жұлып алған сипатты, себебі одан әрі атыс тоқтай қалды.

Дүкендер алдындағы кішкене алаңды өтісімен тағы да ирелеңдеген тар көшелердің арасына сүңгіп кетті. Елді мекен ішінде соғыс жүргізу қағидасымен машиналардың алдында жаяу десант жіберу керек, бірақ оған уақыт тығыз. Үлгермеуі мүмкін. Шапшаңдық керек. Диірменнің қасындағы атыс әлі де толастар емес. Сарғыш топырағы тақтайдай болып қатып қалған, сұрапыл қантөгістің аренасына айналған диірменнің алдындағы алаңқайға енді жеттік-ау деген кезде, бір кішкентай бала жол үстіне жүгіріп шықты да, абажадай болып көрініп жақындап қалған, құрыштанған алып машинаға қорқынышқа толы үрейлі көзқарас тастап, орнында тоқтап тұрып қалды. Жас шамасы үш пен төрт тің аралығы. Ол біртүрлі бүрісіп, басын иығына тартып, сәл бүгілген сол қолын қорғанғандай көтеріңкіреп, жаңа ғана өзі атып шыққан дуалдағы тесікке кейін бұрылып қарады. Со-сын тағыда машинаға қарады. Колонна тоқтады.

– Динар... – деп іштей күбірлеген сөз командирдің аузынан шығып кете жаздады. Өз баласына сондай ұқсас болып кетті. Тіпті жауырын ортасы шымырлап кетті.

Ахметов бір жұмадан кейін демалысқа кетуге дайындалып жүрген. Баласына деген сыйлықтары да дайын болатын. Соңғы күндері ұлымен бірге серуендегендерін елестетіп, сыйлықтары баласына ұнай ма екен, күртешесі дәл болар ма екен деген сұрақтар қойып, маңайындағыларды мазалап жүретін. Ол туралы көп ойлайтын. Сондықтан болар, мына кішкене баланы көріп «Динар!» деп айқайлап жібере жаздағаны.

Аяқтарын борттың сыртынан салбыратып, Қалибек бронядан төменге жылжып түсті де, аяңдап әлі де жол үстінде тұрған балаға қарай жылжыды. Аға лейтенант, әрине, түсінді, бұл балақайдың жол үстіне бекерден-бекер шықпағанын. Бірақ ол сол аяғын ептеп сылтып басып, оған одан әрі жақындай түсті, ақсаңдап жүргені осының алдында бір ай бұрын гранатаның жарықшағымен санынан жарақаттанған болатын да, жарасы жазылмай қойған.

– Кел бача (ауғанша «бала» – авт.), келе ғой, – деп жұмсақ үнмен баланы өзіне шақырды. Сосын оны құшақтап көтеріп алды да, колоннаға қарай алып жүрді. Үш машинаның қасынан түгел өтіп болғасын ғана жерге түсіріп, ақырын арқасынан итеріп:

– Ал енді бара ғой, – деді.

Сол асықпаған аяқмен ақсаңдап келіп, өзінің командирлік «жиырмасыншы» машинасына тырмысып мініп алды. Ларингофонды тамағына қысыңқырап, «Алға!» деп енді команда бермекші болғанында, шағын келген мешіттің алдында тұрған тұт ағашы қып-қызыл жалын болып жарылды. Жалынды толқын машинаны шарпып өтіп, адам шыдамас ыстық леп болып бетті қарып, тіліп өткендей ауырта белді қиып өтті. Броняға жантая құлай бере, еріндері осыдан бір секунд бұрын өліп кеткен механик-жүргізушіге «Алға!» деп сыбыр етті.

Гранатометпен атушыға сенімді түрде нысанаға тигізу үшін оның бір орында тоқтап тұрғаны қажет болды, әйтпесе снаряд қалт кетуі мүмкін еді. Бұл жолы ол дәл көздеді. Граната нысанаға тиді. Ребристый лист дейтін мотордың капотын, механик-жүргізушінің кеудесін тесіп өтіп, ко-

мандирлік көздеу приборын күйдіріп өтіп, командирді жамбасынан қиып түсті.

– «Сегіз жүз отызыншы! Қош бол! Мен ауыр жараландым. Қаруды жинап алу керек...»

Бұл күшінің бар қалғанын жинақтап, Керімбаевқа айта алған ақырғы сөздері еді.

Бұдан кейін әлі үш күн өмір сүрді. Сол үш күннің ішінде жасақтағы санчастьта жасаған операциядан кейін бір-ақ рет қана есіне келіп, жанарымен командирді тауып алып, кешірім сұрағандай сыбырлап:

– Мен жетер едім ... бірақ онда бала болды, – деді.

1982 жылдың мамыр айының 15-і күні Кабул әскери госпиталінде көз жұмды. Небәрі 27 жаста еді.

Дәл сол шайқаста ол жауынгерлік ерлік көрсеткен жоқ. Бірақ мен сол кездегі өмірімді еске алған болсам, әрдайым Қалибек туралы әңгімелеймін. Баланың өмірі үшін ол өз қауіпсіздігін былай ысырып тастады. Мұнысы символ секілді. Біз онда бұзып, қирату үшін емес, сол елдің болашағын қорғау үшін барып едік. Сондықтан мен ол жерге қателесіп бардым деп ойламаймын. Сол күні Қалибек те ауғандық баланы көтеріп алуға бронядан қателікпен түскен жоқ. Ол өзінің жүрек шақыруымен азаматтық ерлік жасады. Кәдімгі адамның жүрегінің шақыруымен.

Сондықтан Берлиннің Трентов паркіндегі Совет жауынгеріне қойылған ескерткіштің бейнесі көзге түссе, сол бейнеден мен өзімнің қандыкөйлек досым, менің командирім, кішкентай Динардың әкесі Қалибек Ғазизұлы Ахметовтің бейнесін көремін.

Сол кезеңдегі біздің жігіттердің бір-біріне деген адал достық сезімін мына бір жағдай да білдіре кетеді деп ойлаймын. Қалибектің жиырмамыншы командирлік машинасының оператор-көздеушісі Серікбай Таутанов деген жігіт болатын, Семей қаласынан шақыртылған. Дәлірек айтқанда, төрт күннен кейін ол да Мұхтар секілді мерзімді қызметін аяқтап, елге қайтқалы отырған. Машинаға снаряд тиіп қираған соң, башняның ішінде өз орнында отырған Серікбай не болғанын

өз көзімен көрейін деп ытқып сыртқа көтеріледі. Шықса, солдаттар командирді сүйемелдеп, машинадан түсіріп жатыр екен. Ұмтылып барып механик-жүргізушінің люгіне үңілсе, Мұхтар мотор отсегіне сүйеніп қозалыссыз жатыр. Қисайған жақ қолынан тартып еді, қолы жауырынның түбінен жартылай жұлынған екен, белбеуінен ұстап жоғары көтерейін десе белдіксіз отыр. Қайтадан секіріп башняға түседі де, іштен сүңгіп командирдің орны арқылы механиктің артына барып, орындығын шалқайтып, Мұхтарды кеудесінен құшақтап ұстап сүйреп башняға кіргізіп, иығына салып жоғары көтереді. Сержанттардың біреуі командир мен механик екеуін артта тұрған жиырма үшінші машинаның десант бөлімшесінің орындықтарына жатқызып, дереу кері аттандырады.

Серік ілгері жүргізейін деп механиктің орнына отырса, машина қозғалмайды. Мотор істеп тұр, газды басса, гүрілдейді, ал орнынан былқ етпейді. Машинаның бұзылғанын түсінген соң базадан тартқыш трактор шақыртып, артынан тіркеп кейін сүйреп, сол күйі алып кетеді.

Рота түгелімен орнына қайтып келген соң, Серікбай сақшының тоқтатқанына қарамастан Керімбаевтың жертөлесіне кіріп келеді. Бір қағаздарға үңіліп қарап отырған командир басын көтеріп оған қарап:

– Не болды? – дейді.

– Жолдас подполковник, мені бұл жолы елге қайтармай, службамды жарты жылға ұзартуыңызды сұраймын, – дейді. Керімбаев біраз үнсіз отырады да, бәрін түсініп тұрса да:

– Неге? – дейді.

Сонда жасқа булығып, әрең шыдап тұрған Серікбай терең күрсініп:

– Қазақта кек деген болады, жолдастарымның кегін аламын, – дейді.

– Сен қолдан келгеніңді істедің солдат, арттарыңда тағы да жігіттер бар, қалғанын солар тындырады. Оның үстіне солдаттың службасының мерзімін ұзартатын менде құқық жоқ. Үйде әке-шешелерің күтіп отыр, елге қайтуың керек, – деп жертөледен шығарып жіберді.

Сол күні «Таутановты Оспанов Мұхтарды үйіне дейін жеткізетін топтың қатарына қосыңдар» деп командир бұйрық берді.

Біз Дарзабтан қайтып келіп Панджшерге аттанғанымызша тағы бір елеулі оқиға орын алды. Мейменеде бізбен көршілес орналасқан шекарашылар өз каналдарынан жаудың топтасқан жерін біліп алып, әлгі топты құртпақшы болады. Бірақ ниет бір де, оны іске асыру мүлдем өзгеше болып кетуі мүмкін. Соғыстың аты соғыс, дұшпаның да жайбарақат қарап жатпайды, ол да барлау, тыңшы жіберу, аңду дегенді жасап жатады. Дұшмандардың сол әрекеттерінің арқасында болу керек, жауын құртпақшы болып барған бөлімшенің өзі торға түсіп қалады. Тау арасындағы кеңдігі шамалы кішігірім шатқалға шекарашылар колоннасы түгелімен кірісімен басындағы, аяғындағы екі БТР-ды гранатометпен жағып жібереді де екі жақтан соққыға алады. Командирлері, әрине, рациямен көмек сұрап бізге шығады. Керімбаев дереу көмекке үшінші ротаның екі взводын екі вертолетке отырғызып жібереді де, екінші ротаны БМП-ларына отырғызып аттандырады.

Енді бұдан әрі әңгіме тізгінін сол шайқасқа қатысқан, үшінші ротаның үшінші взвод командирінің орынбасары болған, о кезде аға сержант Сайлау Қайранбековқа берейін:

*«Тұс мезгілі жақындап қалған болатын. Құтпеген жерден «дабыл» жариялап, біздің ротаның екінші және үшінші взводтарын көтеріп, аға лейтенант Мақашев басқаратын бірінші взвод күзетте болатын, қаруланған соң вертолеттердің қасына алып барды. Шекарашылар қоршауға түсіп қалып, соларды құтқаруға баратынымызды сол жерде білдік. Әуеге көтерілген соң аса көп ұшқан жоқпыз, вертолеттер төмендеді де, бізге «Секіріңдер!» деген команда берілді. Вертолет шамасымен жерден екі метрдей биіктікте ақырын ұшып бара жатты да, біз бір-бірлеп секіре бастадық. Бұрын да талай секіргенбіз, былай үйреншікті жағдай. Вертолет саны жалпы төртеу, екеуінде десант бар да, екеуі бос, олар жоғарыдан біздің десантировать етіп жатқанымызды бақылап жүр. Бізді шайқас болып жатқан жерден екі шақырымға жуық жерге түсірген екен,*

әрі қарай жүгіре жөнелдік. Вертолеттер жоғарылап барып НУРС-тармен атқылай бастады, үш-төрт рет бомба да тастады. Шекарашылар қамалған шатқал әлі көзге көрінбей тұрып, бізден сәл төмендеу биіктікке жақындағанымызда тобымызды ДШК-мен бас көтертпейтін атыстың астына алды. Жата қалып атысқа біз де кірістік. Екі солдат сол жерде ауыр жараланды, олардың қасына тағы екі солдатты қалдырып, біз жағдайымыз келгенше ілгері жылжыдық. Осы күндері сол шайқасты есіме алсам, бораған оқтың арасынан қалай аман қалғанымызға таң қаламын. Бізді сақтағаны – позициямыздың жаудан жоғарырақ болғаны болды. Сөйтіп атысып жатқанымызда екінші ротаның «БМП»-лары жетіп үлгеріп, шайқасқа олар да кірісті. Екінші рота келген соң командирлер бір-бірімен келіскен болу керек, жауды бір мезгілде шабуылдадық. Кәсіби тұрақты әскердің аты әскер, қаншама қарсыласқанымен көпке шыдатпай, дұшмандардың быт-шытын шығардық. Ең бастысы, қаруымыз ауыр ғой, БМП, БТР-лар, зеңбірек, ірі калибрлі пулеметтерімен бар. Қанша айтқанмен бетпе-бетке шыдамайтын.

Жау бекінісін алған соң аралап жүріп қарасақ, олар да мықтап бекінген екен. ДШК пулеметін үңгірдің ішінен атыс позициясына сырғытып шығарып, қайта орнына қайтару үшін бұрышты темірден рельс сияқты жол салып қойыпты. Пулеметтің ауыр станогы (жалпы салмағы 180 кг. – авт) жаңағы темір жолмен жеп-жеңіл қозғалып тұрады. Жүріс бола алатындай шатқал жағынан қорғануға тас үйінділерінен окоптар жасапты. Бірақ менің түсінгенім, бұл жер соғыс жүргізетін бекініс емес, дұшмандардың бір жасағының базасы болған сияқты. Тағы бір түйгенім, біз бірыңғай тау басқан жолсыз сырт жағынан вертолетпен келеді деп ойламаған сияқты, бізді ДШК-мен атқылағанымен, бұл жағынан қорғаныс шебін құрмағандықтан аса жөнді тойтарыс бере алмады.

Біздің жақтан екі «БТР» қиратылып, көптеген солдаттар жараланды, бірнеше шекарашылар өліп кетіпті. Олардың бәрін бір вертолет қонып, соған артып алып кетті. БТР-дың біреуі тіпті жарамсыз болып қалған екен, оны жардан итеріп құлатып кеттік.

## 7. Бес арыстан шатқалында

Маусым айының бас кезінде демалыстан қайтып оралдым. Сол кездері Одақтан бізге жаңа рота командирі болып тағайындалып аға лейтенант Валерий Радчиков келді, қасқабағы ақшыл, өңі сарғыштау келген жігіт. Рязань әуе-десант училищесінің түлегі, кәсіби арнайы мақсаттағы офицер. Жөні дұрыс әскери азамат болғандықтан тез тіл табысып кеттік. Тағайындалды ма, тағайындалды, талқылайтын несі бар. Ал соңынан екі-үш мәрте операцияға бірге шыққан соң, тіпті өзіміздің адам болды. Өжеттігі мен жақсы дайындығы көзге көрініп тұр. Бірақ, өкінішке орай, иық тіресіп ұзақ соғыса алмадық.

Панджшер шатқалына кірердегі шайқастар кезінде жасалып жатқан операциялардың бірінде, Руха елді мекенінің маңында минаға жарылып, екі аяғынан тізеден төмен айырылып, госпитальға аттандырылды. Алайда жыл өткен соң ...протезбен қайтып келді. Қайткенмен бәрін ретімен айтып берейін. Минаға түскеннен кейін, жауынгерлер промедолмен оның ауырғанын қайтарып, жеті сағат бойы таудан төмен плащ-палаткамен көтеріп түсіріп, жасақтың базасына әкеледі. Төрт мың метрден астам биіктік, жалғыз аяқ соқпақтардың құлдилағаны адам айтпастай, бірақ жеткізеді. Валера тек алты ай өткен соң ғана Москвадағы Бурденко атындағы госпитальда есіне келеді. Оған дейін ес-түссіз жатқан. Тағы да алты ай өткен соң, протезге тұрған Радчиков кез келген лауазымға келісем, Ауғанстанға қайта жіберіндер дейді. Түркістан әскери округінің штабында кадр қызметкерлерімен кикілжіңге келеді, Ауғанстан мүгедектердің жүретін жері емес дегенде. Онысы артынан Совет Одағы Батыры атағына ұсынғанда алдынан шығады. Өтінішінен кадр басқармасы бас тартқан соң, шекерадан өткізетін аралық пунктке келіп, оның бастығына «жарақаттан кейін ротамды тапсыруға тиіспін» дегенді сылтау етіп, Ауғанға өтіп кетеді. Кабул аэропортында жасақтың қай жерде тұрғанын біліп алып, вертолетке отырады да, Гульбахорға жетіп келген.



Бір қолына таяқ ұстап алдымда тұрғанын көргенде, өз көзіме өзім сенбедім. Ал ол күлімсіреп:

– Менмін ғой, менмін! Сәлем, комиссар! – деп жатыр.

Керімбаевқа ол үзілді-кесілді: «Мен ешқайда қайтпаймын, өз ротаммен соғысты жалғастыра берем», – дейді. Командир осылай да осылай деп армия қолбасшысына баяндайды. Күтпеген жерден қолбасшы қалуға рұқсат береді, дәл сол кезеңде тағы бір ротный жараланып, командирдің орыны бос тұрған. Үш офицер жараланып, төртіншісі өліп кеткен соң, Керімбаев тағы біреуді бұл орынға тағайындауға жүрексініп жүрген болатын.

Бір ай өткен соң мен Одаққа ауыстым, ал ол соғысты жалғастырып қала берді. Тауға, әрине, көтерілмейтін, егер рота түгелімен шықса, ол да бізбен бірге шығып, өзінің командирлік машинасында отырып басқаратын. Егер біз жаяулап жоғарыға кетсек, ол бронды топпен төменде қалатын. Ал жеке топпен жұмыс жасап жатқан шақтарымызда, командирдің қатысы керек те болмайтын. Сонан соң оны барлау бөлімінің офицері қылып армия штабына ауыстырды. Сол жерде жүріп, офицерлер үшін бекітілген Ауғанда болатын екі жыл мерзімін аяқтады. Ауғанстаннан кейін ол М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны тәмамдады. Полковник шеніне дейін әскери қызметте болды. Және ең таңғаларлығы, екі аяғынан бірдей айырылса да, парашютпен секіруін жалғастырып жүрді және жай ғана секіріп қоймай, солтүстік полюсқа секірді! Нағыз жігерлі, қайсар адам еді. Есімде, ол академияда оқып жүргенінде Украинадағы өз полкіме өтіп бара жатып, оның Москвадағы пәтеріне соқтым, Плющиха деген жердің маңында болатын. Үйіне кіріп келсем, ол еденге топографиялық картаны жайып салып, еңбектеп жүріп, бір тактикалық тапсырманы сызып жатыр екен. Ал өзі сондай шат көңілді...

Валера 2001 жылдың ақпан айының 1-і күні өз машинасымен Питерден Москваға қайтып келе жатып автокөлік апатында мерт болды.

Одаққа оралғаннан соң, мен Қалибек Ахметов қаза болғаны сияқты Валера Радчиковтің да жараланғаны туралы Одесса

өскери округінің газетіне мақала жазған болатынмын. Сол мақаламды осы жерде келтірейін.

Мақала негізінен Радчиков туралы емес, оны сол жараланған миналы алаңнан алып шыққан жауынгерлер туралы еді.

### *Ерлікке басқан он қадам*

Таң атысымен күннің көзі аямастай жаңдырып тұр. Тау арасы тым-тырыс, тірі жәндік көрінбейді. Тек қана өркөкірек, төкашпар бүркіт қана асқақ биіктіктің салқынына рақаттанып па, әлде тояттанатындай бірдеңе табам ба деген үмітпен бе, көкшіл аспанда қанатын кең жайып қалықтап жүр.

Аға лейтенант Радчиковтің басқарған тобы үстем биіктікті басып алу мақсатымен екінші тәулік бойы тау арасында. Топта жинақталған жауынгерлердің бәрі де әлді, талай рет жорықтарда болған жігіттер. Тек оқыту бөлімшесінен таяуда ғана келген, әлі мұндай ыстық пен биіктікке үйренбеген санинструктор Александр Кононов қана өзгелерден жиірек тоқтап, деміккенін басып келеді. Кішкене бойлы, істік мұрын, арықша келген жігіт біртүрлі шымшық торғайға ұқсайтын. Дәл осы сәтте Саша Ижевскдегі туған үйінің ауласындағы құдықпен, сол құдықтың таза салқын суын елестетіп, «шіркін-ай сол судан іше берер ме еді, іше берер ме еді» деп келе жатқан.

Жүрісті баяулатып келе жатқанын байқап қалып, иығындағы ранецті арқасына жоғарырақ көтеріп қалып, алдында келе жатқан бөлімше командирінің соңынан адымын әлі жеткенше ширата, жүрісін жылдамдатты. Сержант Серікжан Құлжабаев иығын төмен тартып келе жатқан жүгіне қарамастан жеңіл басып келе жатыр. Кононов ыстық пен таулар Серікжанға үйренішті іс екенін, әрине, білетін. Осындай жалғызаяқ соқпақтармен оның жүргеніне жылдан асып кетті. Және жай ғана жүрген жоқ! Оның атқарған қызметі «Қызыл Жұлдыз» орденімен белгіленген! Александр өзін, бірнеше айдан кейін мен де осындай мықты болып, ауыр

шақырымдарды жеңіл адымдап артта қалдыратын болармын деген оймен жұбатып келеді.

Аялдайтын орынға Кононов тек қана қаруымен санитардың сөмкесін ұстап, жүгін әжептәуір жеңілдетіп жетті. Ал оның, өзіне тас салып қойғандай салмақты болып көрінген ранецін, жолдастары баяғыда өздері алып, кезекпен көтеріп келе жатыр. Ең соңғы болып аға лейтенант Радчиков әкеле жатқан. Демін қалпына келтірген соң, Кононов рота командиріне жақындап келіп:

– Рақмет, жолдас аға лейтенант, бұдан әрі өзім көтеремін. Тек сөл дем алсам болғаны, – деді. Дауысы кінәлі адамның дауысындай болып шықты. Александр жолдастарына машақат болғанын, әрине, түсініп тұр. Сондықтан да командирінен қаймығып, көздерін көтере алмай тұрғаны. Бірақ Радчиков, тіпті уставқа сәйкес емес қимылмен жауынгерді иығынан қақты да:

– Ештеңе етпейді, Саша, бір-бірімізге көмек көрсетпесек, біз солдат боламыз ба? Тарас Бульба есінде ме? Не деуші еді ол? Жолдастықтан асқан адамды қосар әулие сезім болмайды! Міне, жолдастарың сондықтан саған көмектесті. Өзгелерге қиын шақ туса, сен де көмектесерсің... – деді.

Сол алғаш тауға шығудан бір ай уақыт өтті. Ол жолы жауынгерлер берген тапсырманы ойдағыдай орындап, жас санинструктор өз комбатының алғысын өзгелермен қатар сапта тұрып мақтанышпен қабылдаған болатын. Дәл осы сәтте ол Гиндикуш шыңдарында қалыптасқан жауынгерлік бауырластықтың терезесі тең мүшесі болғанын сезді.

Міне, топ тағы да қатерлі соқпақтың үстінде. Барлаушылар командирінің соңынан ұзын тізбекке тізіліп, ақырын жылжып келе жатыр. Бір мезетте аға лейтенант Радчиков тоқтап оң қолын көтерді. Бұл «бәрің де орындарыңда тұрыңдар, мина!» деген белгі болатын. Содан соң, ол сөл ілгері жылжыды да, ақырын оң жақ тізесімен отырып, маңайын қарай бастады. Өкініші кетпес жағдай сол кезде орын алды, офицер байқамаған екінші минаға аяғымен тиіп кетті...

Сілейіп тұрып қалғанынан Кононовты рота командирінің ыңырсығаны есін кіргізді. Радчиков ақырын арқасына

аударылды да, өзер дегенде отырып, бөтен бір қырылдаған сыбырмен команда берді:

– Бәрің де кейін қайтыңдар! Миналар, көп миналар!

Сосын шалқасынан құлады. Александрдың ойлары шарқ ұрды. Егер тағы да бірнеше минут өтіп кетсе, командир өледі. Ал оған дейінгі жол, мына он қадам, минамен сеуіп тастағандай. Көптеген мина! Мұны Радчиковтың өзі айтты. Әрқайсысы бұлтармас өлім. Қалт бассан болғаны, ешкім де қалмайды – әкең де, шешең де, ана бір сүп-сүйкімді бойжеткен де, ешкім де... Бірақ ана жерде командир, сенің қарулас жолдасың!

Әлі мұрты да қылаң бермеген Кононов жоғарғы ернін тістеп алып, абайлап алға қадам басты. Көздерін жерден алмай қадалып, жасырын жатқан миналардың зұлым төбешіктерін іздеумен жүріп келеді. Әр қадамы мәңгіліктей созылып, сонымен қоса тіршілікпен бақилықтың арасындағы қас қағым сәттей. Бірақ ол тоқтамастан жылжып келеді, себебі ана жерде жолдасы жатыр, оған санинструктор және жай ғана солдат Кононовтың көмегі керек.

Радчиковқа дейін жеткен соң, сақтанып жүрелеп қасына отырды. Тездегіп жгуттар салды да, ауырғанды басатын екі екпе жасады. Енді командирді мына қауіпті жерден алып шығу керек. Кононов ақырын командир мен өзінің маңындағы топырақты құнттап тіміскілей бастады. Міне, пехотаға қарсы мина. Бұлармен ол таныс. Ақырын-ақырын жарылғышын бұрап аламыз. Міне, тағы біреуі. Осымен бітті білем, маңайы тазаланды. Енді зеңбіл етуге лайықталған плащ-палатканы жайып, оған командирді жатқызу керек. Осының бәрін жасағаннан кейін ғана Кононов манадан бері мұның әр қимылын аңдып тұрған өз достары жағына көз салды. Тар соқпақта бірінші болып тұрған қатардағы жауынгер Якиманскийдің көзімен көзі түйісті. Офицерді жалғыз көтеріп шығаруға мүмкіндік жоқ, сүйрелеп те әкете алмайсың, толып жатқан мина.

Жолдасының үнсіз көзқарасын Якиманский дұрыс түсінді де, ол да алға қадам басты. Жүрегінің күңірене соққаны, құлағына дәу қоңыраудың үніндей естіледі. Бір адым, тағы бір адым. Не деген көп еді бұл! Бірақ мұны солдат жауынгерлік

достық үшін, жолдасыңды құтқарудан бас тартқызбайтын міндет үшін жасауы керек. Якиманский қасына жеткенінде Кононов оны разы болған көзқараспен қарсы алды. Енді кейін қайту қажет. Қалған жолдастары бұлардан үрей мен үмітке толы көздерін алмай қарап тұр. Кононов артында, Якиманский алда келе жатыр...

Командирді көтеріп алып шығып, оның жанын сақтап қалу үшін Кононов пен Якиманскийге небәрі он қадам жасау керек болды. Ол кезде сарбаздар бұл жауынгерлік жолдастық деген биік сезімнің құрметіне жасалған ерліктің қадамдары деп ойлаған жоқ еді. Бұл – әлемге жар салатын түсінік емес, бұл әскери қызмет мәжбүр ететін, ішінде біреуі барлығы үшін, ал барлығы бірі үшін деген түсінігі бар жоғары қажеттілік. Өзгеше болуы мүмкін де емес.

*2-ші ротаның санинструкторы кіші сержант Александр Кононов төрт ай өткен соң, 1982 жылы қараша айының 19-ы күні дұшмандармен шайқас үстінде ерлікпен қаза тапты. Қайтыс болғаннан кейін «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды.*

Ауғанстан Үкіметіне қарсы оппозициялық күрестегі Панджшердің орны мен рөлін жоғарыда айтып кеткен болатынмын. Ол шын мәнінде көтерілісшілер қозғалысының негізгі табан тірер пункті болатын. Біз Дарзабтан Мейменеге жаңа ғана қайтып келіп жатқанымызда командование шатқалды қолға алу операциясын бастап кеткен еді. Ауған соғысы басталғаннан бері бұл бесінші операция болатын.

Сол операцияның көлемін көрсетпек үшін полковник А.А. Ляховскийдің «Ауған соғысының құпиялары» атты кітабынан үзінді келтірейін: «...1982 жылдың 16 мамырынан маусым айына дейін Ауғанстанның Ислам қоғамы (АИҚ) моджахедтерінің топтасқан қауіпті құрылымын қирату мақсатында Панджшер өзенінің алқабында Совет әскерлерінің шектелген контингентінің қатысуымен кең көлемді операция жүргізді. Оны өткізу үшін 36 батальон (20 ауғандық, 16 советтік батальон, жалпы адам саны 12 мың), 320-дан астам танкі, БМП, БТР, 155 зеңбірек пен минометтер, 104 вертолет, 26 самолет қолданды.

*Операция барысында жау нысандарына авиасоққылар мен артиллерия атысы жасалып, десант қондырылды. Ауған бөлімшелері және Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің топтары барлық шатқалдар мен өзендер алқабын, елді мекендерді жаппай сүзіп, базалар мен қару-жарақ қоймаларында іздеу жұмыстарын жүргізді.*

*Оппозиция жасақтары қиян-кескі ұрыс салды. Операция барысында 6 мыңға жуық бүлікші құртылып, 320 ату орны мен минометтер, 120 ірі калибрлі пулеметтер жойылды, қорғанысқа бейімделген 100-ге жуық үңгір жарылды, 30 шақты қару-жарақ қоймалары басып алынды».*

Бірақ бұл операцияның жетістіктері, жеткен шептерді ұстай алмай, Совет әскерлері шатқалдан шыққан соң артынан іле қашқан үкіметтік әскерлердің осалдығының кесірінен жоққа шығарылды. 40-шы армияның басшылығы қайта әскер кіргізіп, Базарак елді мекенінен Анава қышлағына дейінгі жерді біздің 177-ші арнайы мақсаттағы жасақтың бақылауына қалдырмақшы болып шешім қабылдайды. Содан, маусым айының бас кезінде біздің жасаққа Меймене – Андхой – Мазари-Шариф – Ташқорған – Пули-Хумри – Джабаль-ус-Сирадж – Руха, жалпы ұзындығы 640 километр маршруты бойынша марш жасауға тапсырма берілді. Егер маршрут түгелімен дейік, осы аталып кеткен қалалардың маңындағы күзетке алынған шамалы учаскелерден басқасы, көтерілісшілердің бақылауында екенін, оның ұзындығын және соғыс техникасы шынжыр табанды екенін ескере отырсаңыз, қойылған тапсырманың қандай күрделі болғанын түсінуге болады. Техниканың шынжыр табанын неге еске түсіріп отыр десеңіз, олар қара жермен не болмаса қар үстінде жүруге жарамды болғанымен, асфальтқа, оның үстіне ирелендеген тау серпантиндерімен жүруге мүлдем келмейді. Біздің БМП, БМД-ларымызға асфальтталған тас жол мұз қатқан айдындай болды. Машиналар бұрылыстарда тайғақтап, сан рет құздың дәл қабағына дейін құлдилап барып, өрең дегенде тоқтап, жылжып отырды. Ал асфальттан түсе алмайсың, себебі жол Ташқорғаннан кейін бірыңғай тау ішінде жүреді, ал бұл дегенің – жүрер жолымыздың тең жартысы.

Ташқорғанның алдында үлкен демалыс жасап, түнеп шықтық. Сол күні командирге мерзімінен ерте «подполковник» әскери атағы берілді деген хабар келді. Маңайымызды оңды-солды торып жүріп, бір отар қойға кезіктік. Тау арасында иесіз қалған мал көп болатын, екеуін ұстап әкеліп, тылдағы жігіттер бүкіл жасаққа палау жасады. Өлі есімде, БМП-ның башнясын көлденең бұрып, қойды бір сирағынан байлап пушканың стволына іліп қойып, терісін ірегенбіз. Борис Төкенұлының кезекті әскери атағын осылай атап өттік.

Келесі күні Саланг асуындағы туннельден өттік. Қазір есімде қалмапты, сол туннельді дүниедегі ең ұзын деп пе әлде ең биік деп пе, айтылып жатқан. Кезінде советтік метроқұрылысшылар 3947 метр биіктікте, ұзындығын 2600 метр, кеңдігін 8 метр қылып қазып шыққан екен. Бұл асудың өзіне жету үшін бірнеше одан сәл кішігірім асулардан көтеріліп барып өту керек. Жол бірыңғай шұғыл бұрылыстардан құралып, жартастардың қабақтарымен ирелеңдеп жоғары өрлейді. Туннельмен ұзақ жүрдік, жағымды сезім сезіндік деп айта алмаймын. Кейін сол жылдың қараша айында қастандықтың арқасында осы туннельде ондаған машина қарама-қарсы кептеліп, моторлардың түтінінен иістеніп, 64 совет жауынгері, 112 ауғандық сарбаз өліп кетті. Бұл оқиға армия бойынша бұйрықпен жарияланған болатын.

Панджшер алқабы екі жағы да тік тұрған жартастармен көмкерілген, Панджшер өзенінің таулы тасты жарып өткен ізінен туындаған, жалпы ұзындығы 250 шақырымдай, солтүстік-шығыс Ауғанстанды Пәкістанмен қосып жататын шатқал. Панджшер деген сөз парсы тілінен «Бес арыстан» деп аударылады екен. Тау жоталарының биіктігі үш мыңнан бес мың метрдің аралығында. Бір тікен шөп шықпайтын бірыңғай жартас. Өзен жағалауының екі жағынан да кеңдігі бір жарым шақырымнан екі шақырымдай, топырағы құнарлы, алма бақтары мен аралас егін салған созылып жатқан алқап. Кей жерлерде жартастар кері шегініп, төрт жүз-бес жүз метр биіктікке дейінгі еңіс жондарда тал-шілік өседі.

Моджахедтердің қорғанысы үстем биіктіктерде, шатқалдарда, бекіністерде орналасқан жекелеген тірек нүктелері-

нен (*опорный пункт – авт.*) тұратын. Әдетте бір тірек нүктесінде 20 шақты жауынгерге арналған бірнеше атыс орындары болады. Инженерлік тұрғыда бүкіл алқап мықтап дайындалған. Былай айтқанда, әскерлер қарсылыққа кезікпей қозғалатын бірде-бір бос кеңістік қалмаған. Әсіресе жалпы саны 120-ға жететін ДШК ірі калибрлі пулеметтеріне қоса, «Стрела-2М» көтермелі зениттік-зымыран кешендерінен тұратын Панджшердің өне бойын қамтитын ПВО жүйесі өте шебер құрастырылған болатын. Мүқият жасырып бүркелемеген ПВО құралдары жылғалар мен үңгірлердің маңында, не ішінде жайғастырылыпты. Тау арасындағы биік үңгірлерді шегінген жауынгерлердің топтары мен тұрғындардың жасырынуына пайдаланған. Және сол үңгірлерде қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік қоймалары орналасқан. Осының бәрі бүлікшілерге өзен алқабының төңірегін толығымен бақылауға мүмкіншілік берген.

Негізінен Панджшер шатқалы, Саланг асуынан түскен соң, Гульбахор қаласының маңындағы Джабаль-ус-Сирадж жаққа бұрылыстан басталады. Жол оңға бұрылып Джабальды басып, Чарикар алқабының жағалауымен Баграм қаласына қарай кетеді де, солға бұрылсаң, Гүльбахор қаласын басып Панджшер шатқалына кіресің. Өзен арнасы бойымен, терең құздың қабағында тік жартасты қашап салынған ирелеңдеген жол алдында бізді 345-ші «ферғаналық» парашютті-десант полкінің батальоны бекінген Анава елді мекеніне әкелді. Полк штабы Кабулда болатын, ал «ферғаналық» дейтініміз бұл полк соғысқа дейін Өзбекстанның Ферғана қаласында жайғасатын. Анавадан өткен соң, жол шығыңқы тұрған жартасты орап өтіп, біз Тавах иреңі деп атап кеткен ирек жасайды. Егер дұшмандардың шатқалға кіреберістен бастап Рухаға дейін әлсін-әлсін жолға қоятын фугасты миналарын есепке алмасақ, бұл ирек біз үшін ең қауіпті жердің бірі болатын. Айтпақшы, артынан «Тоғызыншы рота» деген әйгілі фильмнің шайқас жүргізген жерінің прототипі болған – осы ирек. Ал бұл тұстың қауіптілігі, жолдың жартасты орап өтерде біз бақылауға алмаған арғы жағаға өте жақын келуінен болатын. Жақын аралықты пайдаланып, жау екі-үш адам көтеріп



кететін стволдары қайтарылмайтын (*безоткатное – авт.*) жеңіл зеңбіректермен біздің өткен-кеткен техниканы атқылап тұратын.

Біздің жасақ кіргенінше, совет әскерлері ауғандық үкіметтік бөлімшелермен қоса, Руха деген қалаға дейін жеткен екен, сол Рухада біз жайғастық. Руха Панджшер шатқалының ең үлкен елді мекені болады.

Жалпы, Ауғанстанның елді мекендерін жіктеуге келгенде, қайсысын қала, қайсысын село, қайсысын қышлақ атауын мен осы күнге дейін түсіне қоймадым. Толып жатқан саман үйлердің үйіндісі, ішінде қанша халық тұрып жатқанын бір құдайдың өзі ғана білетін шығар. Руханың жайғасқан жер көлемін алсақ, Дарзабтан кем емес сияқты, сондықтан кезінде мұнда да тұрғындар саны он мың адам шамасында болғандай. Біз басып кіргенге дейін Ахмад Шах Масуд штабымен осында орналасқан екен, біздің штаб та сол көтерілісшілердің штабы болған үйге орналасты. Бұл үй Ахмад Шахтың меншігі және шатқалдың да бір бөлігі оның шыққан руының жерлері деп айтып жүретін.

1982 жылы маусымның 12-сі күні тездетіп бөлімшелердің жайғасатын орындарын белгілеп, күзет қосындарын орналастырып, соғыс роталары жылжуын әрі қарай жалғастырды. Негізгі шатқалдан оңға, солға бұрылып кететін көптеген кішігірім тармақтар болғандықтан, біздің жасаққа үстем биіктіктерді басып алып, жаудың жаңағы тармақтар арқылы кетіп қалмауына бөгет жасау жүктелді. Біздің екінші ротаға сол қолдағы тау тізбегінің шыңдарымен жүріп отырып, Базарак елді мекенінің сол жағындағы биіктікті басып алу талап етілді.

Екінші тәулікте түн аяқталарда бізге көмекке берілген ауғандық армияның ротасы (рациямен сөйлескенде өзара оларды формасының түсіне орай «жасылдар» дейтінбіз) әрі қарай жүруден бас тартты. Ал бұған сылтау біз өзіміздің «Град» деген баяғы Ұлы Отан соғысы кезіндегі «Катюша» машиналарының кейінгі түрі ракеталарды залппен атқылайтын жүйенің атысының астында қалғанымыз болды. Жағдай былай болып еді. Түн ортасы ауа кезекті тау тізбегіне шыққан

соң, рота командирінің лауазымын атқарып жүрген Бақытжан Жатақпаев дамылдап алуға шешім қабылдады. Сақшыларды белгіледік те, жартастарды жастанып жата кеттік. Көзім жаңа ғана ілінген сияқты еді:

– Кумандан! Кумандан! – деген айқайдан оянып кеттім, бұлары біздің «командир» дегенімізге сай келетін сөз. Басымды көтерсем, ауғандықтардың бәрі тік түрегеп алған, қолдарын келген жағымызға созып, жандары шығып безілдеп тұр, ал біздің солдаттар қаннан-қаперсіз қалың ұйқыда жатырмыз. Жатқан жерімнен тұрып, манағылардың көрсетіп жатқан жағына қарасам – Құдай сақтасын! Бізге қарай от толқыны жылжып келеді екен. «Град» екенін бірден түсіндім. Ротныйды жұлқылап оятып, рацияға жабыстым. Батальондары төменде келе жатқан мотоатқыштар дивизиясы командирінің орынбасарының позывнойын керегінде хабарласып тұрасыңдар деп берген болатын. «Позывной» деген сөздің шақыратын, өзіне көңіл бөлдіретін деген мағынасы бар, әскери тілде «позывной» деген – рациямен сөйлесерде әрбір командирге не топқа беріп қойған лақап атау. Мысалы, бір кездері Керімбаевтың позывнойы «Нулевой», менікі «Руллет» болатын. Біреу рациямен «Руллет қайдасың?» деп іздеп жатса, онда оның іздегіні мен – аға лейтенант Жантасов болғаны. Сонымен, өз позывнойымды айтып өттім де, іле:

– Тоқтатыңдар атысты! Тоқтатыңдар! Өз бөлімшелеріңді талқандап жатырсыңдар!

Сөйтіп, жаным шығып жатса, полковник жайбарақат қана:

– Мүмкін емес. Біз өлшеп-кесіп алған нүктелерді ғана атқылап жатырмыз, – деп жауап қайтарды.

От толқыны біз орналасқан биіктіктің етегіне дейін жетіп қалды. Әдептілікті былай қойып:

– Какие к черту выверенные точки, полковник! Разрывы на позициях роты! – дедім.

Снарядтардың жарылыстары шапшандап жақындап келеді, «жасылдар» қолдарын ербеңдетіп, өз тілдерінде бірдеңелерді айтып, одан бетер айқайлауда. «Шаруамыз бітті-ау» дедім ішімнен. Шыңның төбесінде, кіндіктің басына шығып алған бүргедей шоқиып тұрмыз, бас сауғалар жер жоқ.

Әйтеуір, Аллаға шүкіршілік, сол кезде бізге дейін сәл жетпей, жарылыстар тоқтады. Міне, содан кейін ауғандық рота әрі қарай бізбен бірге жүруден үзілді-кесілді бас тартты. Амал не, командованиеге баяндадық та, ілгері қарай жүріп кеттік.

Жалпы айта кетуім керек, үкіметтік әскери бөлімдердің жеке құрамы (*личный состав – авт.*) Сәуір революциясының жетістіктерін қорғауға құлшынып тұрған жоқ еді. Негізінен тек қорыққанынан ғана таяқ астынан шайқастарға кіретін. Кейбір халықтық-демократиялық партияның мүшелігіндегі командирлер мен саяси қызметкерлер аянбай соғысатын, бірақ ондайлардың саны санаулы ғана болатын.

Республика Үкіметі осындай әскерді қалай ұстап тұрғанына әлі күнге дейін таңғаламын. Күндердің бірінде, әлі Мейменеге жүрген кезіміз болатын, жергілікті әскер қатарын толықтыру әрекетіне қатыстық. Таң жаңа атып келе жатқан шақта, ротамыз айтылған қышлақты көз жетер жерден алыстан қоршап алды. Біз жайғасып болған соң, бірнеше жүк машинасына отырған царандойлықтар қышлаққа жақындап барды да, қоршаудың ішкі шеңберін құрды. Содан кейін сарбоздар, олар «сарбаз» демейді, «сарбоз» дейді, үй-үйді аралап, еркектерді қышлақтың бір шетіне жинастырды. Жинап болған соң, әлгілердің ішінен бірнешеуін босатып жіберіп, қалғандарын машиналарға артып алып Мейменеге алып келді. Босатып жібергендердің бойында ақсақ-тоқсақ, соқыр, мылқау дегендей көзге түсер ақау болды білем. Біз артынан жылжып отырдық. Мейменеге келген соң, ешқайда бұрылмай тура аэродромға тартып отырып, әкелгендерінің бәрін күтіп тұрған АН-24-ке мінгізді де, алыс провинциялардың біріне алды да кетті. Онысы жақын жер болса, қашып кетеді деген оймен болса керек. Міне, жеке құрамын осылай толықтырған әскер қалай соғысады? Сондықтан да кез келген әскери тапсырманы орындаудан құтылып кетудің амалын ойлайды да жүреді.

Содан «жасылдардың» ротасын артта қалдырып, алған бетімізден тапжылмай, талай күз бен шынды артта қалдырып, Базаракқа төніп тұрған биіктікке жылжып келеміз. Тау ішінде аралық өлшемі өте алдамшы келеді. Міне қол созсаң жетердей болып көрініп тұрған төбең сағаттап, кейде тіпті күні бойы

жүрсен де жеткізбей қояды ғой. Әйтеуір, үшінші тәуліктің сәресінде көздеген жерімізге тақап келіп, жау атысының астына түстік. Төбе басына сәл жетер-жетпес жерде, қас сияқты шығыңқы жартастың аясында ДШК пулеметі нүктесі бар екен.

Маңайына үстем тұрған биіктіктерде дұшмандар ірі калибрлі ДШК пулеметімен жабдықталған атыс нүктелерін жайғастыратыны бізге мәлім болатын. Пулемет расчөті тұрған жерді қоршай, одан сәл төмендеу бірнеше қабат болып он, кейде жиырмаға дейін автоматшылардан тұратын күзөт қойылады. Көбінесе пулеметті жайғастыру үшін үңгірлерді қолданып, болмай жатса, жартас арасындағы жылғаларға жасыратын. Расчөт ДОТ-қа (*Долговременная огневая точка – авт.*) тығылғаннан кем емес, мұндайда оларды ағашқа бойлап кіріп кеткен құрт сияқты, шұқылап шығару оңайға түспейді.

Сол күндері жаудың осындай атыс нүктелерімен біздің вертолеттердің арасында кәдімгі дуэльдер орын алғанына талай рет куә болдық. Вертолеттердің шүйіріліп келіп НУРС-тармен (*НУРС – неуправляемый реактивный снаряд – авт.*) соққы жасап жатқанына, олармен тайталасып, ызаланып абаданған иттер құсап, дұшман пулеметі тоқтаусыз түйдектетіп оларға қарсы оқ жаудырғанына сиқыр көрініс арбағандай қарап жататынбыз. НУРС атылған кезде вертолетті орай бұлт сияқтанған қалың ақшыл түтін пайда болады да, снарядтардың атылуының кейін серпіген дүмпуінен вертолет бір сәт орнында тұрып қалғандай болып көрінеді, содан кейін манағы қоршаған түтіннен алға ытқып шығады.

Вертолеттік эскадрильяларда шынымен жаужүрек жігіттер болушы еді. Айтпақшы, солардың бірі – біздің жерлесіміз Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданының тумасы, 1988 жылы Ауған жерінде жүріп Совет Одағының батыры, 2000 жылы шешен соғысында Ресей Федерациясының батыры (өлгеннен кейін) атағын алған Қайыргелді Саинулы Майданов болатын. Ол – Совет Одағының батыры мен Ресей Федерациясының батыры атағына қатарынан ие болған Ресей тарихында бірінші және жалғыз адам.

Сол жолы әжептөуір ұзақ уақыт біздің СУ-25 соғыс самолеттерінің қимылдарын байқауға мүмкіндік болды. Биіктен төменге қарай құлдилап құлағандарын көргенде, енді соғылды-ау жартастарға деп үрейлене ойлайтынбыз, бірақ олар көз сенбес шапшаңдықпен жерге жетер-жетпес биіктікте пушкаларымен соққы жасап, тұмсықтарын жалт еткізіп жоғары көтеріп алып, аспаңдата зымырай жөнелетін. Біздің тұрған жерімізден шапшаң ататын авиациялық пушкалардың атысы матаны жырттып жатқан дыбысқа ұқсайды, ұзақ созылған «хр-хр-хр-хр...», ал бомбалардың жарылысы дүңк-дүңк етіп басыңқылау естілетін, себебі олар таулардың ішінде, қойнауларда жарылып жататын.

Таң бозарып атып қалғандықтан, кешкі қараңғыны күтейік деп бірден биіктікті шабуылдаудан бас тарттық. Біз үшін түнгі шайқас көп ұтымды, біріншіден, бізді қараңғылық бүркеп алады жоғары жылжығанымызда, екіншіден, біздің қараңғыда қарайтын дүрбілеріміз бен түнгі көздеу құралдарымыз бар. Сондықтан жеткен жерімізде тастарды паналап жасырындық та, күні бойы қозғалмастан, жаудың жылжығанын аңдып жаттық. Түс ауа солдаттардың бірі көрші жатқан біреуінің қасына жүгіріп өтем деп дұшман снайперінің оғынан шабынан жарақаттанды. Қас қарайған соң, ақырын-ақырын жоғары көтеріле бастадық та, ...сөйтіп, таудың ең төбесіне шығып алдық. Әне, шабуылдайды, міне, шабуылдайды деп ұзақ күткен жаудың жүйкесі жұқарып, позициясын тастап кетіп қалғанға ұқсайды. Оның үстіне төмендегі біздің әскерлер Базаракты сол күні басып алғаны да әсер етті білем. Және өте асығыс кеткен сияқты, тіпті жатқан орындарына бірде-бір мина не сым тартып керіп тастаған граната да қоймапты. Олар да қараңғы түсісімен жылысқан сияқты. Әйтеуір, не керек, біз өз тапсырмамызды орындадық, биіктік біздің қолға түсті.

Келесі күні ротаны тау басынан түсіріп Рухаға қайтарды да, төрт мың метр биіктіктегі Дарьялавушт тауының шыңына бекет қойып күзетуге тапсырыс берілді. Бұл тау шатқалға кіріп келе жатқанында сол қолында, Рухадан бес-алты шақырым қашықтықта болатын. Оның төбесінен Руханың оңтүстік-шығыс бағытындағы кіреберісін түгелімен бақылап,

минометпен атқылауға болатын еді. Біз бұл тауда бекінгендіктен, жасақтың базасын миномет атқылауынан сақтандырып және жау топтарының өтуіне тосқауыл болатынбыз. Өзеннің бұл жағындағы тау тізбектері биік болғанымен сондай жартасты емес еді.

Шатемировтың бірінші ротасы Базарак қышлағының маңындағы, яғни өзен ағысымен жоғарырақ жерде, үстем биіктіктердің біріне бекет орнықтырды. Рухаға қарама-қарсы, өзеннің арғы жағында төбесін «Зуб» деп атайтын тау болатын. Негізі жалғыз тау емес, біріне-бірі жалғасып жатқан бірыңғай жартастан тұратын тізбектің көп шыңдарының бірі. Ең төбесінде зәулім жартастың сынығы жалғыз қалған тіс сияқты көкжиекте шошайып тұрғандықтан, ел оны «Зуб» деп атап кеткен болатын. «Зуб» бағытында Бекбоевтың ротасынан бір топ кетті де, солтүстік-батыстағы Мариштан қышлағына қарай капитан Куманяевтің төртінші ротасының тобы аттанды.

Әр бекетте бір взводтан отырып, он күн сайын ауыстырылатын. Бекетте тұрғанымыз біз үшін демалыста болғанмен тең, себебі төменде қалғандар бірыңғай соғыс тапсырмаларын орындауда жүреді. Суды бекеттерге он литрлік арқаға іліп алатын резинадан жасалған ранец (РДВ-10) не болмаса он екі литрлік кіші термостармен тасымалдайтын. Үлкен термостар 40 литрлік болады. Бұл шаруаны әдетінде қасына бірнеше жауынгерді ертіп рота старшиналары тындырып жататын. Тамақты жоғары шығып бара жатқанында әр адам өзі алып кететін. Алдында от жағып, тамақты котелокпен пісіріп, күйе-күйе болып әуреленіп жүруші едік, 1983 жылдың басында он кісілік ас пісіретін көтермелі жорықтық пештер берді, содан кейін көзіміз ашылды.

Басқа бекеттерде қалай болғанын білмеймін, өзіміздікінде түрегеп тұрып ататындай окоптар қазып, арасын траншеямен қостық. Екі блиндаж жасадық. Блиндаждардың төбесіне сырғауылдар тастап, олардың үстінен жұқа, жалпақ тастар төседік. Дұрысы үш-төрт қабат жуан бөрене салу керек, бірақ оны қайдан аласың. Манағы сырғауыл деп отырғанымның өзі білектің жуандығынан аспайтын тал. Минаның тура түскенінен сақтамаса да, әйтеуір, шыжыған күннің көзінен пана. Негізгі

бекінісімізден төмендеу, тұрған төбемізді жартылай орай тағы да бірнеше окоп қаздық, бұлар аса терең емес, тізерлеп қана атуға арналған. Бұл окоптарға жауынгерлерді таң атпай тұрып шығарып, қараңғы түсісімен қайтарып аламыз. Алшақ тұрған соң, солдат түнде қалғып кетсе, дұшмандар оны ұрлап алып кетуі әбден мүмкін.

Шатқалдың оң жағы биіктігі үш жарымнан төрт мың метрге дейін баратын, қалыңдығы көптеген километр қатары иін тірескен, қабырғадай болып сіресіп тұрған жартастар сілемі. Бұл қабырға өзеннің арғы бетінен Рухаға төніп тұратын, сондықтан «Зуб» биіктігін алғанмен, жасақтың қауіпсіздігін аса қамтамасыз ете қоймайтын, сол себептен бұл жақ бағыттан жасақ әлсін-әлсін ДШК мен минометтің атысына ұшырайтын.

Асхана біздің рота тұрған жерден әжептәуір жерде болғандықтан, офицерлер тамақтануға соғыс даласын кескендей қысқа-қысқа жүгіріп, үйінділер мен бұталарды паналап жететінбіз. Солдаттар үшін тамақты термостарға салып, БМП-мен тасымалдайтын. Әрине, офицерлер де солдаттармен бірге котелоктан тамақтануына болар еді, бірақ біз қауіпті болса да офицерлік асханаға барып тұрғанды қалайтынбыз, онда басқа бөлімшелердегі жолдастарымызбен жолығысып, араласып тұруға болады. Соғыста сақтанып жүргенің дұрыс, ессіз батырсынғанның керегі жоқ және оны ешкім бағалай да қоймайды, ал бірақ көрінгеннен әрдайым бас бұғып, тығыла беруге де болмайды, бүйте берсең, жүрексіз қорқаққа да айналып кетуің мүмкін. Ежелден орыс халқында айтылып жүретін «Храброго пуля боится – Батылдан оқ қорқады» деген нақыл сөз аса дұрыс емес деп ойлаймын, оқ кез келген кісіге тиеді, бірақ есерсоқты бірінші болып табады.

Біздің рота Базарак жаққа шығып кеткенінде үшінші, төртінші рота топтары «Зуб» биіктігін шабуылдауға аттанды.

Үшінші ротаның алдында аға лейтенант Ринат Мерעדурдыевтің тобы келе жатты. Топ таудың етегіне жетіп, біраз жоғарылап жүрген соң, кейіннен «Қара тастар» деп атап кеткен жартастардың маңында, дұшмандардың қиян-кескі қарсылығына жолықты, автоматтармен қаруланған он шақты адам, күзет тобы болуы керек. Кескілескен шайқастан кейін,

жау бірнеше адамынан айырылып, шегініп кетіп қалды. Әжептәуір уақыт қарсылық көрмей көтеріліп, таудың төбесіне екі жүз метрдей қалғанында тағы да атыс басталды. Орап өту әрекеті нәтиже бермеді. Дұшмандар арқасын жартастарға тіреп, қорғаныс шебін жартылай шеңбермен құрған екен. Позцияларының екі қанаты да адам өтпес жартастарға тіреліп жатыр. Ұтымды позиция ұстана отырып, жау біздің топқа залалды соққы берді. Жоғарыдан төменге маңдайға тіреп тұрып атты десе де болады. Топ командирі Мереддурдыевтен өзге оның орынбасары сержант **Норейко**, қатардағы жауынгерлер **Бабамұратов** пен **Зубов** жараланды. Артынан Бабамұратовтың аяғын кесіп тастады, ал **Женя Зубовқа** оқ шынтағынан тиді.

Сәл кейін рота командирі **Мелис Бекбоевтың** басқаруымен артта қалған екі топ келіп жетті де, шабуыл жалғаса берді.

Сол күні үшінші ротамен бірге жаңағы биіктікті капитан **Куманяевтің** төртінші ротасының топтары да шабуылдады.

Осы шайқас туралы төртінші ротаның жауынгері **Нариман Кенжебековтің** естелігін келтірейін:

*«Тауға қарай қозғалыс ерте, сағат таңғы төрт кезінде, әлі қараңғы болып тұрғанда басталды. Сағат жетіге қарай таудың етегіне жеттік. Күн өте ыстық болды, оның үстіне көтерілу тіп-тік, бірыңғай еңкейіп, басыңды жерге тіреп, өз-өзімізге қолдарымызбен көмектесіп жылжып отырдық, әйтпесе аударылып кетесің. Тау ешкілерінің салып алған жалғызаяқ соқпақтары соншалықты тік болып келеді, еңістігі кейде сәл ғана, ал басқаша жүруге тіпті болмайды, маңайдың бәрі жартас. Альпинистердің өздері де анадай жерлермен өте алмайтын шығар. Сағат он екінің маңайында шыңға 150-200 метрдей қалғанда біздің топты дәл төбемізден атқылай бастады. Бірнеше жауынгерлеріміз әрқилы ауыртпалығы бар жарақаттар алды. Есімде, мен бір кішірек тастың артыны жасырынып ұлгердім де, байқасам, маған қарама-қарсы **Винник** деген Бішкектің жігіті бұғынып отыр, атын ұмытып қаппын, ал оны жоғарыдан атқылап жатыр.*

*– Касқаңды шеш! Касқаңды! – деп айғайлаймын, ол мені естімейді, атылған мылтықтың тарсылынан маңайымыз*



әңгір-дүңгір. Оның каскасы күнге шағылысып жалтырап, дұшмандарға көздеуге бірыңғайлы нысана болып тұр. Ол менің айғайымды түсінгенінше, оқтар оған төне түсті. Содан кейін оның маған:

– *Кет! Кет!* – деген айғайы мен оқтардың менің қасымдағы тастарға тықылдағанын естідім. Кейіннен білсем, ол сол жерде жатып аяғынан ауыр жарақат алыпты.

Бірнеше метр төмен түсіп, дамылдап алуға тура келді.

Сосын шабуылдың беталысын өзгертті. Батя өзі төмендегі басқару орнынан біздің қимылымызды прицелмен қадағалап, рация арқылы команда беріп, әрекеттерімізді үйлестіріп отырды. Біраз уақыт дем алып тағы да жоғарыға жылжыдық. Аптап ыстық, ауа жетіспейді. Фляжкадағы су бітті. Офицерлер де, солдаттар да әбден қалжырады, әрең-әрең қимылдайды. Біздің топтың командирі аға лейтенант Хұрсанәлі Оразалиновтің дауысы естіледі.

– *Жігіттер, алға! Алға! Тұрыңдар!*

Тұру керек. Кешкі сағат тоғызда ма, онда ма, әйтеуір лағынет келгір «Зубтың» төбесіне жеттік-ау. Сол шайқаста біздің топтан Руслан Мажитов, Коля Баркин қаза тапты. Әскерге Жезқазған облысының Шет ауданынан шақырылған Миша Михайлов кеудесінен ауыр жараланды. Мишаны бинтпен орап жатқанында арқасынан оқ тиіп Володя Бекботаев өліп кетті. Оқ арқасында ілініп тұрған рацияны тесіп, бронжилеттен өтіп кеткен. Оқтың екпініне қарағанда, «Бур» деген ағылшын винтовкасынан атқан сияқты, бұл уақытта ДШК-ның үні өшірілген болатын. Командиріміз Оразалиев те қолынан жарақаттанды.

Қараңғыланып, түн болып кетті. Бүкіл тобымыздан қалғанымыз төртеуіміз бе, бесеуіміз бе, ал басында он төрт болатынбыз. Түнде өте суық болды, көршілес биіктіктерде қар жатыр. Бәрімізге ортақ жалғыз ғана плащ-палатка бар, қалғандарымен носилка ретінде төменге өлгендер мен жаралыларды жібергеміз, сол қалған жалғыз палаткамен жамылып жаттық.

Келесі күннің таңында биіктікте үшінші ротадан бір топ күзетке қалдырылып, Куманяевтің ротасы мен Бекбоевтің екі тобы төменге түсірілді.

*Куманяевтің ротасында топ командирі болған Дүйсекеев Мұқанның еске түсіруі бойынша, оны үш-төрт солдатпен ротаны көз жететін жерден арт жағынан сақтандыратын күзетке (тыловая походная застава – авт.) тағайындайды.*

*– Соқпақ кезекті шыңды орай шұғыл бұрылыс жасады, – деп есінде қалғанын әңгімелей бастады Мұқан Естайұлы, – ротаның қарасы сол бұрылыста көзден үзілісімен бізден он бес-жиырма метрдей жерден қатты атыс басталды да, солдаттардың біреуі сол жерде жараланды. Таулы жерде барлық көріністер мен дыбыстар шалыс сезінгендіктен, біз дәл қай жерден атқанын дұрыс аңғармасақ та, әйтеуір, тойтарыс берейік деп жан-жағымызды ретсіз болса да атқылай бастадық. Ротаның ізімен жылжып жаңағы бұрылыстан өтсек, алдымызда келе жатқан екі тобымыз бізді атқан дұшмандарды нысанаға алып атысып жатыр екен. Енді оларды біз де байқап қалып, атысқа кірісіп кеттік. Тұрған жерлерінде бірнеше өліктерін тастап, дұшмандар тау ішіне кіріп кетті. Біз оларды соңынан қумақ түгіл, жаңағы өліктердің қаруын жинап алуға да барған жоқпыз, соншама шалдыққан едік соңғы тәуліктің ішінде...»*

Алматының жалпыәскерлік жоғарғы командалық училищесінің 1979 жылғы түлегі аға лейтенант Мұқан Естайұлы Дүйсекеев, соғыстан елге аман-есен оралып келіп, әскери қызметін одан әрі жалғастырды. Москвада М.В. Фрунзе атындағы әскери академияны, одан соң Ресей Федерациясының Бас штабының академиясын тәмамдады. Қазақстан армиясында бірталай жоғарғы лауазымдардан өтіп, 2010 жылы генерал-майор шенінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің штабтар комитеті Төрағасының (қазіргі кезде Бас штаб болып аталады – авт.) орынбасары болып тағайындалды.

Жараланғандарды келесі күні көтеріп, жасақтың базасына жеткізген соң, оларды вертолетпен Баграмдағы медсанбатқа алып кетті. Мереддурдыев ай өткен соң, Союзға өкетеіін деп жатқанда медсанбаттан қашып, қайтып келді. Ринаттың әскери тағдыры кейіннен жаман қалыптасқан жоқ, Ауғаннан кейін әскери қызметін жалғастыруға өзінің туған елі Түркіменстанға оралып, Қорғаныс министрінің

орынбасары лауазымына дейін жетіп, генерал-лейтенант атағын алды. Жасақ офицерлерінің бәрі оны Мирон дейтін. Олай дейтіні, мынадай бір жағдайдан кейін болды. Мейменеді тұрған кезімізде бізге 40-шы армияның барлау бастығы генерал Иваненков келді де, бізбен таныспақ болып тізім бойынша фамилияларымызды атай бастады. Мереддурдыевтің фамилиясына келгенде «Мерен, Мирден...» деп кібіртіктеп, аяғында «Мирон» деді. Міне, содан бері ол Мирон болып қала берді.

Осы ротаның жауынгерлерінің бірі **Ерсін Идрисовтың** әңгімесінен:

– Бірде аға лейтенант Мереддурдыев бекетке шығардың алдында әскери тексеріс (строевой смотр) өткізіп жатып, қатардағы жауынгер **Гатаулиннің** оққораптары (магазин – авт.) толық толықтырылмағанын байқап қалды. Екі оққорабында он патроннан болып шықты, ал негізі отыздан болуы керек.

– Саған оққораптардың жалпы не керегі бар, шеш белдіктен.

Солай деп айтты да, әлгінің белбеуінен оққорап салатын оқшантайды (подсумокты) өзі шешіп алып, лақтырып тастады. Сосын сол маңда жатқан балтаны **Гатаулиннің** белбеуіне қыстырып:

– Енді осылай жүре бер, оқ салып та әуреленбейсің, – деп сол күйі, оқсыз, беліне қыстырған балтамен бекетке қоя берді.

Шетке шығарылған бекеттерге топ қатарында жіберілетін. Бір патронсыз кеткен жігітке қандай жайсыз болғанын тек елестетіп қана қоюға болады, бірақ қалғандарына да сабақ.

Идрисовтың өзі бізге Панджшердегі шілде айындағы шайқастардан кейін толықтырудың ішінде келді, о кезде біз көптеген шығынға ұшырап, мотоатқыштар бөлімдерінен бізді толықтыруға бірталай солдаттар келген болатын. Оған дейін Ерсін Ашхабадтағы оқыту бөлімшесінен кейін Шинданд пен Гертатта службада болған көрінеді. Ол Бекбоевтың ротасында «отыз алтыншы» машинада пулеметші болатын. Әскерге сексен бірінші жылдың көктемінде Семейден шақырылған.

Ринаттың жасаққа қайтып оралуы да оқиғасыз болған жоқ. 1982 жылғы тамыздың 10-ы күні медсанбаттан кетіп қалып, ол Баграмнан Панджшерге жүргелі құрастырылып жатқан колоннаны тауып алады. Колоннаның ішінде біздің алтыншы ротаның ЗИЛ-31 жүк машинасы болады. Алдында бізде «Шилка» дейтін өздігімен жылжитын зениталық қондырғыны жағып жіберген болатын, содан қалған лентаға сапталған 23 мм. снарядтарды тапсыра алмады ма, әлде тапсыратын жерін таба алмады ма, әйтеуір соларды кузовына тиеп алған машина кейін қайтқалы тұрған. Со жерде төртінші ротаның офицері аға лейтенант Мұқан Дүйсекеев жүреді, ол бір партияның ба, комсомолдың ба, конференциясына қатысты жолсапардан оралып келе жатқан екен, жыпылдатып тез сөйлегендіктен офицерлер өзара оны «телетайп» дейтінбіз.

Мұқан шопырмен қатар ортаға отырады да, Ринатқа, сен есік жақ шетке отыр дейді. Және неге ол олай отыру керек екенін өзінше түсіндіреді. Сондағы айтқаны, сен бір рет жараландың, енді саған оқ қайтып келіп екінші мәрте тимейді, ал мен болсам, өзімді атып тастағанын қаламаймын, сондықтан сен шет жағынан отырғаның жөн болады. Міне, осындай оңай да, дана философия. Шопыр терезенің әйнегін түсіріп, өз жағындағы есікке бронезилетін іледі. Медсанбаттан шыққан Мередурдыевте бойында бронезилет те, қолында қару да жоқ, бірақ не істейсің, со бойы жүріп кете барады. Алдарында артиллерия снарядтарын артқан «Урал» машинасы, ал оның алдында 345-ші полктің БТР-ы келе жатады. Баграмнан бірталай ұзап, келесі бір қышлақтан өтіп бара жатқандарында гранатометпен БТР-ды атып жібереді. Ол біртүрлі бірдеңеге соғылғандай кілт тоқтады да, будақтап түтіндей бастады. Сол сәтте екінші РПГ-дан (*РПГ-7В – ручной противотанковый гранатомет – авт.*) болуы керек, іле «Уралды» соқты, ол да жана бастады. Мұқан мен Ринат машиналарынан секіріп түсіп, жанып жатқан БТР-ға жүгіріп барып, одан жаралыларды сүйреп шығара бастайды. Со кезде Салангтан Баграмға дейінгі тас жолды блок-бекеттермен күзетіп тұрған, 177-ші мотоатқыштар полкінің «бәмпәшкасы» БТР-дың алдынан көлденең тоқтап, өз бортымен бұларды тасалайды.

Жараланғандарды БМП-ның капотына (*ребристый лист – авт.*) салып, офицерлер өлі де жанып жатқан «Уралға» жүгіреді. Жарақаттанып, есінен танып жатқан шопыр жігіт, есікті ашып қалғанда, қолдарына құлап түседі. Жүргізушіні көтеріп алып, машинадан сөл ұзағандарында «Урал» быт-шыты шығып жарылады, онымен қоса біртіндеп ЗИЛ-дің кузовындағы «шилкалық» снарядтар жарыла бастайды. Кертсіп-тартысып ұрыс салып, 177-ші полктің жауынгерлерінің көмегімен дұшмандарды қуып тастап, о ғып, бұ ғып, колоннаны тәртіпке келтіріп, жүрісті жалғастырады. Дүйсекеев пен Мереддурдыев тағдырларын бұдан әрі сынамайық деп, келе жатқан БТР-лардың біріне отырады, оның үстіне 10 тамыз Ринаттың туған күні екен.

Тавах иреңіне жеткенде бұларды үшінші ротаның машиналары қарсы алып, Ринат өз БМД-сына ауысып отырып алады.

Колонна дұшмандармен шайқасып жатқан шағында, армия қолбасшысы рациямен Керімбаевқа шығып, аға лейтенант Мереддурдыев дизертирлік жасады деп хабарлап, іздеу салуға керекті деректерді талап етеді.

Күн батқан соң, командир қолына фонарик алып, ординареңін ертіп үшінші ротаға келсе, әжептәуір жылынып алған компания «қашқын – дизертир» Ринаттың оралуы мен туған күнін жуып отырғанының үстінен түседі. Әрине, біраз гүжілдесе де, Ринаттың аман-есен оралғаны үшін жүз грамды кеудесіне көтереді.

Медсанбаттағы дәрігерлер өзін одан әрі емдеуге Одаққа қайтармақ болғанын естіп қойған Ринат, емделіп жатқан жерінен қашып, жасаққа кетіп қалған, медсанбат, әрине, армия штабына баяндайды, штаб қолбасшыға айтады. Әйтеуір, не керек, офицері тәртіпті бұзса да, заңды бұзбағанына қуанышты командир, Ринаттың әскери бөлімге оралғанын қолбасшыға баяндап, оқиға осымен аяқталды.

«Зуб» биіктігін алған соң бірнеше күннен кейін Хұрсанәлі Оразалиевтің тобы Базарактың маңындағы тағы бір биіктікті басып алуға тапсырма алды. Өтеттегігідей тізіліп, бірінің соңынан бірі тар соқпақпен жылжып келе жатқан, алдында

топ командирінің өзі, одан кейін Саидов деген солдат, Саидовтың артында Аладдин Мамедов деген алматылық түрік жігіті, одан соң Нариман Кенжебеков, одан әрі тағы басқалары.

Бірнеше кішігірім асулардан асып, көздеген жерлеріне жетіп те қалған болатын. Жаудың соққысын қаншама күтіп келе жатсаң да, әрдайым күтпеген жерде, күтпеген уақытта басталады. Бү жолы да күтпеген мезгілде атыс басталып кетті. Ең бірінші болып Оразалиев құлады, оқ кіндіктен сәл томен тиіп, бел омыртқасын бұзып, оны тесіп өтіпті. Саидовтың екі аяғының арасынан тиіп, әйтеуір мүшесі аман, терісін ғана жанап өтіпті. Мамедовтің оң қолынан тиген. Кенжебеков айтқандай, оқ Мамедовтің қолын тесіп өткенде, пәршаланған бұлшық еті мен шашыраған қаны, соңынан еріп келе жатқан оның бетін жауып кетеді, жарылғыш оқ болса керек. Командірімен қоса екі адам жаралы болған соң, топ кейін қайтады.

Бір ай өткен соң аға лейтенант Хұрсанәлі Оразалиев алған жарақатынан Ташкент госпиталінде көз жұмды деген хабар келді.

Панджшерге кірген соң бірнеше күннен кейі үшінші ротаға байланысты тағы бір қайғылы оқиға болды. Капитан Бекбоев маңайдағы үстем биіктіктердің біріне жататын және Руханы ұстап қалуға зор тактикалық мәні бар Кирила тауын басып алуға тапсырма алды. Тапсырманы орындау барысында рота командирі биіктікке төтелеп, төмендегі Пъявушт қышлагын кесіп өтпекші болады. Олармен бір бағытта, сәл биігірек, таудың баурайымен советтік әскери форма киген тағы бір топ жылжып келе жатады. Бекбоев оларды 345-ші «ферганалық» десант полкінің өз тапсырмаларымен жүрген бөлімшелерінің бірі деп ойлайды да, бірақ сонда да, командованиеге баяндап, олардың кім болуы мүмкін екендігін сұрастырады. Бұлар киімін алмастырып алған жау болып шықты. Мән-жайға жетіп болғанынша «духтар» өздеріне қолайлы бір кезеңде ротаны қанжардай қиып түсіретін атыстың астына алады. Көптеген жауынгерлер жарақаттанады, жетеуі өліп кетеді. Аман

қалғандары сирек-сирек ши-бұталардың артына жасырынып шайқасқа кіреседі де, ротный жағдайды бөлім командиріне баяндайды. Керімбаев өзіне аға лейтенант Жатақпаевты шақыртады да, оған:

– Үшінші ротаны құтқару керек, оларды жау қысымға алды, – дейді. Ал Жатақпаевтың қол астында бар-жоғы он шақты адам, қалғандары басқа тапсырмаларды орындауда жүр. Бірақ бұйрықтың аты бұйрық, оның үстіне өз бауырлары пәлеге ұшырап жатыр. Тез арада жинақталып, кішігірім болса да жауынгерлерінің дайындығымен мықты топ Пъявушты бетке алып жүгіре жөнелді. Жылдан астам соғысып үлгерген сержанттар Погребной Виталий мен Құлжабаев Серіктің өзі бірталайына тұратын.

Таудан құлап жатқан бір кішкентай жылғадан өтіп бара жатып, салқындығына қарамастан суға жасырынып жатқан, біздің үшінші ротаны күшейтуге берілген ауғандық «командос» ротасын көреді. Олар Бекбоевтің ротасынан біршама ұзақтықта келе жатып, атыс басталысымен суға кіріп алып, сонда жатқан бас көтермей. Ашынғанынан біздің жігіттер оларды тепкіге алады да, желкелерінен оқ жаудырмасын деп қаруларын тартып алып, ілгері кетіп қалады. Өрден төменге қышлаққа қарай «Урал» деп ұрандап, пехотаның шайқас жүргізу тәсілімен құлап түседі. Мұнысы, әрине, тосқауылға түсіп қалған жолдастары ұранды естіп рухтансын, және жау да қарсыластарының көбейгенін білсін дегені. Ұрыс болған жерге жетсе, о жер ...тас-талқан қырғын. Оның үстіне дұшпан әлі де біздікілерге жоғарыдан граната лақтырып, бас көтертпеуде. Сәл көтеріңкі, аттың жалындай ұзынша созылған, ұштары мүжілген тастардың тасасында қаза тапқандар тізіліп жатыр, бұталардың арасында жаралылар бұғынуда. Әлгі жерден ілгеріде, бір төбешіктің үстінде, өз денесімен солдатты бүркелеп прапорщик Бубенцов жатыр, бинокльмен көрініп тұр – арқасы оқпен елеуіштей тесілгені. Кейіннен үшінші ротаның солдаттары айтты, күтпеген жерде оқ борап кеткенде жараланған солдатты құтқарам деп өз денесімен бүркеп, со күйі қалған. Астында жатқан солдат та жан тапсырған. Жатақпаевтың рапортын тыңдап алып Борис Төкенұлы:

- Қолыңнан келсе, солдат пен Бубенцовты алып шығып шегініңдер, – деп команда берді.

Жатақпаев солдаттардан сұрайды:

– Кім барады мәйіттерді алып шығуға?

– Біз барамыз, – деп минаға қарсы тралдың командирі Оралдық жігіт сержант **Аман Үсенов** пен тағы да бір солдат шықты. Бұл Үсенов айпақшы, топ ішінде кездейсоқ жүрген кісі. Топ қауіп-қатер дабылымен жинақталып жатқан кезде бұл ротаға өзінің жерлестерінің біреуін іздеп келеді де, абыр-сабырдың ішінде біздің жігіттерге еріп кетіп қалады. Жұдырықтай ғана, арықша келген бозбала болғанымен, рухы күшті, нағыз ер болып шықты. Толық аты Амангелді, бірақ жастайынан Аман деп кеткен екен.

Ержүрекер мәйіттерді әкелуге шығысымен, қалғандары түгел оларды бүркелеу мақсатында жау жаққа оқ жаудыртады. Жаңағы екеуі өліктерді алып қайтып келісімен Жатақпаев командирге тағы да баяндайды, өліктерді шығардық, бірақ олардың автоматтары қалып қойды деп. Керімбаев эфирде айғайға салады:

– Құрысын автоматтары, адамдарды сақта! Адамдарды! – деп.

Ал Үсенов автоматтар туралы әңгімені естіп қойған болу керек, ешбір командасыз қайта сытылып шығады төбешікке қарай. Әйтеуір, ол үшін оңынан туған күн болса керек, бірер уақыттан кейін екі автоматты сүйретіп қайтып келді. Бұл уақыттың ішінде Бекбоевтің ротасы есін жинап, тауды қайта шабуылдауға көтерілді. Кеш түсе Кирила алынды.

Қойылған тапсырманы орындап, Жатақпаевтың тобы қайтарда тағы да қатты атыстың астына түседі. Бұлар келе жатқанда ауғандық ротаның тығылып отырған кішкене өзеннің ар жағында топтың өтуіне жағдай жасау үшін аға лейтенант Мирбек Усеновтің взводы бекініп алған екен, ал бірақ сол өзенге жету күшке түседі. Атыстың астынан сытылып кету үшін жартастың бұрылысынан өту керек, бірақ сәл төмен қарсы қабақтан дұшпан бірнеше стволдан үздіксіз атқылап, оқты бас көтертпей жаудырады. Еңкеймек түгіл еңбектеп өтудің өзі неғайбыл болады. Жатақпаев аттарын атап бір-екі



солдатқа команда берсе де, әлгілер көтеріле қоймайды. Кезек Үсеновке келеді. Фамилиясын естіген соң бірер уақыт рухын жинап жатады да, төуекелге салып еңбектей жөнеледі алға қарай. Сосын таса бола алатындай азын-аулақ тастардың қасына жеткен соң, қолын ғана созып автоматын жардан төмен қаратып, оқты жаудырта бастайды жау жаққа қарай. Дұшмандардың Аманның бұл қимылынан сәл тосылғанын пайдаланып қалған солдаттар да алға жылжып үлгереді де, бірін-бірі бүркелеп бәрі шығып кетеді.

Бесінші саперлар ротасының старшинасы прапорщик Бубенцов негізі сол күні сол операцияға шығуға тиісті емес еді, дәл сол күн – шілденің оны Александрдың туған күні болатын. Бірақ үшінші ротаны сүйемелдеуге сапер керек екенін естісімен, бармай-ақ қой деп елдің айтқанын тыңдамай, өзі сұранып шығады, туған күнін соғыс жорығымен атап өтпекші болып. Міне, осылай, жараланған солдатты құтқара жатып, бар өмірі алда тұрған, өзі де әлі жас жігіт Александр Бубенцов ерлікпен қаза тапты. Ал сол Бубенцов және онымен бірге жер құшқан солдат екеуінің денелерін борап тұрған оқтың астында алып шыққан Үсенов пен екінші жауынгердің ерлігі де анау-мынау жігіттің қолынан келе бермейді. Естеріңізде болсын, екеуі де өздері сұранып шықты. Біреу біледі, біреу білмейді, адамның денесі жаны шықаннан кейін құм салған қаптай өте ауырлап кетеді. Екіншісін білмеймін, ал Саша денелі жігіттердің біріне жататын, міне осындай зілдей жүкті арқасына салып, жүгіріп емес, еңбектеп, оның үстіне сұрапыл атыстың астында болу оңай шаруа емес. Айта кеткім келіп отыр, әскери қызмет – әсіресе соғыс кезеңінде қатерімен қоса, ащы терді жауырының мен маңдайыңнан сорғалатып ағызтатын өте ауыр еңбек. Бірақ тірі қалсаң бар ауыртпалығы шайылып кетеді.

1982 жылдың 3 шілде күні, Бурятия тумасы, бірінші рота командирінің саяси орынбасары капитан Батуев Бато Бимбаевич қаза тапты. Алдында айтып кеткенімдей, бірінші рота екі бекет орналастырып, Базарак қышлағының маңындағы таудың басында кезекшілік-бақылау жүргізіп жататын

және ол тау өзеннің арғы жағасында болатын. Панджшер осы тұста кеңінен бұрылыс жасап, ағысы баяулап, әжептәуір айдынға айналатын. Қарсы жиекке БМП-мен жүзіп өтіп, әрі қарай жаяулап кетіп қалатын. Өткел орнының бұта басып кеткен бергі жағасында ылғи бірнеше машинадан құралған бронегруппа тұратын. Әдетте ол топқа жасақ командирінің орынбасары капитан Нарын Бексұлтанов басшылық ететін. Бұл бекет жасақ орналасқан жерден ең алшағы болып, жаудың қолындағы территориямен шектесіп жатқаннан болса керек, командир онда әрдайым өзінің орынбасарын ұстайтын.

Жоғарғы бекет орналасқан еңіс келген тақыр таудың басы бронегруппа тұрған жағалаудан көрініп тұратын. Ар жақ бетінде тау біртіндеп, бекеттен сегіз жүз метрдей жерде үлкен жеміс бағы бар, одан әрі қышлақ құрылыстары көрініп тұрған тегіс жонға айналатын. Бақтың алдында шағын өзен ағып жататын. Таудың оң жағы да Панджшердің жағалауынан бастап қышлаққа дейін, басында терең, бара-бара біртіндеп тайыздалып, қышлақтың дәл түбінен шығатын жылға созылып жататын. Жылғаның ар жағында, біздің бекет тұрған биіктікке қарама-қарсы басқа бір жартасты биіктік төніп тұратын.

Сөйтіп, өздері үшін ең сәтсіз, яғни 2 шілденің таңында сержант **Михаил Ануфриев** пен кіші сержант **Базарбай Ахметов** Батуевтің ұйықтап кеткенін пайдаланып, манағы шағын өзенге шомылып, су алып келмекші болады.

Бекетте сол күні он шақы адам болатын, солардың бірі рота санинструкторы **Бекбосынов Әшім Елтайұлы**. Әшімнің есіндегісі, таңғы сағат сегіз шамасында оны Базарбай оятып алып, жағдай нашар дейді. Өңі біртүрлі сұстанып, қарайып кеткен, үсті-басы шаң, демін зорығып, әзер алып тұр.

Айтқанын тыңдап алып баяндауға Батуевқа барады. Өз сөзін өзі әлсін-әлсін демін терең ішке тартумен үзіп, Ахметов ұйқыдан жаңа оянған капитанға болған істі айтып берді.

Сөйтсе, бұлар өзеннің жағасына жақындап қалған кезде Базарбайдың аяқкиімінің ішіне тас түсіп кетеді де, ол отырып аяқкиімін шеше бастайды тасты алып тастайын деп. Ол кезде етік орнына биік қонышты ботинка киетінбіз бауы бар, солдаттар «берцовка» дейтін. Сол бауын ағытып, қайта салып жатқанынша Ануфриев алға кетіп қалады. Сосын судың

жағасында, бұталардың тасасында сәл жасырынып тұрып, қолын бұлғап оны шақырады

– Кел, тезірек кел, су ішейік, – деп. Базарбай орнынан тұрып үлгергенше оны атқылай бастайды да, ол кейін қарай қаша жөнеледі.

Ызаланған Батуев, Ахметовті боқтап алып, жағдайды аса терең болжамай, ашу үстінде сержанттар Мамошин, Белозор және Базарбайдың өзіне команда береді

– Барыңдар да, Ануфриевті алып келіңдер, – деп. Олар кете барады. Жеміс бағына жақындай бастаған кезде жау жағынан атыс басталады, сосын қышлақтың ар жағында ақ киім киген бір топ адам көрінеді, біздің жігіттер жағына жылжып келе жатқан. Бекетте трофейге түсірген ДШК пулеметі болатын, сол пулеметпен жаңағы топты атқылай бастайды жолын кеспек болып. Сол кезде сержант Мамошин рациямен Белозор жараланды деп хабарлайды.

Батуев команда береді:

– Оны көтеріп алып шығып, кері қайтыңдар!

Мамошиннің екінші хабарламасы:

– Белозор өлді!

Және тағы бірер уақыттан өткен соң:

– Ахметов жараланды!

Батуев рациямен:

– Өлгенді таста да Ахметовты құтқарыңдар!

Аз уақыт үнсіздіктен кейін тағы да Мамошиннің дауысы:

– Ахметов те өлді!

Батуев:

– Онда өзің құтыл!

Мамошин, әйтеуір, құтылып шығып бекетке қайтып келді.

Кейіннен тағы бір әрекет жасалды өліктерді алып шығуға. Төменге Талғат Алпамысов, Еділ Қадыров, Қаныбек Қартабаев, Мамошин және тағы үш солдат кетеді. Олар өлгендердің денелері көрінетіндей жерге жеткенде, сержант Талғат Алпамысов қасындағыларға:

– Жігіттер, егер бірдеңе бола қалса, мені тастап кетпеңдер, аналарға бірінші мен өзім барайын, – дейді де, автоматын қалдырып жалғыз кетеді.

Белозор әрірек жатыр екен, және ыстықтан өте ісініп кетіпті. Берірек жатқан Базарбайды сүйрелеп соқпаққа алып шығады, автомат оқтары денесін шұрқ-шұрқ тесіп тастағандықтан денесі ісінбеген, бірақ иісі адам жолатпастай. Маңай толған қара шыбын. Курткасының түймелері ағытылып кеткен, денесінің оқ тескен жерлерінен аппақ май сияқты былжыраған бірдеңе ағып жатыр, құрт түсіп үлгерген, жыбырлап өрмелеп жүр. Соқпаққа алып шыққаны сол еді, дұшмандар атқылай бастады. Алпамысов алдында өліктің тасасына жатты, сосын оқтан сақтанып, аударып өзінің үстіне салды да, айғайлай бастады

– Жігіттер тастамаңдар! Атыңдар! Атыңдар! – деп. Сосын өлікті үстінен аударып тастап, жан-жақты ирелеңдеп жолдастарына қарай тұра жүгірді. Өліктер со күйі орнында қалды да, топ кейін оралып келді.

Батуев со күні болған жағдайды ешкімге баяндамайды. Түн өткен соң, келесі күннің таңында Бато Бимбаевич қайтыс болған солдаттардың денелерін өз күштерімен алып шығуға тағы бір әрекет жасауға шешім қабылдайды. Өзімен бірге бірнеше жауынгерді ертіп, жер бауырлап жеміс бағына қарай жылжи бастайды. Бірақ дұшмандар бұларды байқап қалып қалың атыстың астына алған соң, бұл шығыстарынан нәтиже болмасын түсінген Батуев кейін қайтады да, содан соң ғана жағдайды баяндауға батылы жетеді. Сағат он екі кезінде биіктікке аға лейтенант Ағзамов көтеріледі, қасында кішірім топ өз жауынгерлері және отыз шақты ауғандық солдаттар бар. Ауғандықтармен бірге біздің Советші жүр екен. Ауғандықтар аялдамай Советшінің бастауымен жылғаның ар жағындағы көрші тауға аттанды да, Ағзамов өзімен бірге өліктерге баратын топты құрастыра бастады. Бекеттегінің барлығын қасына жинап алып:

– Бұйыра алмаймын, бірақ онда, – қолын төменге сермеп, – сендердің достарың жатыр, өздерің шешіңдер кім баратынын менімен, – деп, қабағының астынан беттерін шолып қарап өтті.

Барамыз деп Қаныбек Қартабаев, Еділ Қадыров, Талғат Алпамысов, Өшім Бекбосынов, Паша Расулов, Григорий Кик-

тев, Радик Шарипов және тағы екі жауынгер шықты, барлығы тоғыз адам.

Мамошин:

– Болды, жігіттер, мен енді бармаймын. Екі рет бардым, сезіп тұрмын, үшінші рет барсам өлетінімді, – деді. Мұның не деп, ешбір адам оған аузын ашқан жоқ, кейде кісі төніп тұрған қатерді шынымен сезеді де.

– Пулеметшілер пулеметтеріңді қалдырып, автомат алыңдар. Пулеметтер бізді тасалайтын топқа керек болады, олар бізден кейін шығады, ал біз жеңіл жүруіміз керек, себебі біз өлі өліктерді арқалап шығуымыз керек, – деп Ағзамов команда береді.

Төмендеу енді басталған кезде арттарынан қатты жарылыс естілді. Бұл пулеметшілер тобымен алда кеткендерді тасалауға келе жатқан капитан Батуевтің минаға түскен жарылысы екен. Еңбектеп келе жатып, бекеттің маңайында, кезінде осында тұрғандарында дұшмандар қойып кеткен, мұрт сияқтанып сымдары шығып тұратын америкалық миналардың бірінің сымына байқамай қолымен тиіп кетсе керек. Бұл миналар фугас сияқты өте қуатты болатын, сондықтан бронжилетке қарамастан Батуевтің жарты денесін басымен қоса жұлып өкеткен. Жарылыспен бір уақытта аға лейтенант Ағзамовтың тобын атқылай бастады.

– Оң жақтан біртіндеп, қысқа-қысқа жүгіріспен, алға! – деп, Ағзамов команда берді. Шайқас үстінде уақытында берілген команда – баға жетпес іс. Солдаттар көтеріліп алға зымырай жөнелді. Жүре атыса Базарбай мен Белозор жатқан соқпаққа шықты да, пулеметшілерден белгі күте бастады, тасалауға дайынбыз деген. Күн еңкейе бастады, қараңғылық түсуіне де енді алыс емес, со кезде дұшпан Ағзамовтың тобын шабуылдауға әрекет жасады. Шабуылды тойтарған соң Әлішер Ағзамов:

– Күтетін уақыт жоқ. Аз уақыттан кейін күн батып кетеді, оның үстіне патрондар да шамалы қалды, аналарды тездетіп өкету керек, – деді, үлкен бір тастың тасасында шалқалап жатып. Сосын Алпамысов, Қартабаев, Бекбосынов және тағы бір

солдатқа өліктерді әкетуге барасындар деп бұйырды. Олардың кетер алдында барлық қалған гранаталар мен патрондарды жинап алды, оқ саны бар-жоғы отыз шақты шықты. Барлық патрондармен өз автоматын оқтап, гранаталарды қалған жігіттерге бөліп беріп, жолдастарының соңынан қуғын түссе, тойтарыс беретін позицияны таңдап алып жайғасты. Бар оқты өзіне жинап алғаны – бүкіл топтың ішінде атысқа өзінен шебер адам жоқ екенін білгендіктен, және біреудің үнемдегенін бақылағаннан да, өз қолымен қанша атылғанын санау оңай болады дегені.

Сержант Алпамысов қасындағы жауынгерлер мен достарының мүрделерін, қиын да болса алып шыға алды. Бұлар қайтып оралған соң, бір сәт те кідірмей, топтың бір бөлігін Алпамысовтың басқаруымен жоғарыға жіберді де, қалған бесеуі мен Ағзамов мәйіттерді көтеріп, жылғаны бойлап төмен кетті. Ал бұларды тасалайтын пулеметшілер тобы өздерін күттіріп қойған себебі, Батуев өлген соң араларында офицер қалмай, атыстың астына түскен соң, кейін шегініп кетіпті.

Бұл кезде Керімбаев тревогамен біздің екінші ротаны көтерді де, біз екі взвод болып, бар шапшаңдықпен Базарак қышлағына аттандық. Мұнда капитан Бексұлтанов бір взводты өткел басында қалдырып, екінші взводты Ағзамовтың соңынан жіберуге шешім қабылдады. Екінші взводты басқарып келген мен болатынмын. БМП-мен арғы жағаға өтісімен жылғаны бойлап, жүгіре басып ілгері кеттік. Шамасы төрт жүз елу – бес жүз метрдей жүрген соң қатты атыс естілді де, бірнеше рет гранаталар жарылды. Бұл бір-ақ нәрсенің ғана белгісі болуы мүмкін – Ағзамов ұрыс салып жатыр, сондықтан асығу керек. Алайда қышлаққа дейін жетіп үлгермедік, демін ауыр тартып, ышқына қырылдап Әлішер Ағзамов пен бірнеше жауынгер алдымыздан шықты. Іштерінде рота саниструкторы Әшім Бекбосынов бар. Екі адамның мүрдесін плащ-палаткаға орап, иықтарына салып алыпты. Іле қуғыншылар да көрінді, дұшмандар бұларды тіпті өкшелеп келе жатқан екен. Сөзсіз Ағзамовтың тобын өткізіп жіберіп, қолма-қол бытырастық та, шайқаса кеттік. Жау саны әжептәуір басым екен, сондықтан

біреу уақыт өткен соң жағада қалған БМП-лардың тасасына шегінгенді жөн көрдім. Біртіндеп, атыса шегіне бастадық. Патрондар бітуге айналды, жағдай немен аяқталары белгісіз еді, егер қарама-қарсы биіктікке кеткен ауғандық топ болмаса, дұрысы, ауғандық топ емес, оларды басқарып жүрген Советші, «Борода» атты біздің офицер болмаса. Соның командасы мен «жасылдар» біздің қуғыншыларды қарқынды атыстың астына алды да, бізді қуғындауын тоқтатты. Өкінішке орай, мен осы күнге дейін оның аты-жөнін білмеймін, елдің бәрі қашан да болса Борода дейтін. Біз, жасақтың бірнеше офицері, Одаққа өтіп бара жатқанымызда оның Кабулдағы пәтерінде де тоқтап қонақ болғанбыз. Есімде, оның өзі үйінде болмай, кілтті көршілерінің біреуінен алғанымыз. Анатолий Матвийчук оны Владимир Бородач деп атайды, бірақ мен сонда да фамилиясы жөнінде қателеседі деп ойлаймын.

Көп жыл өткен соң өліктерге барған топтың ішінде болғандардың бірі Бекбосынов Әшім сол күнді былай деп есіне алады:

*Жүгіргеніміз сондай, деміккеннен тұншығып кете жаздадық. Аузы-мұрнымыз, кеңірдегіміз кеуіп кеткені соншама, ауа жұтсаң жалын жұтқандай болып бүкіл іш құрылысыңды күйдіріп жібереді. Өлік шырышынан (орысша слизь – авт.) алақандарың кілегейленіп жабысқақ боп кеткен, және сасықтығы қандай. Сол қолдарымызбен төмендегі ағаштарға жеткенде ешбір жиіркенішсіз ағаш жапырақтарын уыстап жұлып аузымызға тықтық, аз да болса тілге ылғал тисін деп».*

Біз жағаға жеткенімізше Батуевтің денесін төменге түсіріпті. Содан соң қайтуға тиістілері күтіп тұрған БМП-лармен кезекпен сол жақ жағаға өткізілді. Мүлдем кешігіп кеткен соң біздің рота базаға қайтпай Базаракта түнеп қалдық. Офицерлер ұйықтамастан плащ-палаткаға оранып, бұтаның түбінде жатқан Батуевтің денесінің қасында отырып шықтық. Осылай, міне екі ақымақтың кесірінен тағы үш адам қаза тапты, ал Ануфриев сол кеткеннен хабар-ошарсыз жоқ болды. Әркімге

өз мезгілімен тағдыры белгіленген демекші, Бато Батуевтің тағдыры осындай болды.

Бірінші ротаның замполиті қаза тапқаннан кейін арасына тағы бір күн салып Базарактан барлық күштер шығарылсын деген бұйрық келді. Жалпы осы Базарактың түбінде бекеттер қойып, биіктіктерді басып ұстап жүрген апалаң-топалаңның себебі – операцияның ең басынан қалып қалған ауған армиясының бөлімшелерін шығаруды қамтамасыз ету болатын.

Жоғарыдан өліктерді түсірген күні жасақ командирі бекетті күшейтуге Жатақпаевты жібереді. Ол дәл сол күні демалыстан келген болатын, сондықтан күнделікті киетін формасы – китель, шалбар мен тек басына каска киіп жоғарыға кете барады. Дұшмандар біздікілердің Базарактан кететінін сезді білем, таң атысымен біздің бронегруппадан сәл жоғары орналасқан ауғандық танкі батальонын қарқынды атқылауға кірісті. Колоннаға тұра бастаған танкілердің бірінен соң бірі лап етіп жана бастағанын жоғарыдан көре тұра, біздің жауынгерлер өздерін өлімге байлаған құрбандықтай сезінді, әлі қандай жағдай болады өздері шығарда деген ой мазалап. Бірақ аман-есен шықты. Бақытжан өзі оператор-көздеушінің орнына отырып, өзгелеріне команда берді: – Кез келген бұтаны атқылаңдар, олардың артында жасырынған жау болса да, болмаса да, – деп. Бар қарудан оқты аямай төгіп өтіп кеттік, бірақ сонда да бірінші ротаның бір машинасы жолға қойған фугастан жарылып, бес-алты адам қайтыс болды.

Капитан Батуевтің артында әйелі мен кішкентай қызы қалды. Ол өзі ірі денелі, сом жігіт болғанымен, кросс жүгіргенде ротасынан қалыспайтын. Күнделікті жағдайда асықпайтын, көп сөйлемейтін, байсалды адам болғанымен керегінде тез ширап кететін офицер еді. Бокстан бірінші разряды болатын.

Есімде, біз Мейменеде жүргенімізде, ол «позы» деген бұрыт халқының ұлттық тағамын жасап берем деп көп уақыт айтып жүрді де, бір күні, әйтеуір, шақырды. Со кездері роталар офицерлері арасында бір-бірімізді қонаққа шақыру дәстүрі қалыптаса бастаған болатын. Әр рота бір ұлттық кухняға бейім



болатын, мысалы, біздің екінші ротаның бас тамағы қазақтың бесбармағы мен бауырсағы болса, үшінші рота қырғыз тағамдарын дайындайтын, басқалары тағы да өздерінше бірдеңе істейді.

Бато бірінші ротада қызмет ететін де, сонымен, міне, өзінің позысын жасады. Кешке таман бәріміз жиналып жертөлеге (*орысша землянка – авт.*) түстік те дастарқан басына жайғасып отырдық. Бәріміз жайғасқан соң салтанатты түрде Бато қаңылтырдан жасаған үлкен табақты көтеріп әкелді де дастарханға қойды. Қарасақ, кәдімгі манти, тек басқаша жабыстырылған. Ортамызда отырған Әлішер Ағзамов шыдамсызданып:

– Бато, мынауың кәдімгі манти ғой, – деп қалды. Со кезде Бато ызаланып кетіп, орнынан атып тұрды да, екі қолын үстелге тіреп тұрып:

– Әй, өзбек! Мен сенің палауынды күріш ботқасы демеймін ғой! – деді. Бәріміз жертөлени басымызға көтеріп ду күлдік. Шиеленіс сонымен бітті де, бірақ оқиға есте қалды.

Күндерден соң күндер өтіп жатты. Тосқауылдар құрып, анда-санда жүк тиеген колонналарды күзетіп алып жүріп, ізденіс жорықтарына шығып, шығыңқы қойған бекеттерде қорғаныс шайқастарын жасап, тағы да сондай-сондай күнделікті күйбелеңмен служба жүріп жатты.

Жауынгерлік тапсырманы орындау жорықтардың бірінде төртінші ротаның топ командирі аға лейтенант **Жұмабек Аюбаев** ауыр жараланды. Өз тобымен Дарьялавушт тауының сыртындағы қышлаққа қарай жылжып бара жатып, күші өзінен басым жауменен жолығып, шайқасқа кіріседі. Дұшмандарда біздің базаны атқыламаққа өздерімен бірге алып келе жатқан 82 мм. миномет бар екен. Сол минометті кейін шегереді де, аспандатып ата бастайды. Аспандатып ату (*навесная стрельба – авт.*) деген, снарядтың өрлеу бұрышын 20-90 градус етіп артиллериядан ату, негізінде келте зеңбірек (*гаубица – авт.*) пен минометтерге тән. Аюбаев рациямен артиллерия атуын сұратады. Артиллерия батареясы нысананы

түтін салатын сигналды снарядтармен атып, дәлдей бастайды. Дәлдеу дегеніміз алдымен нысананың оң жақ, сол жағынан, алды-артынан бір-бір снарядтан түсіреді де, солардың түскен жерінің ортасын көздеп негізгі атысқа кіріседі. Сол түтін салатын снарядтың бірі Жұмабектің аяғының тұсында жарылып, бір аяғын асықтан төмен қиып түседі. Қиылған аяқ бөтеңкесінің қонышы биік болғандықтан түсіп қалмай, соның ішінде қалады. Қандай ауыр жарақат алғанын әлі сезінбеген Аюбаев, орнында жатып, есінен танғанынша шайқасты басқара береді. Командирдің үнсіз қалғанын жауынгерлері бірден біле де қоймайды, ал байқаған соң қасына жетіп барса, ессіз жатыр.

Жауды тойтарған соң, плащ-палаткадан істеген жасанды носилкаға салған командирлерімен көп сағатқа созылған таудан түсіріс жасады. Санчастьқа жеткен соң, хирург Утеев ота (*орысша операция – авт.*) жасап аяғының басын алып тастады да, вертолетпен госпиталға аттандырып жіберді.

Емі аяқталған соң, Жұмабек әскер қатарында қалдыруды талап етіп, дегеніне жетеді. Көп жылдар бойы Жезқазғанда облыстық әскери комиссардың орынбасары болып қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан соң Алматыдағы әскери мектеп-интернаттың бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. Оның қайраттылығын мынадай бір факт дәлелдейді. Бастықтың орынбасары бола тұра, протезбен жүрсе де, балалармен бірге кросс жүгіретін көрінеді, сонда бәрінен озып шығып, финиште қарсы алып тұрады екен. Мұны көрген жасөспірімдер, әрине, ұялғанынан барын салады. Онкология ауруымен ауыр сырқаттанып жүргенін біле тұра, ақырғы күндеріне шейін жұмыстан қалған жоқ. Туысқандарының аянышын көріп-естімейін деп, апталап мектептен қайтпай, сонда жатып істеп жүрді. Тек мүлдем әл кетіп, төсегінен тұра алмай қалғанында ғана, өлер алдынан бірнеше күн бұрын үйінде болып, отбасының ортасында көз жұмды.

2011 жылы режиссер Кончаловский «Возвращение в «А»» деген көркем фильм түсірді, бас кейіпкердің түптұлғасына (*орысша прототип – авт.*) Жұмабек Аюбаевтың кейпі алынды.

Сюжеті түгелімен ойдан шығарылғанымен, негізіне біздің жасақтық іс-қимылдары қойылған.

Шілденің аяғында шайқастарда қатардан шыққандардың орнына бөлімшелер толықтырылып, жаңа келгендерді соғыс тәсілдеріне үйрете бастадық.

Өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету ретінде, маңайымызды орай пехотаға қарсы мина алаңдарын жасадық та, олар туралы жауынгерлерімізді де, тұрғылықты халықты да ескерттік. Бірақ кей солдаттың миына қанша құйсаң да түсінбейді-ау, бірде болмаса бірде жарылады да жатады. Дәл сондай жағдай, Чита қаласынан 1981 жылдың күзінде шақыртылған қатардағы жауынгер Андрей Животковпен болды. Қара жер хабар бермесін, бірақ сол Животков жақсы деген солдаттың қатарына жатпайтын еді. Есімде жоқ қалай түскені, бірақ бір уақыт біздің ротада болды. Сосын ауырғаннан кейін бе, әлде жараланып па, білмеймін, әйтеуір, командирлердің рұқсатынсыз, біз әлі Мейменеде тұрғанымызда, вертолетпен Құндыздағы 201-ші дивизияның медсанбатына кетіп қалып, қайтқысы келмей жүріп алған. Соңынан, әйтеуір, амалын тауып, оны Құндыздан суырып алып келіп, байланыс взводына берген болатын.

Командирдің айтуынша, сол Животков өлерінен бір күн бұрын маңына жас солдаттарды жинап алып, әлгілерге ақыл айтып тұрғанын көреді, жеміс бақтарының ішінде бостан-бос қаңғырып жүрмеңдер, минаға түсіп қаласыңдар деп.

– Мен, – дейді Борис Төкенұлы, – әлгісін естіп қуанып қалған едім, – мынаның ақылы кірген екен деп. Ал ертеңінде оның быт-шыт болған денесін бақ ішінде тауып алды біреулер. Алма теруге барды ма, әлде қираған үйлердің ішінен бірдеңе іздеп жүрді ме, белгісіз. Кеудеден төмен жағынан түк қалмаған, пәршә-пәршесі шығып, тек қабырғалары ғана состиып тұр, балтамен шапқандай, ар жағында жүрегі мен өкпесі көрініп жатыр. Соңынан анықталды, ол алдында бір минаны аяғымен басқан да, екінші минаға құлап бара жатып отыра кеткен болса керек. Сұмдық көрініс болса да, подполковник Керімбаев

мүрдесінің қалдығын плащ-палаткаға салдырып қойып бүкіл солдаттарға көрсетуге бұйрық берді. Содан кейін, әйтеуір, солдаттардың бейберекет жүріп минаға түсуі тоқтатылды.

Бізді күшейту мен қамтамасыз етуге қоса берілген бөлімшелердің ішінде Д-30 гаубица артиллеристік батареясы, «Василек» атты минометтер батареясы, радио-электрондық күрес взводы, трал орналастырған танк болатын. Және тағы да бір «Реали» системасын құратын кішкентай бөлімше болды, ол жөнінде жасақ ішінде бөрі біле де бермейтін. Қазір енді оның еш құпиялығы жоқ, сондықтан ептеп әңгімелеп беруге болады.

Жаудың жүруі ықтимал деген жолдар мен соқпақтарда бір-бірінен 100 метрдей алшақтықта, жетпіс метрден топырақтың солқылдағанын сезіп, ретранслятор арқылы әскери бөлім кезекшісіне сигнал түсіретін антенналары бар екі датчик орналастырылады. Датчиктердің бірінен сигнал келіп түссе, кезекші офицер манағы жерге біреудің жақындағанын түсіне қояды, ал егер екіншісінен де хабар келсе – ортасында қозғалыс бар екені анықталғаны, онда кезекші дереу артиллерияға команда береді де, олар алдын ала дәлдеп алған квадратты атқылай бастайды.

Сол «Реалиды» қолданып, қосталған тосқауыл жасадық бірде: датчиктардың маңына тосқауыл тобын қойып. Сөйтіп бір маңызды пакистандық нұсқаушыны ұстап алдық, бірақ ол ұстап алу кезінде ауыр жарақаттанып, келесі күні өліп қалды. Өлгінің өлігін біздің ротаның қасындағы бақ ішінде әдейі жұртқа көрсетіп көміп тастадық, біреулері алып кетуге келер деп, бірақ ешкім жоламай қойды да, со күйі қалды байғұс.

Радио-электрондық күрес взводы бірыңғай эфирді тыңдаумен болатын, моджахедтердің бір-бірімен сөйлескенін аңдып. Сол аңдып тыңдаудың арқасында, жаудың біздің лагерьді бірнеше рет шабуылдауға дайындалғанын алдын ала біліп қалдық.

Қару-жарағымыздың ішінде атыстың дыбысынан, мысалы, бізді атқылап жатқан минометтердің тұрған орнын дәл көрсететін приборлар болды. Жау минометтерінің

орналасқан координаттарын білген соң, артиллерия батареясы оларды құртып тастайтын тездетіп. Ал жалпы, дұшмандар біздерге қарсы 82 мм.-лік екі-үш адам көтеріп кететін жеңіл минометтерді өте жиі қолданатын.

Шайқастардың бірінде біздің жауынгерлер қолына жаудың сондай бір минометін түсіріп алып, ротаға алып келді. Өлгіні трофей ретінде тапсыртпай өзімізге алып қалдырдым да, кейіннен Дарьялавуштың төбесіндегі бекетке көтеріп, жауға қарсы жап-жақсы қолдандық. Одан ату қиын емес, оның үстіне біз көзге көрініп тұрған дұшпанды ғана ататынбыз. Бірақ корректировканы шынайы артиллеристердей емес, өзімізше «Сәл-сәл оңға», не болмаса, «сәл солға» деп жасасақ, сонда да нәтиже болатын.

Бірінші, екінші роталардың орналасқан жері мен штабтың арасында вертолет қонатын алаңқай болатын, бұрын біреудің егістігі болса керек. Вертолеттер қонар кезде сол алаңқайды минометпен атқылау дұшмандардың сүйікті шаруасы болатын. Сол атқылаулардың аса бір керемет залалы болмаса да, зиянын тигізетін. Есімде, сол Рухада тұрғанымызда монша салдық шымнан, ішін тақтайшалармен қаптау үшін көптеген снаряд жәшіктерін бұздық. Сондай бір жинақы, өп-әдемі болып шығып еді. Бірақ не керек, сол моншаға бір рет те түсіп үлгермедік, бітірген күннің ертесінде, манағы алаңқайды атқылап жатқанда қаңғырып келген мина төбесіне түсіп, моншамыз жанып кетті.

Бірақ, сол алаңқайға қонуға бұрылып келе жатқан бір вертолетті дұшмандар ДШК-мен атып түсіре алды. Алтыншы ротада ағайынды егіз туған **Рыковтар** болатын, бірінің аты **Геннадий**, екіншісі **Виталий** деген. Ол рота манағы алаңқайдың маңында, санчастытың артындағы алма бағының ішінде тұратын. Сол ағайындылардың бірі, Виталийдің айтуынша, оқиға былай болған, мен өзім сол күні базада жоқпын да, тау басында болдым ба, торуылға кеттім бе, есімде жоқ:

*«Біз, Ваня Ильин екеуміз асханадан ротаға қайтып келе жатқан болтынбыз. Вертолеттің қонуға жақындап келіп,*

қайта көтеріліп кетіп, тағы да бұрылып келе жатқанын көрдік. Бір уақытта вертолет көзден жоқ болып кетті де, үстімізден бірдеңе сусылдап ұшып өткендей болды. Алдында мина шығар деп ойлап қалдым да, бірақ ұшып өтіп топ етіп құлаған жағына бұрылып қарасам, вертолеттің айналып тұратын лопасти екен. Әдетінде миналар осылай сусылдайтын, ірі құстар ұшып бара жатқандай. Осы уақытта штабтың алдындағы сай жақтан қатты жарылыс естілді. Біз солай қарай тұра жүгірдік. Сай терең болатын, елу метрдей бар шығар тереңдігі. Жүгіріп барып төменге қарасақ, екі адам жоғары көтеріліп келе жатыр екен, сосын естідік бұлар екінші ұшқыш пен атқыш-радист екенін. Ажалы әлі жетпегеннен гөй, олар миналанған жермен көтеріліп келе жатыр еді. Со кезде штабтан Керімбав жүгіріп шықты айқайлап:

– Жақындамаңдар! Водовозка қайда, водовозка!

Ал водовозка не істей қояды? Біріншіден, вертолет төменде алыста жатыр, екіншіден, водовоз өртке қарсы машина емес қой, мықты насосы бар суды қысыммен айдайтын. Үшіншіден вертолет жарылыстан соң шашылып қалды, сондықтан сөндіретін де дәнеңесі жоқ еді. Әрине, мен қазір, біріншіден, екіншіден, деп ақылсынып отырмын, ал дәл сол уақытта ес шығып кететіндей болып еді.

Ол вертолетте машинаның командирінен өзге тағы он екі солдат қайтыс болды, біреулері медсанбат, госпитальдардан емделіп қайтып келе жатқан, енді біреулері басқа бөлімдерден бізді толықтыруға келе жатқандар болатын. Ішінде менімен Алматыда бір класта оқыған Қанат Упеков деген жігіт кетті. Барлық мүрделер күйік болып қалған, Қанатты біз тістерінен таныдық, бір ерекшеліктері болатын».

Ол вертолетте Упековпен бірге біздің жасақтан Ербол Абдрахимов, Андрей Деревянчук және Хайбулло Латипов қайтыс болды, бұл оқиға 1982 жылы қыркүйектің 23-і күні болып еді.

«Со жолы вертолетті атып түсірген «Зуб» жартасы жағындағы, біздің әбден титығымызға жеткен ДШК болатын. Бір рет бауырым Генка екеуміз, ол қоймада қызмет ететін, кухня жақтан ротаға келе жатқамыз, алыстан «пүк, пүк, пүк» деген дыбыс естілді де, сосын пырылдай бастады. Егер жай оқтар өтіп бара жатып ысқырса, ДШК-ның оқтары қоңыз сияқты пырылдап ұшады. Маңайымыз толған ағаштар болатын, солардың артына тұра қалдық. Мен жуан шынар ағашының артына тұрыппын да, Генка бір жіңішкелеу ағаштың артына жасырыныпты. Бір уақытта жарылғыш оқтардың бірі оның аяғының дәл түбінен келіп тиді. Бауырым әлгі оқты көтеріп алып, тұмар ретінде ұзақ уақыт қалтасына салып жүрген соңынан. Ағаштардың артында аз уақыт тұрдық та, біреуіміз, қайсымыз екені есімде жоқ:

– Қаштық үйге! – деп айқай салдық. Жақын жерде жартылай қираған үй тұрған да, есігінен енде өте бергенімізде оқтардың бірі сарт етіп есіктің маңдайшасына тиді».

Білер уақыт өткен соң ол ДШК-ны танкіге қарсы қолданытын «Малютка» атты кешеннің басқарылатын реактивтік снарядымен прапорщик Лукьянов құртты.

Виталий Рыковтың тағы бір өңгімесін келтірейін, бірақ бұл біз Панджшерден шығып, Гүлбахорға келгенімізде болған оқиға.

«Ұйықтайын деп дайындалып жатқан болатынмын, қасыма прапорщик Лукьянов келді де:

– Ертең сенің машинаңмен Кабулга барамыз, – деді. Мен нан таситын машинаны айдап жүретінмін.

– Кімнің бұйрығы? – деп сурап едім,

– Көп мыжыма, ұлкендер айтты, – деп жауап берді де, кетіп қалды.

Содан ерте тұрып алдық та, еш күзетсіз, жалғызбасты машинамен өзеннен өтетін көпірдің қасындағы төртінші ротаның бекетінен өттік. Сосын Джабаль-ус-Сирадждан, со маңайда тұрған советтік мотоатқыштар полкінің бірнеше бекеттерінен өттік. Жол бойы толған қираған техника –

танкілер, БТР, БМП-лар, «Уралдар» мен «Камаздар». Қорқынышты-ақ көрініс, оның үстіне жалғыз машинамен келе жатсаң, ойламайтының жоқ. Әйтеуір, құдайға шүкіршілік, Кабулга дейін аман-есен өтіп кеттік, дұшмандар да тәулік бойы жолды аңдымайтын сияқты.

Аэропортқа келіп машинаның қорабын лық толтырып қой етін артып алдық та, біздің бір тәжікпен «советтік» микрорайондағы оның пәтеріне бардық. Артынан білдім, советтік мамандар мен советшілердің барлығы осы микрорайонда тұратынын. Тамақтанып, аздап самогон ішіп біраз отырдық та, жатып қалдық. Сосын ерте оянып, таң атпай тұрып жүріп кеттік. Қараңғы тұң, оның үстіне тұманданып тұр екен, бір қиылысқа келгенде қате бұрылып адасып, бір қышлақтың ішіне кіріп кеттік. 150-200 метрдей өткен соң, Лукьянов:

– Тез кейін бұрыл, әйтпесе осы жерде бізді құртады! – деп айқай салды.

Қалай бұрыласың, маңай толған дуал? Әйтеуір бір көшелердің қиылысқан кеңдеу жеріне келіп, о ғып, бұ ғып көлігімізді кері бұрып алдық. Машинамыздың ЗИЛ болғаны қандай тамаша, КамАЗ болмай, КамАЗ болса кептеліп қалатын едік. Содан, тағы да құдай жолымызды беріп, аман-сау жасақтың базасына оралдық-ау, Гүлбахорға. Қуанып бөлімшеме келсем, рота командирі капитан Петрович маған оңрсе салғаны бар емес пе:

– Неге кетіп қалдың? Кім саған рұқсат берді? Неге маған баяндамадың? – деп.

Сөйтсе, прапорщик ешкімге айтпай өз бетімен кетіп қалған көрінеді, әлде зампотыл, не начпрод біреуі айтып, артынан Керімбаевтан қорыққанынан үндемей қалды ма. онысын құдай білед.

Не болса да, батальон көптен бері жемей жүрген етке қарық болды».

Дұшпанымызбен үлкен, кіші қақтығыстарда уақыт өтіп жатты. Қастасқан жауымызды құртып, сонымен қатар өзіміз де шығынданып жүрдік. Өлім мен жарақаттар қарсыласымыз-



бен тек қана ашық шайқастар үстінде емес, олардың снайперлері мен қойған мина, фугастарының салдарынан да болып жатты.

Солай 1982 жылдың қараша айының 7-сі күні ДШК-ның оғы бастан тиіп, үшінші ротаның жауынгері, жолдастары Құрман деп атайтын, **Құрманбек Абдылдаев** қайтыс болды. Сексен бірінші жылдың көктемінде Ош облысынан шақыртылған болатын әскерге. Мейірімді, сезімтал адам, достарының әлі есінде жүр аккордеонда тамаша ойнайтыны. Табан аузында жан тапсырды.

Сол күні кешке қарай, жау снайперінің оғынан бесінші ротаның сапері **Александр Волков** басынан ауыр жарақат алды. Жолдастарының айтуынша, оқ тиген кезде: – Мама! Мамочка! – деп, екі қолымен басын ұстап есінен танады да, шөгіп қалады. Бір айдай уақыт өткен соң Ташкент госпиталінде жан тапсырды.

**Жатақпаевтың** топ командирінің орынбасары сержант **Шамиль Рахматулин** де басынан жарақаттанды.

Дарьялавушт тауының төбесінде, командалық пункттен төмендеу үш шығарыңқы бекеттеріміз болатын, әшейінгі сәл кеңейтілген, тізерлеп атуға жарайтын окоптар. Брустверлерін (*бруствер – окоптың алдындағы оқтан қорғануға жасаған үйінді – авт.*) ұсақ тастардан үйгеміз, ал төбелерін бұтақпен қалқалап қойғамыз, сөйтіп, амбразурасы бар, төбесі жабық ату нүктесіне айналды. Төбесін көлеңкелемесең, жаздың ыстығында шыдай алмайсың, қысқы уақытта да үскірік желден әжептәуір қалқан.

Алды миномет пен атқылаудан басталды да, тастардың үстінде күнге жылынып отырған бірнеше солдатты жел соққандай жатқан жерлерінен жоқ қылды, бәрі сол тастардың тасасына тығыла қалды. Жаңа ғана қалғып кеткен **Шамиль** миналардың жарылысын естіп, өтпе жел соқпасын деп амбразураны тығындап қойған бушлатын алып, бинокльмен алдын енді шола бастап еді, дәл осы сәтті күтіп отырған жау снайпері атып салды. Оқ жанап өтіп, самайының терісін тереңдетіп жырып өтті. Дәм-тұзының таусылмағаны ғой, оқ

енді бір миллиметр бұрыстау өтсе, шаруасы бітер еді. Ондайда орысшалап «Получай посылку, Родина!» дейтінбіз. Ағыл-тегіл қансырап жатқан Шамильді жолдастары миномет атысына қарамастан орталық блиндажға алып келіп басын танды.

Сол күндері бекетті басқарып отырған мен болатынмын, әжептөуір өуре-сарсаңға түсуге тура келді. Алдымен рациямен сержанттарымды тыныштандырдым, саспаңдар, тойтарамыз деп. Мұндай бастырмалатқан шабуыл алғаш рет еді. Бұрын біраз миналарын лақтырып, алыстан автомат-винтовкаларымен атқылап, қоя салатын. Ал бұл жолы минометпен атқылауды доғарған соң, дұшмандар атақаға көтерілді. Шығындарына қарамастан, олар бірнеше рет бізді биіктіктен қағып түсіруге талпынды, бірақ жауынгерлерім нық тұрды. Биіктігіміздің оларға керек болғаны соншама, минометтік атыстар қайта-қайта шабуылдаумен кезектесіп, «духтар» құтырып кеткендей болды. Шығарыңқы қойылған окоптардан адамдарымды орталық траншеяға шегеріп алдым да, базамен байланысып, артиллерияның атуын сұраттым. Алдымыздағы жер алаң-алаңға бөлініп, шоғырландырылған атыс учаскелеріне бөлшектеніп қойылған болатын. Бірақ біздің траншеяға жақын өтіп кеткен кейбір қарсыластар артиллерия снарядтары алмайтын өлі кеңістікке түсіп алып, күн батқанша атысып жатты. Жалпы сан басымдылығы олар жақта болды.

Есіне келген сержант Рахматулин де сапқа қайтып оралды. Әлсіреп, басы айналғанына қарамастан, шайқас біткенінше окоптан кеткен жоқ. Бірақ қараңғы түскен соң қан індеттенуінен қауіптеніп, оны базаға эвакуация жасауға бұйырдым.

Қазіргі уақытта Қызыл Жұлдыз орденінің иегері полковник Шамиль Рахматулин Қазақстан Қарулы Күштері қатарында, Алматы облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының бірінші орынбасары лауазымында службасын жалғастыруда.

Жоғарыда айтып отырған Дарьялавушт биіктігінде қазақтың «Ажалы келмеген қырық жыл қырғыннан аман келе-

ді» деген сөзінің растығының тағы бір дәлеліне куә болдым. Алдында бір атап кеткем Үсенов Аман деген солдатты, бұл жігіт о кезде біздің ротаға тек командированный ғана болатын, ал кейіннен оны түбегейлі біздің ротаның штатына кіргізіп, аға лейтенант Үсенов Мирбектің взводуна бекітті. Екеуінің туыстығы жоқ, фамилиялары ғана ұқсас.

Күндердің бірінде Үсеновтің тобы төбе басында кезекті қарауылда тұрады да, Аман Үсенов трофейге түсірген ДШК пулеметіне ие болып, пулемет орнатылған траншеяның бір қуысында жатады.

Мұны ДШК-ға бекітіп қойғаны, баяғы танкист болып жүрген кезінде оның танкісінде де ДШК болғаны, сондықтан мұны ірі калибрлі пулеметтің маманы ретінде ДШК-ні иелендіріп қойған.

Жата беруге жалыққан Аман сергіп келейін деп төмендегі шығыңқы қазылған окоптың біріндегі сержант Құлжабаевтың қасына барып бірер уақыт әңгімелесіп жатады. Сол уақытта жау шабуылын бастайды. Офицердің: – ДШК-мен ат! ДШК-мен ат! – деген командасын естіген Үсенов жалма-жан орнына оралып, пулеметін іске қосады. Со мезгілде қарсы жақтан жаудың ДШК-сы мұны атқылай бастайды. Сөйтіп екі-ара кәдімгі дуэль басталады. Офицер Үсенов айқайлап жатыр: – Гаси его! Гаси его! – деп, солдат Үсенов басын бөйгеге тігіп қасарысып жатыр қарсыласымен. Бір мезгілде қолындағы пулеметі тарс етіп жарылады да, маңай лезде тас қараңғы болып, құлақтан ұрғандай тыныштық орнап, есінен ауытқып кетеді. Аз уақыттан кейін есін жиып не болғанын қараса, жаудың оғы пулеметтің қалқанының ортасындағы бақылау үшін жасаған жыраға дәл тиіп, оқты стволға беріп жылжытып тұратын барабанға тиеді де, атылайын деп тұрған оқпен қоса жарылады. Бір елі жоғары кеткенде пулеметшімізді жайратып кетер еді орнында. Ажалсыз өлмейді деген, міне, осы.

Сол кезеңде, түндердің бірінде жанар-жағармай қоймасының қасында алтыншы ротаның Владимир Круглов деген солдатын өлтіріп кетті. Кім өлтіріп кеткені ақыры табылмады.

Ауғандық әскерилердің бірі болса керек, себебі бөгде адам әскери бөлімнің территориясына кіруі мүмкін емес, ал егер кірген болса, бір адамды өлтірумен шаруа бітпес еді. Не қойманы жарып кетер еді, не болмаса, со жерде шоғырланып тұрған техникаға тым болмаса граната лақтырып кетер еді.

Сол алтыншы ротадан, Пьявушт тауынан түсіп келе жатқанда, тамыз айында **Анатолий Ситников** пен **Замир Авизов** деген солдаттар қаза тапты.

**Жасақ** командирі алдында шешім қабылдаған болатын, Пьявушт тауындағы бекетке оқ-дәрі, суды алтыншы ротаның адамдары тасымалдасын деген. Өдеттегідей биіктіктерге көтеріліп-түсу тау ешкілері салып тастаған тар келген, тік құлама соқпақтармен болатын. Басында күндіз тасымалдап жүрді, соңынан дұшмандардың тосқауылдары пайда бола бастаған соң түнгі жүріске көшті. Жол ұзақ, оның үстіне шыңның биіктігі үш мың метрден асады. Соқпақтың екі жағы да миналанған, шалынып кетсең құзға құлайсың, не болмаса минаға түсесің. Соқыр адамдай табан астын түрткілеп, әлсін-әлсін жарық берер ракета атып жүруге мәжбүр болатын.

Осындай жорықтардың бірінде біздің ротаның старшинасы аға прапорщик **Тохтахунов Нүрден**, жоғарыда айтып кеткем бәріміз Юра дейтін, көзге түсті. Азық-түлік, оқ-дәрімен қамтамасыз ету оның тікелей міндеті, сондықтан ол Дарьялавушқа патрон, граната, отын-суды тасымалдап жүретін. Сөйтіп жүріп бір күні тосқауылға тап болды. Оқиға күндіз болды. Таудың ең төбесіне жеткенше, бірінен-бірі биік бірнеше тау тізбектерінен өту керек болатын, ол дегенің – бірнеше асу деген сөз. Жол бірыңғай серпантин тәрізді бұралаңдап қия беткейлеп отыратын. Біздің сыбағамызға тиген Дарьялавуштың асқан биік болса да, жартасы аз қасиеті болатын. Содан көп асудың біріне енді көтерілгенінде жау бір жақ қапталынан оқ жаудырады. **Жата** қалып қарсы атысады. **Тохтахунов** со жерде кейін шегініп кетіп, күшін толықтырып қайта келуіне, не болмаса жоғарыдан көмек сұрауына болар еді, бірақ ол өйтпей, өз амалын табады. Атысты жалғастырып

жата, екі жауынгерін бірыңғайын тауып, қарсыластарын орап, бүйірінен шығуға жібереді. Тобында өзін қосқанда алты адам болатын. Тоқтатпай мылтық атып, граната лақтырып, жаудың назарын өзіне аударады да, жұмсаған солдаттарының дұшпанға астыртын таяп келіп, оқыс оқ атуына жағдай туғызады. Бүйірден тиген соққыға шыдамаған жау, шығынданып шегініп кетуге мәжбүр болды. Ұрыстан соң тау басына сусыз көтеріледі, себебі барлық су өкеле жатқан ыдыстары оқтан тесіліп қалған екен, бірақ қажеттілігі судан да кем емес оқ-дәрі жеткізілді.

1982 жылдың күзгі күндерінің бірінде Жатақпаев Бақытжанды штабқа шақыртады. Керімбаев демалысқа кетіп, орнына капитан Бексұлтанов қалған болатын, сондықтан тапсырманы сол қояды – Тавах ирегіне қарсы, өзеннің арғы жағасындағы таудың етегінде орналасқан қышлақта қаруланған банда айқындалды. Екі топпен, бірі екінші ротадан, екіншісі үшінші ротадан, қышлаққа таяп барып, авиацияның шабуылынан кейін қалған дұшмандарды құрту керек. Сендермен «жасылдардың» бір ротасы барады. Үшінші ротаның взводын капитан Мартынов, жалпы топтастықты Жатақпаев басқарады. Бар-жоғы – бомбылаудан тірі қалған «духтарды» жою, оп-оңай шаруа.

Өзенді жалдап өтіп, қышлаққа қарсы жағынан тауға көтеріліп, бақылай бастайды. Тау аса биік те емес, және жартасты да емес. Ұзыннан-ұзын, өзен бойымен созылып жатыр. Созылған бір жағының еңістеп барып біткен баурайында қышлақ орналасқан. Өзен ағысының бағытына қарсы қарап тұрсаң, сол қолында кеңдігі бес жүз – алты жүз метрдей ойпатта, арғы жағында біздің жігіттер жатқан таумен қатар созылған тағы бір тау тізбегі. Көп кешікпей екі МиГ-21 самолеттері ұшып келді де, зениттік қондырғыларынан тайсалды білем. Бомбаларды өте биіктен тастап-тастап кетіп қалды. Жатақпаев бұ жөнінде рациямен Бексұлтановқа баяндайды. Сосын артиллерия атқылайды, тағы да әсері шамалы болып шығады. себебі қышлақ таудың етегінде, снаряд алмайтын өлі кеңістік:

те орналасқан. Әлгінің бәрін көріп отырған Бақытжан жағдай өте қиын боларын түсінеді де, қоса берілген ауғандық ротаның командиріне:

– Жігітім, осыған сұғынбай, аман тұрғанымызда қышлақты осы жерден атқылап, кейін шегініп кетейік, – дейді. Бірақ ауғандық капитан қиқайып көнбей қояды, өз ротаммен шабуылдаймын, сендер тек төбеде тұрып бізді тасаласаңдар болғаны деп. Қанша айтса да көнбей қойды, кейде мұндайлар да кездесетін. Қайтесің енді, оларды жалғыз жіберіп, қалып қоюға болмайды, онда ол әскери тапсырманы орындаудан бас тартқаның. Таудан түсіп, сәл алшақтықта сондарынан еруге тура келді.

Ауғандық рота қышлаққа тіпті тақап жақындады, ал онда бір ит те үнін шығармады. Бір уақытта тарсылдады-ау келіп. Бұл боран секілденген атыс еді. Бізді күтіп отырған болу керек. Ақпарат сыртқа қалай болса да, әрине, «жасылдардан» кетті, бұлар біліп қойған бірде-бір құпия сақталып қоймаушы еді, патшағарлар. Тек қышлақ жақтан ғана атқан жоқ, бірнеше ірі калибрлі ДШК пулеметтері желкемізден, қарама-қарсы тау тізбегінен соққылады. Сексен адамы бар ауғандық ротадан тірідей бір-ақ кісі қалды, оның өзі есінен ауып, жынданып кетті, себебі кейін қарай ыржалақтап күліп келді. Бүкіл рота, бізді тыңдағысы келмеген командирімен қоса, түгел қаза тапты. Жиырма-отыз минуттан кейін тарсыл-гүрсіл саябырлады да, сосын атыс бағытын біздің жауынгерлерге қарай өзгертті. Топтарды сақтап қалғаны, ауғандықтарға аса жақындамай, алшақтап келе жатқаны болды. Ауған ротасы қышлаққа кіріп кетіп үлгереді деп, атысты біздің топтастықтың негізі бір кішкене төбешіктің ығынан әлі шығып үлгермеген кезде бастап кетті. Бірақ бірнеше солдатымен өз тобының алдында келе жатқан Жатақпаев шауып алған жүгерінің ашық орнына шығып үлгерген. Осының алдында ғана бізге жаңа брондалған желетке (*бронжилет – авт.*) әкелген болатын, өздері өте ұзын және бұрынғымыздан екі есе ауыр, және неге екенін білмеймін, көгілдір түсті матамен қапталған. Бақытжан сол күні сондай бронжилет киген болатын. Үстінде көгілдір

желетке, шабылған сары жүгері алаңында оңды-солды сенделіп жүгірген Бақытжан, барлық атқысы келгендерді мен мұнда лап өзіне шақырғандай болды.

О ғып, бұ ғып, төбешіктің артында жинақталып, топтастық кейін шегінуге кірісті. Бұл уақытта артиллерия батареясы өз қолдауын жалғастырды, атысты қарама-қарсы тау тізбегіне көшіріп. Бірақ бір жалғыз снайпер біздің жігіттерді қайта-қайта атқылап, қышлақтан да бірнеше ствол атысын толастатпай қойды. Сәл ойланып Жатақпаев бұйрық берді:

– Үш-үштен қозғаласыңдар! Үшеуің жүгіресің, үшеуің ырғуға дайындалып жатасыңдар, қалғандарың оларды атыспен қорғалайсыңдар. Жүгірерде қолдарыңа бір-бір тас ұстап жүгіріңдер де, тастарды бір жерге жинақтап тастандар, қорған болатындай. Айтылғандай жүгірді. Осы шайқаста қызмет мерзімдері аяқталып қалған, дембель солдаттар өздерінің тамаша қасиеттерін көрсетті. Жас жауынгерлерді алдарына жіберіп, автомат, не пулеметтен атқан оқтар жақын жерден түсіп жатса, итеріп, не шалып құлатып, өздері үстерінен құлап, денелерімен қорғады.

Шайқастан кейін, Сібір жақтан шақырылған бір жас солдаттың аузынан «Мынадай қиналғанша өлгенім артық еді» деген сөз шығып кетеді. Әлгіні естігенде жаңа ғана өз денесімен қорғаштап жүрген «қартаң» солдаттың бірі сол жерде сабап алады, ақымақ нөрсені ойыңа да алушы болма деп.

Ал мынау бірінші ротаның бірінші тобының командирінің орынбасары сержант Алпамысов Талғат Әділбайұлы (1963 ж.т., 1-81 шақыртылған) естелігінен:

*«1983 жылдың қысының бас кезінде Маришанның артындағы Хисарак елді мекені маңында тосқауыл құруға біздің ротаға тапсырма берілді. Көздеген жерімізге жеткен соң позициямызды таңдап жайғасып, күтіп жаттық. Ұзақ жаттық, содан, әйтеуір, төрт сағаттың көлемінде уақыт өткен соң Руха жақтан Хисаракты бетке алып келе жатқан адам корінді. Бинокльмен қарасам, қара түсті киім киген, бүйірінде біздің командирлік сөмке сияқты планшеткасы бар*

ер адам. Қорқынышсыз, саспай келе жатыр, мұндай алшақ жерде, олардың бақылауындағы территорияда тосқауыл құра қояды деп ойламаған білем.

Осы уақытта Шатемиров снайпер Расулов Пашаға команда берді:

– Расулов, тізесінен тигіз, бірақ абайла, өлтіріп алып жүрме.

Паша ұзақ көздеді, кемінде бір жиырма минут жатқан шығар. Командир тек тізеден тигіз деген соң қобалжыды білем, көздеп-көздеп, әйтеуір, атты-ау. Қарайған адам құлады, содан соң тұрды да, аяғын әрең басып жылғаның бойына қарай ақсаңдады, жылғаға жетпей тағы құлады да, одан әрі еңбектеп жылжып, бір ағашқа дейін жетіп, арқасын сүйеп отырды.

Ротныйдың бұйрығымен Қартабаев Қаныбек, Саша Капустин, бесінші ротадан бізге қосылып берілген сапер Коля Задорожный және мен әлгіні әкелуге кеттік. Оқ шынында да дәл тізесінен тиген екен, бірақ ол бірден беріле қоймай қарсылық көрсетті. Ең басында қолынан қаруын қағып жібергеніміз дұрыс болды. Оның тым ширақ қимылдап кеткенін көрген Задорожный автоматтың прикладымен басынан соғып жіберді. Сосын рота тосқауыл орнын алмастыруға кетті де, ұстап алған тобымыз араб па, пакистандық па, әйтеуір, шетелдік нұсқаушы болып шыққан тұтқынды штабқа апардық.

Сосын тағы бір оқиға есімде қалыпты. Панджшерде жүргенімізде аға лейтенант Ағзамов екеуміз қатар тұрғанбыз. Менің қолымда бинокль болған соң үйреншікті дағдымен алдымыздағы тау етегін шолып тұрғам, кенеттен окулярдан бізді көздеп тұрған снайперді көрдім. Айтарға уақыт жоқ, сол тұрған бойымда офицерді кеудесінен шынтағыммен нұқып қалдым. Ол құлап түсті де, мылтық сарт етіп атылды. Ештеңені түсініп үлгермеген Ағзамов атып тұрды да, иегімнің астынан мені екі рет тартып-тартып жіберді, әрине, мен де құладым. Сосын тұрдым да, оған үндеместен оқтың түскен жерін көрсеттім, ал Ағзамов байсалданып:

– Не істейсің енді, кешір, бауырым, – деді».



Бесінші ротаның саперларының ішінде минаясыздандырудың ел мойындаған шеберлердің бірі болып, Алматы қаласынан 1981 жылдың көктемінде шақыртылған, Ильдус Ярмахамедовтың замкомвзводы сержант Николай Задорожный саналатын.

Әдетте саперлар рейдтарға өздері бір таңдап алған ротасымен шығып жүретін. Задорожный басында үшінші ротамен шығып жүрді де, сосын Кирила түбінде Бубенцов өлгенде өзі де жараланғаннан кейін, мұны жаман ырым санап, бірінші ротамен шығатын болды. Өзі айтқанындай, оған сол ротаның командирі Шатемировтың қатаң басқару стилі ұнайтын көрінеді. Саперлар взводының командирі орынбасары бола тұра қай саперді қай ротаға жіберуге шешім қабылдауға өзі де құзырлы болатын. Николайдың өзінің айтуынша, Панджшер шатқалында, кезінде Кабулдан келген, аранайы миналау ротасының қалай болса солай құрылған мина алаңдарында жұмыс істеуге тура келді. Талай рет бірінің үстіне бірі қойылған миналар кезікті. Мариштанның түбінде де солай болды, бір шыққанның өзінде Николай сегіз мәрте миналарды залалсыздандырды.

Қыс уақыты болатын, оның үстіне түнгі қараңғылық. Ызғырық жел найзаның ұшындай өңменіңнен тесіп өтеді. Тау арасы шатқалдарда әрдайым өтпе жел соғады да тұрады. Бірыңғай суық темірді ұстағандықтан қолдары мүлдем жансызданып қалған, ал щуп (*щуп – мина іздеуге арналған басына істік темір қадаған таяқ – авт.*) миналарға бірінен соң біріне қадалуда. Әсіресе советтік ПОМЗ және ОЗМ миналары зұлым келеді, екі нұсқасы да тартылу арқылы жарылатын. Минаның жарылғыш затының шығыршығына «растяжка» дейтін сым байланып, екінші ұшын қада, не болмаса бұтаққа ілдіріп тартып тастайды. Байқамаған адам жаңағы сымға аяғымен, не қолымен тиіп кетсе, шығыршығы жұлынып жарылғыш дереу іске қосылып, мина жарылады. ОЗМ онысына қоса сексен сантиметрден бір жарым метр биіктікке дейін секіріп барып жарылады. ПОМЗ-ының корпусы, ел ішінде «лимонка» деп

аталып кеткен, екі есе ұзартылған Ф-1 гранатасына ұқсас, бұл мина тізеден келер биіктікте қадаға қондырылады. Бұлардың зұлымдылығы жарылғыштарының сезімталдығында, сәл қате қимыл жасасаң болғаны, шаруаң бітті де...

Содан, Задорожный жаңа ғана сондай екі «растяжка» мен жұмысын аяқтай келе маңайына көз салса, қырауланып кеткен тағы бірнеше жіңішке сымдар көрінеді.

– Құдай сақтасын, әлгі сымдардың біреуін ғана қиып болғанымша зәре-құтым қалмады – дейді Николай. Артынан белгілі болды, бұлар прапорщик Лукьянов атқан ПТУРС-тардың сымдары болып шықты (*ПТУРС – противотанковые управляемые реактивные снаряды – авт.*). Шаруашылық взводының командирі Евгений Петрович Лукьянов, кезінде Печорадағы арнайы мақсаттағы әскер прапощиктері мектебінде оқығандықтан, қару-жарақтың әр түрлі системасын қолдануды жақсы игерген, соның ішінде ПТУРС-ті де жібере алатын. Біздің БМП-1 машиналарымыз «Малютка» атты ПТУРС-тармен жабдықталған еді, атылғанда нысанаға дейін оператор-көздеушінің басқару командалары жеткізіліп отыратын сым сүйретіп баратын. Бұл қондырылғылардан снарядты үш мың метр қашықтыққа дейін жіберуге болады. Жерден ататын варианты да болғанымен, бізде тек БМП-ға орнатқан нұсқасы бар еді. Негізінде жаудың танкілерін жоюға арналған қару. Снаряды өте қымбат болғандықтан, сол заманның бағасымен бір снарядтың құны бір «Жигули» автомашинасының бағасына тең дейтін, оператор-көздеушілерді практика жүзінде атқызбай, тек жаттығу құрылғыларында үйрететін. Сол себептен біздің жауынгерлеріміз бұл қаруды қолдануға машықтанбаған еді.

Осы жәйттерді ескере отырып, подполковник Керімбаев Лукьяновке осы ПТУРС-пен, әбден біздің тиышымызды алған жаудың ірі калибрлі ДШК пулеметін құртуды әлі қыс түспей тұрып тапсырған. Талай күн аңдып, Лукьянов ол пулеметті ақыры жойған да болатын. Николай Задорожныйды әуре-сарсаңға салған сол снарядтардан қалған сымдар екен.

Біздің саперлар Ауғанстандағы службаның барысында өз істерінің нағыз шеберіне айналды, ал бұл жағдайға мүмкінші-

лік бергені, олардың тек жиі-жиі миналармен айналысқаны ғана емес, офицерлер мен тәжірибелі солдаттардың жастарды әрдайым үйретіп, жаттықтырып жүргенінің арқасында болды. Осы әңгіме қылып отырған сержант Задорожный өз взводында мина ісінің сыныбын құрастырды – плакаттар суреттеді, шын миналардың корпустарынан оқулық макеттер жасады және тағы да сондай-сондай әрекеттенді.

– Бірде, – дейді Николай, – өз расположениямызда темір кесетін арамен минаның корпусын кесіп отырған едім, макет жасайын деп, жасақ замполиті майор Мұратов кіріп келді. Істеп отырған ісіме біраз қарады да:

– Не істеп отырсың? – деді.

– Минаны бөлшектеп отырмын – деп жауап бердім.

– Минаны!? – деп, ол ыршып түсіп, бөлмеден атып шықты. Есіктің сыртынан естіп отырмын, инженерлік қызметтің бастығы капитан Селютин оған қарсы жолықты да, Мұратов:

– Әй, анда сенің ақымағың минаны арамен кесіп отыр, – деді.

– Қайсысы? – деп сұрады Селютин.

– Задорожныйың ғой әлгі, – деп Мұратов даурығып жатыр.

– Ә-ә, Задорожный ма, оған кескілеуге болады – деп, селқос жауап қайтып, мен отырған бөлмеге кіріп кетті.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің депутаты Николай Задорожный сексенінші жылдары бірқатар уақыт республикалық ауған соғысы ардагерлерінің ұйымын басқарды.

Саперларға өте қауіпті, және маңызды жұмысты Панджшерден шығарда жасауға тура келді. Біздің командирдің шатқалдан шығу туралы Ахмад Шахпен келісім шарттарының ішінде елді мекенді түгел минасыздандыру, біздің бөлімшелер тұрған орындарға санитарлық тазалау жүргізіп, дұшмандарға мина алаңдарының картасын тапсыру болды.

Жоғарыда айтып кеткем, дұшмандар өзара «Панджшер арыстаны» деп атайтын Масудтың Керімбаевқа деген өшпенділігіне қарамастан, жоғарғы командованиенің тапсыры-

сымен біздің командир оған жеке өз басы үш мәрте келіссөз жүргізуге барған болатын. Келіссөздердің нәтижесі біздің жасақтың шатқалдан шығарылып, бақылау толығымен Ахмад Шахқа берілгені болды. Егер шайқастар одан әрі жалғастырылып жатқан болса, шатқал тұрғындары егіндерін еге алмай, мындаған халық сөздің шын мәнінде ашаршылыққа ұшыраған болар еді. Бұл шатқалдың құнарлы жерлері мемлекеттің басты егінді алқаптарының бірі болатын. Міне осы жағдайды ескере отырып, Ауғанстан басшылығы мен біздің командование, әскери маңыздылығы артып тұрса да, алдымен халыққа аяушылық жасап, бұдан бұрын болып көрмеген қадамға барды.

1983 жылдың наурыз айының басында өзіміз бақылап отырған төбелерден бекеттерімізді алдық. Сосын бөлімшелер орныққан жерлердің маңынан тұрмыстық қоқысты жинастырып, соғыс машиналары тұрған капонирлер (*Капонир – машиналарға арналған окоп – авт.*) мен окоптарды құлатып, қолда бар мина алаңдарының карталарын тапсырып, Панджшерден шығу маршын жасадық. Ал мұның бәрі дұшмандардың тікелей басы-қасында болуымен өтті. Автомат, пулемет, гранатометтер асынып, пулемет ленталарымен белбеуленген олар, үйлердің төбесінде шошайып, дуалдарда отырып, біздің әр қадамымызды бақылап, қастыққа толы сақ көзқарастарымен ұзатып салды. Әдеттегідей мұндай жағдайға тән қатаң бұйрық алдық – арандату қимылдарына алданбаңдар, егер атыс басталып кетсе де, командирлер мән-жайына жетпей жауап қайтарушы болмаңдар деген.

Жасақ Панджшер мен Горанд өзендерінің қосылуының нәтижесінде пайда болған, жүзім, жаңғақ, тұт ағаштары, және тағы да біз танымайтын бұталардан тұратын, былай айтқанда дұшмандар үшін нағыз жұмақ – керегінде көлеңкеде жатып дем алатын, советтік вертолеттерден жасырынатын, не болмаса тал-шіліктің арасында жасырынып тосқауыл жасауға ыңғайлы, орасан зор **Чарикар** жасыл алқабының шығыс жиегінде, Панджшер шатқалына кірер тұста орналасқан **Гүлбахор** қаласына шығарылды. Ал алқаптың бұлай атануының

себебі, оның шығысында Парван провинциясының орталығы Чарикар қаласы тұр.

Біз Рухадан кеткенімізбен, 345-ші полктің бір батальоны Анавада қалды. Бұл батальон шатқалдан шығаберіске бізден жақынырақ тұратын да, және олардың бақылайтын территориясы егін алқаптары жоқ бірыңғай тастақ болатын, сондықтан олар шығарылмай, орнында қалды. Жау бұларға тек Рухадан келер жолмен ғана жақындай алып, оңы мен солы адам өтпестей жартастар бөгет болатын, ал Чарикардан шатқалға кіретін жалғыз жолдың басында біздің жаңа қонысымыз болды.

Содан жеке құрам мен материалдық базаны жаңа орныққан жеріміз, яғни Гульбахор қаласына шығарысымен командование Руха мен Аनावаның аралығындағы миналанған жерлерді тазарту міндеттемесіне кірісті. Келіссөз жүргізіліп жатқанда Ахмад Шахтың барлау қызметінің бастығы полковник Ажмуддин миналанған алаңдардың картасын сұрайды, ал ондай карталар жоқ болып шықты, біздің өзіміз қойған жерлерден басқа. Бізге дейін бұл шатқал төрт рет қолданқолға ауысқан болатын, біздің кіргеніміз бесінші операция болатын.

Енді, міне, жаудың қолына өткен территорианы минаясыздандыруға капитан Селютин мен аға лейтенант **Ильдуз Ярмухамедов** бастаған он екі сапер күнде шығып тұрды. Жұмыс өте күрделі болды, себебі бұл миналарды біздің саперлар емес, бұл шатқал бойынша бізге дейінгі операцияларға қатысқан әскери бөлімдердің саперлары орнықтырған болатын, сол себептен карталары да жоқ болып шықты.

Күндердің бірінде, айтқанға көнбей минаясыздандыруға Ярмухамедовтың жауынгерлерімен қосарланып, дұшмандардың саперы шықты. Советтік минерлардың алдында өз өнерін бір көрсеткісі келді білем, сендердің миналарың мен үшін шекілдеуік дегендей, бірақ Алланың маңдайына жазғаны сол болу керек, мина гүрс етіп жарылды да, жаудың минері быт-шыт болды. Со жерде тұрған бүкіл дұшмандар сұстанып тікірейіп біздің солдаттарды нысанаға алып қаруларын кезене қалады. Егер дәл сол кезеңде, құдай оңдап, қастарында Ахмад

Шахтың өзінің бола қойғаны болмаса, табан аузында атып тастар еді біздің жігіттерді. Ол бірдеңе деп өз моджахедтеріне ашулы түрде ақырып қалып еді, олар қолма-қол мылтықтарын кезеуін доғарып, манағы бейшараның денесінен қалғанын жинастыруға кірісті.

Бірнеше күн өткен соң біздікілер де жарылып қалды... Минасыздандыру Анавадан сәл әріректе жүріп жатқан болатын. Жерді щуптармен түрткілеп алда екі жігіт келе жатты, **Долганов пен Саша Шарипов**. Отардағы саперларды оқытатын бөлімшеден өткен, екеуі де әжептәуір дайындығы бар минер. Бірақ бөлеге әркімнің ұшырауы мүмкін, екеуінің бірі минаны басады. Шариповтың сол аяғын жұлып алды, ал Долгановтың екі аяғында тізесіне дейін әкетті. Оларды алып шығамыз деп барып тағы екі жауынгер жарылды, сержант **Юрий Савченко** мен **Андрей Соловьев**. Санинструктор Савченко сол жерде өліп кетті де, Соловьев аяғынан айырылды. Бұл Андрейдің екінші рет жараланғаны болды, бірінші рет капитан Батуев өлген сәтсіз тауда жарақаттанған еді.

## 8. Гүлбахор – Кабул – үйге!

Гүльбахор, жоғарыда айтылып кеткендей, Панджшер шатқалының қақпасындай нағыз кіреберісінде тұр. Егер шатқалға кіреберіске қарсы қарап тұрсаң, арт жағың мен оң қолыңда Чарикар алқабы, ал алдыңда сіресіп тұрған тау сілемі болады. Жасақ штабы тас дуалы бар, өзі де тастан салынған бір қабатты үлкен үйде орналасты, ауласында офицерлер асханасын жайғастырды. Біздің екінші рота сол штабтың маңайында болды, ал басқа роталардың тұрған орындары ұмытылып қалыпты. Меніңше, шашыраңқы, қаланың шетінен шатқалдың кірісіне дейін жол бойында жайғастырылды білем. Есімде қалғаны, бір кішкене көпірдің қасында төртінші рота тұратын. Тура штабтың алдында 700-800 метрдей жерде, биіктігі 350-400 метр шамасындағы, шошайған жалғыз төбе болатын, тептегіс жерде жаратылған жападан-жалғыз тау. Оның үстінде үшінші ротадан шығарылған бекет тұрды. Құдайым осы тауды әдейі Гүлбахорды күзету үшін жаратқандай, бекет қою үшін

нағыз ыңғайлы жер еді, маңайы алақаныңда тұрғандай, көз алдыңда көптеген шақырымға түгел көрініп тұратын.

Біз орналасқан қаланың шеткі төңірегі қатты қиратылған болатын, сондықтан бізге ротамыздың орналасқан жерін жаңадан салуға тура келді. Қирандылар арасынан саман кірпіштерді жинадық та, солдаттарға кең казарма, офицерлерге екі жеке бөлме, старшинаға әскер тілінде каптерка дейтін кішкентай қойма салып алдық. Ауламызды қоршап тұрған дуалды қайта қалпына келтіріп, сақшылар үшін бір бұрышынан биіктеу қылып мұнара салдық. Іш жағынан саман мен балшықтан құрмет тақтасына ұқсайтын ескерткіш орнатып, оған біздің ротадан қаза тапқандардың аты-жөні жазылған тақтайшаларды бекіттік, ол кезде олардың саны сегіз болатын. Ауланың көше жақ сыртында, дуалдың түбінде қатар түзеп соғыс машиналары тұратын. Сырт жағында, яғни ротаның артында, кеңдігі екі-үш адымдай болатын арық ағып жататын, ал одан әрі, біртіндеп тереңдейтін ойпаң бірнеше мың гектарға жайылған тал-шілік, сан түрлі өсімдік ағаштарынан тұратын ну тоғайға жалғасатын.

Қалада шифон матасын шығаратын тоқыма фабрикасы бар еді. Бұл фабрика әжептәуір ірі саналып, мемлекет үшін маңызды өндіріс орнына жататын. Соның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бұдан әрі біздің басты мақсаттармыздың бірі болды, ал дұшмандар үшін мақсат – қалай да болса жұмысты жүргізбеу. Күндердің бірінде бүкілодақтық «Время» телепрограммасы осы фабрикадан ауғандық жұмысшылар билік партиясы НДПА-ның бағытын қолдап, екпінді еңбек етіп жатқаны туралы репортаж жүргізбекші болды. Бірақ жау қалғып жатпайды демекші, режимнің қарсыластары тиісті жұмысын жүргізіп, жұмысшылар дәл сол күні түгелімен жұмысқа шықпай қалды. Жұмыстан айырылғаннан өмір қымбат.

Енді не істеу керек? Түсіруші топ қалаға келіп үлгерді, фабрика туралы сюжет бағдарламаға енгізіліп қойған. Олай ойланып, бұлай ойланып, Керімбаев ақырында таптырмас шешімге келеді. Бүкіл қаладан жергілікті активистер киім-кешек жинастырады да, оған біздің солдаттарды киіндіріп, станоктардың қасына қояды. Бәрі азиялық, кім айырады кімдер тұрғанын. Сөйтіп, қулығымыз артып кетті.

Со жылдары елді мекендердің тұрғындарынан өзін-өзі қорғайтын жасақтар құрастырылған болатын (*отряд самообороны – авт.*). Кей жерлерде олар шынымен дұшмандар топтарына тойтарыс беріп, кей жерлерде ешкімге тиіспей тиыш қана отырып, ал қайсыбіреулері тек қорғаныс жасағы санында ғана болып, ашықтан-ашық қарақшылық жолына түскен. Жүз жиырма адамнан тұратын сондай бір бандиттер жасағы біздің Гүлбахорда да бар болып шықты. Мән-жайға түгел көз жеткізіп болған соң, біздің бөлімнің штабы бұл жасақты қарусыздандырудың жоспарын дайындап, оны жергілікті НДПА ұйымының хатшысымен келістіріп, іске асыруға кіріседі. Ең алдымен олардың командирін Керімбаев өзіне шақыртады да, «ертең саған арнап Кабулдан орден өкеледі, сондықтан бүкіл жасағыңды фабрика территориясында орден тапсыруға қатысты салтанатты сапқа тұрғызуың керек» деп жариялайды. Ертеңінде жергілікті жасақ фабрика ауласында жиналып сапқа тұрғызылды да, бірер уақыт күтіп тұрды. Сосын шынымен екі вертолет келіп, қаланы бір айналып түсті де, қонбастан кетіп қалды.

Сұрқия командир сұрақ қояды:

- Орден қайда, әлгілер неге қонбастан кетіп қалды?
- Орденнің грамотасын ұмытып кетіпті, қазір алып қайтып келеді – деп оған түсіндіреді. Сосын Керімбаев:
- Осылай далада тұрамыз ба, жүр, ішке кіріп шай ішейік – дейді. Ғимараттың ішіне кірсе, директордың кабинетінде шынымен дастарқан жаюлы тұр. Мұны көрген ауғандық босаңсып, автоматын іргеге сүйеп, үстел басына өтеді. Сол уақытта оны бас салып қамауға алады да, сыртқа шығып басқаларына командирлерің тұтқындалды, қаруларыңды тапсыруларың керек, әйтпесе тұрған жерлеріңде пулеметпен жайратып саламыз делінді, ал бұл шын мәнінде орындауға болатын жағдай еді. «Өзін-өзі қорғаушыларға» қаруларын тастап, берілуден басқа шара қалған жоқ.

Шынымды айтсам, Ауғанстандағы службада болған басқа жерлермен салыстырғанда, Гүлбахор қай жағынан алып қарасаң да жұмақтай жер болды. Фабриканың бар болуы цивилизацияның болуына себеп болды. Тротуарлары бар,



қарағай ағаштары отырғызылған жинақы аула, кафель төсеп тастаған едендер, тіпті унитазы бар дәретхананың өзі не тұрады. Осының бәрі бір сәтке болса да, әрине, өзіміз қатты сағынып жүрген Одаққа, бейбіт уақытқа өткеніміздей елес беретін.

Фабрика басшылығының қасындағы біздің Советшілер анда-санда бізге, офицерлерге, моншаларына түсуге рұқсат беретін, бұл бізді тіпті сөз жетпес рақатқа бөлейтін. Айтпақшы, сол моншада мен өмірімде алғаш рет қарағай сыпырғышымен парда ұрындым. Қайың ағаштарының ортасында туып-өскен маған, қарағай сыпырғышпен шабыну ойыма да келмейтін.

Тұрғын үй жағдайы бізде Рухада да жаман болған емес еді, онда рота үлкен жеке тұрған екі қабат үйде тұрған болатын, тіпті вилла деп айтса да болады. Ол үйде офицерлерге арналған бөлмелер, солдаттар тұратын бірнеше үлкендеу бөлме, кілемдер төселіп тастаған, төмен үстелі мен он шақты жастықтары бар қонақтарды қарсы алатын жеке бөлме болатын. Бірақ Рухадағыдай кілем, жастық деген асып-тасығанымыз болмаса да, Гүлбахорда да жаман тұрған жоқпыз. Біз Рухаға кіргенде, ол тұрғындары тастап кеткен, бүкіл дүниесі иесіз далада қалған елді мекен болатын, ал Гүлбахордың халқы орнында болды да, сондықтан біз олардан сынық кесе болса да алуға ерік бермедік.

Ауа райы негізінен Панджшердегідей жұмсақ болды. Тек онда биік таулар төбесінде, қыс болсын, жаз болсын, түнгі уақытта өте суық болатын. Ал мұнда, айтып кеткенімдей, ротаның қасында сарқырап, жазғы ыстықта өте орынды болған, арық ағып жататын. Бір сөзбен айтқанда, өзімізді Қырымда жүргендей сезіндік.

Ал рахаттың ең бастысы – бұрынғыдай жиі-жиі шайқастардың толастағаны. Ахмад Шах өз сөзінде тұра білді де, оның моджахедтері бізге соқтықпады, сондықтан службаның қауіптілігі бұрынғымен салыстырғанда бірталай төмендеп, жағдай әжептәуір тынышталды. Бірақ сонда да әлсін-әлсін жекелеген қақтығыстар орын алып, кейбіреулері тіпті қатты шиеленісіп кеткен болатын.

Мұның себебі, Ахмад Шахқа дұшман атаулы түгел бағынбайтын, олардың ішінде Ауғанстанның Исламдық пар-

тиясының басқарушысы Хикматияр Гүлбединнің де адамдары болатын. Егер соларды бізге қарсы соғысып жүргендердің ішіндегі ең қатыгез, ең жексұрын болған экстремистік күш десем, қателеспеспін. Көбінесе соның қоластындағылар қышлақтарда Үкіметтік режимге қолдау жасады деп күдіктенгендерін болсын, активистерді болсын, көпшілік алдында азаптап, асып, атып, бауыздап өлтіріп жатты. Саланг асуы мен Баграм қаласы аралығындағы тас жолда, былай айтқанда, біздің жауапкершілігіміздегі территорияда, колонналарды шабуылдап, мина қойып жүргендер де осылар болатын. Сондықтан, әрине, біз қол қусырып отыра алмадық. Әлсін-әлсін, біздің колонналарды шабуылдағаннан кейін бүлікшілердің топтарын қуғындап, не болмаса қару-жарақ тасымалдайтын керуендер өтетін соқпақтарда тосқауыл құрып жүрдік.

Осындай бір, жүк тасымалдайтын фузалар мен бензовоздардан тұратын, үлкен ауғандық автоколоннаны талқандаған банданың соңынан түсіп, көзін құрту менің соңғы шайқасым болды.

1983 жылы 23 қыркүйек күні «духтар» Салангтан Джабаль жағына қарай сәл төмен жерде колоннаны шабуылдады да, ол жайында сол сағатта армия басшылығына белгілі болды, ал одан бізге колоннаны талқандаған банданы қуып жетіп, жойсын деген бұйрық келіп түсті. Жаудың шегінер маршрутына тосқауыл құру мақсатымен, командир бір топ жауынгерлермен вертолетке отырғызып, мені аттандырды. Ротаның қалған екі тобы, дұшпанды бізге дейін ізімен қудаламақшы болып рота командирі Радчиковтың басқаруымен БМП-лармен шықты. Жау тобының қозғалыс бағытын вертолетпен байқап қалған соң, картаға салынған соқпақтар мен жылғаларды біле тұра, олардың мүмкіндігінше жүрер жолын есептеп шығару қиынға түспейтін.

Көрсетілген нүктеде позициямызды жайғастырып, солдаттарға атыс секторларын белгілеп, бақылаушыларды тағайындап, бастарыңды шошайтып көріне бермеңдер деп, төмендегі қышлақты бинокльмен шолып, өзім де бір тастың түбіне жата кеттім. Есеп бойынша біз жатқан жерді басып,

жау осы қышлақты кесіп өтуге тиісті. Көп күтуге тура келді. Тек келесі күннің түсінде ғана, бізге қарай ирелеңдеп, жыландай бұралаңдаған соқпақта жау бұлдырап көзге ілінді. Олар жиырма адам екен. Барлығының қолдарында автомат бар, үшеуінің иығында РПГ-7 гранатометі бар, бірақ снаряд салатын подсумоктары бос, колоннаны шабуылдағанда барлық снарядтарын жұмсаған сияқты. Жүрістері ауыр, бір колоннаны түгелімен құртса да көңілдері көтеріңкі емес, соңдарында қуғын барын сезген түрі бар. Біз естігенбіз де, оларға әр нәрсенің бағасы кесіліп қойылғанын, офицерді өлтірсең, бір баға, солдатты өлтірсең, екінші баға. Танкінің ақшасы бір бөлек, БМП не БТР-дың ақшасы тағы да басқаша. Ал мында ондаған машинадан тұратын, ауғандық әскери бөлімше алып келе жатқан түгелдей бір колонна. Қуануға, әрине, себеп болды, бірақ орыстар «Знает кошка, чью сметанку съела» демекші, түбі жақсылыққа апармасын іштері сезгендей.

Пышылдап жоғарыға атылған сигналдық ракетаның үні оларға әзәзілдің өзінің пышылдағанындай болып естілген шығар. Бастарын жоғары көтеріп, аңырап тұрды да қалды, сол сәтте біз бар стволдарымыздан бірдей соқтық. Позцияларымыз соқпақтың бойымен, бірнеше яруста, яғни бірінен-бірі сәл биігірек орналасқан болатын. Мұндай орналасу, біріншіден, алдыңды жартастың шығыңқы жерлері көлеңкелемей көз салу жағдайына қоса атыс секторын кеңітеді, және бір граната, не минаның жарықшақтарынан бірнеше солдаттың жаралануынан сақтайды, себебі жарықшақтар әдетте көлбеу ұшып, бір деңгейдегі нысаналарға тиеді.

Ауғандықтардың тау ішінде ешкіден кем жүгірмейтінін ескере отырып, оларды тым жақындатып тәуекелге бармай-ақ қойып, атысты алыстан бастадым. Өлі ме, әлде жараланды ма, әйтеуір, төрт адамы сол жерде құлап түсті де, қалғандары тастардың артына жасырынып, қарсы атысты. Олардың соңынан рота келе жатқандығын білгендіктен мен аса асыққан жоқпын, қалай болса да бұл топтың көзін құртатынымыз белгілі, сондықтан уақытты соза тұрғанымыз бізге қолайлы. Ендігі мақсат – жауды көздің қырынан шығармай ұстап, граната лақтыратындай жерге жақындатпай және шашырап

қашып кетуіне жол бермеу. Радиобайланыс жоқ, әр бір бөлімше командирінің қолындағы Р-148 рациясы да, одан әжептәуір қуатты Р-107 рациясы да тау арасында пайдасыз болып қалады. Тағы «Ромашка» деген рациямыз бар да, бірақ ол авиациямен ғана байланысуға арналған, ал олар әлі аспанда көріне қоймады. Жауынгерлер алдын ала ескертіліп қойылған, патрондарыңды үнемдеп, көбінесе бір-бір оқтан көздеп қана атып отырыңдар деп. Біраз уақыттан кейін аспанда екі Ми-24 пайда болды, біздің жасақ командирімен келісе отырып, біз жүрген алқапты шолуға шыққан сияқты. Дереву сигналдық қызғылт түтін салдырдым да, өзімізді белгілеп, рациямен байланысқа шықтым. Вертолетшілер ротаның жақындап қалғанын айтты. «Коробкалар», яғни БМП-лар жол бойында қалып, «қарындаштар» біздің бағытымызда келе жатыр деді. Сөйлесіп жатқанымызша вертолеттер бұрылып келіп шүйілді де, НУРС-тарымен екі дүркін соққы жасап, пулеметтерімен бір сыпыртып өтіп кетіп қалды. Сол уақытта солдаттардың біреуі «духтар» кетіп бара жатыр деп айғай салды. Бұған жол беруге болмайды, мақсат жою болатын. Біртіндеп орын ауыстырып, олармен жақындасуға тура келді, бірақ өзіміздің үстем, яғни олардан жоғары болу жағдайымызды сақтап отырып. Шайқас басталысымен үш сағат өткен кезде дұшмандардың сыртынан мылтықтардың атылған үні естілді, бұл рота еді жетіп үлгерген...

Міне, менің, бір жыл он бір ай, немесе 700 күн мен түн аянбай айқасқан шынайы жаумен ақырғы салған шайқасым осындай болды.

БМП-ларымызға отырып негізгі трассаға қайта шыққанымызда подполковник Керімбаевтан бұйрық келді, «Рота тағы бір колоннаның өтуін сақтандыруға қалсын, ал аға лейтенант Жантасов екі машинамен кейін оралсын Одаққа қайту үшін, «заменщик» келді» деген. «Заменщик» деп елге қайтып бара жатқан кісінің орнына келген адамды айтады. Құлаққа майдай жағатын сөз еді, шіркін...

Совет Одағынан тыс жерде қызметте болған әрбір офицер не прапорщиктің есінде бар, бұл сөздің қандай жағымды естіліп, қандай тәтті қиялдарды оятатыны.

**1983 жылғы 25 қыркүйек күні** Ауғанстан Демократиялық Республикасынан келген, бортында үлкен бір топ советтік офицерлер мен солдаттар бар КСРО Әскери-әуе Күштерінің Ил-76 транспорттық самолеті Ташкент қаласының «Тузель» аэропортына келіп қонды. Соғыс сол күні мен үшін аяқталды...

Бірақ естегі ойлар өлсін-өлсін сол отты жылдарға қайта апарып отырады. Көз алдыма өз солдаттарымның жүздері елестейді, тірілері де, өлгендері де. Әлі де есімде, алғашқы өлген жауымның беті, сөнген жанары мен ашулы ақсиган аузы. Түксиіп төніп тұрған зәулім жартастар мен тау өзендерінің бөтен дүниеден есіп тұрғандай ызғарлы суық лебі осы күнге дейін ұмытылмайды. Бізбен қатар, дұшмандармен аянбай соғысқан ауғандық әскердің аздаған офицерлері де есімде. «Черный тюльпандағы» масқара иіс пен цинкті табытқа салған мәйіттерді жеткізгеніміздегі күңіренген аналардың ышқынып шыққан айқай-дауыстарын да ұмытқан жоқпын.

Ауғаннан кейінгі алғашқы жылдары, түсімде аяғымның қасына келіп түсіп, ақырын маған қарай домалап келе жатқан гранатадан, не болмаса оғым таусылып, жанталасып автоматыма жаңа магазинді сала алмай жатырмын, ал дұшман өз винтовкасын маған қарай кезеніп, көтеріп жатқанынан суық терге малшынып оянып кететінмін. Ал ең керемет рақатты алыс жолға машинамен шыққанымда алатынмын – ешкім сені атпайды, ал жолдарда мина жоқ. Егер сенсеңіз, бұл дегеніңіз үлкен бақыт!

...Ойлар, түстер, естегілер. Кейде бірінен бірін айыра да алмай қаласың, қайсысы болды, ал қайсысының болуы мүмкін екендігін. Бірақ біздің дәл білетініміз, мұндайды қайталанбауы керектігі. Адамзатқа ертеден мәлім, жауы дегенде аяусыз қаһарман келетін, ал өз елі үшін ең мықты қалқан болатын, бейбіт өмірдің ең басты жақтаушысы, сөйте тұра өзгеден ерекше тіршілікті аңсайтын – солдат екені. Біздер де, «ауған» соғысының офицерлері мен солдаттары, сондай болдық, сондай болып қалдық та.

## Ауғанстандағы соғыс кезінде жеке құраммен саяси-партиялық жұмыс жүргізудің кейбір мәселелері жөнінде

Қысқаша Ауғанстандағы соғыс кезінде жеке құраммен саяси партиялық жұмыс (*партийно-политическая работа – авт.*) жүргізудің кейбір сұрақтары жөнінде тоқтай кетейін.

Жоғарыда айтылып кеткен жасақтың саяси-партиялық аппараты жеткілікті мөлшерде роталық және жасақтық деңгейдегі саяси қызметкерлерден құрастырылған болатын. Жасақ командирінің саяси жұмыстар бойынша орынбасары майор Мұратов Мұхтар Зиятденович бізге 22-ші арнайы мақсаттағы бригадadan ауыстырылды, естеріңізге сала кетейін, біздің жасақ осы бригаданың базасында құрылған. Ал жалпы, біз Қапшағайда жүргенімізде саяси-партиялық жұмыстар осы бригаданың саяси бөлімінің қадағалауында болды. Ол кезде политотдел деп аталатын бұл бөлімді подполковник Зайцев басқаратын. Қызметкер ретінде бұл кісі партия съездерінің шешімдері мен жоғарғы саяси органдардың директивтік нұсқауларын мүлтіксіз орындап отыратын қазымыр аппаратчик болатын. Бірақ сөйте тұрып, біздің жасаққа бөлінген саяси-партиялық жұмыстарды қамтамасыз ету үшін арналған материалдық-техникалық құралдарды ұялмай-қызармай зәбірлік жасап, тәркілеп отырды. Онысына қоса біздің жасақты өңшең азиаттардан құрастырған, жұмсақтап айтқанда, екінші сорттағы құрам ретінде санайтынын, әскери училищелерден жаңа ғана шыққан жап-жас лейтенанттар, біз де, сезетінбіз. Оның бізбен жасайтын бар жұмысы, танауын көкке кернеп жоғарыдан нұсқау берумен шектелетін. Бір сөзбен айтқанда, саяси жұмыстың бай-мырзасы еді. Біздің солдаттар мен офицерлерге оның бары мен жоғы бәрібір болатын да, ал біздер, саяси қызметкерлер, іштей ұнатпайтынбыз.

Әлі есімде, оның инфекциялық аурумен ауырып қалғанында біздің жасақтың күлкіге батқаны. Ал жағдай былай болған еді. Күндердің бірінде біздің солдаттардың арасында дизентерия деген іш ауруы етек алып кетті. Әрине, бұл жағдай

біз бригадамен бір асханадан тамақтанатын болғандықтан, олардың басшылығын алаң еткізді. Басында Зайцев офицерлер мен прапорщиктерді жинап алып әңгімелесті де, сосын бүкіл жасақты сапқа тұрғызып, бәріміздің алдымызда дизентерия туралы айтып берді. Сөзінің негізі – дизентерия қолдың кірінен, сондықтан қолдарыңды жуып жүріңдер. Сөйдеді де екі қолын көтеріп, алақандарын олай-бұлай бұрмалады, көріңдер, қандай таза болу керек екен дегендей. Ал келесі күні өзі жатып қалды медсанбатқа сол дизентериямен. Ол, әрине, сөзсіз қолын жуып, таза ұстап жүрді, бірақ біз үшін мұнысы күлкілі болып еді.

Жарайды, Зайцев өзімен кетсін, жасақтың әңгімесіне оралайық. Келесі болып саяси қызметкерлер сатысында партбюро хатшысы тұратын. Егер жасақ офицерлері түгелімен дейік, коммунист болғанын ескерсек, бұл лауазымның шын мәнінде қаншалықты маңызды болғанын түсінуге болады. Бірақ сол баяғы Зайцевтің басқаруымен қалыптасқан жүйемен парторттің бар жұмысы азық-түлік қоймасымен солдаттар асханасында тамақ нормасының толықтығын тексерумен шектеліп қалды. Оған қоса партбюро хатшысын жасақта әрбір тәртіп бұзушылықтың тергеушісі қылып қойды. Мұның бәрі аяғында офицерлер мен прапорщиктердің арасында бұл лауазым түкке тұрмайтын, керексіз қызмет деген ойлар тудыра бастады, ал мұнысы, әрине, сол орында жүрген офицердің абыройына нұқсан келтірді. Айта кетуім керек, шындығына келсек, бұл жігіт кейіннен қазақстандық әскер қатарында өте жоғары лауазымдарға қолы жеткен, кәсіби деңгейі жоғары, іскер азамат болатын. Бұдан былай тәлім ғылып өз түйгенім – кез келген лауазым иесіне бұлай қарауға болмайтыны болды. Егер бөлімшенің штатында қандай да бір лауазым қарастырылған болса, сол орынға тағайындалған адам тікелей өз міндеттерін орындауы қажет, басқа біреудің ойына келгенін атқарып жатпай, мейлі, ол жұмыстар басқа тапсырыстар жүктеп жатқан адамның ойынша сол міндеттерге ұқсас болып көрініп тұрса да. Мұндай көзқарас ең алдымен адамның өз-өзіне деген құрметін төмендетіп, өз міндетіне деген ынтасын жояды. Одан әрі ол біртіндеп өз міндеттерін атқару-

ды салақсырата бастап, орындалғанын тек қағаз жүзінде ғана көрсетіп, көзбаяушылыққа көше бастайды.

Ауғанстанға дәл кірердің алдында партбюро хатшысы болып капитан Сергей Ильинский тағайындалды. Қазір оның бізге қай лауазымнан, қайдан ауысып келгені есте қалмапты, сірә, сол бригададан шығар деп ойлаймын, қалай болса да жасақ арасына тез сіңісіп кетті. Әжептәуір қара күштің иесі, байсалды және пайымды, батыл адам болғандықтан, офицерлер мен прапорщиктердің көңілінен шығып, сыйлы болды. О заманда партбилет өз қалтаңда бар болғанымен ғана бағалы болмай, соны салып жүрген әрқайсымыздан атқарып жүрген міндетімізге жөнді көңіл бөлуге талап етіп тұратын. Қазіргі заманда коммунизмнің догматтарына қандай да болсын көзқарас болса да, оның идеалдары шын мәнінде жоғары және таза болушы еді және, ең бастысы, біздің офицерлік міндет, намыс деген ұғымдарымызбен ұштасып жататын. Ал біздің секретарь Сергей Ильинскийдің кей мезгілде проблема туындаған небір жағдай бола қалса, әр коммунистке өз міндетін байсалды түрде, намысына тимей есіне салу қолынан келуші еді. Бірақ шындығы керек, мұндай жағдайлар аса жиі кезікпейтін де.

Комсомол ұйымының хатшысы, ел арасында комсорг деп атап үйреніп кеткенбіз, лейтенант Эркин Джуматаев болды, сырт көзге енжар, мінезі жұмсақ адам. Бірақ мұның бәрі тек сырт көзге ғана болып шықты. Сондай керемет комсолдық ұйымдастыру қабілеттерімен жарқырап тұрмаса да, ең алғаш жағдай туған сәтте қарғып соғыс машинасына мінді де, шайқасқа қашып кетіп, барды да ...жараланды. Күні кеше ғана взвод командирі болғанының өсері болу керек, дабылдың үнін естіп шыдамағаны.

Штат тізбегіне қарасты әр ротада командирдің, ел ішінде замполит деп атап кеткен, саяси жұмыстар бойынша орынбасары болатын. Саяси орынбасар саны 35 кісіден жоғары бөлімшелерде болуға тиісті болатын, ал біздің роталарда адам саны 70-тен асатын. Барлық саяси қызметкерлер жоғарғы әскери-саяси училищелердің түлектері болғандықтан, түбегейлі базалық білім иесі болатын. Штаттық замполиттерден



тыс, әр бөлімшеде егер коммунистер саны үш адамнан кем болмаса, бастауыш партия ұйымының хатшысы, рота және взводтардың комсоргтары болатын. Бұлар негізгі қызметтік міндетінен босатылмай, қоғамдық тапсырма ретінде жұмыс істейтін. Айта кетуім керек, бұл орындарға орталарында сыйлы, қызметтестерінің арасында абыройы жоғары, қадірлеуге тұратын жауынгерлер сайланып жататын.

Сан жағынан әжептәуір ауқымды осы идеологиялық аппарат түгелімен жеке құрам ішінде жоғары рух, атқарып жатқан әскери міндетінің күмәнсіз дұрыстығын және әр жауынгеріміздің тірескен жауымыздан сөзсіз үстем екендігін тәрбиелеуге көзделген болатын. Бұл айтып отырғаным идеологиялық штамп емес. Әр жауынгерлік тапсырманы орындау жолында жеңіс тек командирлердің шайқасты дұрыс ұйымдастыруымен ғана емес, оған қоса сол тапсырманы орындап жатқан жауынгерлердің жеңіске деген сенімділігімен, бел байлаған қайраттылығының арқасында болып отырды. Ал алдын ала жүргізген идеологиялық бағытталған тәрбиелік жұмыстарсыз осы сенімділік пен батылдықты телу мүмкін емес еді. Көбінесе жауынгер бұл жұмыстардың ықпалын сезбеуі де мүмкін, мұның бәрі өзінің жеке басының батылдығынан, не болмаса командирлер бұйырған соң солай, не былай қимыл жасадым деп. Ал сол батылдықты ұқыптылықты шанышқыға тізбектегендей тізбектейтін ішкі өзек – адамның осылай жасау керек деген ұғынысы. Міне, сол «осылай жасау керек» деген сезімді жауынгер жүрегіне ұялатуға тәрбиелік, не болмаса біздің кезімізде саяси-партиялық деп аталатын жұмыстар қол жеткізеді. Бірақ бұ жерде, біз таңның атқанынан күннің батқанына шейін тек партия жиналыстарымен политинформацияларды өткізумен ғана жүріп, қайда барсақ та соңымыздан жорықтық лениндік бөлмелерді сүйрелеумен болдық деп ойлауға болмайды. Партия жиналыстары мен саяси ақпараттандыру, әрине, болып тұрды, бірақ өте сирек, мысалы, партия қатарына жаңа мүшелерді қабылдағанда, не болмаса тағы бір мысал, 1982 жылдың 10 қараша күні СОКП ОК Бас хатшысы Леонид Ильич Брежнев қайтыс

болғанда. Саяси ақпараттандырулар көбінесе жауынгерлік ақпараттандырумен (боевое информирование) ұштасып жатты. Мұндайда жауынгерлерді жалпы әлемдегі, Совет Одағындағы жаңалықтармен таныстыра келіп, міндетті түрде Ауғанстандағы Совет әскерлерінің шектелген контингентінің іс-қимылдарын әңгімелеп, солдаттар мен офицерлердің жасаған ерліктерін жеткізіп, жайлап өз бөлімшеміздің жақын арада алдында тұрған мақсаттарға көшіп, таяуда өткен шайқастар да талқыланатын. Мұндай ақпараттандырулардан кейін жауынгерлердің көңілінде өзінің атқарып жатқан істері бүкіл 40-шы армияның, тіпті бүкіл Совет Одағында істеліп жатқан істермен ұштасып жатқандай сезім ұялайды. Ал жалпы саяси-партиялық жұмыстар көбінесе жеке әңгімелесу, кейбір жағдайлар туралы пікір алмасу, не болмаса қысқа жиындар түрінде өтіп жататын. Бірақ есеп беру үшін протоколдар жасалып жататын, бұл система болғандықтан ешқайда қашып құтыла алмайсың, бекітіп қойған жайттардан.

Бөлімшелерде Одақтағыдай түрлі тақырыптағы плакаттармен жабдықталған лениндік бөлмелер жасалмайтын, бірақ сонда да орнықты жайғасқан жерлерімізде әр ротада керегінде жеке құрамды жиып керегімізді талқылап, тапсырыстарды жеткізіп, не болмаса тағы да бір басқадай іс-шараларды өткізуге арналған орын болатын. Бұл бөлмелерде жағдайымыз келсе партияның Бас хатшысының портретін, бір-екі ұран іліп қоятынбыз. Мұндай әшекейлендіру ол орындарға бейбіт уақыттың елесін беріп, өз құндылықтарымызға мығым екенімізді көрсетіп тұратын. Шығармалы блок-бекеттерде, ол кезде біз блок-бекет деген атауды қолданбайтынбыз, ешқандай көрнекті насихат элементтері болмайтын, жорықтық үгіт-насихат планшеттерін алып жүргеннен де тау басына бір цинк болса да патрон көтергеніміз тиімділеу болатын. Шындығын айтсам, соларды жасаңдар, не алып жүріңдер деп талап қойып жатқан да ешкім болған жоқ, себебі соғыс жарғысында (*боевой устав – авт.*) партиялық-саяси жұмыстарды жүргізу туралы тарауында көрнекті насихат элементтерін алдыңғы шепте жабдықтау туралы ешбір талап жазылмаған.

Партиялық-саяси жұмыстың негізінде әр жауынгермен жеке-дара жұмыс жасау мен өзіндік үлгі тұратын. Бір рет болсын рухыңның әлсіздігін байқатсаң болғаны, бөлімшеңде еш нәрсеге жарамайтын масылға айналасың. Осы екеуіне қоса тағы да әрдайым қол астыңдағылардың тұрмыстық жағдайының қамын ойластыру. Бұл істе сен, замполитті айтамын, рота старшинасы екеуің солдаттың жағдайына туған анасынан кем қамқор болмауың керек.

Міне, меніңше, рота деңгейіндегі саяси қызметкердің жұмысының негізгі принциптерін құрайтын осы үшеуі:

1. Жеке-дара жұмыс.
2. Өзіндік үлгі.
3. Қоластыңдағылардың қамын ойластыру.

Тәрбиелеу әрекеттерінің ең ықпалды түрі – ұжым арқылы тәрбиелеу түрі. Бірақ бұл әдіс советтік тәрбиелеу жүйесіне жат саналып, қолдануға тыйым салынған болатын, мысалы, жүгіре алмайтын бір солдат үшін бүкіл бөлімшені жүгіртіп қою деген сияқты. Жауынгер теріс қылығы үшін сенің алдында ғана емес, бүкіл қызметтестерінің алдында кінәсін мойындап, ұятты болу керек. Келеңсіз қылық жасап, тәртіп бұзушы бола тұра мұндай батырсымақ басқалардың алдында ерлік иесі болып қалмауы керек. Күндердің бірінде біздің ротаның солдаттарының бірі жергілікті тұрғындарға цинкті алдын ала бізбен тесіп, су құйып қайнатып, патрон сатып жүргенінде ұсталды. Солдат тұрғысынан қарасаң, айлакер, нағыз ер жігіт, дұшмандарды да қатырды, ақша да тапты дейтіндей. Ал бірақ рота да сол патрондарсыз қалды ғой. Жаңағы «батырды» бір ай бойы шайқастардан аластаттым. Барлығы соғысуға кетеді, ол болса ротада кезекші дневальный, қауіп-қатерсіз жағдайда. Біртіндеп солдаттар оған жағымсыздықпен қарай бастады, ал ол біраздан соң не істесеңіз, соны істеңіз, бірақ елмен қатар шайқасуға мұрша беріңіз деп зар салды.

Совет Армиясы мен КСРО Әскери – Теңіз Флотының Бас саяси басқармасы, Түркістан әскери округі саяси басқармасы, 40-шы армияның саяси бөлімі әскери бөлімдер мен бөлімшелерге бірыңғай жеке құраммен жұмыс ұйымдастыру жолдары

туралы әр түрлі әдістемелік нұсқаулар жіберіп отыратын. Оларды құрастыруға белгілі оқымыстылар мен ғылыми-зерттеу институттары қатысқанын білемін. Кейбіреулерін қолданып та жататынбыз, бірақ, өкінішке орай, көбісі тыныш кабинеттерде жаратылып, соғыс болып жатқан Ауғанстандағы шынайы әскери өмірге еш қатысы жоқ, өлі туған құжаттар болатын. Біздің мақсаттарымыз СОКП Орталық Комитетінің кезекті Пленумының шешімдерін орындағаннан не болмаса жеке құрамды В.И. Лениннің ісіне адал берілгендікте тәрбиелеуден өзгешеулеу болатын еді. Сол Лениннің ұшқыр нақылдарының бірін сәл өзгертіп айтсақ, біздің алдымызда қоластымыздағы жігіттердің рухын кез келген әскери тапсырманы орындауға даяр жоғары жауынгерлік жағдайда ұстау мақсаты тұратын. Ойлаймын, бұл мақсатты біз орындай ала алдық деп.

Оқырман өзіне әскер арасындағы саяси жұмыстың жалпы бағытын елестетіп көруі үшін Түркістан әскери округі саяси бөлімінің Ташкент қаласында 1982 жылы басылған «Советтік жауынгерге Ауғанстан жөніндегі жадынамадан» үзінді келтірейін:

«...Советтік жауынгер! Империализмнің агрессивтігі кең етек алып, Демократиялық Ауғанстан Республикасының ішкі істеріне толассыз қарулы қол сұғу жағдайында сенің мақсатың бұрынғыдай өз әскери және интернационалдық борышыңды неғұрлым жақсы орындау. Сондықтан сен тек қана өз әскери шеберлігіңді шыңдап қана қоймай, осы күні жүріп жатқан елді жақсы біліп, оның халқын, дәстүр-салтын сыйлауың керек. Сен Ауғанстанның тарихын, мәдениетін, экономикасы мен саясатын білуге тиістісің...»

*Қарағанды – Алматы – Қарағанды,  
наурыз, 2014 жыл*

**Жасақ офицерлері мен прапорщиктерінің 1980 жылдың қаңтарынан 1983 жылдың қыркүйек айына дейінгі лауазымды орындары көрсетілген тізім**

**Жасақ басқармасы:**

*Жасақ командирі* – Керімбаев Борис Төкенұлы

*Командирдің бірінші орынбасары* Бексұлтанов Нарын (жараланды), Бекбоев Мәлс

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Емельянов Владимир Михайлович (Ауғанға кірер алдында орнынан босатылды), Мұратов Мұхтар Зиятдинович.

*Штаб бастығы* – Джунушев Галиаскер (1983ж. тамызында Одаққа ауыстырылды), Дубин Сергей (жараланды).

*Техника жұмыстары бойынша орынбасар* – Фадеев Сергей Николаевич.

*Тыл бойынша орынбасар* – Мухитдинов Хамид Саидович (жараланды).

*Барлау бастығы* – Жасұзақов Сәкен Әділханұлы.

*ШБ көмекшісі* – Алиев Владимир.

*Партбюро хатшысы* – Тұрманқұлов Бақыт (Ауғанға дейін ауыстырылды), Ильинский Сергей.

*Комсомол ұйымының хатшысы* – Джуматаев Эркин (жараланды).

**Қызмет бастықтары:**

*Киім-кешек және азық-түлік қызметінің бастығы* – Амелин Михаил.

*Инженерлік қызмет бастығы* – Селютин Сергей.

*Қаржы қызметінің бастығы* Қуанов

*Қару-жарақ қызметінің бастығы* – Соловьев.

*Әуе-десант қызметінің бастығы* – Мартынов Сергей (Екінші рота командирі болып тағайындалды, жараланды), Силаев.

**1-ші арнайы мақсаттағы рота**

*Командир* – Шатемиров Талай.

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Батуев Бато Минбаевич (қаза тапты).

*Техника жұмыстары бойынша орынбасар* – Литвиненко Сергей.

*Рота старшинасы* – Пильганский Николай.

*Топ (взвод) командирлері:*

*1-топ* – Ағзамов Әлішер.

*2 топ* – Усенов Мирбек (Миша), Ломанов Геннадий.

*3-топ* – Тагир Айдаров (2-ші ротаға ауыстырылды), Матвийчук Анатолий.

### **2-ші арнайы мақсаттағы рота**

*Командир* – Смайылов Сейілхан Алпысбайұлы (жараланды), Ахметов Қалибек Газизұлы (қаза тапты), Радчиков Валерий (жараланды), Мартынов Сергей (жараланды), Радчиков Валерий (госпитальдан оралып келген соң қайта тағайындалды).

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Жантасов Амангелді Теміржанұлы.

*Техника жұмыстары бойынша орынбасар* – Шадрин Василий.

*Рота старшинасы* – Тохтахунов Нурдун (Юра).

*Топ (взвод) командирлері:*

*1-ші топ* – Ахметов Қалибек (рота командирі болып тағайындалды), Усенов Мирбек.

*2-ші топ* – Жатақпаев Бақытжан

*3-ші топ* – Джуматаев Эркин (жасақ комсоргі болып сайланды, жараланды), Айдаров Тагир.

### **3-ші парашюттік-десант ротасы**

*Командир* – Бекбоев Мэлс (жасақ командирінің орынбасары болып тағайындалды), Матвийчук Анатолий Александрович.

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Смагулов Марат (жараланып ауысты), Вельбоев Виктор.

*Техника жұмыстары бойынша орынбасар* – Құлбаев Гафур

*Рота старшинасы* – Левкович Геннадий.

*Топ (взвод) командирлері:*

*1-ші топ* – Махашев Сергей (жоғарылатылып басқа әскери бөлімге ауыстырылды), Егизаров Игорь.

*2-топ* – Мереддурдыев Ринат.

*3-топ* – Дүйсекеев Мұқан (4-ші ротаға ауыстырылды),  
Богдашкин Андрей.

#### **4-ші гранатометтік рота**

*Командир* – Әжібаев (Ауғанға кірер алдында ауыстырылды),  
Куманяев Яков.

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Асипов Ишен  
(Ауғанға кірер алдында ауыстырылды), Сивин Владимир.

*Топ (взвод) командирлері:*

*1-топ* – Аюбаев Жұмабек (жараланды), Бегимбетов Ке-  
несбек.

*2-топ* – Оразалиев Хұрсанәлі (қаза тапты).

*3-топ* – Дюсекеев Мұқан.

#### **5-ші инженерлік-огнеметтік рота**

*Командир* – Заворотный Анатолий.

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Скотченко Алек-  
сандр.

*Техника жұмыстары бойынша орынбасар* – С. Попов.

*Рота старшинасы* – Бубенцов Александр Николаевич.

*Топ (взвод) командирлері:*

*мина қоюшылар тобы* – Ярмухамедов Ильдус;

*огнеметтік топ* – Березин Владимир Юрьевич (қаза тапты);

#### **6-шы транспорттық рота**

*Командир* – Петрович Валерий.

*Саяси жұмыстар бойынша орынбасар* – Жантасов Амангелді  
Темиржанұлы (2-ші ротаға ауыстырылды), Уажанов Серік.

*Автомобильдік взводтар командирлері:*

Кравченко Александр;

Масленников Константин.

*Материалдық қамтамасыз ету взводы* – мерзімді қызмет  
сержанты.

**ЗСУ 23-4 (Шилка) тобы**

*Командир* – Волков Николай.

*Лаборатория бастығы* – Матвеев Валерий.

*Техник* – Яшкин Яков.

**Байланыс тобы**

*Командир* – Козич Владимир.

*Топ командирінің орынбасары-радиостанция бастығы* – Савинков Владимир.

**Медициналық-санитарлық бөлім:**

*Бастық* – Рахманқұлов.

*Дәрігер-хирург* – Утеев Асылхан Алпыспайұлы.

*Дәрігер-анестезиолог* – Ниякин Сергей.

*Дәріхана бастығы* – Усенов Нұрбек.

**Құпия бөлім** – Мирошниченко.

**Қойма бастықтары:**

– *қару-жарақ* – Чечулин Валера;

– *жанар-жағар май* – Булатов Роберт;

– *киім-кешек* – Лысов;

– *азық-түлік* – Бокун Алексей.

**Асхана бастығы** – Лукьянов Евгений Петрович.



## Жыр дәптерінен

*Амангелді Жантасов*

### Рассказ о том, как мы однажды сопровождали колонну

Надрывно гудя, завывая,  
Колесами грязь меся,  
Колонна Камазов большая  
В зеленую зону вошла.  
И тут тишину разорвало,  
Наполнился криком эфир:  
«Бекбоева в клещи зажали!  
Гранатой Нарын подбит!»  
Прострелен из «Бура»\* Смайылов,  
Кровью залита броня.  
«Там трудно ребятам,.. вертушки», –  
Просил он, в сознание придя.  
И Яшу – комроты четыре,  
Вывел из строя душман,  
Когда подорвали машину,  
Осколок в него попал.  
Убит пулеметчик Давыдов,  
Пуля под сердцем прошла.  
Стонет в машине Туаев –  
Насквозь пробита нога.  
Грохотом, стоном и свистом  
Полон кишлак под горой.  
«Ребята, держитесь, держитесь!» –  
Командует нам «нулевой».\*  
Бой был там жуткий и скорый,  
Всего лишь тридцать минут,  
Но сколько страданий и горя  
Схватки такие несут...  
Один потерял там два пальца,  
Другому – всю кисть унесло.

Шесть было еще там тяжелых,  
А трое – навек полегло.  
Надрывно гудя завывая,  
Колесами грязь меся,  
Колонна Камазов большая  
На базу отряда пришла

*Афганистан, 4.12.1981 г.*

\* «Бур» – английская винтовка старого образца калибра  
7,62 мм.

\* «Нулевой» – позывной командира отряда

Если друг, ты такого не видел...

Ох и чудный вечер, друзья,  
И никак нам грустить нельзя,  
Что сегодня вот такое застолье,  
А с рассветом снова война.

И снова разрывы снарядов,  
Свист пуль и предсмертный вскрик...  
Если друг, ты такого не видел,  
Хоть представь ты все это на миг.

А пока, веселитесь, ребята,  
Пусть душманы боятся, а нам  
Не к лицу, офицерам спецназа  
Грусть пускать в свои сердца.

Знаем мы, что все это не вечно,  
Пишем письма, замены все ждем,  
Ну, а если вперед нам прикажут,  
В час любой мы в опасность шагнем.

И снова разрывы снарядов,  
Свист пуль и предсмертный вскрик,

Если друг, ты такого не видел,  
Хоть представь ты все это на миг.

*ДРА. Меймене, Рахматабад 1981 г.*

### **Женщинам Востока**

О, женщины Востока!  
Когда увижу ваши лица,  
Когда вы миру покажете глаза?  
Как тень веков, безжалостных и диких,  
Ваш лик прекрасный скрывает паранджа.  
Ведь чья-то дочь, кого-то ты жена,  
А для кого — заветная мечта.  
И неужели этим людям не понятно,  
Как человека унижает паранджа!

*Меймене 1981 г.*

### **Борису Туkenовичу в день рождения**

Сын казахских степей необъятных,  
Внук седых Алатауских гор,  
Как в былые века твои предки,  
Будь к врагам беспощаден и зол.

В твоем сердце пылает, мы знаем,  
Исполинский, огромный пожар,  
Тот, который всегда согревает  
В миг любой, если воин устал.

Нам известно и то, что добрый,  
Хоть порою бываешь и строг,  
И за строгость твою не в обиде,  
И не думаем, что это порок.

Мы все это сказали, Тукеныч,  
Не затем чтобы Вас восхвалить,  
А затем, чтоб с годами когда-то  
Не смогли б этих черт позабыть.

Тридцать четыре – это возраст мужчины,  
Когда ум обретает холодный расчет.  
Когда мудрость и смелость не спорят уж боле,  
А об руку вместе ведут Вас вперед.

Вы старый вояка, наш друг командир,  
И наказ офицерский наш прост,  
Чтоб не было ран и всяких там дыр,  
И не списаться в обоз.

Мы ныне сметаем с афганской земли  
Всякую нечисть как сор,  
Живите же долго и будьте сильны,  
Наш уважаемый «Кара-майор!»

*ДРА Меймене. 12.01.1982 г.*

### **Неразлучный мой друг АКМ**

Огрубевшей, усталой ладонью,  
Ощущая стальной холодок,  
Нежно глажу твой ствол вороненый,  
Рукавом протираю цевье.  
Ты давно уж не блещешь окраской,  
Не падит время даже металл,  
От боев, что бывают так часто,  
Видно, друг мой, и ты устал.

Но усталость твоя незаметна,  
Также верно выводешь напев,  
Так же метко, как когда-то мишени  
Обрываешь ныне вражеский бег.

Выйдет срок, и наверно когда-то,  
Мне придется носить лишь ПМ,  
Но тебя буду помнить всегда я,  
Неразлучный мой друг АКМ.

*ДРА кишлак Файзабад. 1981 г.  
Моему тестю, фронтовику, Исагулову Зейнулле*

### **Орудийный окоп**

Я сегодня вспомнил о Вас,  
Ветеран мой, с седыми висками.  
Тот, который был трижды отмечен  
Осколками крупновской стали.  
Против танков дрался когда-то,  
Не беря их количество в счет,  
Окрыленный верой в победу  
Орудийный Ваш расчет.  
И я вспомнил об этом не просто,  
Не в кресле с газеткой сидя,  
А на гребне одной из высоток,  
Что недавно рота взяла.  
И лежал я, укрывшись за камнем,  
Низко сдвинув каску на лоб,  
А напротив, с каменистого взгорка  
Бил по роте, по нам пулемет.  
И пройти оставалось немного,  
Каких-нибудь триста шагов,  
Но с фурчанием смерть летала,  
Покрывая испариной лоб.  
Вот тогда-то и вспомнил о Вас я:  
Перешагнув через пропасть годов,  
В сорок третьем мы с Вами копали  
Орудийный Ваш окоп.  
А потом Вы к прицелу приникли,  
В перекрестье «тигра» лоя,  
Я снаряды таскал Вам с укрытия,

Заливало мне потом глаза...  
В том бою мы крепко стояли,  
Догорала вражья броня...  
Я остался стоять на высоте,  
А расчет Ваш к победе шагал.  
Вот тогда-то меня захлестнуло,  
Не страшны стали триста шагов.  
Я поднял свою роту в атаку,  
А в глазах был Ваш тот окоп.  
И я верю теперь несомненно  
В связь времен, поколений, годов.  
В час труднейший всегда мне поможет  
Орудийный Ваш окоп.

*Афганистан. 1982 г.*

### Сыну

Я воюю в чужой стороне  
Здесь не ради чинов и славы,  
А затем, чтоб на нашей Земле  
Счастьем лица людей сияли.  
Тут, сынок, людям очень тяжело,  
Беднота и забитость кругом,  
Но и в этом сумраке властно  
Зазвучал голос правды о том,  
Что нельзя человеку мириться  
С гнетом сильного над бедняком,  
Подставлять свою спину смиренно,  
Ожидая удара кнутом.  
И когда нас позвали на помощь  
От тиранов страну очищать,  
Мы пришли, потому как привыкли  
Бескорыстно в беде помогать  
И я верю, сынок, что с годами  
Тут такую красу сотворят,  
Зацветут все долины садами,

Каждый дом будет счастьем богат...  
Но для этого надо бороться,  
Лишь в борьбе побеждается зло,  
Ты об этом, сынок, помни крепко,  
И сражайся всегда за добро!

*ДРА. Дарзаб 1982 г.*

### Досым Бақытжанға

Тау басында отыр едім,  
Рацияны шұқылап.  
Кенет «Рулет»\* қайдасың?» деп  
Эфир кетті шуылдап.

Досым маған хабар айтты,  
Қуанышымен бөлісті,  
Сонау алыс елімізде  
Туыпты бір нәресте.

«Бір фляжка спиртім бар,  
Жуамыз, – деді ол. – Аман!»  
Алыс сапар жүргенінде  
Орындалды бір арман.

Табиғаттың заңыменен  
Болды ана Табиғат.  
Бұрын мама дегендерің,  
Енді әже аталад.

Қуанышыңа мен ортақпын,  
Қуанбайын мен неге?  
Қарулас менің жолдасымда  
Сәби туды Әке дер!

*Ауғанстан, 1982 ж.*

\* «Рулет» – маған рациямен сөйлесерде қолдануға берілген  
лақап атау

**Мои мечты**

Грусть, тоска – не война примета,  
Но у нас ведь тоже сердце есть,  
Потому, наверно, на рассвете  
Я проснулся с мыслью о тебе...  
Я мечтал с закрытыми глазами,  
Лежа на дощатом топчане,  
Как пройдем по улице вдвоем мы,  
Шумной и нарядной по весне.  
Мы зайдем с тобой и в парк культуры,  
Посидим на лавке под листвою,  
И качели кинут в поднебесье,  
Где парит, мы будем лишь с тобой.  
А потом заглянем мы в «Орбиту»,  
Вспомним свадьбу, выпьем чуть вина  
И хмельной от хлынувшего счастья  
Понесу тебя я на руках...  
Вот о чем сегодня на рассвете,  
Думая лишь только о тебе,  
Я мечтал с закрытыми глазами  
Лежа на дощатом топчане.  
Но это все, любимая, лишь мысли,  
Куда порой мечты нас не занесут,  
Но ведь солдат всегда мечтать обязан,  
Чтобы тоска не сжала, стиснув в круг.  
И пусть мне тут бывает очень трудно,  
И тысячи смертей нас стерегут,  
Я все стерплю, пройду я все преграды  
И ранним утром к тебе я подойду.  
Я подойду к тебе и скажу: – Здравствуй!  
Вот и пришел я с полей войны...  
И засмеешься ты счастливо и радостно,  
И исполнятся все мои мечты.

*ДРА. Дарзаб 1982 г.*



## Моя рота

Рота, моя рота – вечная забота,  
Сколько дней тревожных прожито с тобой...  
То жена ворчала – к роте ревновала,  
А теперь и вовсе день и ночь с тобой.

Брали перевалы, кровью побратались,  
Молча стиснув зубы, шли на смертный бой,  
А порой бывало, тихо чертыхаясь,  
Дни считали каждый – сколько же домой.

И знаю я, ребята, если час настанет  
Снова за Отчизну принять где-то бой,  
Встанем мы все вместе, как поется в песне,  
Твердой, нерушимой, крепкою стеной

*1982 г. ДРА. Дарзаб*

## То, что нужно бойцу

Посадите меня на лихого коня,  
Дайте в руки клинок, чтоб рубить я им мог,  
И помчусь я тогда во всю прыть скакуна,  
И сломя, растопчу я любого врага!

Дайте мне вы сынов, тех, что могут без слов,  
Не страшась ничего, в бой идти за народ,  
Поведу их тогда я лавиной стальной,  
И сломя, растопчу я любого врага!

Мне бы клич боевой, не простой, а такой,  
Чтоб, услышав его, встрепенулся любой,  
Чтобы грозным он был, разжигал сердца,  
И сломя, растопчу я любого врага!

Дайте вы мне еще отчий дом в стороне,  
Где мальчишкой я был, первый раз полюбил,  
Пуповины своей кровью землю кропил,  
За нее я всегда поднимаюсь на врага!

Вот что надо, друзья, чтоб всегда мы могли  
Не жалея ничто, в пекло схватки идти,  
И в неравном бою смертью храбрых легли,  
Чтоб бойца не сломить, храбрость в сердце нам влить.

*ДРА. Дарзаб 1982 г.*

### Калибеку Ахметову

Мы военные люди, солдаты,  
Нам привычна армейская жизнь,  
Полигон, орудийного грома раскаты,  
И дороги разбитые вдызг.

К трескотне автоматов привыкли,  
В мир смотреть через тримплексов щель,  
И мгновенным нажатием пальца  
Поражали учебную цель.

Ко всему мы, казалось, готовы,  
Но поверьте без лишних мне слов,  
Задохнулся в беззвучном рыдании, увидев  
Оцинкованный товарища гроб.

И лежал он в усталом покое,  
С горькой складкой на кончике губ,  
С изуродованной правой ногою,  
Влево голову слегка повернув.

А вокруг были слезы, рыдания.  
Обессилел от горя отец.

И в сторонке стояла жена его,  
Вспоминая его каждый жест.

А сынишка, Динар, карапузик,  
Три годка ему этой весной,  
И не знал, что вот с этой минуты,  
Папы нет и он стал сиротой.

Тебя нет, Калибек, ты закончил,  
Боевой свой и жизненный путь,  
Ты прошел его честно и смело,  
И назад нам тебя не вернуть.

Но клянемся тебе лишь в одном мы,  
Что покуда мы в этой стране,  
Будем бить их всех беспощадно,  
Будь в горах он иль в кишлаке.

Спи спокойно, товарищ мой, ротный,  
Пусть земля будет пухом тебе.  
Ты отдал свою жизнь в суровой,  
В беспощадной, но в нужной войне.

Старший лейтенант Ахметов Калибек Газизович, 31 декабря 1955 года рождения, командир 2-й роты специального назначения 177-го отдельного отряда спецназ ГРУ ГШ СССР, кавалер ордена Красной Звезды (посмертно), был тяжело ранен 12 мая 1982 года, скончался от ран 15 мая 1982 года в Кабульском госпитале. Похоронен на кладбище села Чекоман близ города Семей (Семипалатинск)

### **Как у нас в уезде Чаквардак (песня афганской девушки)**

Как у нас в уезде Чаквардак  
Среди женщин шум и кавардак,

Из Кабула прибыл к нам отряд,  
Под названием кодовым «Каскад».  
«Каскадеров» я пошла посмотреть,  
И стояла, скрывшись за мечеть,  
Вдруг гляжу, еще идет отряд  
И забыла я совсем «Каскад».  
Были парни все там хоть куда,  
Темнокожи, черные глаза,  
Все усыаты были как один,  
Как из сказки «Джин и Аладдин».  
Мне сказали, этот батальон  
С Капчагая был к нам приведен,  
Милосердный, праведный Аллах  
Капчагайкам дал бесценный дар!  
«Каскадеров» уважаю я,  
Все блондины, синие глаза,  
Но, увидев этот вот отряд,  
Видно, вовсе я сошла с ума.  
У пророка был зятек Али,  
Говорят, был краше чем они,  
Но милее мне того Али  
Кареглазый ротный замполит.  
Хоть и папа у меня душман,  
Против русских точит ятаган,  
За тебя, мой милый замполит,  
Я согласна на любой обман.  
Буду Маркса честно изучать,  
«Малую землю» как коран читать,  
Но за все мой милый замполит,  
Обещай меня ты полюбить!  
БМП твой будет, как гарем,  
Что ты ешь, то и я поем,  
Будешь жить ты как персидский шах,  
Вразуми же ты его, Аллах!  
Я теперь согласная на все,  
Лишь бы быть с тобою день и ночь,

Если в рейды мне ходить нельзя,  
Машинисткой взяли бы хотя.

*ДРА. Руха 1982 г.*

### **Соғысқа қарғыс**

О, соғыс, мылқау, надан не істеп жүрсің?  
Талай жас қыршынды алып жерге енгіздің.  
Еңіреп қалып жатыр арттарында,  
Не деген қанға тоймас жауыз едің.

Аю жоқ сенде тажал жалғызға да,  
Шаласың, сәбиі бар ананы да.  
Бірде оқ не болмаса жарықшақ боп,  
Өзегін қиясың-ау баланың да.

Оңбаған, атың өшкір мүлдем едің,  
Кезінде жеткізерміз біз де сенің  
Қан сасып, шіріп кеткен көмейіңе  
Адамзат әділеттік ақ семсерін.

*Ауғанстан, 1983 ж.*

### **Ауғанстанда көргенім**

*(Елге жазған хат)*

Ал енді дәм тартқан соң Ауған келдім,  
Көп екен әлі өмірде көрмегенім.  
Шетінен намаз оқып сиынса да,  
Құдайым атқан екен осы жерді.

Баяғы бабаларым заманында  
Естуші ем болған екен ағаш соқа,  
Апырмай, жағдайлары нашар екен  
Жүр әлі жер тырналап сол соқамен.

Елімде үйреніп ем мен пойызға,  
Ал мұнда есек жеккен баяғы арба,  
Шиқылдап таң сәріден кешке дейін  
Базарға тезек тартад саудалауға.

Үйлерін өздерінше там дейді екен,  
Ішіне кірген адам қам жейді екен,  
Бес-алты көрпе жастық бар байлығы,  
Кереует болса, оны бай дейді екен.

Не керек, азып-тозып жеткен халық,  
Болмаған өмірінде ешбір жарық.  
Көргені ғасыр бойы тек құлшылық,  
Алладан сұрауменен қолын жазып.

Бұл елдің жайын айтсам, көп сөз болар,  
Не керек одан әрі көп қазбалап,  
Отаным қолдан келген бар көмегін  
Жатыр ғой арба түгіл мың тонналап.

Сол көмек, ең бастысы, әскер берді,  
Көп әскер бірі болып мен де келдім,  
Таулы тас машақаты көп жер екен,  
Талайды жатқызды ғой қара көрге.

Қантөгіс көрдік қой біз талай шайқас,  
Соғыстың бар қаһарын адам айтпас,  
Өліммен жүз кездескен әрбір күні,  
Жарықшақ, оқ дегенді санап жатпас.

Мақсаттың ең бастысы – жауды жеңу,  
Сонан соң аман-есен үйге келу,  
Тағдырдың не боларын кім біліп тұр,  
Арманым – осы күзде елді көру.

*Ауғанстан, Руха, 1983 ж.*


## Надежен ваш Щит и Меч!

Давно отгремели сраженья,  
Но мир еще полон тревог,  
Поэтому должен священный  
Я помнить свой воинский долг.

Я помню, что могут пролиться  
Смертельным дождем облака,  
И в пепел, в ничто превратиться  
Ребенок с игрушкой в руках.

И долг наш солдатский извечный  
От этих вас бед уберечь.  
Трудитесь, живите, любите –  
Надежен ваш Щит и Меч!

*Украина, г. Николаев 8.08.1984 г.*



Полковник Б.Т. Керімбаев 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасақтың жауынгерлік туымен



Біз көрген Ауғанстан





Екінші ротаның офицерлері. Солдан оңға қарай: А. Жантасов, Н. Тохтахунов, В. Шадрин, Б. Жатақпаев (Руха қ., 1982 жыл)



Жасақ офицерлері



Т. Айдаров, А. Утеев, Н. Усенов, М. Усенов, Рахманқұлов



Солдан оңға қарай бірінші қатарда: Т. Алпамысов, А. Бекбосынов,  
екінші қатарда: Ө. Көбентаев, С. Құлжабаев, А. Усенов, Қ. Манкенов



Жауынгер достар. Ортада сержант Шамиль Рахматулин



Асылхан Утеев операция үстінде



Санитарлық бөлімнің операция жасайтын автомашинасы



Миға түскен жауынгерді операциялау үстінде




Бободжонов пен Б. Тақырбасов (шлемофон киген)



Аға лейтенант М. Дүйсекеев шығармалы бекетте



Екінші рота офицерлері. Бірінші қатарда: Ю. Тохтахунов және М. Усенов, екінші қатарда: Т. Айдаров, А. Жантасов, Б. Жатақпаев, Ф. Стройнов



Орден, медальдармен марапатталған бір топ офицерлер мен жауынгерлер. Ортасында жасақ командирі Б. Керімбаев



Гүлбахор қаласында екінші ротаның казармасын салу жұмыстары



Естелік сурет



Естелік сурет



Екінші рота жауынгерлері





Қызыл Жұлдыз орденінің иегері  
сержант Шамиль Рахматулин



Рахматулин, Кругликов,  
Якиманский



Жауынгер жолдастар



Б. Жатақпаев А. Утеевтің  
сақалын қыруда



Капитан В. Радчиков



Аға лейтенант А.Т. Жантасов



Солдан оңға қарай: М. Атаев, Б. Керімбаев, Х. Мухитдинов,  
М. Амелин, С. Силаев, М. Бекбоев



Н. Усенов, А. Бокун, В. Савенков, С. Ниякин



Аға лейтенант Советбек Бегімбетов, төртінші рота



А. Ағзамов (бірінші рота), Қуанов (начфин) чек ұстан түр



Бірінші рота жауынгерлері оқ-дәрі тасымалдайтын есегімен



Панджшер. Жасақ жорық үстінде



Ауған сарбозы (солдат)



Ф.Стройновтың тобы жауынгерлік тапсырма үстінде дем алуға аялдауда, оң жақ шетте жасақ командирінің саяси орынбасары майор М. Мұратов



Б.Т. Керімбаев (екінші қатарда ортада) бірінші рота офицерлерімен. Сол жақта отырған Николай Пильганский



А. Бокун, Ф. Стройнов, Т. Шатемиров, Ю. Тохтахунов



А. Жантасов, Б. Жатакпаев ауған армиясының формасында



Подполковник Б.Т. Керімбаев ерлігі үшін награда тапсыру үстінде



Жасақ офицерлері және күшейтуге берілген бөлімшелер офицерлері





Офицерлер В. Шадрин, Т. Шатемиров, А. Матвийчук



Солдан оңға қарай: Нұрбек Усенов, Асылхан Утеев, ауған офицері,  
Гафур Құлбаев, Мирбек Усенов



Борис Төкенұлы бөлімшелердің біріне жауынгерлік тапсырма беруде



Жасақ жорық үстінде. «Қара майор» тоқтан тұрған колоннаны аралауда



Солдан оңға қарай: Гречкин, Кругликов, Якиманский



Солдан оңға қарай: А. Утеев, В. Петрович,  
К. Масленников қираған Руха фоньында



Техниканы шайқасқа дайындау



Офицерлер: Р. Мереддурдыев, С. Жасұзақов, Б. Жатақпаев, В. Матвеев



Жауынгерлік топ торуылда



Қышлақтағы шайқас



Б. Жатақпаев және С. Кнатов  
Жұмабек Аюбаевты вертолетке салып жатыр



Аға лейтенант Жатақпаев және сержант Корепанов



Екінші рота командирі  
капитан С. Мартынов



Аға лейтенант В. Шадрин



Екінші рота старшинасы аға  
прапорщик Н. Тохтахунов



Екінші ротаның бірінші топ  
командирі лейтенант М. Усенов



Екінші ротаның екінші  
топ командирі аға лейтенант  
Б. Жатакпаев



Екінші ротаның үшінші  
топ командирі аға лейтенант  
Т. Айдаров



Екінші ротаның топ командирлері





Екінші рота офицерлері Б. Жатакпаев, В. Шадрин, С. Смаилов



С. Ниякин, М. Дюсекеев, В. Радчиков, В. Алиев,  
К. Масленников, Х. Оразалиев, Н. Тохтахунов



Солдан оңға қарай: В. Козич, Т. Шатемиров, С. Уажанов,  
А. Жантасов, белгісіз офицер



Офицерлер Әлішер Ағзамов пен Ильдуз Ярмухамедов



Гүлбахор қаласының түбіндегі тау басындағы 3-ротаның бекеті.  
Төмендегі көп терезелі үй штаб, одан әрі екпелі қалың ағаш қоршаған  
ғимарат мата фабрикасы



Екінші ротаның қарауылын дайындауда. Бәрі де әлі аман еді...



Қалибек Ғазизұлы Ахметов



Валерий Григорьевич Радчиков



Айдаров, Жантасов, Жатақпаев, Петрович, Мирошниченко,  
Волков, Смағұлов. Отырған Левкович.  
Гүлбахор қаласы жасақ штабының алдында



Рота жауынгерлік тапсырмаға шығар алдында.  
(Маңдайына белгі салынғандар қаза тапқандар)



Соғыстан аман қайтқандар...



В. Жатақпаев пен Т. Шатемиров Алматыдағы  
28-панфиловшылар паркінде



Полковник А. Жантасов немересі Дәулетпен. 2011 жыл



Отыз жыл өткен соң, Генерал М.Бекбоев өз жауынгерлерімен. Сайлау Қайранбеков пен Ерсін Идрисов ( фотоаппарат ұстаған)



А. Утеев, И. Дубовенко, О. Тазабеков



Ақтөбелік жігіттер Ақжол Есенғұлов пен Молдабай Молдагереев





Б.Керімбаев жезқағандық жігіттермен. Сол жақ шетте: 4-рота солдағы  
Н. Ағайдаров, оң жақ шетте: 3-рота сержанты С.Қайранбеков



Ешкім де ұмыт қалған жоқ, бәрі де біздің есімізде...

**КСРО Бас штабының Бас барлау басқармасының  
177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының  
(АМЖЖ) – 43151 далалық пошта естелік кітабы**

**Дерекнама:** Владимир Мартаковтың (жасақтың байланыс бастығы) РФ ҚМ Орталық архивінің қайтарылмас шығындарды есепке алу жөніндегі құжаттар бойынша анықтамасы.

Эдуард Птухин (байланыс тобының радиостанция бастығы)  
Александр Кунстманн (154-жасақтың барлаушысы)  
Бүкілодақтық Естелік Кітабы

Ауғанстандағы қызметі кезінде 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасақ өзінің 160 барлаушысынан айырылды. Әр қайсысын жеке атап өтейік (қаза болған уақыт кезегімен келтірілген):



**Андрей Алексеевич ИВАНОВ**  
(30.10.1960 – 07.11.1981)

Ефрейтор, аға пулемётші. Новгород қаласында туған. Ижевск қаласындағы №1 темірбетон зауытында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Ижевск қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

Меймене қаласында 1981 жылы қарашаның 7-сі күні қаза тапты. Туған елінде жерленген.



**Алексей Евгеньевич ДАВЫДОВ**  
(10.07.1961 - 14.12.1981)

Қатардағы жауынгер, пулемётші. Душанбе қаласында туған. Қарулы Күштер қатарына Душанбе қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатымен 1981 жылдың сәуір айында шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1981 жылғы 4 желтоқсан күні шайқаста қаза тапты Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында Қаһармандар аллеясында жерленген.



**Владимир Юрьевич БЕРЕЗИН**  
(21.11.1954 – 15.12.1981)

Аға лейтенант, огнеметтік топтың командирі. Калинин қаласында туған. Қарулы Күштер қатарында 1971 жылдан. Калинин Суворов әскери училищесінен соң Саратовтың Жоғарғы Әскери инженерлік училищесін бітірді. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1981 жылы 15 желтоқсан күні қайтыс болды.

Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Калинин қаласының Дмитрий Черкасы зиратында жерленген.



**Олег Анатольевич МАКСИМОВ**  
(06.07.1961 – 17.01.1982)

Кіші сержант, барлау бөлімшесінің командирі. Алматы қаласында туған. Локомотив депосында жұмыс істеген. 1980 жылғы мамыр айында ҚК қатарына Алматы қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылғы 17 қаңтар күні Дарзаб түбінде Джаузджан деген елді мекенде шайқас үстінде ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматы қаласының Октябрьский зиратында жерленген.



**Виталий Владимирович ЧЕРНОВ**  
(19.12.1962 – 10.03.1982)

Қатардағы жауынгер, сапёр-барлаушы. Алматы қаласында туған. Киров атындағы зауытта слесарь болып жұмыс істеген. 1981 жылы сәуір айы

ында ҚК қатарына Алматы қаласы Калинин аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы наурыздың 10-ы күні құлатып түсірілген вертолеттің экипажын алып шығар кезде қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматы қаласында жерленген.



**Мухтар Залелович ОСПАНОВ**  
(26.12.1961 – 12.05.82)

Ефрейтор, БМП аға механик-жүргізушісі. Семей облысы, Жарма ауданы Орта-Бұлақ ауылында туған. Жарма ауданының «Рассвет» совхозында жұмыс істеген. 1980 жылы мамыр айында ҚК қатарына Жарма аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

12 мамыр күні Меймене түбінде Вунчалак қышлағында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Қалибек Газизович АХМЕТОВ**  
(29.12.1955 – 15.05.1982)

Аға лейтенант, 2-ші рота командирі. Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Шақаман ауылында туған. Қарулы Күштер қатарында 1972 жылдан. Алматы жалпыәскерлік командалық училищені бітірген. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

12 мамыр күні Меймене түбінде Вунчалак қышлағындағы шайқаста ауыр жараланып, 15 мамыр күні қайтыс болды. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған ауылында жерленген.



**Юрий Павлович НЕХ**  
(03.03.1961 – 10.06.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы мамыр айында Душанбе қаласының Октябрь аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы маусымның 10-ы күні Руха түбінде қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында жерленген.



**Олег Петрович АЮЧЕНКО**  
(07.01.1963 – 11.06.1982)

Сержант, ЗСУ «Шилка» командирі. Семей қаласында туған. ПТУ-74-те оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы қараша айында Семей қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың наурыз айынан.

1982 жылы 11 маусым күні қаза тапты (жау машинасын гранатометпен жағып жіберді). Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Семей қаласында жерленген.



**Юрий Николаевич МАКАРЕНКО**  
(23.08.1963 – 11.06.1982)

Қатардағы жауынгер, ЗСУ «Шилканың» радиолокациялық приборлық кешенінің бастығы. Целиноград облысы Макинка ауданының Гордеевка селосында туған. «Ергольский» совхозында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Макинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қаңтар айынан.

1982 жылы 11 маусым күні қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Макинский ауданының Ерголка селосында жерленген.



**Александр Васильевич ПЕРФИЛЬЕВ**  
(17.01.1963 – 11.06.1982)

Қатардағы жауынгер, аға атқыш-гранатометші. Чита облысы, Нерчинско-Заводской ауданы, Михайловка селосында туған. Чита қаласында құрылысшылар техникумында оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы маусым айында Чита қаласының Центральный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы 11 маусым күні колоннаны шабуылдаған жауға тойтарыс беру үстінде ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді. А.В. Перфильевтың атымен елінде көше аталған.



**Базарбай Тұрашұлы АХМЕТОВ**  
(03.12.1961 – 02.07.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Жамбыл облысы, Луговской ауданы, Ақтыртөбе ауылында туған. Алғабас совхозында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1980 жылы қараша айында Луговской аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың мамыр айынан.

1982 жылы шілденің 2-сі күні Базарак түбінде (Панджшер) қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Леонид Павлович БЕЛОЗОР**  
(19.02.1962 - 02.07.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Чернигов облысының Новгород-Северский ауданының Лесконоги селосында туған. «Заветы Ильича» колхозында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Новгород-Северский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 2-сі күні Базарак түбінде (Панджшер) қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Батожан Бимбаевич БАТУЕВ**  
(23.03.1952 – 03.07.1982)

Капитан, 1-ші рота командирінің саяси жұмыстар бойынша орынбасары. Бурят АССР, Иволгинский ауданы Оронгой селосында туған. Қарулы Күштерде 1970 жылдан. Новосібір жалпыәскерлік әскери-саяси училищесін бітірген. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 2-сі күні Базарак түбінде (Панджшер) қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Руслан Анатольевич МАЖАТОВ**  
(21.10.1961 – 03.07.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Қырғыз ССР, Ош қаласында туған. Фрунзе қаласында политехникалық техникумда оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Фрунзе қаласының Октябрь аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.



1982 жылы 3 шілде күні Панджшер шатқалында ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Шешен-Үңгүш АССР, Шелковская станицасында жерленген. Туған жерінде Р.А. Мажатов атымен көше аталған.



**Николай Александрович БАРКИН**  
(11.09.1961 – 04.07.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Калинин облысы Сонковский ауданының Рогово деревнясында туған. «Сонковский» совхозында тракторшы болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Сонковский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған.

1982 жылы 4 шілде күні Панджшер шатқалында Руха түбінде шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Сонковский ауданы Григоровка деревнясында жерленген.



**Владимир Александрович БЕКБОТАЕВ**  
(15.04.1962 – 04.07.1982)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Ош облысы Таш-Құмыр қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Фрунзе қаласының Первомайский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған.

Ауғанстанда 1981 жылдың желтоқсанынан.

1982 жылы 4 шілде күні Панджшер шатқалында Руха түбінде шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Фрунзе қаласының Юго-Западный зиратында жерленген.



**Сергей Иванович ШУМАКОВ**  
(25.07.1961 – 06.07.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Чита облысы, Краснокаменск қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Краснокаменский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылы маусым айынан.

1982 жылы шілденің 6-сы күні Руха түбінде (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ставрополь өлкесі, Лермонтов қаласында жерленген. С.И. Шумаков атымен көше аталған.



**Александр Николаевич БУБЕНЦОВ**  
(10.07.1954 – 10.07.1982)

Прапорщик, 5-ші рота старшинасы. Алматы облысы Шелек ауданының Анатольевка селосында туған. Алматыстрой тресінің СМУ-24-де жұмыс істеген. ҚК қатарына 1972 жылы қараша айында шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылғы қазан айынан.

1982 жылы шілденің 10-ы күні Пьявушт тауының (Панджер шатқалы) етегіндегі шайқаста өз денесімен жаралы солдатты жауып, ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Туған селосында жерленді.



**Дмитрий Романович ЖИЛИНСКИЙ**  
(10.04.1963 – 10.07.1982)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Алматы қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Алматы қаласының Калининский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылы қазан айынан.

1982 жылы шілденің 10-ы күні Пьявушт тауының (Панджер шатқалы) етегіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматы қаласының Центральный зиратында жерленген.



**Виктор Иванович ЖИЛЬНИКОВ**  
(23.06.1962 – 10.07.1982)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Алтай өлкесінің Пристаньский совхозында туған. Талғар ауылшаруашылық техникумында оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Талғар қаласының әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылы қазан айынан.

1982 жылы шілденің 10-ы күні Пьявушт тауының (Панджер шатқалы) етегіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматы облысы Ново-Илийский кентінде жерленген.



**Игорь Анатольевич КАСАТОНОВ**  
(1963 – 10.07.1982)

Қатардағы жауынгер. 1982 жылы шілденің 10-ы күні Пьявушт тауының (Панджер шатқалы) етегіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.



**Абдусатор Фахатович ОСТАНАЕВ**  
(20.03.1962 – 10.07.1982)

Қатардағы жауынгер, аға барлаушы-пулемётші. Тәжікстан, Гиссарский ауданының Нилу қышлағында туған.

1982 жылы шілденің 10-ы күні Пьявушт тауынын (Панджер шатқалы) етегіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Раджабали Сафаралиевич ТАБАРОВ**  
(15.03.1962 – 20.07.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-гранатомётші. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Душанбе қаласының Фрунзенский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылғы шілде айынан.

1982 жылы шілденің 20-сы күні Панджшер шатқалында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен марапатталған. Душанбе қаласында Нефтяник кентінің зиратында жерленген.




**Сергей Николаевич АКСЁНОВ**  
(17.04.1962 – 30.07.1982)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Алматы облысы Талғар ауданының Жалғамыс ауылында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Талғар аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 30-ы күні Баваран қышлағының түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.

**Дайыр Абылович САДЫКОВ**  
(05.07.1962 – 30.07.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Иссык-Куль облысы Иссык-Куль ауданының Қорумдыч ауылында туған. ҚК



қатарына 1981 жылы сәуір айында Фрунзе қаласының Свердловский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 30-ы күні Баваран қышлағының түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Мейралы Егидарович СУЛИЕВ**  
(18.03.1963 – 30.07.1982)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Алматы облысы Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Жамбыл аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 30-ы күні Баваран қышлағының түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Андрей Николаевич ЖИВОТКОВ**  
(27.01.1963 – 01.08.1982)

Қатардағы жауынгер, радиотелефоншы. Чита қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы мамыр айында Чита қаласының Индогинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы шілденің 1-і күні Рухада (Панджшер) минаға жарылып өлді. Чита қаласында жерленген.



**Ибадулла Файзилаевич ЭГАМОВ**  
(21.01. – 08.08.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Өзбекстанда Самарқан облысы Иштыхан ауданының Қазақ ауыл қышлағында туған. ҚҚ қатарына 1981 жылы наурыз айында Иштыхан аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың мамыр айынан.

1982 жылы тамыздың 8-і күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Хұрсанәлі Мәлікұлы ОРАЗАЛИЕВ**  
(19.05.1958 – 14.08.1982)

Аға лейтенант, 4-ші ротада взвод командирі. Ташкент облысы Верхнечирчикский ауданының Джана-Базар қышлағында туған. Қарулы Күштер қатарында 1975 жылдан. Ташкент Жоғарғы жалпыәскерлік командалық училищесін бітірген. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

Пандшер шатқалы Базарак қышлағы маңындағы шайқас үстінде ауыр жараланып, 1982 жылы тамыздың 14-і күні Ташкент госпиталінде қайтыс болды.

Ташкент облысы Коммунистический ауданының Қара-Сақал селосында жерленген.



**Зарылбек Сасыкулович БЕРДАЛИЕВ**  
(22.04.1962 – 25.08.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Қырғызстанның Нарын облысы Кочкор ауданының Кочкор селосында туған. Фрунзе қаласында ауыл-

шаруашылық техникумында оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Фрунзе қаласының Первомайский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың мамыр айынан.

1982 жылы тамыздың 8-і күні Нолава қышлағы түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Кочкор ауданы Жданов селосында жерленген.



**Равиль Умаралиевич БАЙДЖАНОВ**  
(1963 – 25.08.1982)

Ефрейтор. 1982 жылы тамыздың 8-і күні Базарак қышлағы (Панджшер) маңындағы шайқаста қаза тапты.



**Александр Александрович ЕФАНОВ**  
(05.02.1962 – 27.08.1982)

Аға сержант, бөлімше командирі. Алматы қаласында туған. Алматының ГПТУ-3 оқыған. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Алматы қаласының Әуезов аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы тамыздың 27-сі күні Базарак қышлағы (Панджшер) маңындағы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматының Центральный зиратында жерленген.



**Геннадий Александрович ЛУШНИКОВ**  
(07.12.1960 – 27.08.1982.)

Сержант, бөлімше командирі. Ленинград облысы Приозерский ауданының Петровское

селосында туған. «Петровский заводында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Приозерский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың сәуір айынан.

1982 жылы тамыздың 27-сі күні Базарак қышлағы (Панджшер) маңында шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Приозерский ауданында Сосново селосында жерленген.

**Замир Кузиевич АВИЗОВ**  
(11.11.1962 – 12.09.1982)



Қатардағы жауынгер, атқыш. Қырғызстанның Қант ауданында Кировское селосында туған. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Приозерский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қараша айынан.

1982 жылы қыркүйектің 12-сі күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді.

**Анатолий Александрович СИТНИКОВ**  
(03.01.1963 – 12.09.1982)



Қатардағы жауынгер, аға жүргізуші. Амур облысы Шимановский ауданының Тагильцы деревнясында туған. Қырғызстанның Московский ауданында Энгельс атындағы колхоздың трактор бригадасында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Московский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қыркүйектің 12-сі күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Московский ауданында Садовое селосында жерленген. Ол жерде А.А. Ситниковтің атымен көше аталған.





**Исманжан Кучкарович ТАШНАБАЕВ**  
(19.05.1963 – 12.09.1982)

Кіші сержант, огнемётші. Өзбекстанда Наманган облысы Очкорган қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Очкорган аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың сәуір айынан.

1982 жылы қыркүйектің 12-сі күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Очкорган қаласында жерленген.



**Александр Васильевич ДОЛГИХ**  
(22.05.1962 – 17.09.1982)

Қатардағы жауынгер, ЗСУ «Шилка» операторы. Курган облысы Шадринский ауданының Канаши селосында туған. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Шадринский біріктірілген аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың маусым айынан.

1982 жылы қыркүйектің 12-сі күні қаза тапты.

Туған елінде жерленген.



**Ербол Рафаэльевич АБДАРАХИМОВ**  
(14.12.1962 – 23.09.1982)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Қырғызстанның Кемин ауданының Быстроака селосында туған. Алматы түбінде Қарғалы мата комбинатында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылғы сәуір айында Алматы облысы Жамбыл аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың шілде айынан.

1982 жылы қыркүйектің 23-і күні атып түсірілген вертолетте жанып, қаза тапты.

Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Жамбыл ауданы Фабричный кентінде жерленген.



**Андрей Иванович ДЕРЕВЯНЧУК**  
(22.07.1963 – 23.09.1982)

Қатардағы жауынгер, БМД-ның көздеуші-операторы. Мурманск облысы Кандалакша қаласында туған. Машиностроительный зауытта токарь болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Кандалакша қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың мамыр айынан.

1982 жылы қыркүйектің 23-і күні атып түсірілген вертолетте жанып, қаза тапты.

Ерлігі үшін «За отвагу» медалімен марапатталған. Кандалакша қаласының Новое городское зиратында жерленген.



**Хайбулло Абдуллоевич ЛАТИПОВ**  
(04.11.1961 – 23.09.1982)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Тәжікстанның Ленин ауданының Чавли-бой қышлагында туған. «Победа» колхозында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы мамыр айында Ленин аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қыркүйектің 23-і күні атып түсірілген вертолетте жанып, қаза тапты.

Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен марапатталған. Ленин ауданы Исхечак қышлагында жерленген.



**Қанат Пернебайұлы УПЕКОВ**  
(12.12.1962 – 23.09.1982)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Алматы қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Қант қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қыркүйектің 23-і күні атып түсірілген вертолетте жанып, қаза тапты.

Талғар ауданында Калинин колхозының зиратында жерленген.



**Тойбек Джекшенович ТЕРДИКБАЕВ**  
(27.02.1963 – 12.10.1982)

Сержант, бөлімше командирі. Қырғызстанның Қант ауданында Базбармақ ауылында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Алматы облысы Жамбыл аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

Руха қаласының түбіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевы заслуги», Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Курманбек Туменбаевич АБДЫЛДАЕВ**  
(05.08.1961 – 02.11.1982.)

Қатардағы жауынгер, аға пулеметші. Ош облысы Советский ауданының Сары-Бұлақ селосында туған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Советский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылдың қараша айының 2-сі күні снайпердің оғынан қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.

**Виктор Константинович ШЕМЕЛИН**  
(07.02.1964 – 03.11.1982)



Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Чита облысы Карыское поселкесінде туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Карымский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың маусым айынан.

1982 жылы қарашаның 3-і күні Руха қаласының түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен марапатталған. Туған елінде жерленген.

**Сергей Геннадьевич КОЛЕСОВ**  
(24.12.1962 – 07.11.1982)



Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Иркутск облысы Слюдинский ауданының Бакальск қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Краснокаменск қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың маусым айынан.

1982 жылы қарашаның 7-сі күні Руха қаласының түбінде (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Краснокаменск қаласында жерленген.

**Шамиль Сабахович ИШМАЕВ**  
(23.01.1962 – 11.11.1982)



Сержант, бөлімше командирі. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Ташкент қаласының Ленинский аудан-

дық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қарашаның 11-і күні Руха қаласының түбінде (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ташкент қаласында Қарасу зиратында жерленген.



**Игорь Ирикович МАЛИКОВ**  
(23.08.1962 – 16.11.1982)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Душанбе қаласының Центральный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қарашаның 16-сы күні Руха қаласының түбінде (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында жерленген.



**Александр Борисович КОНОНОВ**  
(04.10.1963 – 19.11.1982)

Сержант, санинструктор. Ижевск қаласында туған. «Ижмаш» өндірістік бірлестігінде фрезеровщик болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Удмуртияның Завьяловский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың сәуір айынан.

1982 жылы қарашаның 19-ы күні Руха қаласының түбіндегі (Панджшер) шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ижевск қаласының Александровское зиратында жерленген.



**Владимир Анатольевич КРУГЛОВ**  
(20.11.1961 – 20.11.1982)

Аға сержант, бөлімше командирі. Калинин облысы Старица қаласында туған. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Старицкий аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы қарашаның 20-сы күні Руха қаласында (Панджшер) қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги», Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Старица қаласында жерленген.

В. Круглов туралы мына жерден оқуға болады: <http://history.tver.ru/book/af/kru1.htm>



**Александр Викторович ВОЛКОВ**  
(24.04.1961 – 20.12.1982)

Қатардағы жауынгер. Калининград қаласында туған. ҚК қатарына 1980 жылы қазан айында Калининград қаласының Московский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

Шайқас үстінде басынан оқ тиіп, 1982 жылы желтоқсанның 20-сы күні Кабул госпиталінде алған жарадан қайтыс болды. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Калининград қаласында жерленген.



**Владимир Александрович ТОКМАКОВ**  
(11.06.1963 – 23.12.1982)

Қатардағы жауынгер, БМП көздеуші-операторы. Свердловск облысы Каменск-Уральск қаласында туған. «Октябрь» өндірістік бірлестігінде жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы қазан

айында Каменск-Уральский біріктірілген әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың сәуір айынан.

1982 жылы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Каменск-Уральскийдің Ивановское зиратында жерленген.



**Юрий Витальевич СИВАЧЕНКО**  
(24.07.1962 – 30.01.1983)

Сержант, минёрлар бөлімшесінің командирі. Николаев қаласында туған. Одессада СПТУ-14 оқыған. ҚК қатарына 1981 жылы сәуір айында Жовтневый аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1983 жылы қаңтардың 30-ы күні минасыздандыру үстінде қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Украинада, Николаев облысы Новая Одесса қаласында жерленген.



**Юрий Васильевич САВЧЕНКО**  
(29.09.1963 – 25.03.1983)

Сержант, санинструктор. Ставрополь өлкесінде Түркменский ауданының, Камбулат селосында туған. Александровское селосында зоотехникумда оқыған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Александровский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қазан айынан.

1983 жылы наурыздың 25-і күні жараланған жолдасын соғыс даласынан алып шығып келе жатып, минаға жарылып қаза тапты.

Ерлігі үшін «За отвагу» медалімен, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген. Самбулат селосында оның атымен көше аталған.



**Андрей Евгеньевич БЕЗЗУБЦЕВ**  
(04.05.1964 – 10.06.1983)

Ефрейтор, БМП көздеуші-операторы. Рязан облысы, Шиловский ауданының Срезнев деревнясында туған. Рязань қаласында СУ-25-те дәнекерші болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1982 жылы қараша айында Рязань қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың ақпан айынан.

1983 жылы маусымның 10-ы күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Рязань қаласының Новогражданское зиратында жерленген.



**Александр Борисович ЯРОШЕВИЧ**  
(14.07.1964 – 21.06.1983)

Ефрейтор, БМП көздеуші-операторы. Карелияда Кемь қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Рязань қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың мамыр айынан.

1983 жылы маусымның 23-і күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Кемь қаласында жерленген.



**Александр Васильевич ЗОЛУТУХИН**  
(27.03.1964 – 08.07.1983)

Қатардағы жауынгер, аға пулеметші. Чита облысы Шилкинский ауданының Онон селосында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Шилкинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың шілде айынан.



1983 жылы шілденің 8-і күні шайқаста ерліпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Ислам Акрамович ХАМДАМОВ**  
(03.07.1964 – 18.07.1983)

Қатардағы жауынгер, атқыш-гранатомётші. Ташкент қаласында туған. «Узбекхиммаш» зауытында электрик болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Шыршық қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың мамыр айынан.

1983 жылы шілденің 18-і күні шайқаста қаза тапты. Шыршық қаласында жерленген.



**Николай Иванович СКУЛЯК**  
(03.01.1964 – 03.08.1983)

Қатардағы жауынгер, механик-жүргізуші. Черновицкая облысы Глыбокский ауданының Красная Дубрава селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қыркүйек айында Глыбокский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың желтоқсан айынан.

1983 жылы тамыздың 8-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Муратбек Нумудбекович ТАШЕЕВ**  
(13.03.1963 – 31.08.1983)

Қатардағы жауынгер, көздеуші-оператор. Ташкент облысы Среднечирчикский ауданының Ким-Ген-Хва атындағы колхозда туған. ҚК қатарына

1982 жылы наурыз айында Среднечирчикский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қазан айынан.

1983 жылы тамыздың 31-і күні шайқаста қаза тапты. Туған елінде жерленген.



**Владимир Геннадьевич АЛЕЕВ**  
(28.01.1964 – 04.11.1983)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Симферополь қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Симферополь қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1983 жылы қарашаның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Константин Александрович ВИСЛОБОКОВ**  
(14.11.1963 – 04.11.1983)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Симферополь қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Симферополь қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1983 жылы қарашаның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Ханиф Кашкетдинович ГИМАЗЕТДИНОВ**  
(13.02.1963 – 04.11.1983)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Татарстанда Альтемьевск қаласында туды. Альметьевск-нефть басқармасында жұмыс істеген. ҚК қата-

рына 1982 жылы наурыз айында Альтемьевский біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1983 жылы қарашаның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Виктор Николаевич ГУЛЯЕВ**  
(18.08.1963 – 04.11.1983)

Ефрейтор, снайпер. Омск облысы Каличинск қаласында туған. СПТУ-41-де оқыды. ҚК қатарына 1982 жылы мамыр айында Каличинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың тамыз айынан.

1983 жылы қарашаның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді.



**Сарди Хасанович ТОЛИБОВ**  
(01.12.1962 – 04.11.1983)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Өзбекстанның Самарқанд қаласында туған. Педагогикалық институтта оқыды. ҚК қатарына 1982 жылы мамыр айында Сиаб аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қазан айынан.

1983 жылы қарашаның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Самарқандта Сиаб ауданы, Шахи-Зинда зиратында жерленген.



**Сергей Викторович КОЖАНОВ**  
(24.10.1963 – 05.11.1983)

Сержант, пулеметші. Волгоград қаласында туған. Гипросельхозстрой институтунда жұмыс істеген. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында

Волгоградтың Советский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1983 жылы қарашаның 5-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында Ворошилов ауданының зиратында жерленген.



**Александр Валентинович ЛЕНИДОВ**  
(11.06.1963 – 13.12.1983)

Қатардағы жауынгер, көздеуші-оператор. Свердлов облысы Каменск-Уральский қаласында туған. «Октябрь» өндірістік бірлестігінде жұмыс істеген. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Каменск-Уральский біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың сәуір айынан.

1983 жылы желтоқсанның 13-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Николай Анатольевич СИНЕЛЬНИКОВ**  
(19.12.1963 – 13.12.1983)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Воронеж облысы Панинский ауданының Октябрьский совхозында туған. Воронежде СПТУ-7-де оқыды. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Воронеждің Коминтерновский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қазан айынан.

1983 жылы желтоқсанның 13-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Викторович ЖЕЛУДКОВ**  
(11.03.1963 – 14.12.1983)

Сержант, бөлімше командирі. Рязань облысы Шиловский ауданының Терехово селосында туған. Рязаньда химволокно зауытында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Рязань қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1983 жылы желтоқсанның 14-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Валерий Анатольевич НИКОНОВ**  
(20.06.1964 – 23.12.1983)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Будапешт қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Рязань облысының Рязск аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың сәуір айынан.

1983 жылы желтоқсанның 23-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Рязск қаласында жерленген.



**Константин Николаевич КАРПОВ**  
(03.11.1963 – 13.01.1984)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Воронеж облысы Каширское селосында туған. Воронеждің автошина зауытында жұмыс істеген. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Воронеж қаласының Лего-

бережний аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін екі «За отвагу медалімен, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Владимир Александрович ХАРИТОНОВ**  
(09.05.1959 – 13.01.1984)

Прапорщик, топ командирінің орынбасары. Ростов облысы Дубовский ауданының Ильинка хуторында туған. ҚК қатарына 1977 жылы қазан айында Дубовский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді. Дубовский ауданында Веселый хуторында жерленген.



**Александр Иванович АБОЛИК**  
(13.07.1962 – 14.01.1984)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Минск қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы наурыз айында Минск қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың тамыз айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Минскіде Чижовский зиратында жерленген.



**Евгений Дмитриевич БОНДАРЬ**  
(07.05.1962 – 14.01.1984)

Прапорщик, топ командирінің орынбасары. Донецк облысы Селидово қаласында туған. Шахтада электрослесарь болып жұмыс істеді. ҚК қатарына 1981 жылы қазан айында Селидовский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Александр Васильевич ГУЛЯЕВ**  
(22.03.1963 – 14.01.1984)

Сержант, снайпер. Өзбекстанда Шыршық қаласында туған. Индустриалдық техникумды тәмамдаған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Шыршық қалалық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қаңтар айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін «За Отвагу» медалімен, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Владимир Александрович ЗАЛЕВСКИЙ**  
(05.12.1963 – 14.01.1984)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Гроднеский облысы Свислочский ауданының Лашевичи деревнясында туған. ҚК қатарына 1982 жылы наурыз айында Симферопольский қалалық әскери

комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың шілде айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Евгеньевич МАКАРОВ**  
(12.11.1962 – 14.01.1984)

Сержант, аға пулеметші. Рязань облысы Путятинский ауданының Песочня селосында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір айында Рязань қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың сәуір айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Сергей Михайлович МИРОШНИЧЕНКО**  
(14.10.1959 – 14.01.1984)

Аға лейтенант, топ командирі. Ворошиловград қаласында туған. Қарулы Күштер қатарында 1976 жылдан. Ленинград жалпыәскерлік командалық училищені бітірген. Ауғанстанда 1983 жылдың шілде айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.





**Абдусомат Бегмуратович МОМИНОВ**  
(01.02.1964 – 14.01.1984)

Ефрейтор, санитар. Ташкент облысы Бостанлык ауданының Думалак селосында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Шыршық қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың наурыз айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Қызыл Ту қолхозында жерленген.



**Маркс Сабгатович НИЯЗОВ**  
(08.07.1962 – 14.01.1984)

Сержант, бөлімше командирі. Тюмень облысы, Вагайский ауданы, Тахтагул селосында туған. ҚК қатарына 1982 жылы наурыз айында Тюмень облысының Тобольский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың қараша айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Мухина-Малькова деревнясында жерленген.



**Абдукаххар Абдулхакевич РАХИМОВ**  
(08.09.1964 – 14.01.1984)

Қатардағы жауынгер, аға гранатометші. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Ташкент қаласының Чиланзарский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың тамыз айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ташкенттің Чилинзар-Ота зиратында жерленген.



**Вадим Николаевич СМІРНОВ**  
(01.02.1964 – 14.01.1984)

Ефрейтор, снайпер. Өскемен қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қыркүйек айында Сыктывкар қаласының әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Коми республикасы Сыктывкар қаласында жерленген.



**Сирожитдин Садырович ТУРАХОНДЖАЕВ**  
(23.01.1963 – 14.01.1984)

Кіші сержант, пулемётші. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы шілде айында Ташкент қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қараша айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ташкент қаласында Куйлюк зиратында жерленген.



**Александр Анатольевич ЩЕРБАКОВ**  
(22.10.1963 – 14.01.1984)

Қатардағы жауынгер, пулемётші. Москва облысы Одинцовский ауданының Звенигород қаласында туған. ҚК қатарына 1982 жылы сәуір

айында Звенигородский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың маусым айынан.

1984 жылы қаңтардың 13-і күні Вака қышлағының түбінде (Суруби ГЭС-ы маңында) жасақтың шегінуін қалқалап, қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Одинцовский ауданында Саввинская Слобода деревнясында жерленді.



**Виктор Александрович ВЕЛИКОБОРЕЦ**  
(27.07.1954 – 18.01.1984)

Прапорщик, Жанар-жағармай қоймасының бастығы. Калининград облысы Советск қаласында туған. ҚК қатарына 1973 жылы мамыр айында Советск қаласының әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы қаңтардың 18-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Советск қаласында жерленген.



**Петр Александрович ГЛАДЫШЕВ**  
(27.06.1965 – 03.02.1984)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Тамбов облысы, Первомайский ауданының Новосеславино селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қыркүйек айында Первомайский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың қаңтар айынан.

1984 жылы ақпанның 3-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Сергей Викторович ШУЛЬГА**  
(29.08.1964 – 23.05.1984)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Днепропетровск облысы Новомосковск қаласында туған.

ҚК қатарына 1983 жылы мамыр айында Новомосковский біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қараша айынан.

1984 жылы мамырдың 23-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді.



**Олег Турдиевич БЕРДИЕВ**  
(19.06.1965 – 05.06.1984)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Саратов қаласында туған. Ташкент облысындағы Ангрэн көмір разрезінде жұмыс істеген. ҚК қатарына 1983 жылы қазан айында Ангрэн біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы маусымның 5-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Валерий Геннадьевич ХРЕБТОВ**  
(14.07.1955 – 18.06.1984)

Прапорщик, рота старшинасы. Алматыда туған. ҚК қатарына 1973 жылы тамыз айында Алматы қаласының Октябрьский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың шілде айынан.

1984 жылы маусымның 18-і күні Шераликомор тауының етегінде шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін екі Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматының Октябрьский зиратында жерленген.



**Александр Владимирович ПОПОВ**  
(17.12.1964 – 29.06.1984)

Қатардағы жауынгер, БМП көздеуші-операторы. Ростов облысы Родионо-Несветайский ауда-

ның Плато-Ивановка селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Родионо-Несветайский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қараша айынан.

1984 жылы маусымның 29-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Владимир Владимирович ЛИТВИНОВ**  
(08.03.1958 – 30.06.1984)

Аға лейтенант, рота командирінің орынбасары. Германияда Потсдам қаласында туған. Қарулы Күштер қатарында 1976 жылдан. Алматының жалпыәскерлік командалық училищесін бітірген. Ауғанстанда 1983 жылдың тамыз айынан.

1984 жылы маусымның 30-ы күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Хакасияда Абакан қаласында жерленген.



**Олег Филиппович ТОЛМАЧЁВ**  
(27.05.1964 – 30.06.1984)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Красноярск өлкесі Ачинский ауданының Мозульский рудник поселкесінде туған. ҚК қатарына 1982 жылы қараша айында Тюмень қаласының Центральный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1984 жылы маусымның 30-ы күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Тюмень қаласының Червишевский зиратында жерленген.



**Марат Гафурович ЮЛДАШЕВ**  
(31.07.1964 – 30.06.1984)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Қырғызстанда Ош облысы Джала-Абад қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Куйбышев облысы, Сызрань біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың тамыз айынан.

1984 жылы маусымның 30-ы күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Сызрань қаласының Фомкин сад зиратында жерленген.



**Андрей Николаевич СТРАШНОВ**  
(04.09.1965 – 05.07.1984)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Ульяновск қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қазан айында Ульяновск қаласының Завожский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың наурыз айынан.

1984 жылы шілденің 5-і күні қаза тапты. Туған қаласында жерленген.



**Валерий Борисович БОГДАНОВ**  
(31.05.1964 – 09.07.1984)

Қатардағы жауынгер, БМП көздеуші-операторы. Чита облысы Краснокаменский ауданының Богдановка селосында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Краснокаменский біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың желтоқсан айынан.


1984 жылы шілденің 9-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Владимир Николаевич ЗАБРОДИН**  
(26.06.1965 – 13.07.1984)

Кіші сержант, БМП көздеуші-операторы. Чита облысы Чернышевск поселкесінде туған. Новосибирскіде геологиялық-барлау техникумында оқыған. ҚК қатарына 1983 жылы қараша айында Новосибирск қаласының Калининский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың мамыр айынан.

1984 жылы шілденің 13-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Абдузохид Саидович НАЗАРОВ**  
(10.08.1965 – 08.08.1984)

Кіші сержант, пулеметші. Тәжікстанның Ленинский ауданында Чорбог қышлағында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қазан айында Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың қаңтар айынан.

1984 жылы тамыздың 8-і күні Дани-Нарват қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Ербол Құмарбекұлы ЖҰМАҚАНОВ**  
(25.08.1964 – 09.09.1984)

Кіші сержант, пулеметші. Алтай өлкесінде Қос-Ағаш ауданының Төбелер ауылында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Қос-Ағаш

аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың қаңтар айынан.

1984 жылы тамыздың 9-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Алексеевич ПЕТРОВ**  
(07.03.1965 – 16.09.1984)

Қатардағы жауынгер, аккумуляторшы. Орел қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылы сәуір айында Орел қаласының Заводской аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың сәуір айынан.

1984 жылы тамыздың 16-сы күні ауыр науқастан кейін қайтыс болды. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Орел қаласының Наугорский зиратында жерленген.



**Марат Сайфулович МУХАМЕДЬЯРОВ**  
(15.06.1964 – 28.09.1984)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Башкортостанда Карчас-Качинский ауданы Тереклы деревнясында туған. ҚК қатарына 1982 жылы қазан айында Карчас-Качинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың мамыр айынан.

1984 жылы қыркүйектің 23-і күні ауыр жараланып, тамыздың 28-і күні госпитальда қайтыс болды. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Шилкинский ауданында Кокуй-Комогорцево селосында жерленген.



**Дмитрий Васильевич АДАМЕНКО**  
(10.02.1965 – 29.09.1984)

Қатардағы жауынгер, аға пулеметші. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Ташкент қаласының Хамзинский аудан-



дық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың сәуір айынан.

1984 жылы қыркүйектің 29-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ташкент қаласының Боткин зиратында жерленген.

**Бахтиер Одилович ХАЙТАБАЕВ**  
(08.03.1966 – 02.10.1984)



Қатардағы жауынгер, механик. Ташкент облысы Бостанлық ауданының Ходжикент қыш-лағында туды. ҚК қатарына 1984 жылы сәуір айында Ташкент қаласының Хамзинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың шілде айынан.

1984 жылы қазанның 2-сі күні қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді.

**Алтынбек Ализахович АНАРОВ**  
(13.03.1966 – 03.10.1984)



Қатардағы жауынгер, сапер. Ташкент облысы Газалкент қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылы сәуір айында Газалкент қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың маусым айынан.

1984 жылы қазанның 3-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.

**Петр Иосифович ВИНЯР**  
(11.08.1965 – 16.10.1984)



Қатардағы жауынгер, БМП механик-жүргізушісі. Кировоград облысы Добровеличковский ауданының Перчуново селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қараша айында Добровелич-

ковский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың сәуір айынан.

1984 жылы қазанның 16-сы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Юрий Николаевич ИГНАТЕНКО**  
(17.03.1964 – 22.10.1984)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Новосибирск облысы Карасукский ауданының Калиновка селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы қазан айында Карасукский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың сәуір айынан.

1984 жылы қазанның 22-сі күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Гафур Махмудович КАХАРОВ**  
(25.02.1965 – 12.11.1984)

Қатардағы жауынгер, аға сапер. Ташкент облысы Бостанлык ауданының Караманаш селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір айында Бостанлык аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қазан айынан.

1984 жылы қарашаның 12-сі күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Бостанлык ауданы Абай атындағы колхозда жерленген.



**Бахтиер Боходырханович АБДУЛАХАЕВ**  
(12.11.1964 – 22.01.1985)

Қатардағы жауынгер, гранатометші. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1983 жылы сәуір

айында Ташкент қаласының Ақмал-Икрамовский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың қазан айынан.

1985 жылы қаңтардың 22-сі күні ауыр науқастан кейін госпитальда қайтыс болды. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен марапатталған. Ташкент қаласының Чапан-Ата зиратында жерленген.



**Виктор Владимирович БЕЛОВ**  
(06.03.1957 – 20.03.1985)

Аға лейтенант, қаржы қызметінің бастығы. Владимирская облысы Муромский ауданының Стригино селосында туған. ҚК қатарында 1976 жылдан. Ярослав қаласындағы Жоғарғы әскери қаржы училищесін бітірген. Ауғанстанда 1985 жылдың қаңтар айынан.

1985 жылы наурыздың 20-сы күні Газниден Баракиге бара жатқанда атып түсірілген вертолетте қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Иваново қаласында жерленген.



**Владимир Николаевич БОГОМОЛОВ**  
(10.11.1960 – 20.03.1985)

Кіші сержант, радиостанция бастығы. Москва облысы Электросталь қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылы шілде айында Электросталь қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1983 жылдың желтоқсан айынан.

1985 жылы наурыздың 20-сы күні Газниден Баракиге бара жатқанда атып түсірілген вертолетте қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Андрей Владимирович КАЗАКОВ**  
(11.08.1961 – 20.03.1985)

Аға лейтенант, рота командирінің саяси жұмыстар бойынша орынбасары. Кемеров облысы Топки қаласында туған. ҚК қатарында 1978 жылдан. Новосибирск қаласындағы Жоғарғы әскери-саяси жалпыәскерлік училищені бітірген. Ауғанстанда 1983 жылдың қыркүйек айынан.

1985 жылы наурыздың 20-сы күні Газниден Баракиге баратқанда атып түсірілген вертолетте қаза тапты. Ерлігі үшін үш мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Киев облысы Белая Церковь қаласында жерленген.



**Орынбек Ақанұлы МАХМЕТОВ**  
(10.04.1948 – 20.03.1985)

Майор, жасақ командирінің тыл бойынша орынбасары. Жезқазған облысы Шет ауданының Ақшатау кентінде туған. ҚК қатарында 1966 жылдан. Уссурийск қаласындағы Жоғарғы әскери автомобильдік командалық училищені бітірген. Ауғанстанда 1983 жылдың қараша айынан.

1985 жылы наурыздың 20-сы күні Газниден Баракиге баратқанда атып түсірілген вертолетте қаза тапты. Ерлігі үшін 3-ші дәрежелі «За службу Родине» және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Алматы қаласының Северное зиратында жерленген.



**Анатолий Лингардович ТРЕПАВЛОВ**  
(01.05.1962 – 20.03.1985)

Аға лейтенант, рота командирінің саяси жұмыстар бойынша орынбасары. Могилев облысы Бобруйский ауданының Кисилевичи поселкесінде туған. ҚК қатарында 1979 жылдан. Новосибирск

қаласындағы Жоғарғы әскери-саяси жалпыәскерлік училищені бітірген. Ауғанстанда 1984 жылдың наурыз айынан.

1985 жылы наурыздың 20-сы күні Газниден Баракиге бара жатқанда атып түсірілген вертолетте қаза тапты. Ерлігі үшін үш мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Новосибирск қаласында жауынгерлік зиратта жерленген.



**Раим Абдуллаевич НУМАНОВ**  
(07.04.1961 – 23.03.1985)

Лейтенант, аудармашы. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарында 1979 жылдан. Рязань қаласындағы Жоғарғы командалық әуе-десант училищесін бітірген. Ауғанстанда 1984 жылдың желтоқсан айынан.

1985 жылы наурыздың 23-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Олег Александрович МИХАЙЛОВ**  
(14.10.1965 – 24.03.1985)

Сержант, бөлімше командирі. Ленинград қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Ленинград қаласының Московский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың қазан айынан.

1985 жылы наурыздың 24-і күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Ленинград қаласының Южный зиратында жерленген.



**Сухроба Бобоевич БАБАЕВ**  
(28.11.1965 – 10.05.1985)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың қазан айында Душанбе қаласының Октябрьский

аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың қаңтар айынан айынан.

1985 жылы мамырдың 10-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында Батырлар аллеясында жерленген.



**Александр Константинович ФИЛИПОВ**  
(03.01.1957 – 10.05.1985)

Капитан, Рота командирінің орынбасары. Москва қаласында туған. ҚК қатарында 1974 жылдан. Алматы қаласындағы Жоғарғы командалық жалпыәскерлік училищені бітірген. Ауғанстанда 1984 жылдың желтоқсан айынан.

1985 жылы мамырдың 10-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Алматының Центральное зиратында жерленген.



**Геннадий Леонидович НОВИЦКИЙ**  
(18.02.1964 – 21.05.1985)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Минск облысы Солигорский ауданының Метявичи селосында туған. ҚК қатарына 1983 жылдың қазан айында Солигорский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың ақпан айынан.

1985 жылы мамырдың 21-і күні Газни-Кабул трассасында Шейхобад қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Павел Геннадьевич САРЫЧЕВ**  
(05.09.1961 – 21.05.1985)

Прапорщик, жасақтың азық-түлік службасы бастығының көмекшісі. Кемеров облысы Междуреченск қаласында туған. ҚК қатарына 1980 жылдың қазан айында Междуреченск қа-

лалық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1983 жылдың шілде айынан.

1985 жылы мамырдың 21-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін екі Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Викторович ТРОФИМЕНКО**  
(10.10.1964 – 24.05.1985)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Николаев облысы Новый Буг поселкесінде туған. ҚК қатарына 1983 жылдың қараша айында Днепропетровск қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1983 жылдың сәуір айынан.

1985 жылы мамырдың 24-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Днепропетровск қаласында Сурско-Литовское зиратында жерленген.



**Анатолий Дмитриевич РАКОВСКИЙ**  
(31.12.1964 – 28.08.1985)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Воронеж қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың қараша айында Воронеж қаласының Советский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1985 жылдың сәуір айынан.

1985 жылы тамыздың 28-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Воронеж қаласында Лесное зиратында жерленген.



**Сергей Владимирович РАСТОБУРОВ**  
(07.02.1966 – 11.10.1985)

Қатардағы жауынгер, радист. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың мамыр айында Ташкент қаласының Ленинский аудан-

дық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың тамыз айынан.

1985 жылы қазанның 11-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Сырдария облысы Хаваст стансасында жерленген. Өзбекстанның Фархад қаласында оның атымен көше аталған.



**Юнус Юлдашевич АБДУЛЛАЕВ**  
(10.02.1966 – 19.10.1985)

Қатардағы жауынгер, радист. Ташкент облысы «Коммунизм» совхозында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Ташкент облысының Галабинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың қазан айынан.

1985 жылы қазанның 19-ы күні Бенисанг қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Вадим Рафикович АХМЕТОВ**  
(21.01.1966 – 19.10.1985)

Қатардағы жауынгер, снайпер. Свердловск облысы Первоуральск қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Ташкент облысының Первоуральск қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың тамыз айынан.

1985 жылы қазанның 19-ы күні Бенисанг қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Юрий Вячеславович ВОРОНИН**  
(17.07.1966 – 19.10.1985)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Куйбышев облысы Сызрань қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Сызрань қа-



лалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың тамыз айынан.

1985 жылы қазанның 19-ы күні Бенисанг қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Сызрань қаласында № 1 зиратында жерленген.



**Азиз Ерович ГУЛОВ**  
(19.01.1967 – 19.10.1985)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Душанбе қалаласының Октябрьский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың шілде айынан.

1985 жылы қазанның 19-ы күні Бенисанг қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында мұсылман зиратында жерленген.



**Юрий Павлович МАКАРОВ**  
(09.04.1963 – 19.10.1985.)

Лейтенант, топ командирі. Тула облысы Суворов қаласында туған. ҚК қатарында 1980 жылдан. Рязань қаласындағы Жоғарғы командалық әуе-десант училищесін бітірген. Ауғанстанда 1985 жылдың наурыз айынан.

1985 жылы қазанның 19-ы күні Бенисанг қышлағының маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Рахимберди Рахманович ИКРАМОВ**  
(28.12.1965 – 14.12.1985)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Ташкент қалаласының Октябрьский

аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың шілде айынан.

1985 жылы желтоқсанның 14-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Душанбе қаласында Виолят зиратында жерленген.



**Александр Анатольевич БЕЛОВ**  
(24.03.1965 – 21.12.1985)

Қатардағы жауынгер, пулеметші. Кировоград қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Кировоград біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың тамыз айынан.

1985 жылы желтоқсанның 21-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Кировоград қаласында Дальневосточное зиратында жерленген.



**Махмудали Сагдуллаевич КУКИЕВ**  
(03.05.1965 – 28.01.1986)

Қатардағы жауынгер, сапер. Ташкент облысы Ангрен қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Ангрен біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың тамыз айынан.

1986 жылы қаңтардың 1-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін «За отвагу» медалімен, және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Андрей Петрович МАРЧЕНКО**  
(28.07.1966 – 29.01.1986)

Қатардағы жауынгер, аға пулемётші. Днепропетровск облысы Васильевский ауданының Чап-

лино поселкесінде туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Кривой Рог қаласының Долгинцевский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың желтоқсан айынан.

1986 жылы қаңтардың 29-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Сағындық Садықұлы СМАЙЛОВ**  
(24.04.1966 – 29.01.1986)

Кіші сержант, бөлімше командирі. Целиноград облысы Қарғалы ауылында туған. Қарашалғы совхозында тракторшы болып жұмыс істеген. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Қорғалжын аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың тамыз айынан.

1986 жылы қаңтардың 29-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін «За отвагу» медалімен, және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Павел Викторович БЕКОЕВ**  
(14.01.1958 – 18.03.1986)

Капитан, рота командирі. Ставрополь өлкесі Железноводск қаласында туған. Қарулы Күштер қатарында 1980 жылдан. Минскінің радиотехникалық институтының әскери кафедрасын бітірген. Ауғанстанда 1984 жылдың қыркүйек айынан.

1986 жылы 18 наурыз күні Газниден оңтүстік жақта 60 шақырымда орналасқан Сабибхан қышлағының қасындағы қамалды шабуылдау кезінде қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен және екі Жауынгерлік Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Минск қаласының Северное зиратында жерленген.



**Олег Витальевич СЕВАЛЬНЁВ**  
(12.05.1958 – 18.03.1986)

Капитан, рота командирі. Рига қаласында туған. Ленинградта Суворов училищесінде оқыған. Қарулы Күштер қатарында 1975 жылдан. Благовещенскідегі жалпыәскерлік командалық әскери училищені бітірген. Ауғанстанда 1985 жылдың қазан айынан.

1986 жылы 18 наурыз күні Газниден оңтүстік жақта 60 шақырымда орналасқан Сабибхан қышлағының қасындағы қамалды шабуылдау кезінде қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Ленинград облысы, Кингисепп ауданы, Ивангшород қаласында жерленген.



**Виталий Васильевич КРАСНИКОВ**  
(23.02.1967 – 18.03.1986)

Қатардағы жауынгер, атқыш-санитар. Новосибирск облысы Красноозерское селосында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Красноозерский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың желтоқсан айынан. 1986 жылы 18 наурыз күні Газниден оңтүстік жақта 60 шақырымда орналасқан Сабибхан қышлағының қасындағы қамалды шабуылдау кезінде қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Сергей Николаевич АЛХИМОВ**  
(07.01.1965 – 18.03.1986)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Николаев облысы Казанковский ауданының Слободка селосында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір

айында Днепропетровск облысы, Дзержинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1984 жылдың тамыз айынан. 1986 жылы 18 наурыз күні Газниден оңтүстік жақта 60 шақырымда орналасқан Сабибхан қышлагының қасындағы қамалды шабуылдау кезінде қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Анатольевич СОЛОВЬЁВ**  
(24.02.1965 – 27.04.1986)

Ефрейтор, аға сапёр-радиоминёр. Перм облысы, Большая Сосново селосында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың сәуір айында Пермь қаласының Кировский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың сәуір айынан.

1986 жылы сәуірдің 27-сі күні Сарде су қоймасының жанында минаны залалсыздандыру кезінде қаза тапты.

Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Пермь облысы Верещагино қаласында жерленген.

**Виктор Анатольевич ЧАУСОВ**  
(25.04.1958 – 03.06.1986)



Капитан, жасақтың байланыс бастығы. Ростовской облысы Новочеркасск қаласында туған. Қарулы Күштер қатарында 1976 жылдан. Новочеркасск Жоғарғы командалық байланыс әскери училищесін бітірген. Ауғанстанда 1984 жылдың қыркүйек айынан.

1986 жылы маусымның 3-і күні Шайхабад елді мекен маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін 3-ші дәрежелі «За службу Родине в Вооруженных Силах» орденімен және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Василий Анатольевич КОЛИСНЕЧЕНКО**  
(08.08.1963 – 03.06.1986)

Прапорщик, радиостанция бастығы. Ростов-на-Дону қаласында туған. ҚК қатарына 1981 жылдың сәуір айында Ростов-на-Дону қаласының Кировский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1985 жылдың желтоқсан айынан.

1986 жылы маусымның 3-і күні Шайхабад елді мекен маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ростов-на-Дону қаласының Северное зиратында жерленген.



**Алексей Леонидович НИЗАМЕДИ**  
(13.01.1967 – 03.06.1986)

Қатардағы жауынгер, БМП механик-жүргізушісі. Куйбышев облысы Тольятти қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Коми республикасының Усинский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1985 жылдың қараша айынан.

1986 жылы маусымның 3-і күні Шайхабад елді мекен маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Краснодар өлкесі Северский ауданының Карский хуторында жерленген.



**Виктор Николаевич БИБИК**  
(30.04.1965 – 03.06.1986)

Қатардағы жауынгер, БМП көздеуші-операторы. Кабардино-Балкарияның Прохладненский ауданы Ново-Покровский хуторында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың қараша айында Прохладненский аудандық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстанда 1985 жылдың мамыр айынан.

1986 жылы маусымның 3-і күні Шайхабад елді мекен маңындағы шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Михаил Алексеевич БЕРДЯШОВ**  
(26.02.1965 – 03.06.1986)

Қатардағы жауынгер, БМП механик-жүргізушісі. Башкирияның Зианчуринский ауданы Малиновка деревнясында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Зианчуринский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың мамыр айынан.

1986 жылы маусымның 3-і күні Шайхабад елді мекен маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Зианчуринский ауданы Ново-Павловка деревнясында жерленді.



**Шухратулла Лутфуллаевич ТУЛЯГАНОВ**  
(04.08.1966 – 13.06.1986)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Ташкент қаласында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың қазан айында Ташкент қаласының Акмал-Икрамовский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың наурыз айынан.

1986 жылы маусымның 13-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ташкент қаласының Минор зиратында жерленген.



**Михаил Геннадьевич ФРАНЧУК**  
(27.07.1967 – 27.07.1986)

Қатардағы жауынгер, БМП көздеуші-операторы. Хмельницкий облысы, Шепитовский ауданы, Желудки селосында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың қазан айында Шепитовский аудан-

дық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың ақпан айынан.

1986 жылы шілденің 27-сі күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Шепитовский ауданында Орлицы селосында жерленген.



**Игнатий Георгиевич АНТОНОВ**  
(28.06.1966 – 25.09.1986)

Қатардағы жауынгер, сапер. Башкирияның Миякинский ауданы Новые Карамалы деревнясында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың сәуір айында Куйбышев облысы Кинельский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың тамыз айынан.

1986 жылы қыркүйектің 25-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалі және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.

**Евгений Геннадьевич АЛЕКСЕЕВ**  
(30.09.1966 – 23.10.1986)

Қатардағы жауынгер, аға гранатометші. Свердловск қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың қазан айында Свердловск қаласының Железнодорожный аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың сәуір айынан.

1986 жылы қазанның 23-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Свердловск қаласының Семь Ключей поселкесінде Западное зиратында жерленген.



**Геннадий Антонович ГОЛОЩУК**  
(29.07.1967 – 19.11.1986)

Қатардағы жауынгер, радист. Днепропетровск облысы Широковский ауданының Трудолюбовка



селосында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың қазан айында Никопольский біріктірілген қалалық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың сәуір айынан.

1986 жылы қарашаның 19-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Александр Борисович ГОРДИЕНКО**  
(23.02.1966 – 25.11.1986)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Кировоград қаласында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың қараша айында Кировоград облысы Долинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың сәуір айынан.

1986 жылы қарашаның 25-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Долинский ауданында Молодежное поселкесінде жерленген.



**Александр Анатольевич ДАНИЛОВ**  
(02.04.1967 – 09.05.1987)

Краснодар өлкесі Тихорецкий ауданының Терновская станицасында туған. ҚК қатарына 1986 жылдың сәуір айында Тихорецкий аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың қазан айынан.

1987 жылы мамырдың 9-ы күні қайтыс болды. Туған елінде жерленген.



**Петр Иванович БОНДАРЧУК**  
(04.07.1967 – 19.08.1987)

Ефрейтор, сапер-радиоминер. Винницкая облысы Хмельницкий ауданының Голодьки селосында туған. ҚК қатарына 1985 жылдың қазан айында Винница қаласының Замостянский ау-

дандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1986 жылдың маусым айынан.

1987 жылы тамыздың 19-ы күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленді.



**Худайберды Бадаргаевич ВАЛИЕВ**  
(21.05.1968 – 30.09.1987)

Қатардағы жауынгер, гранатометші. Тәжікстан Республикасы, Куляб облысының Московский ауданы Тангов қышлағында туған. ҚК қатарына 1986 жылдың қараша айында Московский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың мамыр айынан.

1987 жылы қыркүйектің 30-ы күні Санихейль қышлағы маңында шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Московский ауданында Ленин атындағы колхоздың мұсылман зиратында жерленген.



**Павел Леонидович ХЛЮНЕВ**  
(22.01.1967 – 27.09.1987)

Қатардағы жауынгер, гранатометші. Москва облысы Люберецкий ауданының Малаховка поселкесінде туған. ҚК қатарына 1986 жылдың қараша айында Москва облысының Жуковский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың сәуір айынан.

1987 жылы қыркүйектің 27-сі күні қаза тапты. Туған елінде жерленген.



**Александр Юрьевич ЧАЙКИН**  
(21.08.1968 – 04.10.1987)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Астрахань қаласында туған. ҚК қатарына 1986 жылдың қазан айында Ростов-на-Дону қаласының Пер-

вомайский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың ақпан айынан.

1987 жылы қазанның 4-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Ростов-на-Дону қаласының Северное зиратында жерленген.



**Павел Васильевич СУЩ**  
(08.04.1969 – 08.12.1987)

Қатардағы жауынгер, барлаушы. Иркутск облысы Железногорск-Илимский қаласында туған. ҚК қатарына 1987 жылдың сәуір айында Херсон қаласының Комсомольский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың ақпан айынан.

1987 жылы желтоқсанның 8-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Херсон облысы Цюрупинский ауданының Абрикосовка селосында жерленген.



**Алексей Васильевич ТРОФИМОВ**  
(27.09.1965 – 08.12.1987)

Лейтенант, топ командирі. Германияда Лейпциг қаласында туған. ҚК қатарында 1982 жылдан. Рязань қаласындағы Жоғарғы командалық әуе-десант училищесін бітірген. Ауғанстанда 1987 жылдың наурыз айынан.

1987 жылы 8 желтоқсан күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Кострома қаласында жерленген.



**Сергей Станиславович ШУМИК**  
(04.05.1969 – 03.04.1988)

Қатардағы жауынгер, жүргізуші. Волыньск облысы Любешов қала типті кентінде туған. ҚК қатарына 1987 жылдың мамыр айында Лю-

бешовский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың қараша айынан.

1988 жылы сәуірдің 3-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған елінде жерленген.



**Евгений Иванович ШКРОБОВ**  
(07.03.1969 – 27.05.1988)

Қатардағы жауынгер, гранатомётші. Новосибирск облысы Болотное қаласында туған. ҚК қатарына 1987 жылдың мамыр айында Новосибирск қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың қыркүйек айынан.

1988 жылы мамырдың 27-сі күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Сергей Николаевич ТРЕТЬЯКОВ**  
(08.09.1968 – 06.08.1988)

Сержант, бөлімше командирі. Оренбург облысы Абдулино қаласында туған. ҚК қатарына 1987 жылдың мамыр айында Новосибирск қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың қыркүйек айынан.

1988 жылы тамыздың 8-і күні шайқаста қаза тапты. Ерлігі үшін «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарымен және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Туған қаласында жерленген.



**Андрей Николаевич БАБИЧЕВ**  
(23.03.1969 – 09.08.1988)

Қатардағы жауынгер, бөлімше командирі. Алматы қаласында туған. ҚК қатарына 1987 жыл-

дың мамыр айында Алматы қаласының Өуезов аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1987 жылдың қараша айынан.

1988 жылы тамыздың 9-ы күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен және жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. Алматы қаласында Центральное зиратында жерленген.



**Олег Борисович МАТАКОВ**  
(25.12.1964 – 15.02.1989)

Аға лейтенант, топ командирі. Ленинград облысы, Бокситогорск қаласында туған. ҚК қатарында 1982 жылдан. Рязань қаласындағы Жоғарғы командалық әуе-десант училищесін бітірген. Ауғанстанда 1987 жылдың мамыр айынан.

1989 жылы ақпанның 15-і күні шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

Бокситогорск қаласында жерленген.

### Хабар-ошарсыз кеткендер



**Юсуф Абдулагаевич АБДУРАШИДОВ**

Қатардағы жауынгер. 1962 жылы Дағыстанның Табасаран ауданы Дюбек селосында туған. ҚК қатарына 1980 жылдың қазан айында Жезқазған облысының Никольский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1981 жылдың қазан айынан.

1982 жылы тамыздың 5-і күні Руха қаласының маңындағы 2862-биіктіктен (Панджшер) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен.



**Михаил Викторович АНУФРИЕВ**

Сержант. 1961 жылы Душанбе қаласында туған. ҚК қатарына 1980 жылдың қараша айында Тәжікстанның Гиссар аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1982 жылдың мамыр айынан.

1982 жылы шілденің 2-сі күні Базарак қышпағы маңындағы биіктіктен (Панджшер) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен.



**Игорь Степанович ГЕЛЕПЧАК**

Ефрейтор. 1964 жылы Львов облысы Сколевский ауданының Корчин селосында туған. ҚК қатарына 1984 жылдың қараша айында Львов қаласының Ленинский аудандық әскери комиссариатымен шақыртылған. Ауғанстанда 1985 жылдың маусым айынан.

1985 жылы шілденің 13-і күні Фарьяб провинциясында хабар-ошарсыз жоғалып кеткен.

## Ауған соғысы жайында кейбір сандар мен деректер

1979 жылғы желтоқсанның 25-інен 1989 жылғы ақпанның 15-іне дейінгі аралықта Ауғанстан территориясында әскери службаны 620 мың әскерилер өтеді. Оның ішінде Совет Армиясының бөлімдері мен құрамалары қатарында – 525 мың, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің шекара әскерлері мен басқа да бөлімшелерінде – 90 мың, Ішкі істер министрлігіне қатысты 5 мың адам. Олардан өзге Совет әскерлері құрамында аталған мезгілде 21 мың адам жұмысшылар мен қызметшілер болды. Шектелген контингентке қарасты жылдық әскер саны 80-104 мың әскерилер, 5-7 мың жұмысшылар мен қызметшілер (*өз еркімен жалданғандар – авт.*) аралығында болып отырды. Басқа бір деректерде Ауғанстаннан өткендер саны бір миллионға жуық дейді.

### КСРО шығындары:

Соғыс аяқталған соң КСРО-да қаза тапқан совет жауынгерлерінің саны басылым бетінде әр жылға шағылып, былай көрсетілген:

- 1979 жыл – 86 адам
  - 1980 жыл – 1484 адам
  - 1981 жыл – 1298 адам
  - 1982 жыл – 1948 адам
  - 1983 жыл – 1446 адам
  - 1984 жыл – 2343 адам
  - 1985 жыл – 1868 адам
  - 1986 жыл – 1333 адам
  - 1987 жыл – 1215 адам
  - 1988 жыл – 759 адам
  - 1989 жыл – 53 адам
- Барлығы — 13 833 адам.**

Бұл деректер алғаш рет 1989 жылдың тамыз айында «Правда» газетінде шықты. Одан әрі қорытынды сан жа-

ралар мен аурудың салдарынан өлгендерді қосқандықтан сәл өсіңкіреді. 1999 жылдың 1 қаңтарына сәйкес Ауған соғысындағы шығын саны (қаза тапқандары, жаралар мен аурудан, апаттардан өлгендері, хабар-оршарсыз кеткендері) мынадай болып көрсетілді:

\*Совет Армиясы – 14 427

\*МҚК (КГБ) – 576

\* ПМ (МВД) – 28

**Барлығы – 15 051 адам.**

Санитарлық шығындар – 54 мыңға жуық жараланған, контузия алғандар мен жарақаттанғандар; 416 мың ауырғандар (сары ауру – гепатит, сүзек – тиф, безгек – малярия).

Санкт-Петербургтегі Әскери-медициналық академияның профессоры Владимир Сидельниковтің куаландыруы бойынша бұл сандарға соғыста алған жаралары мен аурудан КСРО территориясындағы госпитальдарда көз жұмғандар кірмеген.

\* \* \*

Профессор Валентин Руновтың басқаруымен Ресей Федерациясы Бас штабының офицерлері жүргізген Ауған соғысы зерттеуінде жалпы 26 000 қайтыс болғандардың санын келтіреді, бұлардың ішіне шайқас үстінде қаза тапқандар, жарақат пен аурулардан көз жұмғандар және кездейсоқ жағдайларда (*происшествия – авт.*) өлгендер бар.

**Жылдар бойынша былай шағылады:**

Жылдар	Орта есеппен барлығы	Оның ішінде офицерлер
1979	150-ге дейін	15-ке дейін
1980	2800 шамасында	320 шамасында
1981	2400 шамасында	300 шамасында
1982	3650 шамасында	320 шамасында



1983	2800 шамасында	300 шамасында
1984	4400 шамасында	500-ге дейін
1985	3500 шамасында	380 шамасында
1986	2500 шамасында	300-ге дейін
1987	2300 шамасында	280-ге дейін
1988	1400 шамасында	130 шамасында
1989	100-ге дейін	15-ке дейін
<b>Барлығы 26 000</b>	<b>2990</b>	

Ресми статистика бойынша Ауғанстан жеріндегі соғыс кезінде 417 Совет азаматы хабар-ошарсыз кетіп, не болмаса тұтқынға түсті. Женева келісімдерінде тұтқынға түскен Совет жауынгерлерінің тағдыры ешбір түрде көрсетілмегендіктен, олар Шектелген контингентті шығарған соң да тұтқында қала берді.

Кең тараған ресми деректер бойынша техника шығыны: 147 танк, 1314 брондалған машина (БМП, БТР, БМД, БРДМ, МТЛБ), 510 инженерлік машина, 11369 жүк машиналары мен бензовоздар, 433 артиллерия системасы, 118 самолет, 333 вертолет.

\* \* \*

1985 жылы 19 маусым күні армия генералы В. Варенников қол қойған «Ауғанстан Демократиялық Республикасы территориясындағы Совет әскерлерінің шектелген контингентінің әрекеттері туралы ашық басылымға рұқсат етілген мағлұматтар тізімі» шықты. Онда былай деп жазылған еді:

«1. Бұған дейінгі рұқсат етілген... әрекеттері туралы мағлұматтарды одан әрі жариялап және көрсетуге болады:

– бөлімдер мен бөлімшелердің ол жақта бар екенін ...бірақ олардың шайқастарға қатысқанын көрсетпей;

– әскери дайындықтың барысы мен ұйымдастырылуын ...батальоннан төмен масштабта ғана;

- советтік әскери қызметкерлердің марапатталуын, бірақ олардың марапатқа негіз болған нақты әскери іс-әрекеттерін көрсетпей.

- советтік әскери қызметкерлердің әскери міндетін атқару кезінде, көтерісшілердің шабуылдарын тойтарарда, ауған халқына интернационалдық көмек көрсетуге қатысты тапсырмаларды орындау үстінде жаралану не қаза болу жекешеленген фактілерін жариялау (айына бір мәртеден артық емес)...

2. Қосымша орталық басылымдарда, әскери округтер басылымдарында, республика, өлке, облыс басылымдарында жариялауға рұқсат етілсін:

- советтік әскери қызметкерлер ерлік көрсеткен жекелеген жағдайларды ...олардың қаһармандығы мен қайраттылығын көрсете;

- бөлімшелердің батальонға (дивизионға) дейін күнделікті өмір-тіршілігін.

- Ауғанстан территориясындағы әскерлер қатарында жүріп мүгедек болған әскери қызметкерлерге, қаза тапқандардың отбасыларына қамқорлық жасаған фактілер жөнінде;

- советтік әскери қызметкерлердің ерліктерін, советтік жауынгерлердің батылдығы мен қайраттылығын сипаттайтын деректер... және оларды марапаттау фактілері.

3. Ашық басылымдарда Ауғанстан территориясындағы Совет әскерлерінің (ротадан жоғары) соғыс әрекеттеріне қатысуын ашатын, және олардың соғыс әрекеттері тәжірибесі туралы ақпараттарға, әскерлердің алдындағы нақты талаптар жөнінде және соғыс даласынан тікелей репортаж (кино-теле-түсірілімдер) жүргізуге одан әрі тыйым салынады.

4. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген ақпаратты тек Бас әскери цензура келісімімен жариялауға болады.

5. Советтік және шетелдік авторлардың батыстық жаппай ақпараттандыру құралдарының бұрмалауларын әшкерлейтін қарсы насихаттау (*контрпропаганда – авт.*) материалдарын кеңінен жариялауды одан әрі жалғастыру».

## **КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының арнайы мақсаттағы әскерлері тарихынан**

Ұлы Отан соғысы кезінде жинақталған тәжірибені мұқият түрде зерттеп және қорытындылаған соң 1950 жылы қазан айының 24-і күні Совет Одағында алғашқы арнайы мақсаттағы *(бұдан әрі қысқартып айтуға тілге жатық спецназ деген сөзбен атап отырайық – авт.)* бөлімшелерді жасақтауға шешім қабылданды. 1951 жылдың мамыр айының басына дейін әскердің Бас штабының Бас барлау басқармасына бағынатын әрқайсында 120 адамы бар 46 рота құрылды.

Жаңа құрылымның мақсаттарына барлауды ұйымдастыру мен жүргізу, кез келген ядролық шабуылдау құралдарын жою, әскери құрылымдарды табу және жау тылында арнайы тапсырмаларды орындау, диверсиялық актілерді ұйымдастыру мен жасау, жау тылында көтерілісшілер (партизандық) жасақтарын құру, терроризммен күресу, диверсанттарды іздеп, залалсыздандыру кірді. Басқа да мақсаттарына кіргені – байланыс жұмыстарына кедергі жасау, энергожабдықтауды бұзу, транспорттық тораптарды жою, мемлекеттік және әскери басқаруға аласапыран бейберекеттік орнату. Қолдануында талапқа сай техникалық құралдар мен портативтік атомдық миналарға дейін қару-жарақ болды.

Спецназ үшін алғашқы «Инструкция по боевому применению частей и подразделений специального назначения» деген оқу құралын кезінде белорусиялық «Чекист» деген партизан жасағының барлау бастығы болған Павел Голицин жазған.

1953 жылғы Қарулы күштерді көлемді қысқарту мен қайта құрулардан кейін 1957 жылы 5 спецназ жеке батальоны құрылып, 1962 жылы оларға бұрынғы роталардың қалдықтарымен бірге 10 спецназ бригадасы қосылды. Бейбіт уақыттың штатымен бригадада жауынгер саны 200-300-ден аспайтын. Соғыс кезеңінде офицерлер мен солдаттар саны 1700-ге жеткізілетін. 1963 жылдың басында КСРО спецназы 10 кадрланған бригада, 5 жеке батальон, Ленинградский, Прибалтийский, Белорусский, Прикарпатский, Киевский,

Одесский, Закавказский, Московский, Туркестанский, Дальневосточный әскери округтерінде бір жеке ротадан болды.

1968 жылы Рязань әуе-десант училищесінде бір рота спецназ кәсіби барлаушыларын дайындай бастады да, 1981 жылы ол ротаны жауып тастады. Спецназ офицерлерін одан өзге М.В. Фрунзе атындағы Әскери Академия, және Киев жалпыәскерлік командалық училищенің барлау факультеті дайындайтын болған, бірақ олардың түлектерінің кәсіби деңгейі жай ғана әскери барлаушылардан аспайтын. 1970 жылы солдат-сержанттарды дайындау мақсатында Псков облысында жайғасқан, алғашқысында оқыту ротасы, сосын батальон, одан соң полк құрастырылды.

Спецназдың алғаш қомақты операциясы 1968 жылы өткізілді, бұдан соң әскердің бұл түрінің маңыздылығын дәлелдеу керек емес болды. Дәл сол жылы Варшава келісімі мемлекеттері өз әскерлерін Чехословакияға кіргізген болатын. Бастамасында советтік самолет ел астанасынан моторлары бұзылғандықтан, шұғыл қонуға рұқсат сұрады. Самолет қонысымен бірнеше минуттың ішінде, соңынан әуе-десант дивизиясы самолеттермен жеткізілген аэропортты спецназовшылар басып алды. Бұл кезде Прагаға алдын ала келген бөлімшелер маңызды объектілерді өз бақылауына алды. Үкімет ғимаратын басып алған соң, спецназовшылар мемлекет басшылығын Москваға алып кетті.

Жалпы, армиялық спецназ өз әскерлерін Азияның, Латын Америкасының, Африканың жиырмадан астам елдеріне аттандырған болатын, олардың ішінде Ангола, Мозамбик, Эфиопия, Никарагуа, Куба, Вьетнам, тағы да басқалары бар.

Советтік спецназдың бұл елдердегі операциялары жөнінде қолжетімді деректер бардың жоғы болғанымен, сонда да солардың біреуін әңгімелеп берейін: 1968 жылы біздің 9 жауынгер Вьетнам шекарасынан 30 шақырым жерде орналасқан Камбоджа территориясындағы американдық аса құпия вертолет базасына классикалық шабуыл жасады. Американдық әскерилер осы базадан Вьетнамға оздерінің барлаушы-диверсиялық топтарын жіберіп, және сол жерден өз-

дерінің құлатып түсірілген ұшқыштарын іздеуге шығып отыратын. Лагерде 8-10 ауыр транспорттық вертолеттер орналасып, оларды 2 жеңіл және 4 «Супер Кобра» вертолеттері күзететін. Борттың басқарылатын реактивтік снарядтары бар, нысана көздейтін ең соңғы системамен жабдықталған вертолеттердің жаңа модификациясы спецназдықтардың негізгі мақсаты болатын. Біздің барлаушыларға бар-жоғы 25 минут қажет болды, американдық командостың көз алдында үшеуін жоқ қылып, біреуін айдап алып кетуге.

Ауғанстанға кірер кезде, мұнда жүрген 154-ші «мұсылман» жасағынан өзге 40-шы армияның қатарында Түркістан әскери округінің 15-ші спецназ бригадасы еріктілерінен құрастырылған төрт спецназ тобынан құрастырылған, алғашқысында бронетехникасыз 459-ші рота болатын.

Арнайы мақсаттағы бөлімшелердің қимылдарының тиімділігін есекере отырып 40-шы армияның спецназын күшейтуге шешім қабылданады да, 1981 жылдың күзінен спецназ бөлімдері кеңінен қолдана басталды. Осы мақсатта 1981 жылдың қазан айында 154-ші жасақ (қайтадан) пен 177-ші жасақ кіргізілді. Бұлардың біріншісі Ташкент түбіндегі Шыршық қаласынан болса, екіншісі Қазақстанның Қапшағай қаласынан болатын. 154-ші жасақ 1-ші жеке мотоатқыштар батальоны (1-ші ЖМАБ) лақап атауымен Джауздан провинциясының Ақши елді мекенінде орналасты, ал 177-ші жасақ 2-ші ЖМАБ болып, елдің батыс-солтүстігіндегі Фарьяб провинциясының орталығы Меймене қаласына келіп тұрды.

177-ші жасақтың Қапшағай қаласында 1980 жылы құрастырылуы сол кездегі оңтүстік-шығыс әскери театрындағы қалыптасқан жағдаймен байланысты болды. Қытаймен соғыс болу ықтималдығы Совет Армиясы жағынан СУАР-дағы қытай армиясының инфраструктурасын шайқалтатын жаңа барлау-диверсиялық бөлімнің құрылуын талап ететін.

1982 жылы Ауғанстанның солтүстігінде КСРО шекара әскерлерінің мотоманеврлық топтары кеңінен қолдана бастағандықтан, жоғарыда айтылған екі жасақ мемлекеттің орталығына көшірілді: 1-ші ЖМАБ Саманган провинциясының

Айбак елді мекеніне, 2-ші ЖМАБ Каписа провинциясы Руха қаласына.

Кабулдық жеке рота көбінесе Кабул төңірегі мен Пакистанмен шекаралас провинцияларда жауынгерлік тапсырмаларды орындап жүрді.

1984 жылы спецназдың басты мақсаты көтерілісшілерді Пакистан мен Ираннан келетін қару-жарақ және басқа да материалдық жабдықтарды жеткізу жолдарына кедергі жасау екені айқындалды. Сондықтан 1984 жылдың көктемінде спецназ жасақтары орны ауыстырылып, Пакистан шекарасына жақындатылды да, батальон сандары көбейтілді. 1-ші батальон Айбактан Джелалабадқа көшірілді де, 2-ші батальон Газниға ауыстырылды.

1984 жылдың ақпан айында Закавказский әскери округінен 173-ші жасақ кіргізілді.

1984 жылдың сәуір айында Пакистан шекарасының бір бөлігін жабу мақсатымен операция жүргізілді де, Кандагар – Газни – Джелалабад шегінде «Завеса» зонасы құрылды. Сол кезден спецназды 40-шы армияның аңызына айналдырған керуен соғысы басталды.

Шекараны жауып тастау көп күшті қажет еткендіктен, 1984 жылдың аяғы – 1985 жылдың басында спецназ екі есе күшейтілді.

1984 жылдың күзінде Киев әскери округінен 668-ші жасақты кіргізді (4-ші ЖМАБ).

1985 жылдың басында қосымша тағы үш жасақ кірді:

– 344-ші жасақ (5-ші ЖМАБ) Белорусия округінен;

– 370-ші жасақ (6-шы ЖМАБ) Москва округінен;

– 186-шы жасақ (7-ші ЖМАБ) Прикарпаттық округтен.

Бұл батальондардан басқа Ауғанстанның өзінде 411-ші спецназ жасағы құрылды (8-ші ЖМАБ).

Ұйымдастыру-штаттық структураларында сәл ерекшеліктері болғанымен, осы батальондардың бәрі де негізінде «мұсылман» батальоны үлгісімен құрылған болатын. 1985 жылы сегіз спецназ батальоны штабтары Одақтан кіргізілген 22-ші және 15-ші бригадаларға ұйымдастырылды.

459-ші «кабулдық» спецназ ротасы сол жеке күйінде қалды.

1985 жылдың жазына қарай Ауғанстанда жалпы 76 барлау тобын шығара алатын мүмкіндігі бар спецназдың 8 батальоны, бір жеке ротасы болды. Спецназ бөлімдерінің әрекеттерін үйлестіру мақсатында 40-шы армияның барлау бөлімінде барлау бастығының арнайы жұмыстар бойынша орынбасарының жетекшілігіндегі, 7-10 офицерден тұратын Жауынгерлік басқару орталығы (*Центр боевого управления – авт.*) құрылды. Мұндай басқару орталықтары бригадалар мен барлық батальондардың штабтарында да болды. Орталықтан түскен мәліметтерге сүйене отырып, спецназ бөлімдерінің соғыс қимылдарын басқару мақсатында «Заслон» тобы құрылды.

Ауғанстанға солдат-сержанттарды дайындаумен Шыршық қаласындағы оқыту батальоны шұғылданды. БМП көздеуші-операторлары мен механик-жүргізушілер жалпыәскерлік оқыту бөлімдерінен жіберілді де, өзге мамандар Ленинград әскери округіндегі оқыту полкінде оқыды. 1985 жылы сержанттар мен мамандарды дайындау үшін Қапшағай қаласында тағы бір оқыту полкі құрылды.

Көрсеткен ерлігі мен қайраттылығы үшін спецназ әскерлерінің алты жауынгері Совет Одағының Батыры атағына ие болды, өкінішке орай, олардың бесеуі қайтыс болған, олар: қатардағы жауынгер В. Арсенов, капитан Я. Горошко, кіші сержант Исламов, лейтенант Н. Кузнецов, аға лейтенант О. Онищук. Жүздеген барлаушылар ордендермен, мыңдағаны медальдармен марапатталды.

## Автор туралы

*Ер азамат болу үшін еркек боп туған аз болад,  
Қандай қиын кеннен шығып темір болу іспетті,  
Ол үшін сен кендей қайнап, балқып ағып, сарқырап,  
Елім үшін құрбанмын деп, соқтыру керек жүректі...*

*(Михаил Львов. Аударған А.Жантасов)*

Полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасов 1955 жылы Көкшетау қаласында туып, Көкшетау облысы, Көкшетау ауданына қарасты Ақан ауылында өскен.

1974 жылы мамыр айында Көкшетау қалалық әскери комиссариатымен Қарулы Күштер қатарына шақыртылып, әскери қызметті қатардағы жауынгер болып Жамбыл облысы Отар стансасындағы оқыту мотоатқыштар полкінде бастаған. 1975-1979 жылдар аралығында Новосибирск қаласындағы жоғарғы жалпыәскерлік әскери-саяси училищеде оқып, қызыл дипломмен тәмамдады. Училищеден кейін Ортаазиялық әскери округтің әскери бөлімдерінде қызмет етті.

1981 жылдың қазан айында әскери қызметті одан әрі жалғастыруға КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасына қарасты 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасақ құрамында Ауғанстан Демократиялық Республикасына рота командирінің саяси жұмыстар бойынша орынбасары лауазымында аттандырылды. Ауғанстаннан оралып келген соң Одесса әскери округіндегі Николаев, Одесса қалаларында әскери бөлімдерде, Солтүстік әскерлер топтастығындағы (Польша) 15-ші десантшабуылдау бригадасында қызметте болды.

1990-1997 жылдары Қазақстан Республикасының бірқатар әскери комиссариаттарында қызмет етті. 1997 жылы Қарағанды облысы әскери комиссарының орынбасары лауа-



зымынан Аягөз қаласында орналасқан 78-ші танкі дивизиясының командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары бойынша орынбасары болып тағайындалды. Одан кейін 1-ші армия корпусы командирінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Шығыс әскери округі әскерлері қолбасшысының орынбасары болды. 2002 жылы әскери қызметінің міндетті мерзімі аяқталуына қарасты запасқа шықты.

Совет Одағының «Қызыл Жұлдыз», Қазақстанның «Генерал Сабыр Рахимов», Ресей Федерациясының «Қызметі үшін» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрметті ардагері.

Байланыс мағлұматтары: 8 701 442 28 68; Email:  
amangeldyz@inbox.ru

## МАЗМҰНЫ

«Ауған соғысы» жайында .....	3
Әскер енгізу. Президент сарайын шабуылдау .....	6

### «Жартасты жастанған жасақ»

1. Арнайы мақсаттағы әскерге барар жол немесе жасақтың құрылуы туралы .....	9
2. Ертең егер соғыс болса, жорыққа ертең аттансақ... ..	26
3. Шекараның ар жағы қабағы қатаң ел екен .....	31
4. Командир бәріне де жауапты .....	39
5. Оңтүстік шепті қорғауда .....	46
6. Дарзаб жорығы .....	70
7. Бес арыстан шатқалында .....	105
8. Гүлбахор – Кабул – үйге! .....	159
Ауғанстандағы соғыс кезінде жеке құраммен саяси-партиялық жұмыс жүргізудің кейбір мәселелері жөнінде .....	167
Жасақ офицерлері мен прапорщиктерінің тізімі .....	174
Жыр дәптерінен .....	178
177-ші АМЖЖ естелік кітабы .....	228
Ауған соғысы жайында кейбір цифрлар мен деректер .....	288
КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының арнайы мақсаттағы әскерлері тарихынан .....	292
Автор туралы .....	297

Амангелді Жантасов

**Жартасты жастанған жасақ**

*Қара майордың мұсылман батальоны*